

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 377:005 (574)

Қолжазба құқығында

**АТЕМ МАРЖАН НУРЛАНҚЫЗЫ**

**Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері**

8D01101 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор, академик  
Құсайынов А.Қ.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор  
Park Sun Hyung  
(Донгук)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2023

## МАЗМҰНЫ

	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	3
	<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	4
	<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	5
	<b>КІРІСПЕ.....</b>	6
1	<b>ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	17
1.1	Орта білім беру сапасын арттыру мәселесінің ғылыми әдебиеттердегі зерттелу жайы.....	17
1.2	Орта білім беру сапасын арттырудың отандық және шетелдік тәжірибесі.....	40
1.3	Орта білім беру сапасын арттыру мәселесін зерттеудегі әдіснамалық тұғырлар.....	59
	Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар.....	69
2	<b>ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	70
2.1	Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық құраушылары.	70
2.2	Орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді ұйымдастыру..	100
2.3	Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі.....	114
	Екінші бөлім бойынша тұжырымдар.....	123
3	<b>ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ</b>	125
3.1	Орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасы.....	125
3.2	Орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасын тәжірибелік- эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу кезеңдері.....	130
3.3	Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері және зерттеу мәселесінің болашағы.....	165
	Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар.....	183
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	184
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	188
	<b>ҚОСЫМША А – ОББ эксперимент жүргізу туралы бұйрығы</b>	199
	<b>ҚОСЫМША Ә – ПҒА бұйрығы</b>	200
	<b>ҚОСЫМША Б – Экспериментті қолдау үшін жасалған келісім</b>	201
	<b>ҚОСЫМША В – Эксперимент барысындағы тәрбиелік іс-шаралар</b>	203
	<b>ҚОСЫМША Г – Мұғалімдерге арналған іс-шаралар</b>	206
	<b>ҚОСЫМША Д – Эксперимент барысында атқарылған іс-шаралар</b>	209
	<b>ҚОСЫМША Е – Эксперимент нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру актісі</b>	212
	<b>ҚОСЫМША Ж – Авторлық куәлік</b>	214

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (13.01.2015 ж. күйі бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыз күнгі №205 «Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы;

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының Заңы. Педагог мәртебесі туралы: 2019 жылдың, 27 желтоқсаны, №293-VI ҚРЗ;

2021 – 2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы (2021 ж. 12 қазан).

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Білім** – (лат. scientia, ағылш. knowledge) – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының, т.б. жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады.

**Білім сапасы** – оқушылардың білім алу үдерісінде қол жеткізген құзыреттіліктері мен оқу дағдыларының нәтижелік көрсеткіші.

**Білім беру** – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты; мақсаты қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және олардың физиологиялық дамуында, кәсіби біліктілігінің дамуында жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі; жүйеге келтірілген білім, іскерлік дағды және ойлау тәсілдері көлемін меңгеру процесі мен нәтижесі.

**Білім беру сапасы** – білім беру үрдісінің қоғам талабына сай болуы және білім берудің негізгі субъектілерінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алуы.

**Орта білім** – ғылым негіздерін білуді талап ететін, қоғамға пайдалы еңбекке қатысуға және жоғары білім алуға қажетті білім мен дағдылар жиынтығы.

**Орта білім беру сапасы** – мектепті басқару сапасының, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыру жүйесінің, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің білім беру субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкестік деңгейін көрсететін білім беру жүйесінің кешендік сипаттамасы.

**Білім берудегі басқару сапасы** – білім беру мекемелерінің тиімді жұмыс істеуі, дамуы және бәсекеге қабілеттілігі үшін тиісті жағдайлар жасау мүмкіндігін анықтайтын қасиеттер жиынтығы.

**Педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасы** – педагогтердің сапалы білім бере алу деңгейімен өлшенетін көрсеткіш.

**Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы** – бұл жеке тұлғаның және қоғамның дамуы мен қажеттіліктеріне сәйкес анықталған мақсаттары мен тәрбие үдерісінен алынған нақты нәтижелердің арақатынасы.

**Білім беру бағдарламасы** – білім беру мазмұнын анықтайтын құжат.

**Ішкі резерв** – белгілі бір білім беру мекемесінің қолында бар жинақталған қоры, мүмкіндіктері.

**Ақылдасу сабағы** – мұғалімдердің тәжірибе саласындағы білімін жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсілі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЮНЕСКО	– United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым-білім және мәдениет бойынша мәселелерімен айналысатын саласы)
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰДБ	– Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы
PISA	– Programme for International Student Assessment (Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы)
TIMSS	– Trends in Mathematics and Science Study
PIRLS	– Progress in International Reading Literacy Study
ICILS	– International Computer and Information Literacy Study
SAT	– Scholastic Assessment Test (Мектептік Бағалау Тесті)
ОЖСБ	– Оқу жетістіктерін сырттай бағалау
ПҒА	– Педагогикалық Ғылымдар Академиясы
ОББ	– Облыстық білім басқармасы
ОӨО	– Облыстық әдістемелік орталық
ОӘК	– Облыстық әдістемелік кабинет
АББ	– Аудандық білім бөлімі
АӘК	– Аудандық әдістемелік кабинет
ЭМ	– Эксперименттік мектеп
ЭМД	– Эксперименттік мектеп директоры
ЭМДО	– Эксперименттік мектеп директорының орынбасары
МД ОІЖО	– Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
НЗМ	– Назарбаев Зияткерлік мектебі
ПШО	– Педагогикалық шеберлік орталығы
ЖОО	– Жоғарғы оқу орны
ОҚМУ	– Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
ЖОМ	– Жалпы орта мектеп
ШЖМ	– Шағын жинақталған мектеп
ЭС	– Эксперименттік сынып
ҚМЖ	– Қысқа мерзімдік жоспар
БЖБ	– Бөлім бойынша жиынтық бағалау
ТЖБ	– Тоқсандық жиынтық бағалау
ЖӘК	– Жүйелі-әдістемелік кешен
ББХС	– Білім берудің халықаралық стандарты
АКТ	– Ақпараттық коммуникациялық технология
МТБ	– Материалдық-техникалық база

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі жаһандық қоғам үшін орта білім сапасы нәтижелі білім берудің табыстылығын анықтауға қажетті квалиметриялық өлшемдік категориялардың бірі болып табылады. Оқушылардың білім деңгейін бағалаудың өлшенген және өлшенетін сапалық көрсеткіштермен сипатталуы орта білімнің өзектілігі мен маңыздылығына, оқушылардың қазіргі икемді дағдыларға бейімделуіне және инновацияға бағдарлана алуға деген мүдделіліктеріне байланысты. Мектепте сапалы білім беру бүгінгі күннің қажеттіліктерін емес, өзгермелі қоғамның болжамды қажеттіліктерін көрсететін ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге бағытталғандықтан жаңа сапаға қол жеткізу үшін білім беру ұйымы мен білім беруді басқару құрылымында болып жатқан өзгерістерді тез қабылдауға қабілетті болуы керек.

Соңғы жылдары «білім сапасы» түсінігі мемлекеттік саясат саласына ауысып, сонымен қатар қоғамдық және ғылыми талқылаулардың тақырыбына айналғаны мәлім. Қазақстан Республикасының 2021 – 2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру; орта білім беру сапасын арттыру; Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA), мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету көзделген [1].

Аталған мақсаттың жүзеге асуында еліміздің жалпы орта білім беру жүйесінің қызметі дәстүрлі «білім – білік – дағды» парадигмасынан қазіргі «нәтижеге бағдарланған білім беру» парадигмасына көшуге басымдылық беріледі. Осыған орай, орта білім берудің әдіснамалық тұғырларының контекстінде білім сапасы әр мемлекеттің үздіксіз білім беру жүйесінің жаһандану жағдайындағы модернизациялануындағы, білім беру мекемелерінің әлеуметтік трансформациялануында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға басымдылық танытуы, сонымен қатар әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануы сипатында дамуымен ерекшеленеді. Яғни, еліміздің мектептік білім беру мекемелеріндегі білім сапасын анықтау мен оның тиімділігін тәжірибеде тексеру, білім мазмұнын жетілдіру, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру білім сапасының нәтижесін болжаумен дәйектелетіні анық.

Сапалы білім берудің басым бағыттары мемлекеттік ресми-нормативтік құжаттарда қарастырылады. Мектептегі білім беру сапасын бағалау тәсілдерін әзірлеу халықаралық, ұлттық және аймақтық зерттеулер жүйесі мен білім беру сапасын бақылау жүйесі арқылы жүзеге асырылуда. Осылайша, тәрбиешілердің, зерттеушілердің және мектепте жұмыс жасайтын мұғалімдердің білім беру сапасын бағалау мәселелеріне деген назары артуда. Сапаны қамтамасыз ету саласында эксперименталды жұмыстар кеңінен жүргізіліп, оның нәтижелері талданып келеді. Мәселен, бұл орталықтандырылған тестілеу, бірыңғай мемлекеттік емтиханды өткізуге

арналған тәжірибе, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау жүйесін енгізу, сонымен қатар республикалық және аймақтық деңгейлерде мектеп білімінің жаңа үлгілерін бағалауға арналған көптеген ғылыми және практикалық әзірлемелер жарық көрді. Сонымен, білім беру сапасын бақылау және бағалау қазіргі заманғы тиімді білім берудің құрамдас бөлігі ретінде анықталған. Педагогика саласындағы зерттеушілер білім беру жүйесінің сапасын, жеке оқушының дайындығын және оқушылардың жалпы жетістіктерін бағалаудың маңыздылығын мойындады. Оқу процесінің құрамдас бөліктерінің әрқайсысы өз құралдарын әзірлеуді талап етеді.

Халықаралық зерттеулерді талдау көрсеткендей, ұлттық білім беру жүйесіндегі оқу процесін бағалаудың тұтастығы, ең алдымен, бұл мәселені педагогикалық мәселе ретінде қарастыру кезінде білім сапасының теориялық және әдіснамалық негіздерін таңдау арқылы анықталады. Осыны ескере отырып, білім беру сапасын бағалау мәселесіне қатысты көзқарастарды отандық педагогиканың тәжірибесі мен дәстүрлері тұрғысынан қарастыру қажет.

Жоғарыда аталғанға қоса, қазіргі уақытта облыстық білім басқару департаменттерінде білім беру сапасын бағалау және басқару тетіктері де бар, білім беру сапасын бағалаудың объективтілігін арттыруға жұртшылық пен қоғамдық бірлестіктерді тарту тәжірибесі де кең тараған. Осыған орай, таңдаған тақырыптың өзектілігі сапаны қамтамасыз етуде өнімді, мектептің ішкі резервтерін пайдалану, ішкі резервті бағалау индикаторларын жалпы білім беру сапасын диагностикалау құралы ғана емес, сонымен қатар білім беру саясатына басқарушылық ықпал етудің жеткілікті күшті құралы болып табылатындығымен расталады және оларды бағалаудың тірек базасын анықтаумен байланысты.

### **Мәселенің ғылыми әдебиеттерде қарастырылу деңгейі.**

«Сапа» мен «білім сапасы» ұғымының тығыз байланыстылығын ғалымдар Г.А. Бордовский, А.А. Нестеров, С.Ю. Трапицын [2] білім беру процесінің сапасы педагогикалық жүйенің тұлға мен қоғамның қазіргі және әлеуетті қабілеттерін, жоғары білікті мамандарды даярлау жөніндегі мемлекеттік талаптарды қанағаттандыру қабілетін анықтайтын интегралды қасиет ретінде анықтап зерделеген. Білім сапасы және оны бағалау мәселесі В.В. Краевский [3], И.Я. Лернер [4,5], Т.Л. Коган [6], Н.Г. Никокошева [7], А.И. Якушев [8], С.Е. Шишов, В.А. Кальней [9], М.М. Поташник [10, 11], Я. Аавиксоо [12], Л. Власеану, Л. Грунберг, Д. Парле [13], М.В. Крулехт [14], А.М. Кац [15], П.И. Третьяков [16], Б.Е. Фишман [17], Т.И. Шамова [18], Ю.А. Конаржевский [19], Д. Вестерхейден [20], Г.А. Бордовский [21], К.Г. Барбакова [22], В.В. Майер [23], Л.Л. Мехришвили [24] және біздің отандық ғалымдар А.Қ. Құсайынов [25], М.Ж. Жадрин [26, 27] және т.б ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде жалғасын тауып келеді. Аталған ғалымдар білім сапасын танымдық, әлеуметтік-мәдени компоненттермен қатар жалпы білім беру мен оқыту үдерістерінің білімдік қызметі мен нәтижесінің интегралдық сипаты ретінде қарастырып пайымдаған. Ресей ғалымдарының зерттеулерінде білім

сапасының әдіснамалық аспектілері В.С. Аванесов [28], Ю.К. Бабанский [29], Н.Ф. Виноградова [30], Б.С. Гершунский [31], В.И. Загвязинский [32], Н.В. Кузьмина [33], В.Е. Медведев [34], В.Д. Шадриков [35] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Білім беру сапасының әр түрлі жақтарының сипаттамалары Т.М. Давыденко [36], В.Н. Максимова [37], А.М. Моисеев [38], П.И. Пидкасистый [39], И.П. Подласый [40], А.И. Субетто [41-43] және т.б. педагогикалық зерттеулерінде қамтылды.

Теориялық талдау барысында біз «білім сапасы» түсінігінің үнемі өзгеріске ұшырап отырғанын байқадық. Дегенмен, барлық анықтамаларда басты акцент оның интуитивті-эмпирикалық, яғни адамның бір нәрсені түйсініп ойлау тәжірибесі; психологиялық – тұлғаның танымдық үдерістерінің дамуы; педагогикалық – оқу мен тәрбие деңгейіне байланысты; процессуалды – білім беру үдерісінің жағдайы; нәтижелік – білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметінің сапалық көрсеткіші тұрғысынан қарастырылып беріледі. Кейбір тұғырларда мектептің материалдық-техникалық базасы, кадрлардың біліктілік деңгейі басымдылық танытады.

Біз зерттеу жұмысымызда білім сапасын осы аталған тұғырлардың сабақтастығында қарастырып, бүгінгі таңда білім беру жүйесінің барлық түрлерін, атап айтқанда тәрбиеден бастап білім беру бағдарламаларының, білім мазмұнының, оқу жетістіктерінің, білім сапасын өлшеудің, мониторинг жасаудың тетіктерін білім беруді басқарумен аяқтап, білім сапасын кешенді түрде ғылыми негіздеуді нысана тұтамыз.

Білім сапасына қол жеткізу білім беру мазмұнын іріктеуге, білім беру процесін жетілдіруге, мета-пәндік дағдыларды игеруге және білім беру жетістіктері мен сапасын бағалау жүйесін жаңартуға қажет оңтайлы әдіс-тәсілдердің кешенді түрде қолданылуымен жүзеге асырылады. Сапа білім беру нәтижесінің қойылған мақсаттарға сәйкестік дәрежесін көрсететін білім беру үдерісінің интегралды сипаттамасы болып табылады. Сондықтан білім беру сапасы мәселесін шешу білім берудің дұрыс басқаруға, сапаны бағалауға байланысты зерттеу нәтижелеріне сүйенеді.

А.М. Новиков және Д.А. Новиков «Білім сапасын қалай бағалауға болады?» деген еңбегінде бағалау субъектісі ретінде ішкі бағалау жүйесінде бұл оқушылар, педагогикалық, оқу орындары, білім беру органдарының, ал сыртқы бағалау жүйесінде ол тұлға, өндіріс, қоғам, мемлекет және білім беру жүйесінің өзара сабақтастығындағы нәтижелермен сипаттайды [44]. «Білім сапасы» ұғымының педагогика ғылымы аясында зерттелуі Н.Ф. Белокурдың еңбектерінде баяндалған. Ол өз еңбегінде оқушылардың білім сапасын анықтайтын көрсеткіштерін сипаттаған [45].

Еліміз тәуелсіздігін алғанға дейін Қазақстандағы халыққа білім берудің, оның ішінде мектептегі білім берудің жай-күйі оқулықтар мен ғылыми-педагогикалық басылымдардың («Кеңестік педагогика», «Халық ағарту» журналдары) беттерінде көрініс тапты. Республикада басталған қоғамдық-саяси және экономикалық дағдарыс білім беру саласындағы жағдайды талдау үшін қолданылатын өлшемдер мен тәсілдерді қайта қарау қажеттілігіне әкелді.



Осыған орай, соңғы бірнеше жылда Ресейлік ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде Қазақстан Республикасындағы мектептегі білім берудің әртүрлі аспектілерін талдайтын бірқатар басылымдар пайда болды. Ең алдымен бұл Қ.Б. Бекішев [46], Қ.Р. Исаева [47], Ш.Х. Құрманалина [48], А.Қ. Құсайынов [49], Ш.Т. Таубаева [50], А.П. Лиферов [51], Б.К. Момынбаев [52], Ш.М. Мұхтарова [53; 54] және т.б. жұмыстары.

Білім сапасын арттыру мәселесіне жеке пәндерді оқыту бойынша әдіскер тарапынан да жүргізілген іргелі зерттеулер мен еңбектер баршылық. Табиғи ғылыми цикл пәндері, гуманитарлық пәндер мен математика материалдары бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуші әдіскерлер білім сапасының қайсыбір көрсеткіштерін (саналылығын, нақтылығын, тереңдігін, әрекеттілігін (ықпалдылығын), беріктігін, оралымдылығын, жүйелілігін және т.б.) қамтамасыз ететін дидактикалық және әдістемелік шараларды іздестіріп, жасап шығарды. Бұл сияқты зерттеу нәтижелері бойынша өңдемелер Р.А. Асановтың [55], С. Баймұрзин [56], Т.П. Беляеваның [57], К.К. Биәлиевтің [58], Н.С. Волкованың [59], Н.И. Ефимованың [60], В.В. Колесникованың [61], Е.В. Костереваның [62], В.И. Кузнецовтың [63], Л.П. Никитинаның [64], А. Нұғысованың [65], Г.С. Ноганың [66], О. Ұзақовтың [67], Ю. Ерназаровтың [68], А.Я. Цукардың [69], М. Юнусованың [70] және тағы басқалардың диссертациялық зерттеулерінде ұсынылған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша эксперименттік бағдарлама негізінде А.С. Сатывалдиева [71] қорғаған алғашқы PhD докторлық диссертация жоғары оқу орындарындағы сапаны басқару тиімділігі мәселелеріне арналды. Г.Е. Утюпованың [72] Қазақстан мен Германиядағы педагогикалық кадрларды дайындаудың даму жүйесі, З.У. Ельбаеваның [73] Қазақстан және Оңтүстік Корея мемлекеттеріндегі мектептік саясаттың дамуының салыстырмалы аспектілері, С. Асқарқызының [74] университет жағдайында әлеуметтік педагогикалық менеджерлерін даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері, Ж.Е. Абдыхалықованың [75] АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерге академиялық қолдау көрсетудің ерекшеліктері, А. Жунусбекованың [76] болашақ бастауыш класс мұғалімдерін басқарушылық қызметке даярлау, Д. Сәдірбекованың [77] болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру, Д. Ертарғынқызының [78] жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеалын қалыптастыру мәселелері, К.А. Есенованың [79] білім беру менеджерлерін дайындау жүйесіне жасаған салыстырмалы талдауы және басқа да зерттеушілердің еңбектері PhD докторлық диссертацияда өздерінің жалғасын тауып отыр. Сонымен қатар Э.Т. Баярыстанованың [80] экспертиза мен анализ білім беру сапасын басқарудың тиімділік шарты ретінде тақырыбындағы кандидаттық жұмысында білім сапасын бағалау мен басқаруға қатысты құнды деректер келтірілген.

Оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесі психологтар мен педагогтардың қызу қарастырған объектісі болғанына көзіміз жетіп отыр. Алайда олардың оқушылардың білім сапасын арттыру міндеттерін шешуге

теориялық және практикалық бағытта маңызды үлес қосқандықтарының даусыз екендігіне қарамастан, жалпы білім беретін мектеп дамуының қазіргі кезеңінде бұл мәселені әбден шешімін тапқан деп айтуға болмайды. Біздің байқағанымызша, қазіргі уақытқа дейін елімізде орта білім беру сапасын арттырудың тәжірибеден өткен ғылыми педагогикалық негізі толықтырулар мен жаңа көзқарастарды қажет етеді.

Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздерін зерттеудің өзектілігі келесі **қайшылықтар** мен сәйкессіздіктер жағдайымен анықталады:

– қарастырылып отырған мәселені теориялық тұрғыдан түсінудің жеткіліксіздігі мен орта білім беру қызметіндегі басым бағыт орта білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін ішкі резервтерді жандандыру болып табылатынын түсіну арасында;

– орта білім беру практикасының орта білім беру сапасын қамтамасыз етудің ішкі тетіктерін құрудағы объективті қажеттілігі мен мәселені шешу бойынша педагогикалық негізделген кешенді тәсілдің болмауы арасында.

Көрсетілген қарама-қайшылықтар негізінде білім беру сапасын арттыру мәселесінің өзектілігін және оны ғылыми негіздеп, тәжірибеге енгізу үдерісінде халықаралық тәжірибенің озық үлгілерін жинақтап, пайдалану қажеттігін ескере отырып, диссертациялық зерттеу тақырыбы: **«Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері»** деп алынды.

**Зерттеу жұмысының мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаларға сәйкестігі.**

Зерттеу өзара байланысты 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Педагог мәртебесі туралы» заңы, білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, «Педагогтің кәсіби стандарты» және т.б. мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаларға сәйкес негізделді.

**Зерттеу нысаны** – Қазақстандағы орта білім беру сапасы.

**Зерттеу пәні** – ішкі резервтер арқылы орта білім беру сапасын арттыру үдерісі.

**Зерттеу мақсаты:** жалпы орта білім беру жүйесіндегі білім беру сапасын арттыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және білім беру сапасын бағалаудың механизмдері мен моделін жасап ұсыну.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі орта білім беру сапасын арттыруды теориялық тұрғыда талдап негіздеу.

2. Отандық және шетелдік тәжірибелер арқылы орта білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырларын, механизмдерін және сапа құраушыларын айқындау;

3. Мектептегі орта білім беру сапасын арттыруға әсер ететін ішкі резервтердің педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау;

4. Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін құрастыру;

5. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында орта білім беру сапасын арттыруды сынақтан өткізу, әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер*, орта білім беру жүйесінде ішкі резервтер арқылы орта білім беру сапасын арттыру теориялық тұрғыда негізделіп, оның құрылымдық-үдерістік моделі жасалса, *онда* жалпы орта білім беру сапасының көтерілуі жаңа өлшемдік сипатқа ие болады, *өйткені* ендіріліп отырған құрылымдық-үдерістік модельдің тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденіп, нәтижелері тәжірибелік түрде тексеріліп негізделген.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасы; басқару сапасы; рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы; эксперименттік сыныптардың оқу жетістіктері арқылы айқындау орта білім беру сапасының нәтижесін көрсетеді.

**Зерттеудің әдіснамалық негіздері:** мектептегі білім беру сапасын білім беру жүйесі мен ондағы болып жатқан оқу-тәрбие процесінің қасиеттерінің жиынтығы ретінде талдауды көздейтін жүйелік тұғыр (Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, А.Н. Леонтьев, М.А. Данилов, В.В. Краевский, В.Г. Афанасьев, И.В. Блауберг, В.П. Беспалько және т.б.); кешендік, интегративтік тұғыр, мұнда білім беру педагогикалық интеграцияның (пәнаралық, пәнішілік, тұлғааралық, тұлғаішілік) процесі мен нәтижесі ретінде қарастырылады (Б.Г. Ананьев, Ю.К. Бабанский, И.С. Марьенко, Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, В.А. Рыбин, Е.А. Позаченюк, Ю.М. Федоров т.б.); білім беру үдерісінің сапасын кешенді бағалауды талдауды және әзірлеуді қарастыратын квалиметриялық тұғыр (В.С. Аванесов, Г.Г. Азгальдов, Б.К. Коломиец, А.И. Субетто, Н.А. Селезнева, О.Ф. Шихова, В.М. Соколов, Ю.Г. Татура және т.б.), сонымен қатар салыстырмалы педагогика тарихы мен әдіснамасы бойынша жазылған (Н.Е. Воробьев, Б.Л. Вульфсон, А.И. Джурицкий, А.Қ. Құсайынов, З.А. Малькова, В.А. Мясников және т.б.) зерттеулер диссертациялық еңбектің әдіснамалық негізін құрайды.

**Зерттеудің теориялық негіздері:**

– Білім беру жүйесін басқару мәселесі бойынша зерттеулер (В.А. Кальней, Ю.А. Конаржевский, В.Ю. Кричевский, О.Е. Лебедев, М.М. Поташник, С.Е. Шишов және т.б.);

– Білім беру сапасын басқару мәселесі бойынша жұмыстар (Е.С. Заир-Бек, В.А. Кальней, В.П. Панасюк, Н.Ф. Радионова, С.Ю. Трапицын, А.П. Тряпицына, С.Е. Шишов және т.б.);

– Мектептегі білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен нормалары бойынша зерттеулер (Н.М. Амосов, В.П. Беспалько, А.А. Корольков, В.П. Петленко, А.Л. Семенов, А.О. Татур, В.В. Фирсов, М.Б. Чельшкова және т.б.);

– Білім берудегі квалиметриялық зерттеулер (И.А. Зимняя, Б.К. Коломиец, В.П. Панасюк, Н.А. Селезнева, А.И. Субетто, А.О. Татур және т.б.);

– Білім беру сапасын бағалау бойынша зерттеулер (А. Анастаси, В.П. Беспалько, Г.С. Ковалева, А.Н. Майоров, В.П. Панасюк, В.М. Полонский, А.И. Субетто, А.О. Татур, В.А. Хлебников, М.Б. Чельшкова және т.б.).

**Зерттеудің әдістері:** зерттеу мәселесі бойынша контент-анализ, теориялық педагогикалық зерттеудің жалпы әдістері – жалпылау, салыстыру, абстрактілеу және т.б., математикалық статистикалық әдістер, эксперименталды педагогикалық зерттеудің жалпы әдістері (бақылау, сауалнама, анкета, тестілеу, эксперттік бағалау және т.б.), орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін эксперименталды зерттеу әдістері қолданылды.

**Зерттеудің деректану базасы:** Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің заңнамалық және құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты, 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы); бағдарламалық-әдістемелік құжаттар; халықаралық ұйымдардың құжаттары (БҰҰ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ); зерттелініп отырған мәселеге байланысты отандық және шетелдік философтар, әлеуметтанушылар, психологтар мен педагогтардың еңбектері.

**Зерттеу базасы:** 2018-2019 оқу жылында Түркістан облысының Төлеби, Ордабасы аудандарында орналасқан 18 мектеп, 1554 оқушы, 138 мұғалім; 2019-2020 оқу жылында Төлеби, Ордабасы, Сайрам және Отырар аудандарында орналасқан 43 мектеп, 3171 оқушы, 385 мұғалім.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері:** зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

**Бірінші кезеңде** (2019-2020 жж.) зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау жүргізілді. Орта білім беру сапасын арттырудың ғылыми негіздері бойынша эксперимент бағдарламасы бекітіліп, 2018-2019 оқу жылында бастау алған эксперимент үлкен көлемде жалғасын тапты. Теория мен тәжірибені ұштастырып, орта білім беру сапасын ғылыми негізде арттыру бағдарламасы сынақтан өткізілді. Әлемдегі білім беру жүйесі дамыған елдерге салыстырмалы талдау, педагогикалық зерттеу жүргізілді. Теориялық мәліметтер «Theories and concepts of comparative education: domestic and foreign experience» оқу құралында, ғылыми журналдарда мақала болып жарыққа шықты.

**Екінші кезеңде** (2020-2021 жж.) 2018-2019 және 2019-2020 оқу жылдарында Түркістан облысында жүргізілген эксперименттің нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы жарыққа шықты.

**Үшінші кезеңде** (2021-2022 жж.) негізгі зерттеу нәтижелері жарияланды. Диссертациялық зерттеу материалдары рәсімделді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

1. Мектептің ішкі резервтерін жүйелі ұйымдастыру арқылы орта білім беру сапасын арттыру үдерісі теориялық тұрғыда талданды;

2. Жалпы орта білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырлары, механизмдері анықталып, сапа құраушылары шетелдік тәжірибелерге жасалған салыстырмалы талдаулар арқылы айқындалды;

3. Мектептегі орта білім беру сапасын арттыруға әсер ететін ішкі резервтердің педагогикалық мүмкіндіктерінің практикалық тиімділігі анықталды;

4. Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп құрастырылды.

5. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасын, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын және басқару сапасын арттыру мазмұнын сипаттайтын «Орта білім беру сапасын арттырудағы үштік» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалды.

#### **Зерттеудің теориялық маңыздылығы:**

– педагогика ғылымының сапа теориясы «білім беру сапасы», «орта білім беру сапасы» ұғымдарына берілген жаңа анықтамалармен толықтырылды;

– отандық орта білім беру жүйесі шетелдік тәжірибені салыстырмалы зерттеу арқылы алынған сапа құраушыларымен кеңейтілді;

– орта білім беру сапасын арттыруға әсер ететін факторлар жүйеленді;

– орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі құрастырылып, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды.

Алынған нәтижелердің сенімділігі ғылыми теориялық ұсыныстар мен қағидалардың әдіснамалық негізделуімен, ғылыми зерттеудің қисындылығының сақталуымен, ғылыми аппараттың дұрыс қолданылуымен, кең көлемдегі теориялық және тәжірибелік дереккөздерінің талдануымен, әлемдік білім беру тенденцияларына қарсы келмейтіндігімен қамтамасыз етіледі.

**Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:** зерттеудің оң нәтижеге ие болған тәжірибесін Қазақстанның орта білім беру жүйесін жетілдіруде, орта білім беру сапасын арттыруға қатысты жаңа нормативтік актілер мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, білім беру мекемелері қызметкерлерінің білім беру үдерісін ұйымдастыруы мен жүргізуінде, орта білім беру сапасын арттыру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда, орта білім беру үдерісін сапалы атқаруда ішкі резервтерді тиімді қолдануды ұйымдастыруда қолдануға мүмкіндік береді.

Қойылған міндеттерді шешу барысында алынған зерттеудің негізгі нәтижелері **бойынша қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Отандық және шетелдік әдібиеттерге жасалған ғылыми талдауға сүйене отырып, келесідей анықтамалар береміз: *Білім беру* – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты; мақсаты қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және олардың физиологиялық дамуында, кәсіби біліктілігінің дамуында жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі; жүйеге келтірілген білім, іскерлік дағды және ойлау тәсілдері

көлемін меңгеру процесі мен нәтижесі. *Білім беру сапасы* – білім беру үрдісінің қоғам талабына сай болуы және білім берудің негізгі субъектілерінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алуы. *Білім сапасы деп* оқушылардың білім алу үдерісінде қол жеткізген құзыреттіліктері мен оқу дағдыларының нәтижелік көрсеткішін айтамыз. *Орта білім беру сапасы* – мектепті басқару сапасының, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыру жүйесінің, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің білім беру субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкестік деңгейін көрсететін білім беру жүйесінің кешендік сипаттамасы.

2. Мектептегі орта білім беру сапасын арттыруда сандық нәтижелерді жіктеуде білім беру сапасының рейтингін анықтайтын халықаралық зерттеулер: Ceoworld журналының зерттеулері мен PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің нәтижелері басшылыққа алынды. Әлемдік және Қазақстандағы орта білім беру сапасының халықаралық зерттеулердегі жайы салыстырмалы талдау негізінде анықталды.

3. Жалпы орта білім беру үдерісінде білім беру сапасын арттырудың ішкі резервтері арқылы орта білім беру жүйесінің сапа құраушылары ретінде 8 құраушы бөлік анықталды. Эксперименталдық жұмыс барысында басым 3 құраушы бөлікке назар аударылды. Олар: педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасы; басқару сапасы; рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы. Орта білім беру сапасын арттыруда жүйе құраушыларының әр қайсысы сапалы болу керектігі туралы тұжырым жасалды.

4. Орта білім беру сапасын арттыру жүйесі құрылымдық-ұйымдастырушылық, мазмұндық-үдерістік, әдістемелік-рефлексивтік блоктардан тұратын құрылымдық-үдерістік моделі арқылы жүзеге асады. Құрылымдық-ұйымдастырушылық блок орта білім беру сапасын артырудың әдіснамалық тұғырлары, құраушылары, білім беру сапасын арттыру объектілері мен субъектілері және білім беру нәтижелерінен тұрса, мазмұндық-үдерістік блок ішкі резервтер арқылы әсер етуге болатын сапа құраушыларының сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар, оқушылардың білім сапасын арттыру іс-әрекетін және тәжірибелік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырушылық іс-әрекетін қарастырады. Ал үшінші әдістемелік-рефлексивтік блок білім беру сапасын арттыру тәжірибесін талдау, эксперименттік жұмысты жүргізу және білім беру сапасының өлшемдері мен көрсеткіштерін қамтиды. Құрастырылған модель орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді қолдану мүмкіндіктері мен ғылыми тұжырымдама негізінде сапалы орта білім беру үдерісін жүзеге асырудағы нәтижені көрсетеді.

5. Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында жасалған эксперимент бағдарламасы жүйе құраушыларының әрқайсысының сапалылығына қол жеткізуге ықпал ететін жұмыс мазмұнынан тұрады. Әр жүйе құраушысының сапасын арттыру барысында жауапты субъектілер мен жұмыс жоспарлары бекітілген. Эксперимент бағдарламасы орта білім беру сапасын арттыруға ішкі резервтер арқылы қол жеткізуді көздейді.

**Автордың қосқан жеке үлесі:**

Диссертациялық зерттеу барысында «білім беру» және «білім беру сапасы» ұғымдарына ғылыми-теориялық талдау жасап тұжырымдады; білім беру сапасы дамыған, озық елдердің білім беру жүйелерін талдау негізінде орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін әзірледі; халықаралық зерттеулердегі білім сапасы жоғары, алдыңғы қатардағы елдердің білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау жасады; академик А. Құсайыновтың «Орта білім беру сапасын арттыру» тұжырымдамасының негізінде орта білім беруде педагог кадрлардың сапасын арттыру, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру мен басқару сапасын арттырудың тәжірибелік бағдарламасын жасап, оны ауыл мектептерінде сынақтан өткізіп, тәжірибеге енгізді. Осы тәжірибені оқу-әдістемелік құрал ретінде даярлап, авторлық куәлікпен растады.

Қарастырылып отырған мәселенің нысанын, пәнін, мақсаттары мен міндеттерін шешуде зерттеу әдістерінің кешенін қолдана алды; инновациялық технологиялық шешімдерді ұйымдастырып, нәтижелі жұмыстар жүргізді; «Орта білім беру сапасын ғылыми негізде арттыру» мақсатында Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушыларға шебер сыныптар мен тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізді және экспериментке қатысушылардың экспериментке қатысты мақалалар жинағын ұйымдастырып, жалпы редакциясын басқарды. «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы баспадан шықты.

Диссертант 2018-2019 және 2019-2020 оқу жылдарында Түркістан облысында жүргізілген эксперименттің үйлестірушісі әрі құрастырушысы болып табылады.

#### **Зерттеу жарияланымы мен мақұлдануы.**

Диссертацияның негізгі ережелері, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының отырысында қаралып, бекітілді.

Зерттеу жұмысының басты нәтижелері 9 ғылыми мақалада жарияланды. Scopus мәліметтер базасында European Journal of Contemporary Education 2022 ж. (Словакия) 1 мақала, Прага қаласында өткізілетін халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 1 мақала, TURAN-SAM (TURAN Stratejik Arastirmalar Merkezi) 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін Қазақстанның ғылымы мен өмірі – 2020 ж., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021 ж. журналдарында 3 мақала, «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағында, студенттерге, магистранттарға және оқытушыларға арналған «Theories and concepts of comparative education: domestic and foreign experience» оқу құралында жарияланған.

### **Жарық көрген ғылыми еңбектері:**

1. Relationship between goals and innovative changes in the Educational system // XVI международная научно-практическая конференция (Прага, 2020. – 22-30 апрель. – С. 14-17).

2. Орта білім сапасын арттырудың негізгі құрауыштары (салыстырмалы талдау) // Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Алматы, 2020. - №6 – Б. 91-96).

3. «Сапа», «білім беру сапасы», «білім беру сапасын басқару» ұғымдарының философиялық және педагогикалық алғышарттары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Алматы, 2020. - №11(144) – Б. 165-171).

4. Theories and concepts of comparative education: domestic and foreign experience: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 100 б.

5. Ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын көтерудегі ішкі резервтің рөлі // «Әлемдік білім кеңістігіндегі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа көкжиектері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2021. – Б. 387-390).

6. Қазақстан мен әлемнің тәрбие дәстүрлеріне салыстырмалы талдау // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021. – №4(69). – Б. 130-136.

7. The quality of school textbooks as a factor in improving the quality of education // TURAN-CSR International Scientific, Peer-Reviewed & Refereed Journal (Анкара, 2022. - №1(53) – Б. 27-33).

8. Scientific Basis of Improving the Quality of Secondary Education: on the Example of Kazakhstan // European Journal of Contemporary Education. Slovakia – 2022 – P. 161-170.

9. Білім берудегі мектеп пен мұғалімнің рөлі // «Қайнар орта мектебіне 100 жыл: ауыл мектебінің өзекті мәселелері мен даму келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы: Алматы, 2022. – 465 бет.

**Жұмыстың құрылымы мен көлемі:** Диссертация құрылымы зерттеудің қойылған міндеттерін бірізді шешу логикасына сәйкес құрылды, соған сәйкес, зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, 9 тармақшадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.



# 1 ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Орта білім беру сапасын арттыру мәселесінің ғылыми әдебиеттердегі зерттелу жайы

Орта білім беру жүйесі күрделі жүйе. Орта білім беру сапасын арттыру мәселесін зерттеуді бастамас бұрын тақырыптағы негізгі ұғымдардың теориялық негіздерін зерттеп, ғылымда қандай сипат пен мәнге ие екендігін анықтау қажет деп тауып отырмыз. Негізгі ұғымдар болып табылатын «білім беру» мен «білім беру сапасы» терминдері бірнеше философиялық ғылымдардың мазмұнында түрліше қарастырылған. Атап айтар болсақ: философия, психология, элеуметтану, менеджмент және де педагогика. Әр ғылымның зерттеу шеңбері мен нысаны түрліше болуына орай терминнің аталуы бір болса да, зерттеу аймағына сәйкес түрліше анықтамаларға ие болып отыр.

Педагогика ғылымы оқыту мен тәрбие туралы негізгі іргелі ғылым болғандықтан, ол өзге де ғылымдармен етене байланысты. Педагогикалық зерттеу барысында тек педагогикалық ғылым шеңберінде мәселені шешемін деу қате пікір болып табылады. Себебі ғылымдағы негізгі субъект адам болғандықтан, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қатысты барлық ғылымдар зерттеуде өзіндік орын алуы тиіс. Сонда ғана зерттеу жұмысы толық болып есептеледі. Жоғарыда аталып өткен негізгі ұғымдардың анықтамалары мен ғылымдағы жіктелуін қарастырайық.

«Білім» ұғымының әдіснамалық аспектісі оны шынайы білім негізінде орынды, жүйелі, саналы қолдануды білдіреді. Шынайы білім – бұл шындықты түсінудің тарихи анықталған деңгейіне сәйкес келетін білім. Сонымен қатар, қарастырылып отырған ұғымның жүзеге асуының тәсілін толық сипаттайтын, кез - келген танымның түпкі мақсаты болып табылатын – тәжірибені еске алу қажет.

Философиялық категориялар мен ұғымдардың әдіснамалық аспектілері, әдетте, танымдық синтез процесінде атқаратын рөлін білдіреді. Айта кету керек, әдіснамалық аспект ешқашан категориялар мен тұжырымдамаларды қарастырудың және жұмыс істеудің басқа аспектілерінен бөлек қарастырыла алмайды. Әр түрлі мазмұнды ұйымдастырудың құралы ретінде іске асырыла отырып, «білім» ұғымы танымдық (гносеологиялық) және әдіснамалық функцияларды орындайды.

Танымның элеуметтік мақсаты объективтілік синтезінің нақты тарихи әдісін анықтайды, онда бұл ұғым өзінің элеуметтік-тарихи жағын көрсетеді. Таным – бұл адамның дүниетаным жүйесіндегі оның теориялық дүниетанымдық ядросынан алынған сәттердің бірі және танымда тұжырымдама бізге дүниетанымдық жағынан бұрылады.

«Білім беру» ұғымын педагогикалық сөздікке И.Г. Песталоцци енгізген. Неміс тілінен алынған бұл сөз (die Bildung) жасау, бейне (das Bild - картина,

бейне; bilden - жасау) сөздеріне жақын [81]. Орыс педагогикалық әдебиетінде ең алғаш бұл сөзді ХҮІІІ ғасырда Н.И.Новиков қолданған.

Ал «білім беру» ұғымының шығу тарихы, мазмұны мен өзгерулерін I. Schaarschmidt «Der Bedeutungswandel der Worte Bilden und Bildung» диссертациясына сүйене отырып Х.Г. Гадамер талдаған [82].

Орта ғасырлық мистикадан «барокко мистикасы» мен «діни руханияттан» кейін пайда болған бұл ұғым Гадамердің анықтамасы бойынша «адамгершіліктің өсуіне» айналды. Содан кейін, Х.Г. Гадамердің пікірінше, ол терең діни параметрлерді сақтап қалды.

Ұғымның «практикалық» мағынасына қатысты Х.Г. Гадамер ХІХ ғасырда «білім» сөзінің ескі «табиғи» мағынасынан мәдениет ұғымымен тікелей байланысты жаңа мағынаға көшу маңызды деп көрсеткен. И. Кант «білім» сөзін қолданбайды, бірақ «қабілеттер» мәдениеті, талантты дамыту міндеттері туралы айтады. Гегель дәл осындай мәселелер туралы сөйлескенде, өзін-өзі тәрбиелеу және білім беру туралы айтады. «Білім» ұғымының оған жақын және бір уақытта бірнеше тілде қолданылатын «қалыптастыру» (formatio, Foimierung, formation) ұғымынан «жеңісі» заңды болып табылады, себебі ол «тар» немесе «техникалық» болып шықты және білімнің мәнін толық көрсетуге мүмкіндік бермеді.

Х.Г. Гадамердің айтуынша, «білім» ұғымы «қалыптасу мәнінің болмысқа жалпы ауысуына сәйкес келетін» процеске қарағанда нәтижені жиі білдіреді. Оның пікірінше, білім беру мақсат бола алмайды, тіпті тәрбиешінің кері байланысы да. Білім қабілеттерді дамытудың құралы ғана емес – «білімге қол тигізгеннің бәрі кіреді», онда «бәрі сақталады және ештеңе жоғалмайды».

Қазіргі кезеңдегі әдебиеттерде «білім» ұғымының ғалымдардың, зерттеушілердің, педагогтардың барлығы бірдей мойындап қабылдаған дәл анықтамасы жоқ. Бұл ұғымды әр ғалым өзі зерттейтін объектісінің ерекшелігіне қарай әртүрлі тұрғыдан қарастырады.

Гносеологиялық аспектіде «білім» ұғымы объективті дүниенің кең мағынада алғандағы бейнесі, кейіптеп-кескінделуі ретінде, идеалды нәрсе ретінде көрінеді немесе түйсікке, қабылдауға, түсініктерге бара-бар сезімдік бейне ретінде немесе ұғымдарға, пайымдауларға, пікірлерге, ой қорытындыларына сай келетін абстрактілі бейнелер ретінде түсіндіріледі.

Философтардың көзқарасы бойынша, бұл тұжырымдама ұзақ уақыт бойы нақты анықталған мазмұнға ие болмады және ХІХ ғасырдың бірінші жартысына дейін тәрбиенің синонимі болып келген [83]. Қазіргі философия білім мен тәрбие ұғымдарын бөліп қарастырады. Философиялық сөздікте [84] тәрбие дегеніміз – біліммен тығыз байланысты өндірістік, қоғамдық, мәдени іс-шараларға дайындалу үшін адамның рухани және физикалық дамуына жүйелі және мақсатты әсер ету процесі, ал білім – бұл жүйелі білімді, дағдыларды игеру процесі және нәтижесі; адамды өмір мен еңбекке дайындаудың қажетті шарты. Оқыту – бұл білім алу жолы, тәжірибелі тұлғалар – педагогтардың, шеберлердің және т.б. басшылығымен білімді, шеберлікті, дағдыларды

игерудің мақсатты, ұйымдастырылған, жоспарлы және жүйелі жүзеге асырылатын процесі.

Қазіргі уақытта педагогика білім беруді әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады [85]. Бұл ұғым [86] «жеке тұлғаның қалыптасуы», «тәрбие», «тұтас тәрбие процесі» дегенді білдіреді. Сонымен бірге, педагогикалық сөздікте білім жүйелі білімді, дағдыларды игеру процесі және нәтижесі; адамды өмірге дайындаудың қажетті шарты ретінде қарастырылады.

Э.Н. Гусинский [87] білім беруді жеке адамды мәдениетке баулу, оның тілдерінде сауаттылық пен оның мәтіндеріндегі бағдарлану процесі деп санайды, бірақ ол сонымен бірге білім беруді әлемде бағдар алуға мүмкіндік беретін ұғымдар, идеялар жүйесін қалыптастыру, дамыту процесі және нәтижесі ретінде анықтайды.

Кең мағынада білім – бұл жеке тұлғаны құру, қалыптастыру, ал тар мағынада – адамның әлеуметтік тәжірибені, жалпы және нақты мәдениетті игеру процесі.

Энциклопедиялық сөздік [88] білім беруді адамзаттың білімге, дағдыларға, еңбекке, әлемге эмоционалды және құндылық қатынастарында бейнеленген әлеуметтік маңызды тәжірибесін игерумен байланысты тұлғаның даму процесі ретінде сипаттайды. Білім берудің негізгі жолы оқыту деп аталады.

Философиялық сөздіктерде «білімге» төмендегінше түсініктер берілген:

а) қысқаша философиялық сөздікте білім – рухани іс-әрекет ретінде, объективті шындықтың бейнесі ретінде анықталған және мұнда білім процесс тұрғысында емес, танымдық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Мұнда: «...Адамзат баласының өзіне дейінгі қоғамның бүкіл танымдық іс-әрекеті, сол адамның алдында алдағы уақытта өзі меңгеруге, өзіндік етуге тиісті, яғни практикада қолдана білуге тиісті, дайын білім түрінде тұрады. Адам білімді өз іс-әрекетіне қатыстыра, пайдалана отырып, (соның арқасында) өзінің рухани қабілетін дамытады, өзін белсенді жасампаз ретінде, мәдениеттің субъектісі ретінде қалыптастырады» -делінген [89].

ә) М.М. Розентальдың редакциялық басқаруымен шыққан философиялық сөздікте түрлендірілетін объективті білім «практика жүзінде өзгертілетін, дүниенің объективті, заңды байланыстарын тілдік формада, идеалды түрде суреттеу (көшірме түрінде қайталау; қайта жасау)» ретінде анықталған [90].

б) Ал И.Т. Фроловтың редакциялық басқаруымен жарық көрген Философиялық сөздікте білім «адамдардың қоғамдық, материалдық және рухани іс-әрекетінің жемісі ретінде; дүниенің, табиғат әлемі мен адамдардың объективті қасиеттері мен байланыстарын таңбалар формасында идеалды өрнектеу ретінде» сипатталған. Онда: «...Білімде бытыраңқы, шашырап жатқан түсініктерді теориялық тұрғыда жүйеленген жалпы мағыналық формаға көшіру жүзеге асырылады және олардың ішінде адамзат баласының келесі ұрпағының іс-әрекетінде үнемі негізге алатын тірек ретінде сақталып қалуы, келесі ұрпаққа берілуі, сабақтаса онан әрі дамытылуы мүмкіндіктері екшеліп алынып калады», -делінген [91].

в) Философиялық энциклопедиялық сөздікте білім «шындықты тану процесінің қоғамдық тарихи практикада тексерілген және логика арқылы куәландырылған нәтижесі» ретінде; «шындықтың адам санасында түсініктер, ұғымдар, пайымдаулар, пікірлер, теориялар... түрінде адекватты (дәл сәйкес келетіндей) бейнеленуі» ретінде түсіндірілген. Бұл энциклопедиялық сөздікте: «Білім өзінің шығу тегі (генезисі) және қызмет етуі жағынан әлеуметтік феномен болып табылады. Ол табиғи таңбалар мен жасанды тілдер формасында белгіленеді және есте сақталады... Адамның ойы үнемі білмеуден білімге (білуге) қарай, үстірт білімнен одан гөрі тереңірек, мәндірек және жан-жақты білімге қарай, адам мен адамзат баласының өзгерткіш, түрлендіргіш іс-әрекетінің қажетті шарты ретінде қызмет ететін білімге қарай қозғалады», - деп сипатталған [92].

Ал материалистік – диалектикалық таным теориясында білім шын дүниенің нәрселері мен құбылыстарының, олардың арасындағы байланыстар мен тәуелділіктердің, объективті заңдылықтардың адам миындағы бейнесі ретінде анықталған.

Сонымен, білімнің жоғарыда келтірілген барлық анықтамаларында білім сөздер, таңбалар мен символдар көмегімен белгіленіп, есте сақталған, жеке адам санасынан тыс бар болатын қоғамдық игілік (мүлік, дәулет) ретінде, меңгеру, игеру салдары ретінде, таным процесінің нәтижесі ретінде қарастырылған, білімнің мәні және негізгі қызметі көрсетілген. Алайда И.Я. Лернер атап өткендей, олар білімді педагогикалық тұрғыда пайдалануға, оны меңгеру процесіне жол сілтеп, бағыт көрсетпейді [4].

Қазіргі орыс тілінде «білім» төмендегідей екі түрлі мағынада түсіндіріледі:

1. Сана арқылы шындыққа жету. Ғылым.
2. Қайсыбір саладағы мәліметтер, танымдар жиынтығы [93].

Мұнда «білім» термині, біріншіден, жаңа білімді алу процесі ретінде, екіншіден, таным процесінің нәтижесі ретінде түсініледі.

Білімді меңгеру, бекіту, оны практикалық және теориялық міндеттерді шешуге пайдалану процесіне арналған зерттеулерде «білім» түсініктер, ұғымдар, теоремалар, заңдар және т.б. «жүйесі» ретінде [94]; «қайсыбір танымдық әрекеттер «жемісі» ретінде [95]; «ғылым фактілерін, ұғымдарын, заңдарын меңгеру нәтижесі» ретінде анықталған болатын [96].

Нақты ғылыми, психологиялық аспектіде білім «индивидке тиісті нәрсе, қасиет» ретінде; «индивидтің меншігіндегі «жабдық» ретінде қарастырылады, яғни «білім – психикалық құрылымдардың объективтік мағынасын есте бекіту және жалпылау арқылы пайда болатын және есте түсініктер, ұғымдар мен пайымдаулар ретінде сақталып қалатын объективті шындық заттарының, қасиеттерінің, процестерінің және қатынастарының бейнелері ретінде [97], нәрселер мен құбылыстардың мидағы динамикалық моделі ретінде, яғни психиканы құраушы элемент ретінде сипатталады.

А.Я. Пономарев білім мен ойлауды «адамның жеке дара танымының негізгі элементтері, әрі білімді психикалық өзара әрекеттесу процесі ретінде кең мағынада қарастырылатын ойлаудың біршама жемісі» ретінде санайды [98].

Кәсіби тұрғыдан алғанда, білім адамның дамуы мен тәрбиесінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу, оны кәсіби қызметке дайындау мақсатында білім беру мекемелеріндегі педагогикалық ұйымдастырылған процесс ретінде түсініледі [99].

Л.Ф. Колесниковтың, В.Н. Турченконың, Л.Г. Борисованың [100] білім беру жүйесін құрудың әдіснамалық негіздеріне арналған жұмысында авторлар білім беруді салыстырмалы түрде тәуелсіз жүйе ретінде анықтайды, оның қызметі қоғам мүшелерін жүйелі түрде оқыту және тәрбиелеу, белгілі бір білімді, идеялық-адамгершілік құндылықтарды, дағдыларды, мінез-құлық нормаларын игеруге бағытталған мазмұны әлеуметтік - экономикалық және саяси жүйемен, материалдық-техникалық даму деңгейімен анықталады. Олар білім беруде оқыту мен тәрбиелеуді ажыратады, оқытуды жүйелі білімнің берілуі (және алынуы) деп санайды және сонымен бірге білімді деңгей, процес, қызмет және институт ретінде қарастыру заңдылығын мойындайды.

Адамды кең мағынада қалыптастыру дегеніміз – жеке тұлғаны құру, ал тар мағынада оған нақты білім беру.

Сапа мәселесі – білім беру саласындағы педагогикалық ғылымды жүйелі ұйымдастыру тұрғысынан қарастыруға болатын пәнаралық проблема. Әлеуметтік сипаттама ретінде «білім сапасы» категориясы өзгермейді. Қоғамның құндылық бағдарлары, өзекті әлеуметтік проблемалар, адамдардың қажеттіліктері, білім беру міндеттерін түсіну өзгеруде. Сапа ұғымы үнемі дамып келеді. Осы өзгерістердің динамикасы әлеуметтік өзгерістер динамикасымен өзара байланыста үнемі жаңартылып отыратын «білім сапасы» ұғымын пайдалану қажеттілігін тудырады.

Білім беру сапасын жеке оқушылар мен тұтынушылардың, қоғам мен мемлекеттің қолданыстағы немесе күтілетін қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін беретін білім беру процесінің қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Білім беру сапасының маңызды құрамдас бөліктері процестің сапасы мен нәтижелердің сапасы болып табылады, бұл ретте білім беру сапасы – бұл тек нәтиже ғана емес (оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктері – құзыреттілік, білімділік, кәсіптік даярлық), сонымен қатар білім беру процесінің сапасы, мақсаттарға қол жеткізу құралдарының сапасы мен бағасы. Ал орта білім беру сапасы дегеніміз – мектепті басқару сапасының, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыру жүйесінің, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің білім беру субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкестік деңгейін көрсететін білім беру жүйесінің кешендік сипаттамасы.

## **1.2 Орта білім беру сапасын арттырудың отандық және шетелдік тәжірибесі**

Педагогикалық зерттеулердің дамуындағы қазіргі кезең тек біздің елімізде ғана емес, сонымен қатар шетелде де білімнің адамдардың әлеуметтік және жеке қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсететін «білім сапасы» сияқты интегративті категорияны зерттеуге көбірек көңіл бөлумен сипатталады. Бұған көптеген халықаралық зерттеулер дәлел бола алады, онда әртүрлі елдердегі білім сапасына баға беріледі, осы көрсеткіш бойынша мемлекеттердің рейтингтері белгіленеді, оны анықтайтын факторлар және әлемнің жетекші білім беру жүйелерінде оны жетілдіру жолдары талданады. Соңғы жылдардағы жарияланымдардың ішінде танымал McKinsey консалтингтік компаниясының қызметкерлері Мона Муршед, Чинези Чиоке және Майкл Барбердің білім беру сапасы мен оның өзгеру динамикасындағы айырмашылықтарды тудыратын терең себептерді анықтау мақсатында әлемнің бірқатар елдерінің білім беру жүйелері қызметінің нәтижелерін зерттеген жұмысын атап өтеміз [137-139]. Бұл жұмыстардың алғашқысы 2008 жылы McKinsey редакциясында жарық көрген. Қазақ тіліне аударғанда: «Мектептерде оқытудың тұрақты жоғары сапасына қалай қол жеткізуге болады. Әлемнің үздік білім беру жүйесін талдау сабақтары» деп аталады [140]. PISA, TIMSS халықаралық зерттеулерінің және бірқатар ұлттық зерттеулердің бағалауы бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің 20 мектеп жүйесін, оның ішінде ең үздік 10 мектеп жүйесін зерделеу негізінде



онда «шешуші маңызы бар факторларды анықтауға және неғұрлым тиімді даму стратегияларын әзірлеуге» әрекет жасалады [140].

Әлем елдерінде білім беру көптеген факторлармен ерекшеленеді: педагогикалық жүйесімен; оқыту процесінің формасы; оқытуға жұмсалатын қаржымен. Елдегі білім беру деңгейі мемлекеттің жалпы даму деңгейіне тәуелді болады. Әртүрлі елдерде өзіндік білім беру жүйесі бар. Білім беру сапасының деңгейі қаржыландырудан бастап оқыту құрылымына дейін байланысты.

Әлемдегі білім беру сапасының рейтингін анықтайтын халықаралық зерттеулер мен қатар журналдар да баршылық. Солардың бірі Ceoworld журналы. Бұл ай сайын шамамен 12 миллион адам оқитын іскери аудиторияға арналған онлайн-портал.

Журнал сарапшылары рейтинг үшін ақпаратты ашық дереккөздерден жинайды: ЮНЕСКО статистика институты, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ), білім деңгейі индексі (Education Index), сондай-ақ Ceoworld Magazine жеке зерттеулері. Бұл ғаламдық зерттеуге 196300 адам қатысты. Ceoworld Magazine сарапшыларының сұрақтарына университет студенттері, әлемдік бизнес пен өнеркәсіп басшылары, профессорлар, академиктер, мектеп мұғалімдері жауап берген.

Сарапшылар елдерді 2020 жылдағы білім беру сапасы мен мүмкіндіктері деген екі санат бойынша талдады және салыстырды. Осы параметрлерді бағалау үшін зерттеушілер екі санаттың біріне енген 16 индикаторды қарастырды. Әр көрсеткіш бір баллдан жүзге дейін бағаланған.

Елдің қорытынды бағасы және оның рейтингтегі орны – барлық көрсеткіштердің орташа жалпы баллы. Үздік білімі бар елдердің рейтингі үшін төмендегі критерийлер талданды (2 – кесте).

Кесте 2 – Білім беру сапасы мен мүмкіндіктерінің индексі

Білім беру сапасының индексі	Білім беру мүмкіндіктерінің индексі
Мемлекеттік білім беру жүйесі	Ересек тұрғындардың сауаттылық деңгейі
ЖОО-да оқуға дайындығы	Бітіру тарифтері
Ғылыми-зерттеу институттарының саны	Бастауыш мектепті аяқтағандардың пайыздық өлшемі
ЖОО қоры және қаржыландыру	Орта мектепті аяқтағандардың пайыздық өлшемі
ЖОО мамандануы	Училище немесе техникум аяқтағандардың пайыздық өлшемі
Өндірістік байланыстар	Институт немесе университет аяқтағандардың пайыздық өлшемі
Білім берудегі академиялық жұмысшылардың тиімділігі	Білім беруге мемлекеттің шығыны, жалпы
Зерттеу нәтижесі бойынша институттың өнімі	
ЖОО-ның әлемдік рейтингтерге енуі	

Осы аталған критерийлер бойынша жасалған рейтингтегі ең үздік ондықты анықтап, олардың білім беру жүйесіне сипаттама берсек (3 – кесте).

Кесте 3 – Білім беру сапасы мен мүмкіндіктерінің индексі бойынша ең үздік 10 ел

Орын	Мемлекет	Білім беру сапасының индексі	Білім беру мүмкіндігінің индексі
1	Ұлыбритания	78,2	69,79
2	АҚШ	72	68,74
3	Австралия	70,5	67,52
4	Нидерланды	70,3	67,21
5	Швеция	70,1	66,96
6	Франция	69,9	66,3
7	Дания	69,8	62,54
8	Канада	69,8	61,01
9	Германия	69,5	60,64
10	Швейцария	68,3	60,12

Аталмыш рейтингте бірінші орынды иеленіп тұрған Ұлыбританиядағы орта білім беру сапасына тоқталсақ. Ұлыбританиядағы білім беру жүйесінің басты қағидаттары – балаларды өз бетінше және шығармашылықпен ойлауға үйрету, қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу және халықаралық мансапқа дайындау. Білім беру Early Years Foundation Stage (EYFS) және The National Curriculum мемлекеттік стандарттарымен бақыланады.

Ұлыбританиядағы мектептер баланың жасына қарай бөлінеді: бастауыш (бастауыш мектеп) және орта (орта мектеп). Мемлекеттік мектептер тегін.

Жеке мектептерде жоғары академиялық стандарттар, мықты оқытушылар құрамы және жайлы резиденциялар бар. Мысалы, мемлекеттік мектеп сыныбында 30 адамға дейін оқуға болады. Ал жеке мектепте 8 – 10 адамға дейін, мұғалімдер әр оқушыға көбірек көңіл бөледі. Ұлыбритания мектептеріндегі білім беру сатылары 4 – кестеде көрсетілген. Жекеменшік мектептерде жоғары оқу орнына дайындалу үшін халықаралық бакалавриат (IB) бағдарламасын таңдауға болады. Бағдарлама бойынша оқушылар өздерінің таңдауы бойынша алты пәнді оқып, сол пәндер бойынша емтихан тапсырады.

Кесте 4 – Ұлыбритания мектептеріндегі білім беру сатылары

Кезең	Ерекшеліктері	Мазмұны
1	2	3
Бастауыш мектеп 5-11 жас	Балалар спортпен және шығармашылықпен көптеп айналысады; Міндетті пәндер кезең бойынша оқытылады. Олардың саны мен	– Ағылшын тілі – Математика – Тарих – География – Музыка – Өнер және кескіндеме, дизайн

#### 4 – кестенің жалғасы

1	2	3
	күрделілігі баланың жасына қарай өсіп отырады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Дене шынықтыру, жүзу</li> <li>– Негізгі ғылымдар</li> <li>– Компьютер негіздері</li> <li>– Шетел тілдері</li> </ul>
Орта мектеп 11-16 жас	Балалар ғылыми және гуманитарлық пәндерді, шетел тілдерін тереңірек оқиды; Орта мектепті аяқтаған соң балалар орта білім туралы жалпы аттестат алу үшін емтихан тапсырады; Орта білім туралы жалпы аттестат Ұлыбритания азаматтары үшін міндетті болып табылады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Ағылшын тілі</li> <li>– Математика</li> <li>– Ғылым</li> <li>– Тарих</li> <li>– География</li> <li>– Заманауи шетел тілдері</li> <li>– Дизайн және технология</li> <li>– Өнер және кескіндеме, дизайн</li> <li>– Музыка</li> <li>– Дене шынықтыру</li> <li>– Әлеуметтік ғылымдар</li> <li>– Есептеуіш технология</li> </ul>
ЖОО дайындық 16-18 жас	ЖОО-на түсуді жоспарлап жүргендер үшін	Міндетті пәндер жоқ. Бала 3-4 пән тандап, мамандыққа дайындалады. Бағдарлама A-level емтиханын тапсырумен аяқталады.
Кәсіби колледжде оқу 16-18 жас	ЖОО оқымай, ертерек жұмысқа тұрғысы келетіндер үшін	Орта арнайы білім туралы сертификатпен (GNVQ) немесе орта техникалық білім туралы дипломымен (BTEC) аяқталады

АҚШ-тағы білім беру жүйесі балаларды өзін-өзі тәрбиелеуін, аналитикалық қабілеттерін, тәуелсіз ойлау мен ерік-жігерін тәрбиелеуді мақсат етеді. Мектептер баланың жасына байланысты бастауыш, орта және жоғары мектеп болып бөлінеді. Мемлекеттік мектептер АҚШ резиденті мәртебесі бар балаларға ақысыз. Американдық балалардың 90% - дан астамы мемлекеттік мектептерде оқиды. Жекеменшік мектептер көп жағдайда белгілі бір сала бойынша мамандандырылған. Мысалы: техникалық, жаратылыстану немесе өнерді үйретуге бағытталған. Жекеменшік мектеп балаларды 10 жастан қабылдайды. АҚШ мектептеріндегі білім беру сатылары 5 – кестеде баяндалған.

#### Кесте 5 – АҚШ мектептеріндегі білім беру сатылары

Кезең	Ерекшеліктері	Мазмұны
1	2	3
Дайындық кезең (Kindergarden) 5-6 жас	Баланы мектепке дайындау	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Жазу</li> <li>– Оқу</li> <li>– Есеп</li> <li>– Топпен қарым-қатынас</li> </ul>

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>Бастауыш мектеп 6-11 жас</p>	<p>Музыка, сурет салу, дене шынықтырудан басқа сыныптағы барлық пәндерді бір мұғалім өтеді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Ағылшын</li> <li>– Оқу</li> <li>– Арифметика</li> <li>– Алгебра</li> <li>– Өлкетану</li> </ul>
	<p>Басты көңіл балалардың мінез-құлқы мен әлеуметтік дағдыларына бөлінеді. Үшінші сыныптан бастап балалар мәтін жазып тапсырады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Музыка</li> <li>– Сурет салу</li> <li>– Дене шынықтыру</li> </ul>
<p>Орта мектеп 11-14 жас</p>	<p>Негізгі көңіл міндетті пәндерге бөлінеді. Күрделілігі жоғарылаған сабақтар бар. Өзіндік жұмыстың көлемі артады. Тест нәтижесі бойынша мұғалімдер баланың мықты жақтары мен икемділігін анықтайды, соған сәйкес оқыту мазмұнын түзетеді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Ағылшын</li> <li>– Математика</li> <li>– Жаратылыстану ғылымдары</li> <li>– Әлеуметтік ғылымдар</li> <li>– Тарих</li> <li>– Дене шынықтыру</li> <li>– Шетел тілдері</li> <li>– Өнер</li> <li>– Есептеуіш технология</li> </ul>
<p>Жоғары мектеп 14-18 жас</p>	<p>Міндетті пәндердің шағын тізімі. Әр пән үшін оқу мерзімі жылдармен белгіленеді. Көптеген пәндер таңдау бойынша оқытылады. Егер оқушы болашақта қандай университетте білім алатындығы туралы шешім қабылдаса, ол қабылдау кезінде қандай емтихандардың нәтижелері қажет болатындығын біледі. Оқу барысында оқушылар университеттерге (SAT) немесе колледждерге (ACT) түсу үшін математика, тіл, логика және сыни ойлау саласындағы тесттерді тапсырады. Емтихан тапсырғаннан кейін оқушылар Жоғары мектепті бітіргендігі туралы диплом (High School Graduation Diploma) алады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Міндетті пәндер:</li> <li>– Алгебра</li> <li>– Геометрия</li> <li>– Талдауға кіріспе</li> <li>– Математикалық талдау</li> <li>– Әдебиет</li> <li>– Тарих</li> <li>– АҚШ мемлекеттік құрылымы</li> <li>– Дене шынықтыру</li> <li>– Таңдау пәндері:</li> <li>– Статистика</li> <li>– Информатика</li> <li>– Экология</li> <li>– Шетел тілдері</li> <li>– Кескіндеу, Мүсіндеу</li> <li>– Фотография, Кинематограф</li> <li>– Компьютерлік графика</li> <li>– Веб-дизайн</li> <li>– Журналистика</li> <li>– Баспа ісі</li> <li>– Ағаш өңдеу</li> <li>– Автомобиль құрылғысы</li> </ul>
<p>ЖОО дайындау бағдарламасы 9 сыныптан басталады</p>	<p>ЖОО түскісі келетіндер және пәндерді тереңдетіп оқуды қалайтындар үшін. Емтихандағы жоғары баға ЖОО-на түсуге жеңілдік береді.</p>	<p>Пәндер университетте таңдаған мамандыққа байланысты</p>

Австралиядағы білім беру сапасы. Австралияда білім беруді алты штаттың әрқайсысы және елдің материгіндегі екі аймақ және аралдардағы өзін-өзі басқару органдары реттейді және қаржыландырады. Бұл жүйелер кейбір айырмашылықтарға ие және жалпы австралиялық стандарттарға бағынады.

Австралияның білім беру стандарты британдық жүйенің құрылымы мен принциптеріне негізделген. Білім берудің мақсаты – оқушының шығармашылық, интеллектуалдық және тұлғалық мүмкіндіктерін түгелімен ашу.

Австралия мектептері бастауыш және орта мектеп болып бөлінеді. Жекеленген аудандағы балалар үйде оқытылады. Мемлекеттік мектептерде шамамен 65% оқушылар, жекеменшік мектептерде – 35% оқушылар оқиды.

1 сыныптан 10 сыныпқа дейін оқыту міндетті. Оныншы сыныптан кейін VTE (Vocational and Technical Education) кәсіптік мектебінде оқуды жалғастыруға болады. Жоғары оқу орындарына түсуді жоспарлап отырған оқушылар High School тереңдетілген бағдарламасы бойынша он бірінші сыныптан он екінші сыныпқа дейін оқуын жалғастырады.

Жоғары мектепті (Senior Secondary Certificate of Education) бітіргені туралы сертификатты оқушылар он екінші сыныптағы емтихандардан кейін алады.

Еуроодақ және Швейцариядағы білім беру сапасы. Еуроодақ елдеріндегі мектептегі және жоғары білім беру Болондық білім беру жүйесінің жалпы стандарттарына негізделген. Дегенмен әр елде кішігірім өзгешеліктері бар.

Швейцария мен Еуроодақ елдеріндегі білім әлемде жоғары бағаға ие: бұл елдердегі оқыту бағдарламасы білім сапасы бойынша үздіктер жинағына енген. Ерте жастан бастап балалар тәуелсіз ойлауға, шығармашылық пен лидерлік қасиеттерін дамытуды үйренеді.

Еуропалық елдердің көпшілігінде өздерінің ресми тілдерінде оқытады, бірақ көптеген балабақшалар, мектептер және университеттер ағылшын тілінде бағдарлама ұсынады.

Мектептер бастауыш және орта болып бөлінеді. 16 жасқа дейінгі орта білім міндетті болып табылады. 10-шы сыныптан кейін оқушылар университетке түсуге дайындалу үшін оқуды жалғастыруды немесе ертерек жұмыс жасау үшін кәсіби білім аруды таңдайды.

Сонымен қатар, орта білім беру сапасын бағалауға PISA (Programme for International Student Assessment) моделі бойынша тестілеу мүмкіндік береді. Бұл 15 жастағы мектеп оқушыларының білімі мен дағдылары бағаланатын білім беру сапасын халықаралық салыстырмалы зерттеу.

Ол экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізіледі. Қазақстандағы осы зерттеудің ұлттық үйлестірушісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы болып табылады.

Оқушыларды үш бағыт бойынша тестілейді: оқу сауаттылығы, математика және жаратылыстану ғылымдары. БҰҰ ресми түрде жариялаған PISA-ның соңғы зерттеуіне әлемнің 79 елінен 600 мыңға жуық 15 жастағы

оқушылар қатысты. Ол 2018 жылы өтті. Өткен 2019 жылдың соңында экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) PISA-2018 халықаралық зерттеуінің алғашқы нәтижелерін жариялады. Қазақстан осы бағдарламаға қатысқан барлық жылдар ішінде ең нашар нәтиже көрсетті. Бұл зерттеуге 79 елдің және экономикалық аймақтардың оқушылары қатысты. 15 жастағы қазақстандықтар 69 орынға ие болды. Төмендегі кестеде PISA-2018 халықаралық зерттеуіндегі үздік 10 елдің нәтижесі көрсетілген (6 - кесте).

Кесте 6 – PISA-2018 халықаралық зерттеуіндегі үздік 10 елдің нәтижесі

№	Мемлекет	Орташа балл	№	Мемлекет	Орташа балл	№	Мемлекет	Орташа балл
	Оқу сауаттылығы бойынша әлемдегі үздік 10 ел			Математика бойынша әлемдегі үздік 10 ел			Жаратылыстану ғылымы бойынша әлемдегі үздік 10 ел	
1	Қытай (4 пров.)	555	1	Қытай (4 пров.)	591	1	Қытай (4 пров.)	590
2	Сингапур	549	2	Сингапур	569	2	Сингапур	551
3	Макао (Қытай)	525	3	Макао (Қытай)	558	3	Макао (Қытай)	544
4	Гонконг (Қытай)	524	4	Гонконг (Қытай)	551	4	Эстония	530
5	Эстония	523	5	Тайвань	531	5	Жапония	529
6	Канада	520	6	Жапония	527	6	Финляндия	522
7	Финляндия	520	7	Корея Республикасы	526	7	Корея Республикасы	519
8	Ирландия	518	8	Эстония	523	8	Канада	518
9	Корея Республикасы	514	9	Нидерланды	519	9	Гонконг (Қытай)	517
10	Польша	512	10	Польша	516	10	Тайвань	516

Кестеден зерттеудің барлық үш түрі бойынша әлем елдерінің арасында Қытай (Пекин және Шанхай қалалары, сондай-ақ Цзянсу және Чжэцзян провинциялары жатады), Сингапур, Қытайлық Макао көшбасшы болып тұрғанын байқаймыз.

Білім беру саласындағы сарапшылар үшін Сингапур бірден қызығушылық тудырады, себебі бұл елдегі білім беру жүйесі әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналады. Біріншіден, PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) деректері бойынша Сингапур халқының функционалдық сауаттылығы әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Екіншіден, сингапурлық оқушылар 1995 жылдан бері математика мен жаратылыстану бойынша білімнің салыстырмалы халықаралық тестілеуінде (TIMSS) әлемдегі ең үздік көрсеткішке ие болды. Сонымен қатар, 2007 жылы IMD (Халықаралық менеджментті дамыту институты) зерттеуіне сәйкес, Сингапурдың білім беру жүйесі әлемдік экономиканың талаптарына барынша сәйкес келетіні хабарланды.

Сингапур 1997 жылы Thinking Schools, Learning Nation жобаларын іске қосты. Білім беру жүйесінде сапалы білімге қол жеткізу үшін ең бастысы мықты мұғалім мен басшы болу қажет деген ұстанымды ұстанады. 2015 жылдан бастап Сингапурда мектепке мұғалім болып орналасу үшін университеттің ең үздік түлегі болу керек деген заң қалыптасты. Білім беру шарты бойынша мұғалімдердің жалақысы бәсекеге сай жоғары деңгейде, сонымен қатар, ынталандырушы сыйақылармен марапатталып, жыл сайын 100 сағаттық біліктілікті көтеру курстарының ақысы төленіп отырады. Бұл жағдайдың барлығы мектепке тек үздік түлектердің мұғалім болып келуін ынталандырады. Ал мектеп директоры болу үшін жоғары санатты мұғалім болу шарт. Жалпы тестілеуден өтіп, жарты жыл көлемінде басшылық қызметке бағытталған тренингтерден өту қажет. Сонымен қатар, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу міндетті.

2007 жылы Сингапурдың білім министрлігі технологиялық компаниялар ассоциациясымен және бірнеше ірі IT компаниялармен бірігіп «Болашақтың мектептері» жобасын бастаған. Алғашқыда жобаға 6 мектеп таңдалғанмен, кейін мектеп саны артып, 2015 жылы 15 мектепке жеткен. Бұл жобаның негізгі мақсаты – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, білім беру жүйесіне жаңалық енгізу. Әрбір оқушының ойын тыңдап, идеясын жүзеге асырумен айналысады.

Әр елдің білім беру жүйесі ерекше, мақсаттары әр түрлі және өзіне тән тарихи даму сатыларынан өтіп дамыған. Тарихи тұрғыда Сингапур аз уақыттың ішінде білім беру жүйесін жоғары деңгейге дейін жеткізген ел ретінде танымал. Бұл елдің мектеп оқушылары халықаралық тестілеуде тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсетеді. Білім инфрақұрылымы шағын және экономика құрылымымен өте жақсы интеграцияланған білім беру институттарының қызмет көрсету сапасы жедел дамып, дамыған елдердің қатарына қосылды. Білім әлемдік экономикаға бағытталып, табысқа жету мақсатында әлеуметтік және шаруашылық қажеттілікке бейімделе негізделген. Білім саласындағы эксперттер осы елдің оқу жүйесін әлемде жоғары деп бағалады. Тәуелсіздік алған соң Сингапур елдің мүмкіндіктерін саралай келе, табиғи ресурстардың болмауына байланысты жоғары кәсіби нарық құру, шетелдік инвесторларды тарту және экспорттауға бағытталған экономикаға көшу үшін үкімет интеллектуалды модернизация жолын таңдаған. Білім жүйесіндегі ең бірінші міндет – елді сауатты және техникалық білімді мамандармен қамтамасыз ету. Осы тұста бірнеше ұлттың білім құрылымдарына біркелкі стандартты енгізу арқылы оптимизациялау мәселесі туындады. Сол үшін барлық пәндерді бір тілде жүргізу мақсатында ағылшын тілінде білім беру таңдалды. Бұл шешім жалпы халықты халықаралық өндіріс, сауда және білім саясатын жүргізуге бағытталса, ал қытай тілі Азиялық бизнесті дамытуға тиімді болды. Бүгінгі таңда Сингапурда он жылдық білім жүйесі қалыптасқан. Түрлі бағдарламалар аясында оқу мерзімі ұзартылуы мүмкін. Оқушылар алты жастан бастап түрлі оқу бағдарламалары аясында білім алады. Бұл жүйе әр оқушының жеке дара бейімдеріне сәйкес білім алуға жағдай туғызады. Мектептерде оқушылардың

спортпен айналысуына, шығармашылықпен айналысуына көптеп көңіл бөлінеді. Барлық білім беру жүйесі әлемдік бәсекелестікке дайын, топпен жұмыс жасай алатын, көшбасшылық қасиеттері жоғары азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған. Бір сыныпта 40 оқушыға бірдей білім бере отырып, оларды топтарға бөлу арқылы топтық жұмыстарды ұйымдастырады. Сингапурда білім алудың артықшылықтары: британдық білім беру жүйесі, ағылшын тілінде жаппай оқыту, тұрақты экономикалық жағдай, көпұлтты мәдениет және өмір сүрудің жоғары сапасы.

Сонымен, еліміздің білім беру жүйесін Сингапурдың білім беру жүйесімен салыстырар болсақ, екі елдің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Сингапурда әр оқушыға өз бейім-қажеттігіне қарай таңдау мүмкіндігі беріледі және әлемдік экономикалық саясатқа сай ағылшын тілінде сабақ өткізіледі. Білімнің даму сатысында адамның өмір бойы білім алуына, жаңа технологияларды меңгеріп, өзіне жауапкершілік алуға ынталандыратын орта құрылған, білім беру жүйесіндегі негізгі идея қабілетті, дарынды оқушыларды қолдау, көшбасшыларды тәрбиелеу. Сабақ барысынан топтық жұмысты, оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, командалық жұмысқа икемдеу, тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған шараларды байқауға болады. Біздің елімізде үш тілді білім беру саясаты орнағаны белгілі. Кейбір мектептерде шет тілін жеке пән ретінде оқытудан бөлек, жаратылыстану пәндерін де осы ағылшын тілінде жүргізу белең алуға.

Жапониядағы білім беру сапасы. Жапонияда оқу жылы сәуір айында басталады. Сабақтар мектепке байланысты дүйсенбіден жұмаға дейін немесе сенбіге дейін жалғасады. Оқу жылы үш триместрден тұрады, олардың әрқайсысы көктем мен қыста шағын демалыстармен, жазда бір айға созылатын демалыспен бөлінеді. Бастауыш және орта мектеп міндетті болып табылады. Жоғары мектепті міндетті емес болса да, жапон мектеп оқушыларының шамамен 79% - ы бітіреді.

Бастауыш білімді бастауыш мектеп және мүгедек балаларға арналған арнайы мектептерде оқытады. Бастауыш білім беру мекемелеріне балалар 6 жастан қабылданады. Бастауыш білім беру міндетті болып табылады. Бастауыш мектепте оқу 6 жылға созылады. Онда жалпы білім беретін пәндер оқытылады: жапон тілі (оның ішінде каллиграфия), арифметика, музыка, өнер, дене шынықтыру (1-6 жыл оқу), тіршілік негіздері (1-2 жыл оқу), гуманитарлық ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары (3-6 жыл оқу), еңбек (5-6 жыл оқу). Орта мектепте оқу 3 жылға созылады. Міндетті пәндерге: мемлекеттік тіл, гуманитарлық ғылымдар (география, тарих, әлеуметтік зерттеулер), математика (алгебра, геометрия), жаратылыстану ғылымдары (физика, химия, биология, геология), музыка (музыкалық аспаптарды игеру және бірлесіп өнер көрсету), бейнелеу өнері, дене шынықтыру, еңбек, ағылшын тілі кіреді. Кейбір жекеменшік мектептерде дінтану, этика және т.б. қосымша пәндер оқытылады. Жалпы мемлекеттік оқулықтар жоқ. Кең көлемде қол жетімді, сәйкес келетін оқулықтарды муниципалды аудандардың білім беру комитеттері немесе мектеп басшылығы таңдайды. Мектептерде белгіленген форма жоқ, оқушылар үй



киімімен келеді. Оқушылардың мектепті тазарту жұмыстарымен айналысуы міндетті болып табылады.

Жоғары сыныпты оқуға арналған жоғарғы орта мектептер, техникумдер және мүгедектер үшін арнайы мектептер бар. Жоғары орта білім беру мекемелеріне балалар 15 жастан бастап түседі. Оқыту түрі күндізгі. Жоғары Мектеп міндетті емес екеніне қарамастан, оған оқушылардың 96% - дан астамы барады (2005 жылғы мәліметтер бойынша) [141]. Жеке меншік орта мектептердің саны шамамен 55% құрайды, алайда мемлекеттік те, жеке орта мектептер де ақылы. Орта мектепте оқу 3 жылға созылады. Гуманитарлық және жаратылыстану пәндері бойынша мамандандыру бар. Оқудың басты мақсаты – университетке түсу. Жоғары орта мектепте оқытылатын пәндер: мемлекеттік тіл (қазіргі заманғы, ежелгі), гуманитарлық ғылымдар (география, Жапония тарихы, дүниежүзі тарихы), қоғам (әлеуметтану, этика, саясаттану, экономика), математика (алгебра, геометрия), жаратылыстану ғылымдары (физика, химия, биология, геология), өнер (музыка, Бейнелеу өнері, жоба, қолөнер), дене шынықтыру, еңбек, ағылшын тілі, информатика. Таңдау үшін мамандандырылған пәндер – агрономия, өнеркәсіп, сауда, балық аулау, медициналық дайындық, шет тілдері және т. б. Жеке мектептерде басқа пәндер қосымша оқытылады. Сондай-ақ, өлке тарихын, пацифизмді, мектеп іс-шараларын зерттеуге арналған сынып сағаты өткізіледі. Жалпы мемлекеттік оқулықтар жоқ. Тиісті оқулықтарды муниципалды білім беру комитеттері немесе мектеп басшылығы таңдайды. Мектеп формасын кию және мектепті тазалау міндетті болып табылады. Сабақтан кейін студенттер сыныптан тыс жұмыстарға (клубтарға) қатысады, кэндо, дзюдо, кюдо, каллиграфия, атлетика, Саяси экономика және т.б. [142].

Жапон елінің білім беру жүйесінің ерекшеліктерін талдайтын болсақ, бұл елде балалар жастайынан өз мәселелерін өздері шешуге, қиындыққа төтеп беруге үйренеді. Оларға қойылатын негізгі талап оқуға қатысты, яғни олар емтихан сынақтарын тапсыру арқылы қоғамдағы өз орындарын анықтайды. Олардың болашағы мектеп үлгеріміне тығыз байланысты деп айтуға болады. Егер жастайынан жақсы оқып, сынақтарды жақсы тапсырса, мемлекеттік жоғарғы оқу орындаында кәсіби білім алып, мемлекеттік қызмет атқара алады. Ал үлгерімі төмен болып, сынақтан өтпесе, ақылы жекеменшік оқу орындарында білім алады. Одан соң оның жұмысқа орналасуы да қиынға соғады. Осы себепті олардың қоғамдағы бөлінулері жастайынан басталады. Сынақтан өтуге деген талпынысы бәсекелестікке дағдыландырады. Білім берудегі тәрбие мен оқудың негізгі саясаты – ерекше ойлайтын, шығармашыл, жан дүниесі бай тұлға қалыптастыру. Білім беру жүйесінің мақсаты – жас ұрпаққа дәстүрлер мен мәдени құндылықтарын дәріптеу. Мектеп табалдырығын аттамас бұрын, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Ұжымдық іс-әрекетке баулиды. Қоғамда отбасы тәрбиесінің рөлі басым. Өмірдің мәні балалардың тәрбиелі болуы деп есептейді. Оқу жүйесінде топтық жұмыс көп қолданылады. Топтың тиімді әрекетіне қарай 7-8 адамнан біріктіріп, топтық тапсырмалар орындатады.

Қарым-қатынас барысында қалай байланыс орнату керектігі, өзгенің пікірін тыңдауды, өз пікірін дұрыс білдіруді үйретеді. Бағалау барысында оқушылардың тәртібі де есепке алынады. Жапон мектептерінде дене тәрбиесіне баса назар аударылады: әрбір оқушы үстел тенісін, әскери қимыл әрекеттерін, жеңіл атлетика негіздерін игереді. Орта білім берудің жалпы ұзақтығы 12 жыл. Ана тілінің қиындығына байланысты 6 жыл бастауыш білімге арналған. Осы мерзімде ағарту министрлігімен 1850 иероглиф меңгерілуі тиістігі бекітілген. Кітап оқу деңгейіне жету үшін 3 мыңнан артық білу керек. Сонымен қатар, мектеп оқушылары мектептен кейін міндетті емес «шеберлік» мектебінде дайындыққа қатыса алады. Жалпы орта білім берудің барлық бағдарламалары арқылы өзін-өзі басқару, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға, эстетикалық тәрбиеге, әдемілікті сезінуге, қоғамның дамуына өз үлесін қосуға, жан-жануарға, табиғатқа мейіріммен қарауға баулиды. Тұлғалық қасиеттердің дамуына көптеп көңіл бөледі. Білім, білік, дағдысына содан соң назар аударылады. Жоғары сыныпта жоғарғы оқу орындарына түсуге дайындық жүреді. Қоғамда адамның еңбекқорлық пен іскерлік қабілеттері жоғары бағаланады. Бала тәрбиесінде ұлдарға қатал талаптар қойылады да, қыз баласына болашақ ана ретінде қарайды. Қыз баланың негізгі қызметі ана болу деп есептейді. Дегенмен, гендерлік теңдік сақталған. Оқушылардың білім деңгейі көп жағдайда халықаралық математикалық сайыстардағы жүлделі орындармен бағаланып отырады.

Жапония мен Қазақстанның білім беру жүйесін салыстырар болсақ, жапондықтардың білім берудегі жетістіктерінің негізі оқушыларға қойылатын қатал талапта деп айтуға болады. Балалар жастайынан еңбексүйгіш, үлкенге құрметпен қарайтын, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарайтын, әрбір ісін эстетикалық талғаммен жасауға үйрететін тәрбие үрдісінен өтеді. Әр баланың міндетті түрде салауатты өмір салтын ұстануы мен белгілі бір спорт түрін игеруі мектеп жасынан қалыптасады. Білім беру жүйесінде тәрбиелік идеологияның орны басым деуге болады. Біздің елде де тәрбиеге баса назар аударарды. Оқушыларға жастайынан рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беріледі. Досқа адал болуға, Отанын әрдайым қорғауға, үлкендерді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге баулиды. Көп ұлтты ел болған соң, толеранттылық қасиеттерді дарытуға көп көңіл бөлінеді. Жалпы тәрбиеге қатысты көзқарастарымыз сәйкес келгенмен, біздің елде талап қою деігейі салыстырмалы түрде төмен деуге келеді.

Халықаралық зерттеулерде алдыңғы орынды иеленіп жүрген елдердің бірі Финляндия. Бұл ел 2000 жылғы PISA зерттеулері қорытындысы бойынша бірінші орынды иеленген. Білім беру жүйесінің реформасы мен білім берудегі бағалау жүйесіне тоқталар болсақ, сапалы реформа – білімнің табысты болуына, оқушының қоғамға сай бейімделуіне ықпал етеді. Елдің экономикалық дамуы, мектеп жүйесінің заман талаптарына сай келуі, білім беру жүйесінің дамуы реформаның негізгі аспектілерімен сипатталады. Реформаның негізгі аспектілері – оқу бағдарламасын қайта құру, реформаның дидактикасы, мектепті және білім сапасын басқару. Білім беру жүйесі

балабақшадан басталады. Бүкіл қоғам болып баланың дамуына зиян келтірмей, балабақшадан мектепке көшіру жағдайын ойластырады. Негізгі мектепті аяқтағанда емтихан тапсырмайды, мектепте дифференциалды сыныптар жоқ, барлық сынып біркелкі жүйеде оқытады. Мектегі оқушылардың әлеуметтік шығындарын мемлекет төлейді. Финляндияда оқушыға сенім, мұғалімге сенім және мектепке сенім деген ұстаныммен жұмыс жасайды.

PISA зерттеуінің негізгі мақсаты оқушылардың мектеп бағдарламасын игеруін бағалау емес, олардың мектепте алған білімі мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті. PISA – 2009-ға 65 елден 15 жастағы жасөспірімдер қатысты. Бұл жолы зерттеу саласы оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы болды. Ювяскюль университетінің Педагогикалық зерттеулер кафедрасы бұл тестті Финляндияның 203 мектебінде өткізді. Кездейсоқ іріктеу бойынша мамандардың назарына 6451 оқушы түсті, олардың 91% тестілеуден өтті. Мәселен, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша Финляндия ЭЫДҰ-ға (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына) кірмейтін Шанхайға ғана, оқу сауаттылығы бойынша Кореяға жол берді. Математикалық дағдылар бойынша Суоми ЭЫДҰ-ға мүше елдер арасында 2-ші және барлық қатысушылар бойынша 6-шы орынға ие болды.

Оқытудың жоғары сапасы көптеген факторлардан тұрады. Әр бала тегін білім алады. Елдегі барлық оқу орындары жақсы жабдықталған және қамтылған. Мұғалім мамандығы беделді ғана емес, сонымен қатар жақсы төленеді. Ең бастысы – мектептегі білім беру жүйесі үлкен практикалық бағытқа ие, бұл халықаралық нормаларға сәйкес келеді. Мұнда барынша көп көлемде білім беруге емес, алған білім мен білікті өмірде пайдалана алуға көп көңіл бөледі. Сонымен қатар, баланың бала екенін ұмытпайды. Сол себепті оқудан бөлек олар әлі де ойнап, жүгіруі, велосипед тебуі, коньки мен шана тебуі керек және түні бойы сабақ үстінде жүрмеуі керек деп түсінеді. Фин жетістігінің бұл формуласы басқа елдер үшін керемет үлгі болып табылады.

Финляндияда әр баланың алдын-ала бастауыш білім алуға құқығы бар, ол міндетті білім басталғанға дейін бір жыл бұрын басталады, яғни бала 6 жасқа толған оқу жылында. Алдын-ала бастауыш білімді мектепте немесе балабақшада, отбасылық балабақшада немесе басқа қолайлы жерде алуға болады. Бұл шешімді муниципалитет қабылдайды [143]. Міндетті білім беру бала жеті жасқа толған жылы басталып, 16-17-ге дейін жалғасады. Мемлекет тегін негізгі білім беруге кепілдік береді. Оған тегін: оқу, оқулықтар, дәптерлер, негізгі кеңсе тауарлары, мектептегі тамақтану кіреді. Оқу жылы тамыз айында басталады [144]. 3-сыныпта ағылшын тілін үйрену басталады, 4-сыныпта бала қосымша шет тілін (француз, неміс немесе орыс) таңдайды. 7-сыныпта міндетті Швед тілін үйрену басталады. Фин мектептері кең автономияны пайдаланады, оқыту тәсілдерін дербес таңдайды, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды [144]. Мұғалімдердің мектеп саясаты мен басқаруға қатысты шешім қабылдауға құқығы бар.

Финляндияда оқу екі кезеңнен тұрады: Кіші, ол 6 жылға созылады және орта, ол 3 жылға созылады. Оқушының өтініші бойынша білім мен дағдыларды арттыру үшін оқушы мектептегі оқуды тағы 1 жылға ұзарта алады. Оқушы мектепті бітірген кезде, ол елдің орта және жоғары оқу орындарындағы оқуын ұзарта алады немесе бірден жұмыс істей алады.

Финляндияда әрбір мұғалім өзінің қоғаммен қалай бағаланатынын біледі. Халықаралық зерттеулер нәтижесі бойынша біріншіден, қосымша оқытулардан бас тартып, бірыңғай мектепке көшулері білім сапасын жоғарылатқан. Екіншіден, елде жүргізілген білім саясаты білім жүйесін басқа елдермен салыстырғанда бірінші орынға шығарды. PISA қорытындыларына сүйенсек, математикалық сауаттылық, жаратылыстану бағыты бойынша білім сапасы жоғары. Реформаның негізгі принциптерінің бірі дамытуға бағытталған білім берудің мазмұны мен құрылымының тең құқықтылығы, қоғамда және тәрбиеде тең құқықтылықты дамыту. Барлық тұрғындардың жалпы білім деңгейін көтеру, бір жылда туған балаларға ұзақ, жеткілікті мерзімді (9 жыл) жалпы арнайы білімнің берілуін біркелкі ұйымдастыру.

Үздіксіз білім беру жүйесінің қамтамасыз етілуі білім жүйесінің біртұтас барлық тармақтарында келесі жоғары сатыға «үздіксіз білім» принципі бойынша жылжу мүмкіндігіне негізделген. Оқушылардың оқудағы қиындықтарды барлық деңгейде жеңе білуі оқудағы проблемаларға ерекше көңіл аудартады. Оқу материалдарында басты назар нақты мақсаттар мен оқу тапсырмаларына бөлінеді. Мақсатқа жетуі қалыптастырушы және жиынтық бағалау арқылы қадағаланады. Қалыптастырушы бағалау материалды оқу кезінде қай бөлімінде қиындық туындады, қандай оқушының оқуды проблемалары бар екенін ажырата алуға көмектеседі. Оқудағы қиындықтың алдын алу дереу оқытуды түзету арқылы іске асырылады. Өзіне, өз күшіне сену, қабілеттерін және оқуға деген оңтайлы көзқарас табысқа деген ұмтылыспен іске асады. Мұғалім мақсатына сай сабағын жоспарлап, әр мақсаттың маңызын түсініп, оқушының оқуы үшін іс-әрекетін алға жылжуын бақылай алады. Оқу үрдісіне әр баланың ерекшелігін ескере отырып түзетіп, ынталандыра отырып кері байланыс жасай алады. Елде белгілі бір сыныпты бітіргенде баланың білім деңгейін тексерудің бірыңғай жүйесі қарастырылмаған. Арнайы таңдау экономикалық, аймақтық, әлеуметтік және жыныстық критерийлер бойынша жүргізіледі. Осыған қарамастан екі немесе үш есе көп мектептер сапаны ерікті бағалауға қатысады. Жыл сайын математика, ана тілі және әдібиетті бағалау ауысып келіп отырады. Бес жыл сайын әр пән бойынша сапа тексеріліп отырады. Мектептерге рейтинг жасалмайды, әр мектептің сапасы жарияланбайды, өздеріне ғана жарияланады. Тек мектептердің орташа сапасы ғана жарияланады. Мектептерге сапаны тексеру туралы нақты нұсқау беріледі, осыған орай әр мұғалім кері байланыс береді. Оқу қорытындысының мақсаты тең құқылы білім принципіне негізделген, оқу жетістігі біркелкі тең, мектептің негізгі сатысының қорытынды кезеңінде барлығы бірдей жоғарғы деңгейге жету керек деген талап қойылады.

Финляндияның білім жүйесінің біздің елмен ұқсастығы білім алудың балабақшадан басталатындығы, оқушыға, мұғалімге және мектепке сенім принципімен жұмыс істейтіндігі, білім алу оқушының табысқа жетуіне бағытталған, бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдаланады. Бұл елде мектептердің дәрежесі бірдей, барлық балаға нәтижеге бағытталған білім мен тәрбие бірдей берілу керек.

Қорыта келгенде, білім беру сапасын арттыру мәселесі әлемдік тәжірибені зерделеуге байланысты өзгерістер мен даму кезеңдерінен өтіп отырады. Қазақстандық білім беру жүйесінде сапаны арттырудың тиімді жолдары анықталып, ғылыми тұжырымдамалары жасалса, халықаралық рейтингтегі орнымыздың ауысуы тұтастай елдің дамуы үшін үлкен маңызға ие болады. Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы халықтың материалдық әл ахуалының деңгейі білім беру сапасын әлемдік тәжірибемен ұштастыра отырып қарастыру тиімділігін көрсетеді.

Халыққа білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [109] бойынша мына мемлекеттік принциптер басшылыққа алынады:

- 1) Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі;
- 2) Әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі тұрғындарының білімге қол жеткізуі;
- 3) білім берудің зайырлы сипаты;
- 4) жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- 5) білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі;
- 6) білім беру ұйымдарының меншік нысандары бойынша, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы;
- 7) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты және білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтары мен өкілеттілігін кеңейту;
- 8) білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты;
- 9) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы;
- 10) оқушыларды кәсіптік бағдарлау;
- 11) білім беру жүйесін ақпараттандыру;

Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Білім беру ісін басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болады. Республикада Білім және ғылым министрлігі оның төменгі атқарушы органдары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы негізінде білім беру жүйесінің құрылымы екіге бөлінеді: жалпы білім беру және кәсіптік білім беру.

Кәсіптік білім берудің әрбір сатысындағы білім беру мазмұны тиісті кәсіптік бағдарламамен белгіленеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту. Мектепке дейінгі тәрбие отбасында және мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады. 5 (6) жастағы балаларды мектепке барар алдында даярлау міндетті және ол отбасында, мектепке дейінгі ұйымда немесе мектепте жалпы білім беру бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін жасалады.

Орта білім беру. Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта жалпы білім беру Тұжырымдамасы - жалпы орта білім беру жүйесінің мақсаты, міндеттері, ұйымдастыру ұстанымдары мен бағыттары бейнелетін негізгі құжат болып табылады. Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына; Қазақстан Республикасын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына; Қазақстан Республикасында білім беруді 2010 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына; Болоньдегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстарына сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2010 жылға дейінгі бағдарламасы негізінде жалпы орта білім үш сатылы: бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі (5-10 сыныптар) және жоғары (11-12 сыныптар) жалпы орта білім беретін оқу орнында кезең-кезеңмен алынады.

12 жылдық жалпы орта білім беру үш сатыдан тұрады: жалпы бастауыш білім беру (1–4-сыныптар — бастауыш мектеп). Оқуды бастау жасы — 6 жас. Оқу мерзімі — 4 жыл. Негізгі міндеті — баланың жеке басының қарқынды қалыптасуын қамтамасыз етіп, оның өз бетінше білім алуы және оларды танымдық есептерді шығаруда пайдалану қабілеттері, коммуникативтік іскерліктері дамытылады, оқуға құштарлық, оқу іскерліктері мен дағдылары қалыптастырылады.

2-саты — негізгі орта білім беру (5–10-сыныптар — негізгі мектеп). Оқу мерзімі — 6 жыл. Негізгі міндеті — адамдар арасындағы және этносаралық қатынастар мәдениетін, тұлғаның біртұтас көзқарасын, өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, теориялық ойлау тәсілдері мен ғылыми таным әдістерін игеруіне ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру. Бейіналды оқыту енгізіледі.

3-саты — жалпы орта білім беру (11–12-сыныптар — жоғарғы мектеп). Оқыту ұзақтығы — 2 жыл. Негізгі міндет — бейінді оқыту. Бейінді оқыту — жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылатын, оқытудың саралануы мен даралануына, оқушылардың білімін жалғастыруға қатысты жеке және өмірлік өзін-өзі танытуына ықпал ететін талабымен, қызығушылық ниетімен сәйкес әлеуметтендіруге бағдарланған бейіндік оқытуды іске асыруға жағдай жасау [109].

Алайда елімізде 12 жылдық білім беру бағдарламасына сатылай көшу әлі де жалғасуда. Сол себепті кейбір мектептерде 11 жылдық білім беру жүйесі сақталған.

ҚР білім беру сапасын анықтайтын PISA халықаралық зерттеуіне ең алғаш 2009 жылы қатысты.

PISA (Programme for International Student Assessment) – білім алушылардың білімдену жетістіктерін халықаралық зерттеу бағдарламасы. Бағдарламаның басталуын 2000 жыл деп санауға болады. Зерттеу әрбір үш жыл сайын циклдық түрде жүргізіледі, әрбір циклде оқу (2000, 2009, 2018), математикалық (2003, 2012) және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (2006, 2015) бойынша басым бағыт айқындалады.


Қазақстан Республикасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын анықтау бойынша халықаралық зерттеуге төрт рет қатысты. 2009 жылдан бастап мемлекет нәтижесінде өсу байқалса, 2018 жылғы көрсеткіште нәтижелердің төмендеуі байқалды.

2009 жылы ел үшін алғашқы қатысу тәжірибесі үлкен сынақ болды. Сол кезде жалпы рейтингте 69 елдің ішінде Қазақстан 59-орынға ие болды. Зерттеуге 200 білім беру ұйымдарынан 5590 оқушы қатысты.

2012 жылы нәтижелер біршама жақсарды. Тестілеуге 200 мектеп пен 18 колледжден 5808 оқушы, қазақ тілінде оқытатын 3522 оқушы және орыс тілінде оқытатын 2286 оқушы қатысты. Жалпы нәтиже бойынша – рейтингте 65 қатысушы елдің ішінде 45-ші орынды иеленген.

2015 жылы таңбалаудағы тапсырмалар мен пропорционалды таңдау қағидатының бұзылуына байланысты елдің нәтижелері есептелмеді [145, 146].


Соңғы зерттеу өткен жылдардағы өз нәтижелерінен артта қалушылықты анықтады, олардың көрсеткіштері бағдарламаға қатысқан алдыңғы жылдағы нәтижеден төмен болды. PISA-2012 және PISA-2018 арасындағы айырмашылық: математика бойынша – 9 балл, жаратылыстану бойынша – 28 балл және оқу сауаттылығы бойынша – 6 балл. Суретте толығырақ (2 – сурет).



Сурет 2 – PISA халықаралық зерттеуіндегі Қазақстанның нәтижелері

Ұсынылған диаграммадан функционалдық сауаттылықтың барлық үш бағыты бойынша 2018 жылы құлдырау жүріп жатқанын көруге болады. Мәселен, математикадан 2018 жылдың нәтижелері тек 2009 жылдың көрсеткіштерінен жоғары болды. Математикадан айырмашылығы, жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша Қазақстандық оқушылар зерттеуге қатысқан барлық жылдардағыдан төмен жинады.

Қазақстандық балалар PISA-ға қатысқан барлық уақыт ішінде ЭЫДҰ-ның басқа елдеріндегі құрдастарынан бір жарым-екі жылға артта қалғанын көрсетті. Бұған 2018 жылы ЭЫДҰ-ның орташа балымен салыстыру дәлел. Мәселен, қазақстандық оқушылардың арасындағы ЭЫДҰ бойынша математика бойынша орташа көрсеткіштен айырмашылығы 66 балл (ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш 489 балл, Қазақстан бойынша – 423 балл), жаратылыстану бойынша 92 балл (397-ге қарсы 489 балл) және оқу сауаттылығы бойынша 100 балл (387-ге қарсы 487 балл) құрады (3 – сурет).



Сурет 3 – PISA – 2018: Қазақстан мен ЭЫДҰ орташа нәтижелері

PISA-2018 нәтижелері бойынша Қазақстанда 36% білім алушылар оқуды меңгерудің екінші деңгейіне жеткен, ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткішпен салыстырғандағы орташа көрсеткіш 77% - ға тең. Бұл деңгейде оқушылар орташа ұзындықтағы мәтіндегі негізгі идеяны анықтай алады, анық, кейде күрделі өлшемдерге негізделген ақпаратты таба алады, олар нақты белгіленген кезде мәтіндердің мақсаты мен формасы туралы ойлана алады.

Математика бойынша екінші деңгейді Қазақстанда оқитын оқушылардың 51%-ға жуығы жинады. ЭЫДҰ елдері бойынша білім алушылардың 76%-ы математиканы меңгерудің осындай деңгейіне жетті. Мұндай оқушылар тікелей нұсқауларсыз жағдайды қалай математикалық түрде ұсынуға болатындығын түсіндіре және тани алады. Мысалы, екі балама маршрут арасындағы жалпы қашықтықты салыстыру немесе бағаны басқа валютаға ауыстыру сияқты тапсырмалар.

Қазақстанда математика бойынша бесінші және одан жоғары деңгейді 2% оқушы жинады, ал ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш 11%-ға тең. Бұл



деңгейден Қытай, Сингапур және Корея сияқты Азия елдерінің білім алушылары барынша өтті. Осы деңгейлерден өткен мектеп оқушылары қиын жағдайларды математикалық түрде модельдей алады, сонымен қатар оларды шешу үшін проблемаларды шешудің тиісті стратегияларын таңдай, салыстыра және бағалай алады.

Жаратылыстану ғылымдары бойынша Қазақстандық оқушылардың 40%-ға жуығы 2 немесе одан жоғары деңгейге жетті. ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш 78% - ды құрады. Мұндай білім алушылар таныс ғылыми құбылыстардың дұрыс түсіндірілуін тани алады және осы білімді қарапайым жағдайларда берілген деректер негізінде тұжырымның дұрыс екендігін анықтау үшін пайдалана алады [147].

Қазақстандық оқушылардың басым бөлігі 2-ші және одан төмен деңгейге жеткен. Бұл 15 жастағы оқушылар оқыған мәтінді талдай және түсіне алмайтындығын білдіреді. ЭЫДҰ-ның градациясына сәйкес мұндай балаларды «функционалдық сауатсыз» деп жатқызады. Тестіленген оқушылардың көпшілігі математика және жаратылыстану пәндерінен минималды білім көлемін пайдаланбайды. Қазақстанда сауаттылықтың үш бағыты бойынша ең жоғары 5-6 деңгейге жеткен білім алушылардың өте аз болуы алаңдаушылық туғызады. Олардың ең көп саны тек математикадан байқалады (2%). Мұндай нәтиже болашақта оқыту сапасына, ғылыми жетістіктерге, сәйкесінше экономикадағы және елдегі инновациялық жаңалықтарға әсер етуі мүмкін.

Экономикалық факторлар. PISA зерттеуі қаржыландыру мен білім беру сапасының өзара байланысын көрсетеді. Соңғы 10 жылда Қазақстандық білім беруді қаржыландыру көлемі ЖІӨ-нің 3% - ынан төмен болған жоқ. Мәселен, Қазақстанда білім беруге жұмсалатын жалпы шығындар 2018 жылы ЖІӨ-нің 3,52% - ын құрады. Қазақстан ЖІӨ тең елдерден 40 баллға артта қалып отырғанын атап өту қажет, бұл бір жарым жылдық оқу жылына сәйкес келеді [148]. Егер сіз бір оқушының шығындарын ескеретін болсаңыз, онда айырмашылық өте үлкен. Сингапур, Жапония, Финляндия сияқты елдерде бір оқушыға ел бюджетінен 10-14 мың доллар бөлінеді. Сондықтан бұл елдер әрдайым PISA рейтингінде көш бастайды [149]. Соңғы уақытта теңге бағамының жиі ауытқуына байланысты Қазақстанда бұл көрсеткішті анықтау қиын. Алайда, егер 2019 жылды алатын болсақ, еліміздің ірі қалаларының мектептерінде жан басына қаржыландыруды енгізе бастаған уақыт болса, әр балаға орта есеппен 224 мың теңге бөлінді. 2019 жылғы қыркүйектегі бағам бойынша бұл сома 577 долларға тең болды.

Әлеуметтік-экономикалық мәртебенің рөлі. Әлеуметтік-экономикалық мәртебе білім алушылар мен білім беру жүйесінің сипаттамаларының бірнеше параметрлерін қамтиды. PISA бірнеше айнымалылармен анықталатын экономикалық, әлеуметтік және мәдени мәртебе индексіні зерттейді: ата-аналардың білімі мен қызметі, үйдегі белгілі бір мүлік, сонымен қатар үйде қол жетімді кітаптар мен басқа да білім беру ресурстарының саны.

PISA-2018 соңғы зерттеуінде Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсы білім алушылар оқу бойынша қолайсыз білім алушылардан 40

баллға асып түскендігі анықталды. Бұл ЭЫДҰ елдері бойынша екі топтың арасындағы орташа айырмашылықтан аз (89 балл). Дегенмен 9 жыл бұрын PISA-2009 нәтижелері бойынша Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық мәртебеге байланысты көрсеткіштердегі алшақтық ЭЫДҰ елдері бойынша орташа алғанда 83 балды және 87 балды құрады.

Қазақстанда қолайсыз отбасылардан шыққан білім алушылардың шамамен 16%-ы және ЭЫДҰ елдері бойынша орта есеппен 11%-ы оқуда ең жоғары нәтижелерді жинай алды, бұл әлеуметтік-экономикалық мәртебе маңызды фактор екенін көрсетеді, бірақ көп нәрсе балалардың өздерінің тілектері мен ұмтылыстарына байланысты [150].

Мектептегі жетістікке ата-аналардың білім деңгейі де әсер етеді. PISA-2015 нәтижелері бойынша әлеуметтік жағдайы жақсы оқушылардың ата-аналарының 67%-ы жоғары білімді дипломға ие. Ал әлеуметтік осал топтағы оқушылардың ата-аналарының тек 11%-ында жоғары білім бар. Ата-анасының жоғары білімі бар балалар мен ата-анасының жоғары білімі жоқ балалардың арасындағы айырмашылық 34 баллды құрайды, бұл бір оқу жылына сәйкес салыстырғандағы көрсеткіш.

Оқушылардың оқу нәтижелеріне үйде кітаптардың, жұмыс үстелінің немесе орынның, интернетке қосылған компьютердің болуы айтарлықтай әсер етеді. Үй кітапханасында 200-ден астам кітабы бар балалар үйде оннан аз кітабы бар құрдастарынан 56 балл жоғары жаратылыстану нәтижелерін көрсетеді. Үй тапсырмасын орындау үшін жұмыс үстелі жоқ оқушыларда бірдей алшақтық немесе 2 жылдық артта қалуды байқауға болады. Үйде интернетке қосылған компьютері жоқ білім алушылардың көрсеткіштеріндегі айырмашылық жаратылыстану бойынша 44 баллды немесе бір жарым жыл оқуды құрайды [151].

Білім берудің әлсіз цифрлық инфрақұрылымы. Пандемияның тез таралуы және бүкіл елдің қатаң карантин режиміне көшуі жағдайында Қазақстан мектептерінде 2019-2020 оқу жылындағы төртінші тоқсанды қашықтықтан өткізу туралы шешім қабылданды. Жүйенің алдын-ала сынақтары мен сынақ сабақтарында интернет те, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар да мұндай шиеленіске төтеп бере алмағаны анық болды. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 10 сәуірінде төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында Қазақстанда жүргізіліп жатқан цифрландыруды сынға алды [152].

Білім беру жүйесінің 2019 жылғы соңғы статистикалық жинағында Қазақстан мектептерінің 98,3%-ы интернетке қол жеткізе алады, мектептердің 90,3%-ы интернет желісіне 4 Мб/с жоғары жылдамдықпен қосылған [153] деп жазылған. Алайда, жоғарыда сипатталған 2018 жылғы PISA, ICILS халықаралық зерттеулері және барлығымызды басып озған дағдарыс Қазақстандағы телекоммуникациялық технологиялардың нақты мүмкіндіктерін көрсетті. Осыған байланысты Білім министрлігі онлайн-оқытудан бас тартуға мәжбүр болды [154]. 2018 жылдан бастап іске асырылып жатқан «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «орта білім беруді жаңғырту» жобасы

алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алмады. Карантиндік шектеулердің шынайылығы көрсеткендей, Қазақстанда тек интернет қана емес, мектептер мен мұғалімдер де компьютерлік техниканың жетіспеушілігін әшкереледі. Білім беру жүйесін ақпараттандыру стратегиясына сәйкес, мұғалімдер 2018 жылы дербес компьютерлермен қамтамасыз етілуі керек еді. Сондықтан, екіншіше орай, халықаралық рейтингтердегі төмен көрсеткіштердің басты себептерінің бірі компьютерлік тестілеудің «жана» форматы болуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, біз қысқаша ұсыныстар ұсынамыз:

– PISA-да болған барлық тапсырмаларды мектептердің оқу бағдарламаларына енгізу қажет. Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы үшін осындай міндеттер мен материалдар әзірлеу;

– Қазақстанда бір білім алушыға қаржыландыруды ұлғайту және ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткішке жеткізу;

– мемлекеттік деңгейде кітап оқу және оқырман сауаттылығын арттыруды идеология дәрежесіне көтеру, азаматтардың бастамаларын, ауылдық мектептер мен балаларға кітап тарату жөніндегі волонтерлік қозғалыстарды қолдау, ауылдық жерлерде кітапханалар, оқу орындарын ашу;

– мектептердегі компьютерлерді жаңарту барысында ескі компьютерлерді есептен шығармай, мұқтаж балаларға беру керек;

– жаппай интернеттендіру және білім беруді цифрландыру. Мұны шешу жолдарының бірі негізгі және қосымша білім беру ретінде барлық мектептердің кең жолақты Интернетке қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

### **1.3 Орта білім беру сапасын арттыру мәселесін зерттеудегі әдіснамалық тұғырлар**

Қазіргі уақытта педагогикалық зерттеулерге, білім жүйесі мекемелеріндегі тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа ерекше көңіл бөлінуде. Зерттеуші-педагогтің, педагогикалық ұжымның, эксперименттік алаңдардың ғылыми ізденісінің бағдарламалары мен әдістемелері жазылып даярлануда. Нақты мәселенің зерттелу жұмысының тәжірибесі жинақталуда. Ғалымдардың іргелі еңбектерінде (Л.В. Занков, Ю.К. Бабанский, М.Н. Скаткин, Я. Скалкова, В.И. Загвязинский, В.И. Журавлев, В.М. Полонский және т.б.) педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі кеңінен берілген.

Біз, орта білім беру сапасын арттыру мәселесін зерттеуге қажет әдіснамалық тұғырларын негіздеуде әдіснама ұғымының мағынасын теориялық сипаттауды жөн деп санаймыз. Ш.Т. Таубаева өзінің «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты оқулығында [155] педагогикалық әдіснаманы келесідей бөліп қарастырады:

1. Педагогиканың басқа ғылымдар арасындағы және педагогикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің орнын анықтау.

2. Педагогикалық шындық туралы оларды өзгерту және интерпретациялау әдістері, білім алудың ұстанымдары мен тәсілдері.

3. Педагогикалық теорияның құрылымын құру және дамытудың әдістері.

4. Ғылым мен практиканың өзара әрекеттесуінің тиімді шарттары, ғылым жетістіктерін педагогикалық практикаға ендірудің негізгі ұстанымдары мен тәсілдері [155, 596].

Ғалымның талдауларын негізге ала отырып, біз, орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздерінің зерттеу міндеттеріне сәйкесінше, теориялық құрылымдаулар, дамыту әдістерін таңдау, теория мен тәжірибенің байланыстылығын, өзара әрекеттесуінің әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларын таңдауға мүмкіндік аламыз.

М.А. Данилов әдіснаманың педагогикадағы сипатына былай деп анықтама береді: «Педагогикалық әдіснама дегеніміз дамушы қоғам жағдайында үздіксіз өзгермелі педагогикалық болмысты шынайы көрсететін, білім табу жолдары және тәсілдері, принциптері туралы, педагогикалық теория негізі және құрылымы туралы, бастапқы ережелері туралы білімдер жүйесі» [156]. Ол ғылыми білімдердің дамуында педагогикалық әдіснаманы зерттеген ғалымдардың алғашқыларының бірі болып табылады.

Б.А. Тұрғынбаева «Педагогикалық акмеология» оқу құралы еңбегінде [157] әдіснаманың мәні туралы ғылымда түрлі көзқарастар қалыптасқандығын төмендегідей топтап көрсетеді:

- теориялық қызметтің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдістері мен құралдары туралы;

- таным әдістерін қалыптастыру қағидалары мен рәсімдері және ақиқатты тану мен қайта құру әдістерін қолдану туралы;

- күрделі практикалық мәселелерді шешудің жалпы қағидаларының жиынтығы туралы;

- теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру мен құрудың қағидалары мен тәсілдер жүйесі туралы;

- ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ерекшелігі, құрылымы, қызметі мен әдістері туралы ілім [157, б. 37].

В.И. Загвязинский өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық әдіснама – бұл ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ережелері, құрылымдары, функциялары және әдістері туралы ілім» дей келе, біріншіден, «педагогика әдіснамасы бұл педагогикалық білім және оны табу үдерісі, яғни педагогикалық мәселе туралы ілім»; екіншіден, «әдіснамалық мәні бар бастапқы, шешуші, түп негізді, философиялық, жалпы ғылыми және педагогикалық қағидалар (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар)»; үшіншіден, «педагогикалық таным әдістері туралы ілім (сөздің нақты мағынасындағы әдіснама)» [158] деп жіктейді.

Жалпы алғанда, В.В. Краевскийдің әдіснамаға берген анықтамасымен қорытар болсақ: «әдіснама – педагогикалық теория құрылымы, амалдар ұстанымдары және педагогикалық шынайылықты бейнелейтін білімді іздеу тәсілдері, сол секілді қызмет жүйелері бойынша білімді алу, бағдарламаларды, логиканы, зерттеу жұмыстарының сапасын негіздеу жөніндегі білім жүйесі»

деп қызметтер жүйесін сипаттайды [159]. Ғалымның бұл пікірінен біз, ғылыми зерттеу қызметтер жүйесін екі бағытта, яғни әдіснамалық зерттеу, әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету деп қарастырамыз. Зерттеу жұмысымыздың ғылыми аппаратын, стилін, ғылыми тілін, ғылыми таным формаларын анықтау үшін педагогикаға тән теориялық тұжырымдарды біріктіруді орта білім беру сапасының әдіснамалық базасын жүйелік тұғыр, интегративтік тұғыр, кешендік тұғыр, квалиметриялық тұғырлар қамтамасыз етеді деп ойлаймыз.

Жүйелік тұғыр – бұл кез келген жүйе бірнеше өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылатын тұғыр. Бұл өте күрделі тұғырлардың бірі. Жүйелік тұғыр мәселенің көптеген мүмкін шешімдерін анықтауға және талдауға және ең жақсы баламаны таңдауға арналған. Ол (В.Г. Афанасьев, И.В. Блауберг, В.П. Беспалько және т.б.) білім берудегі кез келген фактілер мен құбылыстарды оқу жүйесіне тікелей әсер ететін басқа әлеуметтік жүйелермен байланыстыра зерттеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар мектептегі білім беру сапасын білім беру жүйесі мен ондағы болып жатқан оқу-тәрбие процесінің қасиеттерінің жиынтығы ретінде талдауды көздейді.

Мәселені көп нұсқалы талдау өзекті болып табылады, өйткені кеңістікті зерттемей таңдалған баламаның сапасын барынша толық және дәл бағалау мүмкін емес. Бұл тұста, жүйелік тұғыр – бұл ғылыми білімнің әдістемесіндегі бағыт, ол объектіні жүйе ретінде қарастыруға негізделген: өзара байланысты элементтердің тұтас кешені; өзара әрекеттесетін объектілердің жиынтығы; қауымдастықтар мен қатынастар жиынтығы.

Білім беру мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі біртұтас педагогикалық жүйе болып табылады. Оны басқару жүйелік тұғырды талап етеді. Бұл үшін білім беру процесінің жүйе ретіндегі мәнін, оның қызмет ету және даму заңдылықтарын, сондай-ақ педагогикалық іс-әрекет процесінің мәнін терең теориялық талдау қажет. Педагогикадағы жүйелік тұғыр педагогиканы жүйе ретінде қарастыруды – жақсы құрылымдалған және өзара тығыз байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастырады. Бұл тәсіл дәстүрлі пәндік әдіске қарағанда сапалы және заманауи. Кез келген жүйелік тұғыр бес негізгі принциппен анықталады: тұтастық, иерархия, құрылымдау, көптік және жүйелілік.

Тұтастық принципі жүйенің барлық элементтері біртұтас тұтас екенін білдіреді. Яғни, олардың барлығы ортақ қағидаларға, мақсаттар мен міндеттерге бағынады.

Иерархия – әрқайсысы белгілі бір мәнге ие және басқа элементтерге бағынатын немесе жүйенің басқа элементтеріне өзі бағынатын жүйе элементтерінің жиынтығы.

Құрылымдау – белгілі бір белгілерге сәйкес жүйенің әртүрлі элементтерінің жеке ішкі жүйелерге қосылуы. Бұл ішкі жүйелердің әрқайсысы өз кезегінде басқа ішкі жүйелермен әртүрлі байланыстарға ие болуы мүмкін.

Көптік әрбір жеке элементті және тұтас жүйені сипаттау үшін көптеген әртүрлі үлгілерді пайдалануды қамтиды.

Соңғы принцип өзінің мәні бойынша барлық басқа принциптерді біріктіреді, өйткені ол әрбір нысанда жүйенің барлық белгілері болуы мүмкін екенін айтады.

Өткен ғасырдың ортасынан бастап АҚШ-та өмір сүрген және ғылыми білімнің әртүрлі сегменттеріндегі заңдардың изоморфизмін зерттеген австриялық биолог Карл Людвиг фон Бертоланффи жүйелік тұғырдың негізін салушылардың бірі болып саналады. Жүйелік тұғырдың негізгі принциптерін қалыптастыруға А.А. Богданов, Г. Саймон, П. Дракер және А. Чандлер де қатысты. Бұл ғалымдардың барлығы педагогикалық ғылымдар жүйесінен біршама алшақ болды, бірақ олардың ғылыми еңбектерінің арқасында педагогикадағы жүйелі көзқарас дамуға серпін алды. Педагогикадағы жүйелі көзқарас алғаш рет Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактикасында» тұрақты ғылыми-педагогикалық пішінге ие болды. Ұлы ұстаздың алғашқы идеясының қалыптасуына дүниенің жүйелі екенін мойындау септігін тигізді. Я.А. Коменский педагогикадағы жүйелік тұғыр идеяларының дамуына үлкен әсер етті.

Я.А. Коменскийдің білім беру мен оқытуды мақсатты түрде ұйымдастыру қажеттілігі туралы идеясының теориялық дамуы Дж. Локктың еңбектерінде бастау алды. Педагогика тарихында алғаш рет «Тәрбие туралы ойлар» трактатында Дж. Локк адамның даму және тәрбие процесін дене, психикалық және адам санасының дамуының бірлігі ретінде қарастырды. Орыс педагогикасында тәрбиеге жүйелі көзқарас идеялары К.Д. Ушинский, Н.И. Пирогов, В.Г. Белинский, П.Ф. Каптерев, В.П. Вахтеров, К.Н. Вентцель және басқа ғалымдардың еңбектерінде негізделіп дами түсті.

Педагогикадағы жүйелік көзқарастың қазіргі тұжырымдамасы өткен ғасырдың ортасындағы тұжырымдамадан айтарлықтай ерекшеленеді, бірақ іргетасы дәл сол жылдарда қаланды. Педагогиканың көптеген мақсаттардан, міндеттерден, принциптерден, формалардан және әдістерден тұратын өте күрделі жүйе екенін түсіну, бұл педагогикадағы жүйелік тұғырды білдіреді.

Заманауи адам күн сайын ақпараттың үлкен көлемін алатын білімнің үнемі жаңаруы жағдайында өмір сүреді. Ақпараттың орасан зор көлемін ұсынатын теледидар, интернет, баспа көздері оны игерудің жаңа тәсілдерін талап етеді. Бастауыш сыныпта оқушы алған ақпараттың дұрыстығын іздеуді, түзетуді, түсінуді, түрлендіруді, қолдануды, ұсынуды, бағалауды үйренеді. Түрлі ақпаратпен жұмыс істеу барысында білім алушылар өмір бойы білім алу қажеттілігін түсінеді, өйткені ақпараттық қоғамда тұрақты өзін-өзі дамытумен айналысқан адам ғана табысты әлеуметтенуге қол жеткізе алады. Өмір бойы білім алу қабілеті оқушы үшін ерекше маңызды және ол оқушының бойында әмбебап оқу әрекетінің мақсатты түрде қалыптасуымен қамтамасыз етіледі. Жалпыға бірдей білім беру қызметін мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігі бастауыш жалпы білім берудің федералдық мемлекеттік білім беру стандартында нормативтік түрде бекітілген.

Жүйелік тұғыр – сыныптан тыс жұмыстарды оқу-тәрбие үрдісімен байланыстыру арқылы жүзеге асады. Білім беру теориясы мен оқыту

теориясының дәйекті жүйесін жасауға, оның барлық негізгі элементтерін (мақсат, мазмұн, құралдар, әдістер) сипаттауға мүмкіндік береді. Білім алушының белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оны талдау мен интроспекцияға, бақылау мен өзін-өзі бақылауға дағдыландырады.

Жүйелік тұғыр – бұл объектіні құрайтын негізгі элементтердің жиынтығын және олардың арасындағы байланыстарды оқшаулау арқылы күрделі ұйымдастырылған объектілерді танудың ғылыми әдісі.

Жүйелік тұғырдың негізгі ұғымдары:

– жүйелілік – элементтерінде жоқ интегралдық қасиеттер мен сапалардың күрделі объектілерде бар болуымен көрінетін күрделі ұйымдасқан объектілердің ерекше белгісі;

– компонент – құрамдас жүйенің басқа бөліктерімен белгілі бір қатынасқа түсетін кез келген бөлігі;

– элемент – жүйенің шеңберінде бөлінбейтін деп санауға болатын, жүйенің ең кіші бірлігі;

– байланыс – бір нәрсенің арасында өзара тәуелділіктің, шарттылықтың, ортақтықтың болуы;

– құрылым – элементтердің жиынтығы және олардың өзара әрекеттесуі мен бірігуі процесінде олардың арасындағы тұрақты байланыстар мен қатынастарды орнату тәсілі;

– ішкі жүйе – біртұтастығы бар және оның қызмет ету міндеттерінің бірін шешетін жүйе элементтерінің бөлігінің және олардың арасындағы байланыстардың жиынтығы;

– жүйе құраушы фактор – жүйенің тұтастығын, тұрақтылығын және бірегейлігін жасайтын және қолдайтын маңызды жағдай.

Әлеуметтік жүйенің жай-күйін талдау үшін оның элементтерін бөліп алып, олардың құрылымын, ұйымдастырылуын, байланыстарын және жүйенің тұтастығы бар ортасын көрсету қажет. Таңдалған жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мыналарды бөліп көрсету керек: элементтердің өзара әрекеттесу процесі, тұрақтылық шарттары, басқару принциптері мен әдістері, өзін-өзі ұйымдастыру ерекшеліктері.

Жүйелік тұғырдың негізгі ерекшелігі оның зерттеуді объектінің тұтастығын және оны қамтамасыз ететін механизмдерді ашуға, күрделі объектінің әртүрлі байланыс түрлерін анықтауға және оларды біртұтас жүйеге келтіруге бағыттауымен анықталады.

Педагогика теориясында «жүйе» ұғымы әртүрлі контексте қолданылады. Көбінесе біз «білім беру жүйесі», «педагогикалық жүйе», «үздіксіз білім беру жүйесі», «кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесі», «қашықтан оқыту жүйесі», «e-learning жүйесі», «менеджмент жүйесі», «әлеуметтік жүйе» т.б. сияқты тіркестерді айтамыз. Философиялық көзқарас тұрғысынан алғанда, жүйе бір-бірімен байланысты құрамдас бөліктерден тұратын және осы құраушылардың ешқайсысында жоқ қасиетке ие тұтастықты білдіреді. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде бұл ұғымның синонимі ретінде «жүйелік объект» термині

қолданылады. Жүйе деп олардың әрқайсысында жоқ жаңа интегративті қасиеттерді алған, сыртқы ортамен байланысқан өзара байланысты элементтердің мақсатты тұтастығы түсініледі.

Педагогика теоретиктері мен практиктерінің педагогикалық лексикасында «жүйе» ұғымы әртүрлі контексттерде (оқыту жүйесі, тәрбиелеу жүйесі, әдістер жүйесі, құралдар, тәрбие жүйесі және т.б.) жиі қолданылады. Алайда, бұл терминді қолданғанда, оған бастапқы шынайы мағына жиі қойылмайды. Бұл анықтаманы негізге алайық: жүйе деп белгілі бір белгілер негізінде анықталған, қызмет етудің ортақ мақсаты мен басқару бірлігімен біріктірілген және интегралды құбылыс ретінде қоршаған ортамен өзара әрекеттесуде әрекет ететін өзара байланысты элементтердің реттелген жиынтығы түсініледі.

В.Н. Саратовскийдің пікірінше, жүйе дегеніміз – белгілі бір сыртқы жағдайларда жүйе құраушы қайшылықтарды шешуге мүмкіндік беретін қажеттілік пен жеткіліктілікпен мақсатты қасиеттердің болуын қамтамасыз ететін динамикалық және статистикалық қатынастармен біріктірілген элементтердің соңғы жиынтығы.

Д.Ф. Ильясовтың ойынша, жүйенің негізгі ерекшеліктерін анықтауға болады. Олардың ішінде ол тұтастықты, басқа жүйелермен үйлесімділік немесе үйлеспеушілік, қоршаған ортаға бейімделу, құрамдас бөліктер арасындағы әртүрлі байланыс түрлерінің болуы, құрылымдық, мақсаттылық, өзін-өзі ұйымдастыру, қызмет ету және дамытуды жатқызады.

Жүйені түсінуде екі түрлі позицияны бөлуге болады. Бірқатар авторлар жүйені өзара байланыс пен өзара әрекеттесу қатынастарымен байланысқан бөліктерден тұратын тұтастық ретінде түсіндіреді (А.Н. Аверьянов, В.Г. Афанасьев, А. Рапопорт, т.б.).

Мысалы, А.Н. Аверьянов жүйені «бір-бірімен байланысты элементтердің шектеулі жиынтығы» деп түсінеді. В.Г. Афанасьев жүйені «бір немесе басқа түрде өзара әрекеттесетін құрамдас бөліктер кешені» деп қарастырады. А. Рапопорт жүйеде «бірліктер жиынтығын ғана емес, осы бірліктер арасындағы қатынастардың жиынтығын» көреді.

Жүйенің мәнін сипаттайтын авторлардың тағы бір тобы элементтердің жиынтығына емес, қасиеттердің жиынтығына назар аударады (М.С. Каган, Н.В. Кузьмина, В.Н. Саратовский, т.б.). Мысалы, М.С. Каган жүйені сол немесе басқа реттелген элементтер жиынтығымен байланыстырады, «белгілі бір тұтастықты, оның қасиеттері оның құрамдас элементтерінің қасиеттеріне сәйкес келмейді».

Зерттеу мәселесі аясында орта білім беру жүйесі күрделі жүйе деп сипаттадық. Осы тұста жүйелілік тұғырдың ұстанымдары мен ерекшеліктері зерттеудің ғылымилығын ашуға септігін тигізеді. Орта білім беру жүйесін бірнеше құраушы бөліктерден тұратынын айта келе, оның сапасы жүйе құраушыларының әрқасысының жеке дара сапалығымен өлшенетінін тұжырымдадық. Бұл өз кезегінде жүйелілік тұғырдың тұтастық принципін аңғартады.



Жүйелілік тұғыр пәнаралық сабақтастықты реттеуде белгілі бір көрініс бере отырып, пәндердегі ортақ құбылыстарды (ескіден жаңаны табу) кіріктіруге бағыт береді де, ондағы құбылысты келесі интегративтік тұғыр байланыста дамытады. Интегративтік тұғыр – оқудың позициясы, оған сәйкес білім беруде объектілердің, құбылыстардың, үдерістердің жиынтығын, кем дегенде бір сипаттамадан тұратын қауымдастықты біріктіреді, нәтижесінде жаңа сапа пайда болады. Бұл ретте а) ғылыми салааралық байланысын (педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы); б) пәнаралық байланысын (жалпы педагогиканың дидактикамен, басқарумен, әдістемемен т.б.); в) пәнішілік байланысын (бір пәнге, оның тақырыптарына қатысты нәтижелер) көрсетеді.

Ғалымдар педагогикадағы интегративтік тұғырды басқаша түсіндіреді. Ғалым В.М. Лопаткина өз зерттеулерінде: «...интегративтік тұғыр – әлем бейнесінің тұтастығын қамтамасыз ететін құрал; теориялық және практикалық мәселерді шешуде адамның жүйелі ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді» [160]. Орта білім беру жүйесіндегі интегративтік тұғырдың компоненттері: ұйымдастырушылық-әдістемелік, іс-тәжірибелік және ресурстық-мазмұндық болады. Ұйымдастырушылық-әдістемелік компонент оқыту әдістерін кіріктіруді қамтиды. Іс-тәжірибелік құрамына оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал ететін пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда шығармашылық тапсырмаларды қолдануға мүмкіндік беретін оқыту формаларын кіріктіретін интегративті тұғырдың компоненттерінің бірі. Ресурстық-мазмұндық компонент білім беру сапасын арттыруда оқу-танымдық іс-әрекетке қажетті ресурстарды біріктіреді, мазмұны, құралдары, әдістері, оны орындаудағы тұлғалық құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал ететін арнайы интегративтік тұғырдың мазмұнын қамтамасыздандырады.

Кешенділік тұғыр – бұл күрделі, көпастарлы объектілерді пәнаралық сабақтастықта тануға бағытталған, объектіні тұтас көруді қалыптастыратын әдіснамалық стратегия.

«Кешен» сөзі (латын тілінен аударғанда) байланыс, комбинация дегенді білдіреді. «Кешен» - бұл біртұтастықты құрайтын заттар, құбылыстар немесе қасиеттер жиынтығын мазмұндық, сапалы ұғынуды түсіндіреді.

Біздің зерттеу тақырыбымыздың шеңберінде орта білім беру сапасын арттыруда оқыту мен тәрбиенің қатар жүруі, педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасын арттыру, басқару сапасын арттыру, мониторинг сапасын арттыру, материалдық-техникалық база сапасын арттырудағы жекелеген үрдістердің бірбүтін болып біріге отырып, кешенді түрде орындалуы нәтижені тұтас көруге мүмкіндік береді. Жоғарыда талдап өткен жүйелілік және интегративтік тұғырлардағы кешенді түрде іске асатын компоненттер жиынтығының орындалуын ішкі мазмұндық және сапалық жағынан қамтамасыз ете алады. Яғни, орта білім беру сапасын арттыруда оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастырудағы байланыс объектілерінің көпастарлы, комбинацияға бай элементтерін сапалы көрсете алады. Мұндай жағдайда орта білім беру сапасының артуы жолға қойылады. Олай деуге негіз бар: мысалы, кешенділік тұғырдың жасалуы Б.Г. Ананьевтің зерттеулерімен тікелей

байланысты [161]. Б.Г. Ананьев адамды танудың тұтас кешенді міндеттерін тұжырымдаған ғалым. Кешенді түрдегі пәнаралық байланыстардың көмегімен оқушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері сапалы жаңа деңгейде ғана шешіліп қоймай, сонымен қатар бастауыш мектеп оқушыларының әрі қарай өзін-өзі анықтау үшін іргетас қаланады. Сондықтан сапа құраушылары арасындағы байланыстар орта білім берудегі кешенді тәсілдің маңызды шарты және нәтижесі болып табылады.

Квалиметриялық тұғыр. Квалиметрия – (латын тілінен *qualis* – сапа деген не және гр. *metro* – өлшем) – кез келген сипаттағы объектілердің (жанды немесе жансыз; объектілер немесе процестер) сапасын жан-жақты сандық бағалаудың әдістемесі мен мәселелерін зерттейтін ғылыми теория; еңбек өнімдері немесе табиғат өнімдері, материалдық немесе рухани сипаты бар, жасанды немесе табиғи шығу тегі [162, б. 482-483].

Квалиметрия 1960 жылдардың ортасында сапаға қатысты шешім қабылдау барысында дамуға ие болды, ол кезде бағалаудың сандық әдістері белсенді дамуға ие болды. Қазіргі уақытта бұл термин менеджмент теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Негізінен пәнаралық сипаттағы ғылыми пән бола отырып, квалиметрия көп жағынан нақты инженерлік, экономикалық, заңгерлік, басқарушылық және гуманитарлық пәндермен: стандарттау, метрология, экономика, өндірісті ұйымдастыру, құқық, психология және педагогикамен біріктіріледі.

Квалиметрия сапа менеджменті бойынша шешімдерді негіздеу үшін және басқару қызметінің соған байланысты мәселелері бойынша қолданылатын сапаны бағалаудың сандық әдістерін біріктіреді және теорияның өзара байланысты жүйесін қамтиды:

- концептуалды аппараттың жалпы теориялық мәселелерін әзірлеуді, өлшеуді, бағалауды, квалиметриялық масштабтауды қамтитын жалпы квалиметрия (А.И. Пульбере [163]);

- сапаны бағалау әдістері мен үлгілерінің түрлері бойынша жіктелген арнайы квалиметрия: сараптамалық, ықтималдық-статистикалық, индекстік, таксономиялық (О.И. Баранова [164], Е.А. Касьянова [165] және т.б.);

- бағалау объектілерінің түрлері бойынша сараланған пәндік квалиметрия: техникалық құрылғылар, бұйымдар және т.б.; қызметтер; еңбек; процестер; жобалар (Н.А. Кулемин [166] және т.б.).

Квалиметриялық тұғыр – бұл пәнді оның сапасын өлшеу тұрғысынан зерттеу тәсілі. Білім берудегі, демек, тәрбиедегі квалиметрия, А.И. Субетто пікірінше – олардың барлық алуан түрлілігімен сапасы туралы ғылым: жүйе ретінде жұмыс істеу және даму сапасы; студенттердің дамуының оқу-тәрбие процесінің сапасы, педагогикалық ұжымның кәсібилігі. Ол біртұтас білім беру (педагогика) ғылымы және объектілер мен процестердің сапасы туралы ғылым – квалитологияның тоғысқан жерінде қалыптасады [167].

Қазіргі уақытта білім сапасын бағалаумен байланысты мәселелер объектінің сапасы туралы ақпаратты алу және өңдеу заңдылықтарын зерттейтін квалиметрия сияқты білімнің жаңа ғылыми саласында жүргізілетін қарқынды

зерттеу нысанына айналды [168, б. 331]. Бастапқыда квалиметрия өнім сапасын өлшеу және бағалау туралы ғылым ретінде анықталды. Бұл табиғи жағдай болды, өйткені халық шаруашылығы өнімдерінің сапасы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. XX ғасырдың екінші жартысында, техникалық ғана емес, жаратылыстану, тіпті гуманитарлық ғылымдарға да қатысты негізгі ғылыми категориялар барған сайын алдымен формализациядан, содан кейін сандық өрнектен өте бастайды [169, б. 226]. Сапаның күрделі сандық бағалаулары соңғы уақытта адам қызметінің әртүрлі салаларына көбірек енгізілуде. Отандық және шетелдік ғылыми-техникалық, ғылыми-әлеуметтік және қоғамдық-саяси әдебиеттерде еңбек өнімі болып табылмайтын әртүрлі объектілердің сапасын кешенді бағалау немесе әртүрлі процестердің сапасын бағалау мәселелері барған сайын көбейіп келеді. Қазіргі уақытта қолданыстағы сапаны бағалау әдістері ішкі бірлікпен сипатталады. Бұл әдістемелердің квалиметрияның жалпы принциптеріне негізделгендігінде жатыр. Сондықтан теориялық квалиметрия тұрғысынан бұл әдістер біртекті және бір алгоритм арқылы сипатталуы мүмкін. Осылайша, бізге мынаны болжауға болады: сапаны кешенді сандық бағалау әдістері көбінесе оларды қолданудың бастапқы шеңберінен алшақ жаңа аумақтарды басып алады; бұл әдістердің алгоритмі және олар негізделген принциптер теориялық квалиметрияда қабылданғандардан іс жүзінде ерекшеленбейді; осы әдістердің көпшілігін қолдану салалары, мысалы, білім мен тәрбие сапасын бағалау өте маңызды. Сондықтан әртүрлі әлеуметтік маңызы бар салалардағы сапаны бағалау мәселесімен айналысатын зерттеушілер жұмысының біртұтас майданы туралы мәселені көтерген жөн, бұл мұндай зерттеулердің ғылыми деңгейін көтеруге ықпал ететіні сөзсіз. Сонымен қатар, квалиметрия саласының кеңеюі еңбек өнімі болып табылмайтын әртүрлі процестер мен объектілердің сапасын бағалау мәселелерін шешу әдістерінің тұтас кешенінің ғылыми негізін қамтамасыз етуге көмектеседі, бұл сөзсіз үлкен практикалық маңызға ие болады.

Квалиметрия кез келген объектілердің сапасын кешенді, ал кейбір жағдайларда жүйелі сандық бағалауды әзірлеудің әдіснамасы мен мәселелерін зерттейтін ғылыми білім саласы болғандықтан, білім беру процесінің сапалық және сандық сипаттамасы арасындағы байланысты нақты түсіну қажет [170, б. 251-252]. Сан мен сапа тек абстракцияда ғана бөлек нәрсе ретінде әрекет етеді, шын мәнінде олар ажырамас бірлікте өмір сүреді, оның ішінде бұл сапа түрленеді, өзінің маңызды сипаттамаларын сақтай отырып, санның және жеке маңызды емес қасиеттердің өзгеруіне байланысты өзгереді. Квалиметриялық тұғыр зерттеу барысында орта білім беру сапасын сандық тұрғыда бағалауда негізге алынды. Орта білім беру сапасында эксперименттік сыныптардағы оқушылар мен экспериментке қатыспаған сынып оқушыларының тоқсандық бағаларын салыстыру арқылы, эксперименттік сыныптарға жүргізілген жұмыстардың сапалығын тексердік. Педагогикалық өлшемде сандық қорытынды алу өте күрделі. Себебі білім берудегі сапаға тек білім беру емес, сонымен қатар сол білімді қабылдайтын оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері

де әсер етеді. Сонымен қатар, зерттеу барысында білім беру сапасына әсер етуші бірнеше факторларды анықтадық. Олар орта білім беру сапасын құраушы бөліктер ретінде жіктелді. Жалпы орта білім беру сапасын арттыру үшін бізге дәл осы әрбір құраушы бөліктің сапалығына қол жеткізу қажет болады. Алайда олардың әр қайсысының білім беруге қаншалықты әсер ететінін тағы да сандық тұрғыда нақты айта алмаймыз. Олардың әр қайсысының рөлі орасан, дегенмен олар жеке нәтиже бермейді. Олар жүйелі түрде сапалы болса ғана орта білім беру сапасы артады деген пайымдау шығарып отырмыз.

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық базасын құрудағы біз басшылыққа алып отырған әдіснамалық тұғырлар зерттеуіміздің әр кезеңдерінде диалектикалық ойлауға жол ашып отырады деп ойлаймыз. Оның барлық күйлері өзара тәуелді және сабақтастықта байланысқан (7 – кесте).

Кесте 7 – Орта білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлар	Әдіснамалық тұғырлардың сипаты
Жүйелілік тұғыр	Жүйелілік тұғыр – білім мақсаты (орта білім беру сапасын арттыруда көзделетін мақсат), педагогикалық үрдіс субъектілері (оқушы, мұғалім, ата-ана), білім мазмұны, әдіс-тәсілдері, материалдық база арасындағы бірінен бірі туындап отыратын компоненттер (оқыту мен тәрбие арасындағы сабақтастық, ынталандыру, кәсіби біліктілік, мониторинг, басқару, танымдық белсенділік және т.б.) жиынтығы.
Интегративтік тұғыр	Интегративтік тұғыр – оқудың позициясы, оған сәйкес білім беруде объектілердің, құбылыстардың, үдерістердің жиынтығын, кем дегенде бір сипаттамадан тұратын қауымдастықты біріктіретін, нәтижесінде жаңа сапа пайда болады. Бұл ретте а) ғылыми салааралық байланысын (педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы); б) пәнаралық байланысын (жалпы педагогиканың дидактикамен, басқарумен, әдістемемен және т.б.); в) пәнішілік байланысын (бір пәнге, тақырыптарына қатысты нәтижелер) көрсетеді.
Кешендік тұғыр	Кешендік тұғыр – бұл күрделі, көпастарлы объектілерді пәнаралық сабақтастықта тануға бағытталған, объектіні тұтас көруді қалыптастыратын әдіснамалық стратегия. «Кешен» – бұл біртұтастықты құрайтын заттар, құбылыстар немесе қасиеттер жиынтығын мазмұндық, сапалы ұғынуды түсіндіреді.
Квалиметриялық тұғыр	Квалиметриялық тұғыр кез келген объектілердің сапасын кешенді, ал кейбір жағдайларда жүйелі сандық бағалауды әзірлеуді білдіреді. Квалиметриялық тұғыр зерттеу барысында орта білім беру сапасын сандық тұрғыда бағалауда негізге алынды.

Талдауда көрсетілгендей, әдіснамалық тұғырлар ұсынылып отырған білім беру сапасын арттыру, зерттеу жұмысымыздың болжамын диалектикалық байланыста қамтамасыз ету функцияларының логикалық тұрғыда ұйымдастырылуында басшылыққа алынса, біз ұсынып отырған ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыру арқылы орта білім беру сапасын ғылыми негізде арттыруға болады.

Жоғарыда көрсетілген зерттеулердің философиялық, әдіснамалық-мазмұндық талдауларын негіздей келе, біз орта білім беру сапасын арттыруды жалпы педагогикалық мәселе ретінде қарастырып, ондағы білім беру сапасын ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыруды жүзеге асыру арқылы арттыруға назар аударамыз.

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар**

Орта білім беру сапасын арттырудың теориялық негіздерін талдау келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Білім беру сапасының артуы келесі факторлармен байланысты:

- мектептегі білім берудің нәтижеге негізделген білім беруге көшуі;
- білім беруді ғылымиландыру;
- әлемдік тәжірибелер мен халықаралық білім сапасына қойылатын талаптардың тәжірибеге еніп, дамуы;
- білім беру ісінің жүйеленуі.

Әлемдік білім беру кеңістігінде сапалы білім мен сұранысқа ие болатын білім беруді ұйымдастыру аса маңызды. Қоғам сұранысына сай жалпы орта білім беретін мектептерде білім берудің жаңа парадигмаларына сәйкес үнемі жаңарту, білім беру стандарттары мен бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдерді жаңа форматта даярлау және біліктілігін арттыру, оқушыларға сапалы білім алуға жағдай жасау қажеттілігі туындап отыр.

Бүгінгі оқушы ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын азамат. Елдің ертеңі оның білім беру жүйесінің сапасымен анықталады. Елдің экономикалық дамуы, дамыған елдердің қатарына қосылу мен елдің тәуелсіздігінің тұрақтылығы да елдегі азаматтардың білім деңгейімен анықталмақ.

Білім беру сапасын арттыруда салыстырмалы талдау елдегі білім беру жүйесін дамыту мен жаңашаландыруға жол ашады. Әлемдік білім беру тенденцияларына ілесу елдегі білімнің әлемдік деңгейде мойындалуының кепілі. Осыған байланысты бірінші бөлімде салыстырмалы-педагогикалық зерттеулер арқылы білім беру сапасы ілгері дамыған, озық елдердің білім беру жүйесі зерттеліп, орта білім беру сапасын арттыруға қажетті теориялар мен тұжырымдар жинақталды. Сонымен қатар, орта білім беру сапасын арттырудың ғылыми әдіснамалық негіздері жүйеленді.

Әдіснамалық тұғырлар мен теорияларды зерттей келе, орта білім беру сапасын арттыруда жүйелілік тұғыр, интегративтік тұғыр, кешендік тұғыр, квалиметриялық тұғырлар негізге алынды.

## 2 ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### 2.1 Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық құраушылары

Балаға білім беру – жауапкершілігі мол жұмыс. Бұл еңбек әрекетіне тек мектептегі мұғалім мен үйдегі ата-ана емес, тұтас ел, мемлекет жауапты. Себебі, білім беру процесі өте күрделі, тұтас бір жүйе.

Білім сапасы бір жақты баланың білім алуы немесе мұғалімнің қалай оқытқаны арқылы ғана есептелетін дүние емес. Демек білім сапасын арттыруға әсер ететін сапа құраушылары бар, әрі олар жүйелеуді қажет етеді.

Осы мәселеге қатысты Педагогикалық Ғылымдар академиясының президенті, академик А.Қ. Құсайыновтың зерттеуі нәтижесінде орта білім беру сапасының құраушылары анықталып, жүйеленді.

$$C_{\text{біл}} = C_{\text{ст}} + C_{\text{o}} + C_{\text{ккб}} + C_{\text{мс}} + C_{\text{т}} + C_{\text{ғзж}} + C_{\text{бас}} + C_{\text{мтб}}$$

$C_{\text{біл}}$  – білім сапасы;

$C_{\text{ст}}$  – білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының сапасы;

$C_{\text{o}}$  – оқу әдебиетінің сапасы;

$C_{\text{ккб}}$  – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі;

$C_{\text{мс}}$  – білім мониторинг сапасы;

$C_{\text{т}}$  – рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

$C_{\text{ғзж}}$  – ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;

$C_{\text{бас}}$  – басқару жүйесінің сапасы;

$C_{\text{мтб}}$  – материалды-техникалық база сапасы.

Бұл ғылыми зерттеу туралы мақала Салыстырмалы білім беру қоғамының бүкіләлемдік кеңесінің «Global Comparative Education» журналында «Қазақстандағы оқушылардың білім сапасын жақсартудағы ішкі резервтердің рөлі» тақырыбында жарық көрді [171]. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген формула академик А. Құсайыновтың формуласы ретінде бүкіл әлемге танылды.

Осы білім сапасын құраушыларының әрқайсысының маңызын ашып, талдасақ.

Білім сапасын арттыру үшін аталған құраушы бөліктердің жеке-жеке сапалы болуы, одан кейін барлық құраушылардың бірдей бір балаға, бір сыныпқа жұмылдырылуы маңызды. Олардың әрқайсысының әлемдегі орны мен маңызына тоқталайық.

Білім беру стандартының сапасы

Стандарт сөзі ағылшын тілінен аударғанда үлгі, өлшем деген мағынаға ие. Білім беру стандарты елде біртұтас педагогикалық кеңістік құруға, жалпыға ортақ білім берудің біркелкі жүруіне, түрлі білім беру мекемелерінде білім алатын жас ұрпаққа бір деңгейде білім беруді қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Демек, білім беру стандарты арқылы білім мазмұны мен білім нәтижесі анықталады.

Білім беру стандарты «Білім туралы Заңнан» кейінгі негізгі нормативтік құжат болып табылады. Стандарт арқылы түрлі білім беретін мекемелердегі

білім мазмұны, бағыты мен көлемі бекітіледі. Білім стандарты бір жағынан мемлекеттің өз азаматтары алдындағы, екінші жағынан азаматтың мемлекет алдында осы білім саласы бойынша міндеттерін көрсетеді. Бұл дегеніміз, мемлекет стандарт бойынша білім беруі тиіс, сәйкесінше азаматтар сол стандарт негізінде білім алады.

Білім беру стандарттары – бұл әр сынып деңгейінде оқушылар білуі және істей алуы тиіс оқу мақсаттары. Білім стандарттары оқу бағдарламасы емес. Жергілікті қауымдастықтар мен тәрбиешілер өздерінің оқу бағдарламасын таңдайды, бұл күнделікті оқытудың егжей-тегжейлі жоспары. Басқаша айтқанда, білім беру стандарты – бұл оқушылар білуі және жасай алуы қажет нәрсе, ал оқу бағдарламасы – бұл оқушылар оны қалай үйренетіні.

Білім беру стандарттары оқушылардың оқу мансабының маңызды кезеңінде болуы керек білім мен дағдыларды анықтайды. «Стандарттар бүкіл ел бойынша білім беру реформасының негізі болып табылады, өйткені тәрбиешілер мен саясаткерлер мектептің қажетті нәтижелерін нақты анықтауға және оқушылардың табыстылығын осы нәтижелермен өлшеуге шақыруға жауап береді» (Ұлттық зерттеу кеңесі 2001). Ұлттық, мемлекеттік және жергілікті педагогтер бүкіл ел бойынша стандарттарды әзірлеу және енгізу арқылы оқушылардың білімін жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Білім стандарты білім алған оқушының қандай болу керек үлгісін белгілейтінін ескерсек, демек білім стандарты қоғам талаптары мен сұраныстарына сүйеніп жасалатын білім туралы құжат десек болады.

Білім беру стандарты қандай болу керек? Қазақстанда жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 56-бабына сәйкес әзірленген және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, білім берудің мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды [109].

Бүгінгі күні әлемде жалпы білім берудің 12-жылдық мектепке арналған халықаралық стандарты қалыптасып отыр. Орта мектептегі 12-жылдық білім АҚШ, Канада, Жапония, Швеция, Францияда; Германия, Чехия, Италия, Швейцарияда – 13 жылдық; Голландияда – 14 жылдық жүйе қабылданған.

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр. Оның жаңа құрылымына тоқталатын болсақ, 12 жылдық білім беру жүйесі 5+5+2 сатыларынан тұрады [172]. Елімізде осы құрылым мен жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленіп, тәжірибеге ендірілуде.

12 жылдық білім берудің мақсаты:


- қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті;

- өзін-өзі дамытуға;
- өз ойын еркін айта білуге;
- өз қалауымен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім;
- жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Білім әлемдік үдеріс. Бір елде алған білім өзге елде жарамсыз болмауы тиіс. Осы тұста білім стандартының әлемдік білім беру стандарттарымен мазмұндас болуы маңызды. Әлемдік тәжірибелерді зерттеу арқылы, қоғам сұранысы мен заман талабына сәйкес әр он жылдықта білім беру стандарты жаңартылып, толықтырулар мен түзетулер ендіріліп, немесе мемлекет алдындағы жаңа мақсат пен міндет, идеология негізінде білім саласына жаңа бағдар беретіндей стандарттар құрастырылып, қабылданып отырады.

Білім беру парадигмасының өзгеріске ұшырауына орай қазіргі таңда үздіксіз білім беру жолға қойылған. Сонымен қатар, балаға жалаң білім беріп қана қоймай, алған білімді күнделікті өмірде қолдана алу құзыреттіліктерін қалыптастыру, функционалдық сауаттылығын шыңдау маңызды рөлге ие.

Білім беру стандартын төмендегі сызба арқылы сипаттауға болады (4 - сурет).



Сурет 4 – Білім беру стандартының жол картасы

Заманауи қоғамда білім үздіксіз процеске айналғаны бәрімізге мәлім. Өмір бойы берілетін білім адамның өмір жолымен ұштасып, туындаған мәселелерді шешетіндей қабілеттер мен дағдыларға баулып, қажеттіліктерді қанағаттандырып отыруы шарт. Осы тұста жалпы білімді *негізгі* және *қосымша* деп бөліп қарастырып, негізгі білім – бұл білімге бағдарланған, яғни бұл кезеңде білім алушы білім алуды үйренеді деп сипаттауға болады; қосымша білім – бұл дағдыға бағытталған, яғни жасауға үйрену. Мұнда білім алушы алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуі тиіс.

Негізгі білім аймағына бастауыш мектеп, орта білім беру және жоғары мектеп кіріктірілген. Бұл кезеңдерде білім беру процесінде білім беру



стандарты, негізгі білім беру концепциялары мен теориялық білімдер қолданыс табады. Сонымен қатар, әр сатыға сәйкес стандарт өзіндік сипатқа ие болуы тиіс. Бұл дегеніміз: бастауыш сыныпта стандарттың жеңіл, қызықты болуы. Жас жеткіншекті білім алуға қызықтыру, баулу процесімен айналысады. Орта білім беруде олимпиадалық стандарт. Демек, білім берудің бұл сатысында бала өмірдегі барлық ғылым саласымен танысып, негізгі ғылыми ақпараттарды меңгере бастайды. Білімнің ең мол қоры қалыптасатын кезеңде бала бойында бәсекеге қабылеттілікті дарыту маңызды. Түрлі жарыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы білімге деген қызығушылығы артып, дүниетанымы артатын болады. Жоғары мектеп бұл білім алушының өмірлік кәсібімен тығыз байланысты. Бұл кезеңде түлектер өздері қалаған мамандық аясында кәсіби білім алуға бет бұрады. Дәл осы тұста бала бойында теориялық білімдер қалыптасады.

Келесі қосымша білім аймағына дағдылар стандарты, халықаралық стандарттар және тұтынушы біріктірілген. Бұл кезеңдерде тәжірибелік қолданыс пен дамуды басқару жүзеге асады. Дағдылар стандартында стратегиялық қолданыс, жазу дағдысы қалыптасуы тиіс. Яғни, академиялық білім нәтижесінде академиялық жазу стилі, стратегиялық ойлау мен жоспарлау түпкі нәтиже болып есептеледі. Халықаралық стандарттардың мақсаты бұл білімді белгілі бір мемлекет аумағында емес, бүкіл әлемдік деңгейде игерту. Мұндағы түпкі мақсат пен нәтиже жаһандық лидерлерді даярлау болып табылады. Соңғы тұтынушы деген бұл еңбек өндірісіне тиесілі. Мұнда білім алушының еңбек әрекетіне даярлығы және ашық тәжірибелерден өте алуы білімнің қорытындысы болмақ.

Нәтижеге бағдарланған білім кезеңінде үздік құрастырылған білім беру стандарты оның нәтижесі арқылы анықталатын болады. Ендеше үздік білім беру стандартының нәтижесі қандай болуы керектігін анықтасақ:

– Оқушы білім алуға ынталанған болуы тиіс (ынталандырушылық қызметі);

– Оқушы сапалы білім алуы тиіс (білімнің бәсекеге қабілеттілік ұстанымы);

– Оқушы өз білімін әлемнің кез келген жерінде қолдана алуы тиіс (білімнің жан-жақтылық ұстанымы);

– Теориялық білім мен дағдыға ие болуы тиіс (ғылымилық ұстанымы);

– Функционалдық сауаттылықты меңгеруі тиіс (нәтижеге бағдарлық ұстанымы);

– Тұлғаның жан-жақты дамуы және оның базалық мәдениеті қалыптасуы тиіс (тәрбиелік ұстанымы);

Мемлекеттік стандарт елдегі жалпыға ортақ бірдей білім қорының болуын қамтамасыз ететін жалғыз тетік. Мектеп тәжірибесіне енген мемлекеттік стандарттың мақсаты оқу процесін мызғымас, қатаң ресми байламға матау емес, керісінше, ол педагогикалық шығармашылыққа, міндетті мазмұндық құжат төңірегінде баламалы бағдарламалар, оқудың әрқилы технологияларын, оқу құралдарын жасауға жол ашады. Стандарт терминінің өзі

ағылшын тілінен аударғанда үлгі, өлшем деген мағына беретінін ескерсек, сонымен қатар түрлі педагогикалық сөздіктердегі стандарт жалпы білім беру процесі қалай жүретінін анықтайтын эталондық үлгі екенін есепке алар болсақ, білім беру стандартының мазмұны тұтас білім беру процесінің нәтижесін сипаттайтынын аңғарамыз. Сол себепті де, сапалы білім беру процесіне қол жеткізу үшін сапалы білім беру стандартын құру аса маңызды.

Білім беру стандарты негізінде пәндік білім беру бағдарламасы құрастырылады. Пәндік білім берудің негізгі құралы оқулық болып табылады. Пәндік білім беру бағдарламасы арқылы оқулық жазылады.

Оқулық сапасы. Білім сапасын айқындайтын негізгі факторлардың бірі ол – оқулық. Оқулық сапасы білім сапасына тікелей әсер етуші құрал. Себебі, білім беру процесі стандарт негізінде ұйымдастырылып, оқулық арқылы жүзеге асады. Білім беру ісінің алдында тұрған мақсаттарға жеткізетін, білім беру саласының негізгі құралы. Оқулық арқылы балаға білім беріледі.

Я.А. Коменский енгізген оқытудың мектептік, сыныптық жүйесі өмірге келгелі, адамзат өзінің ұзақ тарихында жинақтаған бағалы білімін, тәжірибесін, ашқан ғылыми жаңалықтарын, рухани-мәдени құндылықтары мен тәрбие, өнеге үрдістерін жеткіншек ұрпаққа, оның шама-шарқына шақтап, деңгейлеп жеткізуде оқулықтан артық құрал ойлап тапқан жоқ.

Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Оқулық оқу орындарының типіне қарай (бастауыш, орта, кәсіптік-техникум, жоғары оқу орындары) жасалады [173].

Оқулыққа мынадай педагогикалық талаптар қойылады [174]:

- оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы;
- жоғары идеялылығы, тәрбиелік міндеттерге сәйкестігі;
- мазмұнының бағдарлама мазмұнына сәйкес әрі түсінікті болуы;
- материалдарының оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес баяндалуы;
- дәл және анық, нақты қорытындылар, ережелер, заңдар мен анықтамалардың баяндалуы, тілдің жатық, әдеби және ықшам болып, оқушылардың ұғымына сәйкес келуі;
- оқу материалын меңгеруді жеңілдететіндей иллюстрация, сурет, кесте, диаграмма, сызба мен сызулардың болуы;
- сыртқы пішінінің (қағаз, шрифт, мұқабасының) ретті сәндендірілуі.

Білім сапасы білімді алатын ақпарат көзіне тәуелді. Білім беру үрдісіндегі негізгі оқу құралы оқулық екенін ескерсек, оқулық сапасының білім беру сапасын арттырудағы маңызы зор екенін аңғарамыз. Оқулық деңгейі оқу үрдісінің, оқыту үрдісінің және оқушының білім сапасының айнасы іспетті.

Оқулық білім беру стандарты және білім беру бағдарламасы негізінде жасалады. Алайда, оқулық сапасын анықтарда сынға түсетін авторлардың құзыреттілік деңгейі және оқулық сапасын бақылайтын мониторинг қызметі.

Оқулық жазу өте күрделі. Сол себепті оны жеке бір ғылым, оқулықтану ғылымы зерттейді. Оқулық жазуда негізгі критерийлерді жасау және авторлардың сол критерийлерді басшылыққа алуы сапалы оқулық жасаудың кілті болмақ.

Қазіргі оқулықтарға қойылар талап та күрделі. Бүгінгі жаңа мектептегі оқулықтар идеологиялық, дидактикалық, эстетикалық, психологиялық, логикалық, тілдік, әдістемелік, полиграфиялық, экономикалық негізгі талаптар биігінде болуы керек. Оқулық оқушыға ғылым негізін меңгертумен қатар, оны білік, дағдыға, алған білімін өмір кәдесіне жаратуға баулуға тиіс.

Оқулықта оқушылардың психологиялық ерекшеліктері де ескерілуі керек. Олай болса, психологиялық жүйелілік те оқулықтың сапалы болуының кілті. Сол себепті де, оқулықты күрделі құрылым, біртұтас бітім, жүйе деп қарастырады.

Педагог ғалым И. Зверевтің пікірінше: «Жоғары білікті оқулық ойлылық пен эмоционалдықты, ғылым мен көркемдікті, материалды бейнелі баяндаумен ұштастыру үлгісі» [175].

Қазақ тілінде оқытатын мектеп ашып, оқулық жазу ісі ХХ ғасырдың алғашқы 10-15 жылында едәуір жандана түскен. Бұл кезде қазақ зиялыларының әмбебап дарынды және қоғамдық-саяси белсенділігі күшті, қуатты шоғыры қалыптасқан еді. Олардың көпшілігі алғашқы қадамдарын мұғалімдіктен бастаған, ағарту ісіне жетік кісілер болған. Олар халықтың болашағын жас ұрпақты оқытып, оларға жаңаша білім, тәрбие беретін ұлттық мектеппен байланыстыра қарастырды.

Қазақ тілінде оқытын орта мектептер мен жекелеген факультеттерге арнап шын мәніндегі сапалы оқулықтар жазған аса көрнекті ғалымдар: Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Қ. Жұмалиев, С. Аманжолов, Е. Бекмаханов, Б. Кенжебаев, М. Ақынжанов, М. Ғабдуллин, Т. Тәжібаевтің, оларға ілесе шыққан: С. Қирабаев, З. Қабдолов, А. Нұрқатов, К. Аханов, Ә. Хасенов, Х. Әбілқайыпұлы т.б. ғалымдардың еңбегі ерекше. Алайда қоғамдық ғылымның өкілдерінен басқа ғылым салаларының қазақша ғылыми тілін қалыптастырып, аударма-түсіндірме сөздіктерін түзіп, оқулықтарын сапалы етіп аударған белгілі ғалымдар баршылық. Бұл ретте О. Жәутіков, Б. Бірімжанов, Т. Дарқанбаев, М. Ысқақов, Т. Мұсақұлов, Р. Бөкейхановтардың еңбегін атап айта аламыз. Олар өз оқулықтары арқылы әр түрлі ғылым саласы бойынша кейінгі ұрпақтарды даярлауға үлкен үлес қосты.

Жас ұрпаққа білім беру барысында халқымыздың ежелден келе жатқан рухани қазынасын, ұлттық құндылықтарын заманауи қажеттіліктер мен заман талаптарына ұштастыра жеткізу, сонымен қатар бала бойында жаңа сапалар мен дағдыларды қалыптастыру, білімді өмірде қолдана алу икемділіктерін қалыптастыруда жаңа буын оқулықтары ерекше маңызды рөлге ие. Оқулық шығаруға қажетті объективті және субъективті шарт-жағдайлары сайма-сай өркениетті елдердің өзінде жаңа оқулықты құрастыра бастаудан оны пайдаланушыларына – оқушылар мен оқытушыларға жеткізуге дейін, шамамен,

бес жылдай уақыт кететін көрінеді. Бұл өз кезегінде оқулық жазу ісінің оңай шаруа емес екендігін дәлелдейді.

Оқулыққа қояр талаптарды жіктеуде И. Фогельсон оқушының төмендегідей қасиеттерін қалыптастыратын оқулық болу қажет деп есептейді: а) ойлы және эмоцияналды түрде ғылыми материалды жеткізу; ә) кітапты таңдап оқуға үйрету; б) күнделікті басылымдардан өтіліп жатқан тақырыпқа байланысты материалдар табу; в) сол материалдарды түсіне және талқылай білу; г) баланың ауызша және жазбаша тілін дамыту. Мұндай жетістіктерге жету үшін оқушының «танымдық, шығармашылық іскерлігін дамыту қажет» дей отырып, И.Фогельсон оқулыққа қойылатын талаптарды тек оқулықта берілетін материалдармен ғана шектестіреді [176].

Н. Байбуртян оқулық мазмұны мен түсі жағынан тартымды, онда берілетін оқу материалдары балалар түсінігіне ыңғайлы әрі қарапайым болу қажет деп оқулықтың бала өмірінде аса маңызды рөл атқаратындығын атайды [177].

Ал И. Лернер оқулыққа енетін элементтерді былайша айқындайды: «...жаңа оқыту жүйесін сипаттайтын әрбір оқулық 4 негізгі элементті қамтуы қажет:

1. ақпараттық (вербальды немесе көрнекі құралдары арқылы ұсынылған);
2. репродуктивті, яғни білім мен іс-әрекет әдістерін ұйымдастырушы;
3. шығармашылық іс-әрекетке ынталандырушы;
4. тәжірибені ақиқатқа әлеуметтік тұрғыдан бағытталған эмоционалдық қарым-қатынасты игеруге ықпал етуші» [178].

Оқулық түзуге қойылатын талаптар үш топқа біріктіріледі:

Оқулықта берілетін материалдар – бұл басты талап. Себебі материалдарды дұрыс таңдап, оларды орын-орнына дұрыс қоя білу балалардың біліміне, сөздік қорының, тілінің дамуына игі ықпал жасайды. Ал материалдарды қалай өту, түсіндіру, қызықты етіп өту – мұғалімнің міндеті.

Оқулықты безендіру ісі. Дұрыс безендірілген оқулық балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, түрлі медициналық-гигиеналық талаптарға жауап береді.

Дидактикалық. Оқулықта берілетін материалдар балалардың оқуға деген қызығушылығын оятуға түрткі болуы шарт.

Оны жетілдіруде мұғалімдердің алатын орны ерекше, сондықтан сабақта түрлі әдістер қолдану арқылы оқулықтың көмекші серіктерін (кестелер, диктант, шығарма, мазмұндама жинақтары, сызбалар мен түрлі көрнекілік құралдар, т.б.) дұрыс пайдалана отырып, сабақты өту керек.

Оқулық авторына қойылатын талап оқулықтың өзіне қойылатын талаптан әлдеқайда жоғары. Кез келген білімді не зиялы маман автор бола алады деу түсінбестік. Олар арнайы дайындалып, жан-жақты әзірліктен соң барып, оқулық жазуға кірісе алады. Бұл туралы «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» атты еңбектің авторлары А.Қ. Құсайынов, Ұ.Ә. Асыллов төмендегіше тұжырым жасайды: «Оқулық теориясын, екінші сөзбен айтқанда, оқулық жазуға

қойылатын дидактикалық талаптарды үңіле зерттеп, сол негізде жазбақшы оқулығына қатысты тыңғылықты әзірлік жұмысын жүргізбей тұрып, кім де болса, төтеден килігіп, сапалы оқулық жазып шығам десе, онысы – күпіршілік». [179]

Қазіргі әлемдік ауқымдағы қайта құрулар, жедел ақпараттандыру, экономикалық саладағы түбегейлі өзгерістер адамзат қоғамы алдында білім сапасын арттыру қажеттігін туындататыны анық.

XXI ғасыр – білім ғасыры болса, жас ұрпақтың ой-өрісінің даму үрдісін заман талабына сай дамыту бүгінгі мектеп құрылысына үлкен өзгеріс енгізді. Жас ұрпақ – егеменді еліміздің есті азаматы болып өссе, ол қоғам үшін де үлкен мұрат. Ол үшін оқу үдерісі барысында оқушылардың білім деңгейін арттыру, танымдық қабілетін дамыту, ой-өрісін кеңейту жеткіліксіз. Сонымен қатар, оларды бүгінгі күннің сұранысына сай мектеп қабырғасында адамгершілігі мол, отансүйгіш азаматтар ретінде тәрбиелеуіміз керек. Өйткені, қазіргі таңда оқушыны пәндік, білім, білік дағдыларының бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу үдерісін қалыптастыру негізінде оқушылардың жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады. Ең алдымен білім, білік, дағдыларын меңгерудің негізі ретінде оқушы дамуы мен тәрбиесінің қамтамасыз ету міндеттерін шешу көзделінеді.

Оқулық қандай болса, оқушы сондай болатынын ешкім жоққа шығармайды. Себебі, білім мен тәрбиені беруде мұғалім негізгі басшылыққа алатын, оқушы әрдайым жанында ұстап, жадында сақтайтын да осы оқулық. Сол себепті, білім сапасын арттыруда, болашақ ұрпаққа сапалы білім беру ісінде сапалы оқулықпен қамтамасыз ету аса маңызды.

Педагог кадрлардың сапасы.

Балаға білім беру ісінде осы процесті жүргізетін негізгі тұлға – бұл мұғалім. Мұғалімнің біліктілігі оқулықтың сапалы болуынан да маңызды. Себебі, білікті ұстаз өз ісінің сапалығына жауап береді. Шетелдік тәжірибелердің өздері көрсеткендей, сыныптағы балалардың білім деңгейі сол сыныпқа сабақ беретін мұғалімнің кәсіби даярлығына тікелей тәуелді екен. Мұны біз А. Құсайыновтың «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» атты кітабында берілген салыстырмалы талдаулардан байқай аламыз [25].

Еңбек нарығындағы *біліктілік* жұмысшылар мен қызметкерлерден кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдетіп, олардың бәсекелесуге қабілетті болуын қажет етеді. Біліктілікке үнемі іздену, өзін-өзі жетілдіру арқылы жетуге болады. Біліктілік әр мамандық саласы бойынша жіктеліп, сол мамандықтың білім, білік, дағдысына қарай ерекшеленеді. Солардың бірі педагог кадрлардың біліктілігі. Педагог кадрлардың біліктілігі ұстаздың педагогика саласындағы теориялық білімімен, әдістемелік құралымен, сабақ өткізу, ұйымдастырушылық, білім алушылардың қызығушылығын арттыру сынды педагогикалық шеберліктерінің көрсеткішімен анықталады.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңадан және бұрын алынған кәсіби білімін, іскерлігін, дағдысы

мен құзыретін дамытуға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны. Осы тұста педагог кадрлардың біліктіліктерін арттырып отырудың маңызы зор екенін атап өткен жөн. Себебі, білім беру, оқыту әлеуметтік әрі үздіксіз процесс. Ол үнемі динамикалық қозғалыста, даму үстінде болады. Сонымен қатар, әр кезеңге сай адамдардың тұлғалық ерекшеліктері, психологиялық өзгерістер, қоғам талабы, нарықтық сұраныстар тағы бар. Сол себепті де, қоғамда өз орнын таба алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын, саналы, білімді жеке тұлға қалыптастыру үшін оған білім беретін мұғалімнің кәсіби біліктілігі шешуші рөлге ие.

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі білім сапасын арттырудың негізгі құраушы бөлігі. Қай елде болмасын бұл үрдіске ерекше жауапкершілікпен, негізгі міндет ретінде қарайды. Қазіргі нарықтық қоғамда бәсекеге қабілеттілік маңызды критерийлердің бірі. Сонымен қатар, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің басым бөлігі білім беру жүйесінің де қарқынды дамығандығын, озық тәжірибелері мен халықаралық зерттеулердегі нәтижелері арқылы дәлелдеп келеді.

Европалық Экономикалық бірлесу және даму ұйымының дамыған елдерде жүргізген зерттеулеріне үңілсек, олардың тұжырымдарында білімділікпен қатар, алған білімді өз бетімен пайдалана алатын, оны қажетіне қарай одан әрі дамыта білетін функционалдық сауаттылықтың қажеттігі алға қойылған. Сонымен қатар, бұл оқушы бойында құзыреттілік сапаларын қалыптастыру нәтижесі деп те түсіндіріледі.

Білім алушының білім, білік, дағдыларымен қатар, құзыреттілік сапаларының болуын қажет ететін тенденциялар қазіргі заманның «білім алу заманына» айналып келе жатқанын көрсетеді. «Білім беруден – білім алуға», «оқытудан – оқуға» көшу парадигмасы білім беру ресурстарын қайта қарау талаптарын қойып отыр. Соған орай, функционалдық сауаттылықты дамыту төмендегі іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыруды қажет етеді, олар: білім стандарттарын жаңарту және оны әр оқушыға тиісті дәрежеде меңгерту; оқыту процесіне жаңа әдістер мен технологиялар енгізу, білім беру ұйымдарын коммуникативтік – ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету.

Әлемдік McKinsey компаниясының кеңесшісі, Ұлыбританиядағы білім сапасының сарапшысы М.Барбер «білім беру нәтижесін түбегейлі өзгертудің басты үш факторы бар, олар: педагогтік қызметке соған лайық адамдардың келуін қадағалау, оларды оқытушылық қызметін тиімді жүргізуге қажетті деңгейде даярлау және әрбір білім алушыға сапалы білім беруге қолайлы жағдай туғызу. Өйткені, кез-келген білім беру ұйымындағы білім сапасы онда жұмыс істейтін оқытушылардың сапасынан жоғары болуы мүмкін емес» деген. Ол сонымен қатар, өзінің көптеген елдерде жасалған зерттеулеріне сүйене отырып, «әлемдегі нәтижесі жоғары білім беру ұйымдарын басқарудағы бәріне ортақ қасиет – ұйым жұмысындағы сапалы өзгерістерге қол жеткізудің бірден-бір факторы педагогтерді дамытуға қажетті жағдайлардың жасалуы» деп тұжырым жасаған.

Оқушылардың білім сапасы мен педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі бір біріне тура пропорционал деп сипаттауға болады. Педагог кадрлар білімін арттырған сайын олардың оқушыларға білім беру деңгейі артады, сәйкесінше оқушылардың білім сапасы және тұтас білім беру сапасының артуына алып келеді. Білім сапасына қойылатын жаңа талаптар білім мазмұнын игеруде мұғалімнің оқушымен қатар тұруын қажет етеді, бұл жағдайда мұғалім өзінің ұстаздық позициясын жоғалтпайды, керісінше, білім алушыны мотивациялау, оған кеңес беру мұғалімдіктің жоғары деңгейін талап етеді. Себебі, оқушыға білімді, ақпаратты алудың жолдары мен амалдарын беруде, оны түсіну мен тиімді пайдалануға үйретуде, өзін бағалау, өз біліміндегі олқылықтар мен жетістіктерді білуде және олармен жұмыс істеуде, оқу материалдарын сұрыптау мен оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыруда мұғалімнің жетекшілігі қажет екені белгілі. Төмендегі сызбаға көз жүгіртсек (5 – сурет):



Сурет 5 - Оқушылардың білім сапасы мен педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілік деңгейінің байланысы

Суретте оқушылардың білім сапасы мен педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілік деңгейінің байланысы сипатталған. Сонымен қатар педагог кадрлардың қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі жаңа стандарттар мен парадигмалар негізінде жоғары біліктілікке жеткізетін іс-әрекеттер көрсетілген. Оларға жеке тоқталар болсақ:

1. Функционалдык сауаттылыққа көшу. Функционалдык сауаттылық білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу құзыреттілігін білдіреді. Педагог өз білімін тәжірибеде көрсетуге үйрене отырып, оқушыға да алған білімін өмірмен ұштастыра алуға, тәжірибеде қолдану мен өмірлік жағдаяттарды шешуде қолдануға үйретуі тиіс.

2. Инновациялық әдістерді игеру. Педагогикалық әдістер оқытушының негізгі қаруы. Жаңа инновациялық әдістерді меңгеріп, оқу үрдісіне енгізуі оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, оқушылардың білім алуын жеңілдету, олардың бойында сыни ойлау, шығармашылық қабілетін арттыру, топтық іс-әрекетке баулу сынды міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті

емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс» деп халқымыздың ұлы ағартушы, ұстазы Ы.Алтынсарин айтып кеткен болатын.

3. Ғылыми-зерттеушілік қабілетін арттыру. Педагог кадрлардың ғылыми жобалармен айналысуы оқушылардың бойында зерттеушілік құзыреттілікті дамытады. Бұл құзыреттілікті дамыту арқылы білім берудің әлемдік кеңістігіндегі жаңалықтардан хабардар болып, білім көкжиегін кеңейтеді.

4. Оқушыларды ынталандыруға қауқарлы болу. «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген ұлы сөз бар. Қазіргі ақпараттық дәуірде адамзат жан-жақтан секунд сайын хабарлама алып отырады. Осы тұста оның зейінінің тұрақталуы қиын. Білім алу үрдісінде оқушына дұрыс арнаға бағыттап, оқуға ынталандыру аса маңызды. Сол себепті, педагог үлгі болуы және ынталандыра білуі тиіс. Оқушы қызығушылығын тудыра алмаған ұстаз, өз пәніне де қызығушылық ұялата алмайды. Сол себепті педагог мотиватор болуы тиіс.

5. Білімді түсіндіруден білімді игеруге әдістемелік қолдау беруге көшу. Қазіргі таңда білім алатын ақпарат көзі өте көп. Жаңа тақырыпты түсіндіріп отыру өткен ғасырда қалған. Бүгінгі күні оқушыға жол көрсету, бағыт-бағдар беру өзекті. «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп, табуға үйретеді» - бұл Хакім Абайдың сөзі.

6. Үздіксіз білімін жетілдіру. Бұл педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың ең маңызды шарты. Үздіксіз білім беру парадигмасына көшу заман талабы. Бүгін оқыған ақпарат күні ертең өзекті болмауы мүмкін. Сол себепті үнемі ізденісте болып, даму – бұл ұстаздың негізгі міндеті. Осыған орай, орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинский «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген болатын.

Жоғарыда аталып өткен кәсіби құзыреттілікті көтеруге септігін тигізер шарттарды орындаған педагог білімді, білікті, құзыреттілігі жоғары, функционалдық сауаттылықты игерген, оқушыны ынталандыра алатын, ғылым мен білімді қатар алып жүретін заманауи педагог болмақ.

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің сапалы болуы оқыту үрдісіндегі кейбір кемшіліктерді жасырып, орнын толтырып жіберуге де қауқарлы. Себебі, өз ісінің шебері болып саналатын ұстаз еңбек іс-әрекеті барысында оқу үрдісінің сапалы жүруіне кепіл бола алады. Сондықтан да, педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру ісін жүйелі жүргізген абзал.

Білім мониторинг сапасы.

Кез келген білім мекемесі оқу үдерісінің дұрыс жүруіне, мемлекеттік стандарттарға сәйкес білім деңгейіне жетуге, білім сапасын арттыруға, оқушының денсаулығы мен жеке тұлға ретінде дамытуға талпынады. Мектепте басқару жүйесінің қаншалықты дұрыс бағытта екенін білу үшін басқарудың сараптамалық бағдарламасын жасау керек. Бұл үдеріс жіберілген кемшіліктерге түзетулер енгізуге және білім сапасын көтеруге септілігін тигізеді. Мектептің басқару жүйесі оқу мониторингінің нәтижелеріне сүйенеді. Мониторинг қандай



да бір үдеріске ұйымдастырылған бақылау, нақты нәтижелерді салыстыру арқылы болашақта оларды жақсартуға бағыттылған шаралар ұйымдастыру үшін жасалады.

Мониторинг жүргізу қазіргі таңда барлық мекемелерде, өндірістің барлық салаларында жүзеге асып жатыр. Мониторинг дегеніміз латын тілінен аударғанда «қадағалаушы», яғни қоршаған ортаны адам қызметімен байланысты бақылау, бағалау, болжамдау деген мағынаны білдіреді.

Жалпы мониторинг бұл:

– Белгілі бір саладағы маңызды мәселелер бойынша жүйелі және үздіксіз ақпарат жинақтау әрекеті;

– Белгілі бір жүйе, оның элементтері жайлы сараптама жасауға мүмкіндік беретін мәліметтерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату жүйесі;

– Нақтылау және түзету енгізу үшін жүзеге асырылатын процесс жағдайы, дамуы туралы ғылыми негізде үздіксіз қадағалау жүйесі;

Мониторингтің атқаратын қызметі:

1. Әрекет барысына түзетулер енгізу;

2. Елеулі проблемаларды, олардың себептерін анықтау, оларды шешуге ықпал ету;

3. Аралық міндеттердің орындалу сапасын анықтау, түпкілікті нәтижені болжау;

4. Сауатты түрде басқарушылық шешімдер қабылдау.

Мониторингтің түрлері: педагогикалық; әлеуметтанымдық; психологиялық; медициналық; экономикалық; демографиялық.

Мониторинг – ұзақ уақыт белгілі бір мақсат негізінде жинақталған, сақталған ақпараттарды өңдеу, субъектілерді ақпарат нәтижесімен қамтамасыз ететін кері байланыс.

Мектеп – білім мекемесі болғандықтан, оның негізгі мақсаты – сапалы білім беру. Сондықтан, мектеп мониторингінің негізгі зерттелетін объектісі – білім сапасы. Оқу мониторингісін жасау – мектеп үдерісіндегі шарттардың және білім сапасының өсу (кему) динамикасын жүйелі түрде бақылау, сараптау, бағалау. Білім сапасы туралы мәліметтерді жинау арқылы мәліметтер қоры жасақталады, оларды өңдеп, сақтау арқылы кез келген уақытта білім сапасының қазіргі деңгейін көрсетуге болады. Оқу мониторингінің нақты мақсат-міндеттері, жасалу принциптері, бағдарламасы және зерттелген нәтижелерге қарап, кемшіліктердің жою жолдары айқындалу керек. Төмендегі суретте оқу мониторингісінің мақсат міндеттері, мониторинг жасау бағдарламасы және мониторинг жасаудың принциптері сипатталған (6 – сурет).

Оқу мониторингісі болғандықтан, басты назар білім сапасында. Білім сапасын көтеруге әсерін тигізетін бірнеше факторларды атауға болады:

1. Оқушылардың денсаулық жағдайы;


2. Мектептің материалдық базасы;

3. Педагогтердің шеберлігі;

4. Үйірмелер, спорт секцияларының жұмысы;

5. Оқушылардың сабаққа қатысымы;

6. Тәрбие жұмысы;
7. Оқушылардың дұрыс тамақтануы;
8. Баланың отбасындағы жағдайы және т.с.с.



Сурет 6 – Оқу мониторингісінің мақсат-міндеттері, мониторинг жасау бағдарламасы және мониторинг жасаудың принциптері

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтардың және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу бұл бағдарлама міндеттерінің бірі.

Бағдарлама білім беру мониторингін жетілдіре отырып, «барлық деңгейде білім беру сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу» талабын қояды. Мониторингтік зерттеулер – білім беру ұйымдарының қызметін жүйелі бақылау, нәтижелерін өңдеп, талдау, ақпараттарды сақтау, жинақтау және тарату арқылы білім беру жүйесін дамыту үшін болжамдар жасау және басқару тетіктерін жетілдірумен айналысатын болады. Сонымен қатар бағдарламада осы міндетті шешу үшін төмендегідей іс-әрекеттер ұйымдастырылған.

– Жаңартылған білім беру мазмұны. Жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енуде, ол өңірдің, мектептің орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамастан оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді.

– ҰБТ енгізілген жаңартулар. Орта білім беру сапасын бағалаудың тиімділігін арттыру үшін ҰБТ екі кезеңге бөлінді: мектептегі қорытынды аттестаттау және жоғары оқу орнына түсу емтиханы. 2019 жылдан бастап ҰБТ ақылы негізде ЖОО-ға түсу үшін жылына 4 рет өткізіледі. Жоғары білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етудің балама тетігі ретінде негізгі немесе қайта тестілеу нәтижелері бойынша шекті деңгейден өтпеген талапкерлер үшін ЖОО-ға «шартты түрде қабылдау» жүйесі енгізілді.

– Халықаралық салыстырмалы зерттеулерге дайындық. Бұл ретте білім алушыларды бағалау жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Атап айтқанда, PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің құралдарына, сондай-ақ SAT тестілеріне ұқсас функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарға қатысты ҰБТ, оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) мазмұнын қайта қарау қажет екені ескертілген.

– Педагогтерді аттестаттаудың жаңа жүйесі. 2018 жылдың мамыр айынан бастап қазақстандық педагогтер аттестаттаудың жаңа жүйесіне көшті. Жаңа жүйе бойынша педагог кадрлардың 42,5%-ы аттестаттаудан өтті (14,1% – педагог-зерттеуші және педагог-шебер санаты, 15,6% – педагог-сарапшы санаты, 12,8% – педагог-модератор санаты). Жинақталған тәжірибе мен халықаралық практиканы ескере отырып, педагог кадрларды аттестаттау жүйесін одан әрі жетілдіру талап етіледі.

– Мектепке дейінгі ұйымдар желісінің өсуін ынталандыру. Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар желісінің өсуін ынталандыру үшін 2011 жылдан бастап мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын лицензиялау тоқтатылды. Осы кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар желісі 1,5 есе өсті, бұл ретте жекеменшік ұйымдар 7 еседен асты (2011 ж. – 449 бірлік, 2018 ж. – 3749 бірлік).

– Жоғары оқу орындарын халықаралық аккредиттеу. 2017 жылдың қаңтарынан бастап жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестаттау халықаралық аккредиттеумен алмастырылды, ал 2018 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептер мен колледждерді мемлекеттік аттестаттау профилактикалық-алдын алу сипатына қайта бағдарланды және одан әрі жетілдіруді талап етеді.

– Қосымша білім беру ұйымдарын бағалау жүйесі және оның оқушылардың жетістіктеріне әсері жоқ. Осыған байланысты қосымша білім беру сапасына қол жеткізу факторлары мен шарттарын айқындау бойынша зерттеулер жүргізу қажет екені айтылған.

Қазіргі ХХІ ғасырда білім беру үрдісін ақпаратпен қамтамасыз ету құралы – білім сапасын мониторингілеу және диагностикалау болып отыр. Ал, педагогикалық мониторинг дегеніміз білім беру жүйесінің қызметі туралы

ақпаратты жинап, сақтап, саралап, таратуға және оны үздіксіз бақылап отыруға, даму болашағына болжау жасауға мүмкіндік беретін жүйе.

Мониторинг жалпы педагогикалық ғылыми түсініктерге сәйкес кері байланыс, рефлексия деген ұғымды білдіреді. Педагогикалық мониторинг – қандай да бір объективтегі, құбылыстағы өзгерістерді ұзақ уақыт бақылау. Ең кең тараған анықтама: педагогикалық жүйе қызметінің даму мақсатындағы ақпараттарды жинақтау, сақтау, өңдеу, тарату болып табылады.

Г.А. Стефановскаяның анықтамасы бойынша «Педагогикалық мониторинг, бұл – диагностика, баға және педагогикалық үрдісті жобалау, оның жүріс барысын, даму перспективаларын қадағалау».

Педагогикалық мониторингтің негізгі объектісі білімділік және тәрбиелілік болып табылады. Мониторингтің педагогикалық нәтижесі – білім құрылымындағы, оқу дағдысындағы, тәртібіндегі, қатынас жүйесіндегі тұлғаның бағытталуы. Сонымен қатар, педагогикалық мониторинг объектісі ретінде жетістіктерге жеткізетін оқу-тәрбие үрдісінің нәтижесі, құралы, технологиясы қабылданады.

Педагогикалық мониторингтің негізгі қасиеттерінің бірі оқу-тәрбие үрдісінде үздіксіз бақылау жүргізу. Сондықтан да педагогикалық диагностика педагогикалық мониторингтің негізгі компоненті болып табылады.

Ал педагогикалық диагностика бұл бақылау түрлерінің бір жүйесі. Онда өлшемдік тетіктердің көптеген түрлері бар. Педагогикалық диагностика – педагогикалық ғылымның бір саласы, сонымен қатар, практикалық педагогиканың негізгі формасы. Қазіргі жалпы ғылыми көзқарасқа сүйенсек, «диагностика» дегеніміз – белгілі бір объектінің ахуалын танып білу немесе оның тәртібінің болжауы мен сол тәртібіне әсер етуінің мүмкіншіліктері туралы шешім қабылдау мақсатында сол объектінің негізгі параметрлерін тез тіркеу жолымен содан кейін оны белгілі бір диагностикалық категорияға жатқызу жүйелерін тану болып табылады.

Сондықтан, педагогикалық диагностика деген кезде, біз диагностикалық танымның белгілі бір объектілері, яғни психикасы бар нақты адамдар туралы айтамыз. Педагогикалық диагностиканың зерттеу объектісі – педагогикалық үдеріс болып табылады. Педагогикалық диагностикалау педагогикалық үдерістегі өзгерістерді оқушы бойындағы өзгерістермен байланыстыра болжайды.

Педагогикалық мониторингті зерттеген В.А. Болотов, В.С. Безрукова, Н.В. Борисова, В.И. Гинецинский, А.Н. Дахин, В.М. Монахов, А.М. Новиков, Л.С. Подымова, В.А. Слостенин, В.И. Слободчиков, Н.А. Шайденко, Н.О. Яковлевалар өз еңбектерінде педагогикалық мониторингтің нәтижелері мен құрылымын және түсініктемесін талдай келе, қазіргі педагогикалық ғылымда және тәжірибеде осы күнге дейін мониторингке деген жүйелі тәсілдемелердің құралмағанын, ал ол, бір жағынан, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибелік бағыттарын, екінші жағынан, практикалық педагогикалық қызметтің теоретикалық негізділігін едәуір төмендететін жазған.

Білім берудегі мониторинг – бұл педагогикалық және басқарушы категория, өйткені ол ақпарат теориясының негізгі қағидаларының көшірмесін жасамай, оны педагогика, психология және басқару тіліне аударады.

Мониторинг деректерін бастапқы жоспарланған көрсеткіштерімен салыстыру қолданылған әдістер мен тәсілдердің тиімділігін бағалауға, оларды түзетуге мүмкіндік жасайды. Әрине, мониторингті тәжірибелі қызметкерлердің жүргізгені дұрыс. Мониторингті жүргізу арқылы деректер базасы құрылады, олар берілген топтағы оқушылардың ары қарай дамуын терең талдауға және дер кезінде түзетулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Білім сапасын арттыруда сапалы мониторингтің рөлі зор. Сапалы мониторинг арқылы қол жеткізетін мүмкіндіктерді төмендегі суреттен байқай аламыз (7 – сурет).



Сурет 7 – Сапалы мониторинг сипаты

Суреттен байқағанымыздай, мониторинг сапасы білім беру процесінде бағалау мен бақылауды қамтамасыз ететін жүйе. Объективті баға мен жүйелі бақылаусыз білім сапасы артпайды. Сол себепті білім беру сапасын арттыру үшін сапалы педагогикалық мониторингке қол жеткізуіміз қажет.

Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы.

Тәрбие – бұл адам өмірімен бірге жүретін үздіксіз процесс. Негізгі мақсаты жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылатын тәрбие процесі қоғамда маңызды рөлге ие. Ол аға ұрпақтың тәжірибесін келешек ұрпаққа меңгертіп қана қоймай, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғайды. Адам тәрбиені ең алдымен отбасында, содан соң білім ордасында, кейін қоршаған ортасында алады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қазақ мақалы осының айғағы.

Халқымыз ұлттық құндылық пен мәдениетке бай ұлт. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы ұлттық деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде білім ордасының алатын орны ерекше. Яғни, тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты

кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Мектеп бағдарламасына ұлттық тәрбиені енгізу арқылы бала бойына ұлтжандылықты, рухани-адамгершілік тәрбиені сіңіретініміз анық. Рухы биік, іргесі берік ел болу үшін ұрпаққа берілер білім мен тәрбиеге салғырт қарамауымыз керек. Осы тұста Абай атамыздың: Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан, - деген сөзін еске аламыз. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатынын айта отырып, «Педагогика» атты еңбегінде: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп жазған [180].

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру аса маңызды. Қазіргі дамыған дәуірде озық қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге байланысты. Тәрбиенің қуатына тең келетін рухани күш, қуат көзі жоқ екенін жақсы түсінеміз. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп биік дәрежеге көтеріледі. Оның ең маңыздысы адамды ойлануға бағыттайды, жеке тұлға болып қалыптасады [1181].

М. Жұмабаевтың «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек» деген сөзін де ұмытпаған абзал. Қазір ХХІ ғасыр білім мен ғылым заманы екенін жұртшылық жақсы біледі. Бірақ бар күшімізді білім мен ғылымға салып, тәрбиені артта қалдырсақ ұтарымыздан ұтыларымыз көп болатынын әл-Фарабидің сөзінен ұғынамыз.

Тәрбие – жеке тұлғаның қалыптасуының ең басты факторы. Халық даналығында: «Баланы әуелі мейір шапағатқа, онан соң ақыл парасатқа, ақырында еңбек пен ғылымға баулы» - дейді. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбиенің негізгісі – ол ғибратты, ғұмырлы, ғасыр бойы бойымызға салт-дәстүрмен берілген – ұлттық педагогика. Небір ғасырлар шектеулі шеңбер аясынан шырмауықтай шырмалып шыға алмай келген ұлттық тәрбиенің жаңа талапқа сай жаңғыртып, жаңартып өскелең жас ұрпаққа толыққанды тайға таңба басқандай жеткізсек, таптырмас тағлым болары сөзсіз.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояу, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ождан, еңбекқорлық, іскерлік сынды бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Тәрбие ісі – ұзақ және күрделі үдеріс. Адамзат дамуының қай кезеңінде болсын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келеді. Бұл істі жүзеге асыру үдерісі әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттігіне бағындырылады.

Өйткені, мемлекет қажеттігінің орындалуы оның экономикалық күш-қуаты мен саясатына тәуелді екендігі белгілі. Олай болса, тәрбие тиімділігінің ең басты шарты мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттілікке сай тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты – әрбір тұлғаны жан-жақты және жарасымды етіп тәрбиелеу.

XXI ғасыр – ақпараттар мен жаһандану ғасыры десек, заман талабына сай жастарымызды тәрбиелеп, Отанына деген шынайы сүйіспеншілігін ояту – қоғамның бүгінгі ең өзекті мәселесі. Жастар – елдің болашағы, тірегі. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіне селқос қарауға болмайды.

Тәуелсіз мемлектіміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаттарының бірі - еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуы, оның әлемдік білім кеңістігінен орын алуы. Бұл ұлттық білім беру жүйесін жаңа арнаға бұруды, нәтиже мен сапаға бағыттауды, сондай-ақ бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу қажеттілігін міндеттейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [109] азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымы екендігі атап көрсетіліп отыр.

Тәуелсіз еліміздің азаматын парасатты да білімді, мәдениетті де саналы етіп тәрбиелеп, дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, қалың көпшілік бірлесе күш салу керек. «Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді», - дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді.

Адам баласының бүкіл адами асыл қасиеттері отбасында беріліп, бүкіл ғұмырына негіз болады. Отбасында берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің сақталуы, о бастан қастерлеп келе жатқан отбасылық құндылықтарымыздың бағасы заман ағымымен жойылмаса да орынды бағаланбай, көп жағдайда ескерілмей тасада қалып жатқан жайы да жоқ емес. Әлі де ата мен әже бар, отбасылық құндылықтың қайнар көзі бар. Әйтседе қоғамдық санаға әсер ететін сыртқы факторлар мен күн сайын артып жатқан ақпарат көздерінің көптігі отбасылық тәрбие мен ұлттық тәрбиені емес, жеке тұлға болуды алға тарта отырып эгоцентризмге жетелеп жатыр. Отбасын құрса да ажырасу, баланы алдыру немесе балалар үйіне өткізу белең алып, қоғамда адамгершілік рухы жойылу үстінде.

Тәрбие ұғымына анықтама бере отырып өзіміз де тәрбиенің бастапқы мәнінің өзгергенін байқаймыз. Аға ұрпақтың жас ұрпаққа қалдырған асыл мұра, қазынасы деп анықталатын тәрбие қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісі деген анықтамаға ие. Мұның өзі тәрбиенің мақсаты жаңа заманға сай, өз ойын ашық жеткізе алатын, бәсекеге лайықты, өз құқығын қорғай алатын тұлға қалыптастыру екендігін білдіреді. Десек те, әр ел өзінің саясаты мен ұлттық идеологиясы негізінде білім беру мен тәрбиені қадағалауға қауқарлы. Ендігі мәселе тәрбие бағытын анықтау.

Тәрбие теориясы мен педагогикалық заңдылықтарды, әлемдегі болып жатқан тенденциялар мен реформалар, заманауи қоғам мен еңбек нарығының сұранысын зерттеп саралай келе, тәрбиенің негізгі мақсаты адами капиталды дамыту болу керек деген тұжырымға келеміз.

Адами капитал дегеніміз не?

Адами капитал – жұмыскердің еңбек ету мүмкіндігін, олардың еңбегінің жемісті болуын, еңбек өнімділігі мен сапасын көтеретін білім, біліктілік, ілім, тәжірибе нысанында адамдарға салынатын капитал. Адами капитал заттық (жеке) капиталдан: сатылмауымен, сатылып алынбаушылығымен, тек қана адам капиталы жасаған қызметтер ғана сатылатындығымен дараланады.

Адам капиталын құру үшін материалдық қаражат жеткіліксіз, осы капиталды иеленушінің еңбегі, сонымен қатар отбасы мен қоғамның рухани және мәдени салымдары қажет.

Адамзаттың алдыңғы қатарлы ақыл-ойы да ХХІ ғасырдың білім мен интеллект ғасыры болатындығын әлдеқашан айқындап қойған. Яғни, біз өмір сүріп отырған ғасырда мемлекетіміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын, бір сөзбен айтқанда, қоғамымыздың болашақ дамуын интеллектуалды адами капитал айқындайтын болады.

Сарапшылардың айтуынша, бүгінгі өскелең экономиканың ерекшелігі кәсіпорындардағы жоғары адами капиталға тәуелділігінде болып отыр. Мәселен, қазіргі таңда компанияның құнын бағалайтын мамандар ең алдымен, кәсіпорын қызметкерлерінің адами капиталының әлеуетіне басымдық береді. Олардың зерттеулері бойынша, компанияның нарықтық құнының 75 пайызы оның қызметкерлерінің білімі мен интеллектісіне тәуелді екен.

Бала біліміне аса көңіл аударып, тәрбиесіне бейжай қарасақ ертең ол білікті бірақ жүрексіз маман, ақылды бірақ азғын басшы, яки үздік көшбасшы бірақ халқына жаны ашымайтын жауыз болмасына кім кепіл.

Балаға жастайынан тәрбие беріп, ешкімнің ала жібін аттамауға үйретсек, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге, халқына адал болуға, Отанын сүйіп, қастерлеуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға үйретсек, алайда білімі таяз, әлемдік бәсекеге лайық болмаса тағы да жас қыранның қанатының қырқылғанымен пара-пар болмақ.

Әрбір елде балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастыру нақтылы мәселелер мен әдістердің бірі болып қарастырылады.

Мұғалім қандай адамды қалыптастыратынын дәл білуі керек. К.Д. Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізуі тиіс.

БІ. Алтынсарин «өмірдің негізгі мәні — еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу - кісіліктің басты



белгісі» – деп еңбек тәрбиесінің маңызын көрсеткен болатын. Абай Құнанбайұлы талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, маңтаншақтың, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады.

Қазақстан Республикасында халыққа білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны бүкіл дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, Қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу.

Жаңаша білім берудің негізгі мақсаты - еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп құру. Олардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы азамат боп жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты. Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазға артылатын сенім жүгі салмақты.

Елде орын алып жатқан паракорлық, сатқындық, әділетсіздіктер мен адамдық нормалардың сақталмауы маман бойындағы білім мен тәрбиенің таразысын тең ұстамауынан деуге болады. Сол себепті де, ел болашағы саналатын, еліміздің ертеңін айқындайтын бүгінгі жастарды оқыту мен тәрбиелеуде негізгі мақсат адами капиталды қалыптастыру десек жарқын болашаққа жол табамыз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы.

Көп жағдайда білім мен ғылымды ажыратпаймыз, бұл екеуін бір деп қараймыз. Әрине бұл екеуі бір-біріне өте жақын, дүниетаным нәтижесі. Бірақ, бір емес. Біріншіден, ғылым білімнен кейін дүниеге келді. Оның бастауы адам баласы тарихымен байланысты, және әр елде, әр этноста түрлі жағдайларға байланысты қалыптасып, дамыған. Ғылым тек ХҮІІ ғасырда дүниеге келді. Егер білім жәй бір нәрсені көріп қалудан, естуден басталатын болса, ғылым олай емес. Әлемді пассивті қабылдау арқылы емес, объектіні активті байқаудан, пайымдап зерттеуден басталады. Ғылым негізінде қызығу, ішкі байланыстарын, олардың себеп-салдарын ашу жатыр. Бірақ, бұл оңай процесс емес, өмір бойы білім әр нәрсенің сыртқы көрінісі, себеп-салдарына байланысты болып, соны байқауымен шектелетін болса, ғылым олай емес, әр нәрсенің ішкі механизмін ашу арқылы жүргізіледі. Ол үшін оны тудыратын себеп те басқа болуы тиіс. Ежелгі көшпелі қазақ елінде білім шарықтап дамыды. Ел сөзден неше түрлі ой өрнектерін құрды, даналық ойлар айтты, бір сәтте суырып салып өлең шығаратын «айтыс» өнерін дүниеге әкелді. Бірақ, ғылым болмады. Оны қажет ететін жағдай туындамады. Тұрмысқа қажетті бұйымдарды көрші елдерден алып отырғандықтан, халқымыз өз тұрмысын, көшпелі өмірін — қанағат етті. Батыс елдеріндегідей күн тәртібіне өткір қойылмады. Мыңдаған жылдар қалыптасқан дәстүр, үйреншікті әдет өмір салтына айналды. Сонымен, бір замандарда әлемге зор билігін жүргізген, мәдениетін таратқан көшпелі бабалар

ұрпағы қазақтар көп жағынан артта қала бастады. Қазаққа ілгері көтерілуі үшін ғылым керек болды. Н.Г. Чернышевский айтқандай «якуттарды оқытсақ, олар да ағылшындардан кем болмайды» деген жағдай қазақтарға да тән еді.

Білім көру, есту, байқау арқылы, сондай-ақ үйрету, түсіндіру, оқыту тәсілімен қалыптасады. Ол үшін ынта, қызығу, ыждағаттық, ес қажет. Білімнің түрі – көп. Білім алу да оңай емес. Халық білім алуды «инемен құдық қазу» дейді. Ғылым білім алудан күрделі. Ол үнемі ізденісті талап етеді, жаңа әдістер мен жаңалық ашу міндетті. Дым өзгеріссіз бұрынғы жолмен жүру ешқандай нәтижеге апармайды. Алайда тағы бір есте сақтайтын жайт ізденіс пен зерттеу жұмыстары барлық жағдайда сәтті бола бермейтіні. Сол себепті болар ғылым жолына түскен кез келген адам ғалым бола бермейді. Кейде ізденіске түскен ғалым тәжірибесінен керек қорытынды жасай алмай сергелдеңге де түседі. Кейде нәтижеге жете алмай өмірден өтуі де мүмкін. Бірақ, ондай еңбек адамын ғалым емес деп те ешкім айта алмайды. Өйткені, оның жасаған еңбегі бар. Мүмкін таңдаған әдісі сәтсіз, немесе қателікке де бой алдыруы мүмкін. Дегенмен де, болжамның теріске шығуы да нәтиже. Ол да өз кезегінде өзге зерттеуге себепші болып, өзге ғалымға бастама болуы мүмкін. Ғылымдағы әрбір жаңалық бір-бірімен тығыз байланысты. Өзге ғалымның еңбегін оқымай, өзге ғылыми теорияларды білмей ғылымнан орын табу мүмкін емес. Ғылымдағы сабақтастық өте терең. Өзгенің еңбегін оқи отырып оны өз еңбегінде пайдалану ғылыми сабақтастық болса, авторсыз пайдалану ұрлықпен пара-пар. Сол үшін де авторларға сілтеме жасау аса маңызды. Әрбір ғылым саласында көрнекті ғалымдардан құралған ғылыми мектептер бар. Ғылыми мектеп бұл ғалымдардың бір мәселе төңірегінде зерттеу жұмысын жүргізуі. Ғылым бұл тұнып тұрған шығармашылық іс-әрекет. Адам өміріндегі іс-әрекеттің ең күрделісі оқып, білім алу. Бұл үлкен ыждағаттылықты, ынта мен жігерді қажет етеді. Осы тұста «Дүние азабын көрмесін десең, балаңды білімге, кәсіпке баулы» – дейді Жүсіп Баласағұн.

Білім мен ғылымның аражігін ажырату өте күрделі. Ғылымның бәрі білім, бірақ, білімнің бәрі ғылым емес. Білімнің ғылым болуы үшін объектінің сыртқы байланысын байқау жеткіліксіз, оның ішкі заңдылығын ашу керек. Заңдылығы ашылмаған, тек себеп-салдарға негізделген білім ғылым емес. Ол өткенді талдап, болашақты айқындап айта алмайды. Әрине, бір нәрседен бір нәрсе болатынын байқау қиын емес, ол – білім. Бірақ ол әлі ғылым емес. Бәлкім содан болса керек Ю.М. Давид себеп-салдар дүниеде жоқ, ол тек санада қалыптасқан дегені [179]. Бірақ, мәселе олай емес. Себеп-салдар әлемде бар құбылыс. Тек оның заңдылығын ашу қажет. Ол ғылымға тән. Білім оны тек сезеді, бірақ ашпайды.

Білім таным арқылы ғылымға ұласады. Ғылым табиғатқа екпінді араласады, оның даму барысында әсер етеді, объектіні өзгертеді, жаңалық ендіреді. Ғылым – шығармашылық. Білім танымнан басталады, таныммен шектелетін болса, ғылым танымнан басталып объектінің ішкі құрылымын ұдайы қарастырып, жаңалық ашады. Бұл мәңгі процесс, ілгеріге ұмтылыс.

Сонымен білім үйренуге, есте сақтауға негізделген болса, ғылым байқаудан, таңданудан басталып, тәжірибе жасауға шығармашылыққа негізделген.

Ғылым мен білімнің мәнін ажыратқан мен, білім беру ісінде оларды ажыратпай қатар ұстау қажет. Себебі ғылыми ізденіс объективті ақпарат алуға, одан соңсапалы білімге жетелейді. Білім сапасын арттыру үшін ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру аса маңызды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары – қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, ғылыми топшылауларды тексеру, табиғат пен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми ізденістермен байланысты ғылыми сипаттағы жұмыстар, талдамалар.

Ғылыми дәлелденген теориялар ғана қолданысқа еніп, білімге айналады. Ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы жаңа заңдылықтар ашылып, жаңалықтар пайда болады. Білім көкжиегі кеңейіп, дүниетаным мен ойлау өрісі дамиды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына баланы жастайынан дағдыландыру арқылы баланың бойында ақпаратты саралай білу, талдай білу, объективті ақпаратқа жүгіну, білімнің түп тамырын анықтау, әр түрлі ғылым саласынан хабардар болу, зерттеу жұмысын ұйымдастыра алу, өздігімен жаңа эксперименттер жасау, жаңалық ашу сынды біліктер мен дағдыларды қалыптастырамыз [145].


Мектептерде ғылыми жұмыстар жас ерекшелігі мен баланың қызығушылығына, шығармашылығына қарай ұйымдастырылып, ынталандырылып отырады. Білім сапасын арттырудағы негізгі құрауыштардың бірі болып табылатын ғылыми іс-әрекет болашақта нағыз ғалымдардың пайда болуына, ғалым болмаса да қандай да бір білімнің бастауы ғылымнан екенін түсінетін, жалған ақпаратты аңғара алатын, тек сенімді әдебиеттерге жүгінетін, саналы азаматты қалыптастыруға септігін тигізбек. Осылайша өзекті болып табылатын бұл құрауыштан әлемдегі білім сапасы дамыған елдердің де назары тыс қалмаған.

Елдегі қаржының басым бөлігі ғылым мен білімге бөлінетін дамыған елдерде жыл сайын ғылыми зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар, білім саласында енгізілгелі отырған кез келген реформаларды ендірмес бұрын ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып, қордағы ақшамен қамтамасыз етіліп отырады. Қазіргі таңдағы жүлдегер елдердің барлығы білім беру жүйесін қанағаттанарлықсыз деңгейден үздік деңгейге жеткізгенше жүйелі жұмыс атқарған. Сол себепті орта білім беру жүйесінде балалардың бойында ғылыми зерттеушілік құзыреттіктерді қалыптастыру аса қажет. Балалардың бойында ғана емес, жалпы орта білім беру жүйесінің өзін зерттеу, салыстырмалы талдаулар жасап, дамыту білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Білім беру саласы күрделі жүйе. Күрделі жүйені ғылымсыз дамыту мүмкін емес. Білім сапасын арттыру үшін білім беріп отырған әрбір ақпарат үлкен зерттеу нәтижесінде туындап отыруы тиіс. Тіпті мұғалімнің әрбір сабағы

зерттеліп, ғылыми тұрғыда дәлелденіп, содан соң барып балаға жетуі тиіс. Бұл ендігі тиімділігі дәлелденген, білім сапасы дамыған елдердің тәжірибесінде әлдеқашан орын алған үрдіс.

Орта білім беретін мектепте мұғалім сабақ өту үшін сабақ жоспарын дайындайды. Сабақ жоспары тұтас бір пән бойынша бір тақырып төңірегінде жасалады. Сабақ жоспарында ұйымдастырушылық кезең, яғни мұғалімнің амандасып жаңа тақырыпты хабарлауынан бастап топқа бөлуі немесе қандай әдіс қолданатыны, қандай мақсаты бары, қандай құзыреттіліктерді қалыптастыруды қалайтыны, күтілетін нәтиже мен кері байланысты ұйымдастыруына дейін сипатталады. Тіпті осы сабақ жоспарын жасауға арналған бекітілген үлгі бар. Алайда сабақ жоспары тақырып аясында жүргізілген зерттеуді сипаттамайды және зерттеу жүргізуге жетелемейді (8 – сурет).



Сурет 8 – Білім берудегі ғылыми зерттеу жұмысының рөлі

Білім сапасы бойынша алдыңғы орынды иеленіп келе жатқан Корей мемлекетінде әр пәннің әрбір тақырыбына зерттеу жүргізіледі. Зерттеу деген не? Зерттеу деген белгілі тақырып аясында барлық ақпараттармен танысу, сараптау, талдау, салыстыру, жаңа идея арқылы болжам құрып, оны тексеру, эксперимент жүргізу. Сабақ тақырыбын зерттеу арқылы көптеген тың ақпаратқа қол жеткізуге болады. Осы ақпараттың барлығы, зерттеу жұмысының барысы түгелімен сипатталған жоспар мұғалімге ұсынылады. Әрі сол жоспар бойынша мұғалімге кеңес беру сағаты бар. Бұрыннан да өте тәжірибелі, білімді

кадрларды жинақтайтын білім ордасы мұғалімге осындай қолдау көрсету арқылы негізгі мақсаты балаға сапалы білім беру екенін білдіреді.

Білім сапасын арттыруда басқару сапасының маңызы.

Қазіргі білім берудің жаңашыл бағытының өзгеруі, қоғамға жоғары білімді, рухани-адамгершілігі мол, өздігінен шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа кабілетті, бейімділігі мен жауапкершілік сезімі биік адам қажет екенін айқын білдіріп отыр. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модель керек. Білім берудегі басқару немесе педагогикалық менеджмент адамдардың өзін-өзі дамыту, еркіндік және шығармашылығын дамыту болып табылады.

Менеджмент ұғымы – бұл адамдардың ынтымақтастығы, бұл адамдардың қарым-қатынас әдісі. Осы жерде өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту үрдісі ретінде педагогикалық менеджменттің ықпалын көруге болады. Педагогикалық менеджменттің бірқатар ұстанымдары бар:

1. Адамды сыйлау және оған сенімділікпен қарау;
2. Адамдарға тұлға ретінде қарау қағидасы;
3. Ынтымақтастық әрекеті немесе басқарудан қарым-қатынасқа көшу;
4. Үздіксіз кәсіптік білімін көтеру, мұғалімге ықпал жасау қағидасы;
5. Мұғалім жұмысын бағалау қағидасы.

Бұл қағидалар педагогикалық менеджментте бірқатар нақты талаптар қояды. Олар төмендегілер:

– адамның жеке басының беделін құрметтеу, адамның құқығы мен мүмкіндіктерін мойындау;

– адамға сену, оның өзін-өзі тануы және мүмкіндіктерін ашып көрсету үшін жағдай жасау;

– өзара құрмет негізінде сенім қалыптастыру;

– бастамашылдықты, шығармашылық бейімділікті, ұжымда өз орнын таба білуді қалыптастыру;

– жетістікті, мектептің ісіне әркімнің қосқан жеке үлесін мадақтау;

– адамға құрмет және сенім - басқарудағы ізгіліктің ең жоғары көрінісі;

– адамдарға тұлға ретінде қарау қағидасы. Мұнда педагогикалық ұжымның әр мүшесін жай ғана қызметкер, мұғалім деп емес, оны бүкіл қызмет кезеңіндегі қажеттіліктерімен, мақсаттарымен, бастан кешіретін қобалжуларымен бірге тұлға деп қарастырған жөн. Мұғалім де баланы оның үлгірімі тұрғысынан ғана оқушы деп қарамай, тұлға ретінде қарастыруы шарт. Тіпті, оны баланың бойындағы барлық нәрсе қызықтыруы тиіс: оның оқуы, дамуы, қызығуы, қоршаған ортасы, тұрмысы, т.б.

Ең бастысы, менеджердің қызметіндегі негізгі міндеттердің бірі – педагогтерді біріктіре, жұмылдыра білу. Барлық қағидалардың мәні - мұғалімдердің кәсіби қызығуын қолдау, өз әрекетіне сенімділігін ояту. Ол үшін мұғалімдердің кәсіби өсуіне мүмкіндік жасау, семинар, конференция, педагогикалық оқу-байқауларға қатысуға мүмкіндік беру керек.

Білім менеджерінің кәсіби іс-әрекеттері, менеджердің жұмыс орнына, басқару жүйесіне және т.б. көрсеткіштерге негізделеді. Менеджердің жалпы кәсіби іс-әрекеттеріне:

- басқару;
- ұйымдастыру;
- жоспарлау;
- тестілеу;
- аудит жүргізу;
- болжау;
- маркетингілеу;
- мониторинг жүргізу;
- жобалық зерттеушілік;
- диагностика;
- сараптамалық-аналитикалық және т.б. іс әрекеттер жатады.

Менеджердің іс-әрекеттері тізбегінде алғашқы болып аталатыны ол басқарушылық және ұйымдастырушылық. Сол себепті де менеджерлік қасиет десе бірден санаға басқарушылық-ұйымдастырушылық қасиеттердің оралатынын сөзсіз. Ендеше менеджерлік қасиеттің құрамдас бөлігі ретінде басқарушылық-ұйымдастырушылық қасиеттерге тоқталсақ.

Білім беру мекемелерінде негізге алынып жүрген Ю.К. Бабанскийдің, П.Т. Фроловтың, В.А. Сластениннің оқу құралдарында көрініс алатын басқару қызметінің жүйесі:

1. жоспарлау;
2. ұйымдастыру;
3. ынталандыру;
4. бақылау;
5. нәтижелерін талдау.

Мектеп басшысы ең алдымен, басқару процесін емес, керісінше соңғы нәтижені бақылауы тиіс. Немесе, басшы мектеп пен мұғалімнің жұмысын көрсеткен нәтиже бойынша тексеруіне болады. Мұндағы мақсат - тексерілуші объектінің тәжірибесін анықтау және жетілдіру. Мұндай жағдайда мектеп басшысының басқару жұмысының тиімділігі мектеп басқарудағы жұмыс сапасының денгейін арттыруымен және оқушыны тұлға ретінде қалыптастырудағы маңыздылығымен ерекшеленеді.

«Басшылық жасау – бұл да басқару, бірақ адамның адамды басқаруы», - деп Э.И. Моносзон өте орынды айтқан. Байқап қарасақ, педагогикалық басшылық жасау педагогикалық үрдісте адамдар арасындағы ұзақ қарым-қатынасты негізге алады. Педагогикалық басшылық жасаудың ерекшелігі де осында, ол әлеуметтік қызмет болып анықталған оқыту мен тәрбиелеуді іске асыратын адамдардың іс-әрекетіне бағытталады.

Басқару жалпы білім беретін мектептегі сияқты кез келген динамикалық жүйеге тән. Мектепті басқару – ол тек мектеп әкімшілігінің іс-әрекеті емес, ол мектеп құрылымын байланыстыру тәсілі, оның тұтастығы және ортамен өзара қарым-қатынасының сипаттамасы. Басқарудың осы, ішкі және сыртқы

байланыстары мен қарым-қатынастары мектептің интеграциялық жүйесінің тууына себепші болады.

Білім берудегі басқару қызметі мынадай қағидаларды ұстанады:

1. басқарудың жариялылық қағидасы (оқу орнының алдына қойған мақсатына жетуі үшін барлық ұжымды қамтуды көздейді);

2. басқарудың экономикалық қағидасы (басқару шешімдерін жүзеге асыру, қабылданған шешімге және олардың тепе-теңдігіне байланысты қаржы ресурстарының шығынын анықтайды және қаржыландырудың көздерін іздестіреді);

3. оңтайлы инновациялық қағидасы (стандарттық басқару мәселелеріне жаңа, қолайлы жағдайды іздестіреді, оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастырады);

4. әлеуметтік қағидасы (ұжымның әлеуметтік мәселесін шешуге бағытталады);

5. басқарушының құзырлық қағидасы (басқарушының кәсібилік жағынан барлық деңгейдегі басшыларға қойылатын талаптың бірте-бірте өсуін пайымдайды).

Басқарушылық-ұйымдастырушылық қызметтің негізгі жетістігі бұл білім сапасының артуы болмақ. Яғни негізгі мақсат білім сапасын арттыру деп айтсақ жаңылыспаймыз.

Кейбір ғалымдар «білім сапасын арттыру» мәселесін қоғамның әлеуметтік жағдайын арттырудың шарты ретінде қарастырған. Мысалы, сол ғалымдардың қатарына жататын Л.М.Федорьяк «қазіргі таңда білім беру мәселесі, адамның кәсіби және стратегиялық дамуын анықтайтын негізгі фактор болып табылады» деген тұжырымға тоқтаған.

Білім сапасы адамның білімді меңгеруімен түрлі іс-әрекетте қолданудың көп жақты талдауы нәтижесінде айқындалады және толықтық, тереңдік, жүйелілік, шапшаңдық, икемділік, нақтылық, түйіндеу сипатына ие болады.


Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі (БСБҰЖ) - білім сапасының білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекет сұранысына сәйкестігін анықтау тәсілдерінің, түрлерінің, рәсімдері мен институционалдық құрылымдарының жиынтығы. Мақсаты - отандық білім жүйесімен Қазақстан Республикасы мамандарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығында білім сапасына қол жеткізу.

Оқушылардың оқу жетістігін сыртқы бағалау тестілеудің стандарттық рәсімдері негізінде жүргізіледі. Барлық деңгейдегі білім сапасын бағалау мен мониторингін енгізу және оны жүзеге асыру, оларды жүйелі түрде жетілдіру және халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру, сондай-ақ аумақтық және мемлекеттік деңгейде білім беру ұйымдарының рейтингін анықтау БСБҰЖ шеңберінде жүзеге асырылады.

Пайымдауымызша ғалымдар «білім сапасы» ұғымын қоғамдағы білім процесінің нәтижесі мен қалпын, оның даму барысында қоғам сұранысына

сәйкестігін тұлғаның азаматтық, әлеуметтік, кәсіби құзіреттілігін қалыптастырып-дамытатын әлеуметтік категория ретінде түсіндірген.

Білім сапасы білім беру ұйымының әртүрлі аспектідегі оқыту іс - әрекетін сипаттайтын көрсеткіштердің жиынтығы негізінде анықталады. Мысалы оларға: білім берудің мазмұны, оқытудың әдіс-тәсілдері мен формасы, ұйымның материалдық-техникалық базасы, кадрлар құрамы және т.б. жатады. Білім сапасының қалыптасуына түрлі факторлар әсер етеді (9 - сурет).



Сурет 9 – Оқушы түлектің білім сапасына әсер етуші факторлар

Білім берудегі басқару білім беру ісінің дұрыс жүруіне құзырлы түрде жауап беретін жүйе. Білім сапасын арттыруда білім сапасына әсер ететін әрбір фактордың оң ықпал етуі, сапалы жұмыс атқаруы жүйелі басқарылып, білім беру жүйесі сапалы басқару жүйесімен қамтамасыз етілсе білім сапасы да артар еді.

Сапалы басқаруды қамтамасыз ететін мектеп басшысына қойылатын талаптарды төмендегідей топшылауға болады:

1. Білім беру бағдарламасын жетік меңгеру;
2. Білім стандартына сай мақсат-міндеттерді айқындау;
3. Жүйелі педагогикалық процесті ұйымдастыру;
4. Жағымды педагогикалық ахуал орнату;



5. Тиімді басқару стилін ұстану;
6. Білім сапасына әсер етуші факторларды үнемі жетілдіру;
7. Сапалы біліммен қамтамасыз ету.

#### Материалдық-техникалық база сапасы

Бүгінгі таңда мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту арқылы білім сапасын арттыру, оны сапалы деңгейге жеткізу, экономиканың жаңа сапасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде білім берудің маңызын арттыру мәселесі өзекті болып отыр.

Жалпы білім беретін мектептерде оқу – тәрбие жұмысының табысты өтуі материалдық-техникалық базасына тығыз байланысты. Материалдық-техникалық база бұл тек оқу құралдары емес, түгел білім ордасының жабдықталуы. Оның ішіне түрлі кабиенттерден бастап ондағы жиһаздар, оқытуға қажетті көрнекі құралдар, техникалық құралдар, лабораториялық құралдар т.с.с. жатады.

Білім қоғамның айнасы. Заман талабына сай білім ордасының жабдықталуының өзгеруі заңдылық. Жаңартылған білім деп тек білім мазмұнын өзгертіп қою үлкен қателік. Себебі, білім ең алдымен баланың ынтасы арқылы және баланың қызығушылығының оянуы нәтижесінде ғана жүзеге асады. Қазіргі ғаламтор қарыштап дамып тұрған ақпараттық заманда балаларды жалаң сөз, сылдыр біліммен қызықтыру мүмкін емес. Олар жастайынан мектепті таңдап, тіпті мұғалімді де таңдап алғысы келеді. Оларға қара тақта мен ақ бор тым қарапайым дүние іспетті. Қазіргі таңда балалар смарт кабинетте білім алып, электрондық тақтада жазуды қалайды. Электрондық оқулықпен білім алып, білім беру процесінің жаңартылған оқыту технологиялары арқылы жүргізілгенін күтеді. Цифрлық қоғамда бұл айтылып отырған дүниелер қол жетпес арман емес.

Білім беру жүйесі дамыған алдыңғы қатарлы елдер білім ордаларын осындай материалдық-техникалық базамен қамту арқылы білім алушылардың жоғары қызығушылығына қол жеткізіп отыр.

Мектептің материалдық-техникалық базасы бірнеше өзара байланысты бөліктерден тұрады. Бұл кешенге: мұғалім мен оқушының жұмыс орны көрсетілген жұмыс кабинеттері, көрнекілік құралдар, оқу-әдістемелік құралдар және оқу құралдары, ақпаратты беруге арналған арнайы құралдар, мектеп пен кабинеттің жабдықтары жатады.

Мектептегі материалдық-техникалық базаның сапасы тек білім сапасына емес, баланың денсаулығына да әсерін тигізеді. Сол себепті ол санитарлық эпидемиялық талаптарға сай болуы тиіс.

Мектептегі парталар мен орындықтар бала денсаулығына оң ықпал етуі, жасерекшелігіне сай болуы, физикалық дамуына кедергі келтірмеуі тиіс. Баланың денсаулығы мен физикалық дамуына жол ашатын сапалы спорт зал мен спорттық кешендер, алаңдар болуы шарт.

Материалдық-техникалық база әрбір балаға ақпаратты жеткізуге, оңай кері байланыс орнатуға, ақпаратпен жеңіл жұмыс жасауға және сол арқылы оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мектептің ең басты

жетістігі – білім сапасы. Білім сапасы ең алдымен білім беретін мекеменің ресурсына тәуелді, бұл ең әуелі басқарушының дұрыс кадр таңдау саясаты, сонымен қатар балалардың денсаулығын сақтауға бағытталған әрекеті және мектептің материалдық-техникалық базасы.

Мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ойдағыдай ұйымдастыру үшін басшы лайықты материалдық-техникалық база жасауы қажет. Мектепті заманауи компьютерлік желімен, Интернет желісіне қолжетімділікпен жабдықтау; санитарлық-гигиеналық нормаларды, қауіпсіздік талаптарын және өрт қауіпсіздігі нормаларын ескере отырып, компьютерлік сыныпты және мектептің басқа кабинеттерін жабдықтау; асхананың жұмыс режимі; жиһаздар мен ыдыстардың санитарлық-гигиеналық және эстетикалық нормаларға, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, мектепте жеке тұлғаның шығармашылық өзін-өзі дамытуға, балалардың денсаулығын сақтауға және дамытуға көмектесетін жағдай орнатуы тиіс. Материалдық-техникалық базаны жақсарту білім беруде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болатын жағдайлар жасауға бағытталған. Білім беру нәтижелері деп оқушының білім мазмұнын меңгеру процесіндегі жеке жетістіктері, оның табысы мен тұлғалық өсу дәрежесінің көрінісі түсіндіріледі.

Оқу-материалдық-техникалық базаның қазіргі құрылымын шартты түрде үлкен модульдердің төрт құрамдас бөлігіне бөлуге болады (10 - сурет):



Сурет 10 – Материалдық-техникалық базаның құрылымы

Қазіргі заманғы білім беруді электронды оқулықтарсыз, анықтамаларсыз, тапсырмалар жиынтығынсыз, оқыту және модельдеу бағдарламаларынсыз, аудиомәтіндер мен бейнематериалдарсыз, баспа плакаттарсыз, кестелер мен транспаранттарсыз, оқу үлгілері мен табиғи нысандарсыз елестету мүмкін емес. Осының барлығы оқу көрнекі құралдарының бірінші модулін құрайды.

Екінші модуль оқу жабдықтары екі үлкен блоктан тұрады: оқу жабдықтары және техникалық оқу құралдары. Оқу жабдықтары оқу экспериментінің түрлеріне қарай жіктеледі: демонстрациялық және зертханалық. Өз кезегінде, зертханалық жабдықтар шартты түрде фронтальды зертханалық жұмыстарға арналған жабдықтарға және семинарларды өткізуге арналған жабдықтарға бөлінеді. Оқу жабдығына оқу экспериментін жүргізуге көмектесетін қосымша және көмекші құрал-жабдықтар кіреді: әртүрлі қысқыштар, фондық экрандар, штативтер, көтеру үстелдері, микроскоптар, интерфейстік компьютер интерфейс блоктары, электрондық датчиктер және физикалық және химиялық шамалар туралы ақпаратты өңдеуге арналған құрылғылар, оқыту экспериментінде қолданылатын бейне техникалық құрылғылар және т.б. Қосымша жабдықтар шартты түрде физикалық және химиялық шамалар туралы мәліметтерді тіркейтін көрсеткіштерге және оқу экспериментін құрастыруды, реттеуді және автоматтандыруды қамтамасыз ететін басқару объектілеріне бөлінеді.

Үшінші модуль – техникалық оқыту құралдарын дәстүрлі техникалық оқыту құралдары және жаңа ақпараттық оқыту технологияларының техникалық құралдары деп бөлуге болады. Дәстүрліге мыналар жатады: үстеме проекциялық аппаратура, эпипроекциялық және графопроекциялық құралдар. Оқытудың жаңа ақпараттық технологияларының құралдары қазіргі заманғы компьютерлік техника және бейне техникалық жүйелер болып табылады. Оқу процесін әкімшілік-шаруашылық басқарудың техникалық құралдары – мыналарды қамтиды:

- білім беру телекоммуникация желілерінің құралдары (жергілікті – оқу орны ішінде; аймақтық және аймақаралық – оқу орындары мен оқу орталықтары арасында);

- ішкі және сыртқы телерадио хабарларын таратудың білім беру жүйесінің құралдары;

- бұқаралық мәдени ағарту іс-шараларын өткізуге арналған техникалық құралдар;

- оқу ғимараттарын бейнебақылау жүйелерінің құралдары: авариялық хабарлау, өрт және ұрлық дабылы құралдары .

Төртінші модуль – мамандандырылған оқу жиһазы және ұйымдастыру техникасы мыналарды қамтиды: оқу-зертханалық үстелдер мен орындықтар, оқу құралдарын сақтауға арналған шкафтар, сынып тақталары, қайталайтын баспа жабдығы және т.б.

Материалдық-техникалық база білім беру мекемесінің жұмыс істеуі мен дамуының қажетті шарты болып табылады. Заманауи оқу және спорттық құрал-жабдықтармен, ақпараттық-техникалық құралдармен материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту – білім беру мекемесіне қойылатын заманауи талаптар. Мектепте оқу үдерісін заманауи компьютерлік техникамен қанықтыруға, сондай-ақ АКТ-ны дамытуға және пайдалануға ерекше көңіл бөлініп, мектепте оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін барлық қажетті

материалдық-техникалық жағдайлар жасалғаны білім сапасының артуына септігін тигізеді.

Жоғарыда аталған білім сапасының құраушылары көптеген елдердің тәжірибесінде ғылыми негізделіп, маңыздылығы айқындалған. Сол себепті, еліміздің білім сапасын арттыру мақсатында тиімді ұйымдастыру маңызды.

## 2.2 Орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді ұйымдастыру

Әлемдік тәжірибеде орта білім беру сапасын арттыру мақсатында ішкі резервтерді жүйелі ұйымдастыру кең таралған. Осы тұста ішкі резерв сөзінің мағынасы мен білім беру жүйесіндегі орнын анықтап алу қажет.

Қазақша энциклопедияға үңілер болсақ, [146] резерв сөзі «сақтаймын», «жинаймын» деген латын сөзінен алынғандығы, белгілі бір дүниенің пайдалануға аса қажеттілік туған жағдайда жұмсау үшін сақталатын ресурстар, сақтау қоры екендігі айқындалады. Ендеше резерв – бұл белгілі бір жинақ, қосалқы қор. Қажетке жарап қалуы мүмкін басы артық бір нәрсенің болуы. Қажетті жаңа материалдарды, күштерді алатын көздер. Резервтің құрамына қарай түрлері көп. Көбіне экономикалық термин болып табылатын бұл терминнің өзге анықтамасы емес, зерттеуге қатысты қолданылу аясына тоқталар болсақ, жалпы білім беру жүйесіндегі резервтер білім беру мекемесінің қолда бар әлеуметтік мүмкіндіктерін, материалдық-техникалық құралдарын, кадрлық резервін аңғартады.

Демек, біздің пайымдауымызша, ішкі резерв дегеніміз белгілі бір білім беру мекемесінің қолында бар жинақталған қоры, мүмкіндіктері.

Орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыру маңызды. Мемлекеттік деңгейде алар болсақ, ішкі резервке жалпы білім беретін мектептер, жалпы білім беретін мектептердегі педагогтер, педагогтердің біліктілік деңгейі, орта біліммен қамтудың коэффициенті, мемлекеттік мектептердегі АКТ инфрақұрылымы, педагогикалық біліктілікті арттыруды ұйымдастыру мен оқу-әдістемелік кешенді ұйымдастыруды есепке аламыз.

Елімізде жалпы білім беретін мектептердің саны жыл санап артып келе жатыр. Төмендегі кестеде 2018-2019 оқу жылынан бастап 2021-2022 оқу жылына дейінгі еліміздегі жалпы және әр аудан мен қала бойынша жалпы білім беретін мектептердің саны көрсетілген (8 - кесте).

Кесте 8 – ҚР жалпы білім беретін мектептердің саны (бірлік)

Қала/облыс атауы	2018/19	2019/20	2020/21	2021/22
1	2	3	4	5
<b>Барлығы</b>				
Қазақстан Республикасы	7 393	7 398	7 440	7 550
Ақмола	579	575	572	569
Ақтөбе	415	418	422	426
Алматы	783	791	793	800
Атырау	203	207	208	213

## 8-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Батыс Қазақстан	392	390	388	383
Жамбыл	461	461	467	484
Қарағанды	542	537	535	530
Қостанай	523	516	507	496
Қызылорда	310	314	314	323
Маңғыстау	160	155	163	172
Павлодар	373	368	367	371
Солтүстік Қазақстан	496	486	480	474
Түркістан*	919	920	930	963
Шығыс Қазақстан	687	679	677	676
Астана қаласы	112	118	133	147
Алматы қаласы	282	290	300	317
Шымкент қаласы	156	173	184	206
Қала халқы				
Қазақстан Республикасы	2 055	2 113	2 178	2 288
Ақмола	99	99	102	103
Ақтөбе	126	135	140	143
Алматы	108	111	112	113
Атырау	73	76	80	84
Батыс Қазақстан	74	74	74	76
Жамбыл	102	106	109	114
Қарағанды	236	236	236	238
Қостанай	98	99	100	106
Қызылорда	75	79	78	82
Маңғыстау	57	55	60	66
Павлодар	93	94	94	98
Солтүстік Қазақстан	63	64	64	64
Түркістан*	119	123	129	147
Шығыс Қазақстан	182	181	183	184
Астана қаласы	112	118	133	147
Алматы қаласы	282	290	300	317
Шымкент қаласы	156	173	184	206
Ауыл халқы				
Қазақстан Республикасы	5 338	5 285	5 262	5 262
Ақмола	480	476	470	466
Ақтөбе	289	283	282	283
Алматы	675	680	681	687
Атырау	130	131	128	129
Батыс Қазақстан	318	316	314	307
Жамбыл	359	355	358	370
Қарағанды	306	301	299	292
Қостанай	425	417	407	390
Қызылорда	235	235	236	241
Маңғыстау	103	100	103	106
Павлодар	280	274	273	273
Солтүстік Қазақстан	433	422	416	410
Түркістан облысы	800	797	801	816
Шығыс Қазақстан	505	498	494	492

Орта білім берудің қол жетімділігін орта біліммен қамтудың жалпы коэффициенті арқылы есептейді. Ол жас мөлшеріне қарамастан аталған білім беру деңгейінде оқитын оқушылар санының білім берудің орташа деңгейіне сәйкес келетін теориялық тұрғыдағы жас тобындағы халықтың жалпы санына арақатынасы ретінде есептеледі [183].

Кесте 9 – Орта біліммен қамтудың жалпы коэффициенті (пайыз)

кала/аудан	2018	2019	2020	2021
Қала халқы				
Қазақстан Республикасы	119,91	117,78	117,53	116,29
Ақмола	132,71	130,14	130,28	127,89
Ақтөбе	115,99	115,85	115,57	114,48
Алматы	135,11	137,12	138,13	135,94
Атырау	125,06	117,84	120,89	117,33
Батыс Қазақстан	137,98	134,76	130,99	127,25
Жамбыл	123,02	120,67	119,48	119,16
Қарағанды	106,51	104,90	104,79	103,14
Қостанай	112,39	104,50	105,85	109,83
Қызылорда	115,96	115,04	113,19	109,57
Маңғыстау	133,28	133,86	133,56	137,73
Павлодар	112,93	111,36	112,02	110,83
Солтүстік Қазақстан	122,44	117,13	116,57	113,80
Түркістан*	129,38	128,36	121,00	118,08
Шығыс Қазақстан	114,45	111,76	112,46	111,19
Астана қаласы	116,16	114,31	114,19	113,06
Алматы қаласы	128,95	125,57	123,99	122,11
Шымкент қаласы	109,47	108,40	111,06	110,91
Ауыл халқы				
Қазақстан Республикасы	91,56	90,26	91,69	90,59
Ақмола	92,98	90,91	95,31	99,19
Ақтөбе	91,01	86,05	85,43	83,02
Алматы	97,22	97,42	100,75	101,49
Атырау	89,28	92,51	88,57	87,16
Батыс Қазақстан	84,33	82,4	82,63	81,59
Жамбыл	90,05	87,29	87,95	84,72
Қарағанды	82,94	80,43	82,94	82,25
Қостанай	78,54	80,35	82,68	75,80
Қызылорда	89,8	88,98	90,57	89,56
Маңғыстау	95,05	93,87	94,05	91,61
Павлодар	84,1	82,8	84,79	84,11
Солтүстік Қазақстан	79,04	78,24	79,02	78,64
Түркістан*	97,31	94,32	95,77	94,22
Шығыс Қазақстан	81,74	80,49	79,04	76,84

Жоғарыдағы 9 - кесте мазмұны көрсетіп отырғандай, 2019 жылдан бстап жалпы көрсеткіш кеміп отыр. Оны біз бүкіл әлемдік пандемиялық жағдаймен

байланыстырып отырмыз. Дегенмен де, жалпы орта білім берумен қамту коэффициенті ауыл халқына қарағанда қала халқында жоғары көрсеткішке ие екенін байқауға болады. Ауылдық жердегі мектептердің жетіспеушілігі, шалғай орналасқан ауылдардағы шағын жинақталған мектептердің санының жыл сайын төмендеуі мен ауылда жұмыс жасауға баратын педагог кадрлардың санының аздығы бұл көрсеткіштің мәнін түсіндіреді.

Орта білім беру сапасын арттыруда сыныптағы оқушы санының шектен тыс көп болмауы педагогтердің де санына тәуелді. Жалпы орта білім беру сапасын арттыруда педагогтердің саны мен сапасы шешуші маңызға ие (10 - кесте).

Кесте 10 – Жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің саны (бірлік)

қала/аудан	2018/19	2019/20	2020/21	2021/22
Қазақстан Республикасы	338 755	347 052	366 666	369 696
Ақмола	15 417	15 427	16 026	16 092
Ақтөбе	17 816	17 975	19 134	19 257
Алматы	39 325	41 735	44 280	44 494
Атырау	11 124	11 502	12 248	12 233
Батыс Қазақстан	14 641	14 602	15 476	15 486
Жамбыл	25 729	25 986	27 438	27 733
Қарағанды	20 342	20 575	21 443	21 391
Қостанай	13 846	13 755	14 150	14 403
Қызылорда	20 220	20 849	21 681	21 767
Маңғыстау	11 489	12 284	13 566	13 719
Павлодар	12 934	12 986	13 569	13 633
Солтүстік Қазақстан	12 035	11 769	12 109	12 249
Түркістан*	23 546	55 828	58 574	59 740
Шығыс Қазақстан	54 020	23 568	24 187	24 322
Астана қаласы	9 867	10 620	11 993	12 075
Алматы қаласы	20 529	20 959	22 763	22 791
Шымкент қаласы	15 875	16 632	18 029	18 311

Жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің санын көрсететін кестені талдасақ, ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша әр жыл сайын педагог кадрлардың санының артуын байқаймыз. Соңғы 4 жылда 30941 бірлікке артқан. Бұл өсім әсіресе мемлекеттік маңызы бар ірі қалаларда көрініс тапқан. Алайда, Шығыс Қазақстан өңірінде 2019-2020 оқу жылында педагогтердің саны күрт төмендеген. Бірақ одан кейінгі оқу жылдарында қайта өсім пайда болған. Жалпы елімізде әлі күнге педагог кадрлардың жетіспеушілігі байқалады. Осы себепті педагогикалық мамандықты дайындауға жыл сайын мемлекеттік грант саны артып отыр. Білім беру сапасы мәселесі бойынша, педагогикалық мамандықты таңдайтын студенттерге қойылар талап

та күшейтілуде. Себебі педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі білім беру сапасына тікелей әсер етуші фактор болып табылады.

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілік деңгейіне тоқталар болсақ, мұғалімдердің біліктілік жүйесі аттестацияға негізделеді және екі кезенді қамтиды. Олар: ұлттық біліктілік тесті және біліктілік санатын беру (растау) тәртібі. Цифрлық дағдылар басқа кәсіби құзыреттердің арасында біліктілік талаптары ретінде көрсетілген. Пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптары төмендегі кестеде көрсетілген (11 - кесте).

Кесте 11 – Педагог кадрлардың біліктілік деңгейлерінің сипаттамасы


Біліктілік деңгейінің атауы	Сипаттамасы
1	2
Педагог	Жұмыс тәжірибесіне талаптарсыз, мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе кәсіптік-техникалық (орта кәсіптік, орта арнаулы) білім, келесі кәсіптік құзыреттер: пәннің мазмұны, оқу үдерісі, оқыту және бағалау әдістері туралы білім, оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыра білу; оқушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал ету; білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу; білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуға жеке көзқарасты жүзеге асыру; кәсіби-педагогикалық диалог жүргізу дағдылары; сандық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.
Педагог модератор	– Мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе кәсіптік-техникалық (орта кәсіптік, орта арнаулы) білім; педагогикалық жұмыс өтілі екі жылдан кем емес, келесі кәсіптік құзыреттер: педагог біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі; оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын пайдалана білу, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жалпылау; сыныпта білім беру ұйымы деңгейіндегі олимпиадаларға, жарыстарға, конкурстарға қатысушылардың болуы.
Педагог – сарапшы	Мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе кәсіптік-техникалық (орта кәсіптік, орта арнаулы) білім, педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес, келесі кәсіптік құзыреттер: педагог-модератордың біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі; ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін талдау дағдысы; тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын конструктивті анықтау (білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің); аудан/қалалық деңгейде тәжірибені жалпылау; сыныпта аудандық/қалалық деңгейдегі олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.
Педагог зерттеуші	– Мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе кәсіптік-техникалық білім, педагогикалық өтілі 4 жылдан кем емес, келесі кәсіптік құзыреттер: педагог-зерттеуші біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі; сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдылары; студенттердің



## 11-кестенің жалғасы

1	2
	зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету, тәлімгерлікпен қамтамасыз ету және аудан/қалалық деңгейде педагогикалық қоғамдастықта даму стратегияларын конструктивті анықтау, облыс/қалалар деңгейінде Астана, Алматы, Шымкент, тәжірибені жалпылау, облыстық/Астана, Алматы, Шымкент қалалары деңгейіндегі олимпиадаларға, жарыстарға, конкурстарға сыныпта қатысушылардың болуы.
Педагог – шебер	Мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік немесе кәсіптік-техникалық білім, педагогикалық өтілі 5 жылдан кем емес; келесі кәсіби құзыреттер: педагог-зерттеуші біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі; облыстық, республикалық оқу-әдістемелік кеңесте бекітілген оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды басып шығаруға авторлық бағдарламаның немесе авторлық (бірлескен авторлық) құқығының болуы; ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету; тәлімгерлік және аймақтық деңгейде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау мүмкіндігі; халықаралық және республикалық конкурстар мен олимпиадаларға қатысу немесе сыныпта халықаралық және республикалық конкурстар мен олимпиадаларға қатысушылардың болуы.

Еліміздегі жаңа аттестаттау жүйесі бойынша 214 мың мұғалімнің біліктілік санаттары бар. «Педагог-шебер» жоғары біліктілік санаты 0,7% мұғалімдерде ғана бар (11-сурет).




Сурет 11 – Біліктілік санаты бойынша мұғалімдер, бірлік [184]

Бұл сурет бойынша педагог кадрлардың арасында біліктілікті арттыру ісін көлемді түрде жүзеге асыру қажеттігі байқалады. Педагог санатындағы


мұғалімдердің саны әлі де болса ең көп бірлікті құрайды. Ал шебер педагогтердің саны көрсеткіштер арасында ең төменгі мәнге ие.

Ақпараттық қоғамда интернет желісі өмір сүрудің барлық саласында басымдық танытып отыр. Білім беру жүйесінде де интернетпен қамтылудың білім сапасына тигізер әсері мол. Электрондық оқулықтан бастап, түрлі оқытудың инновациялық әдістері, қала берді оқушылардың функционалдық сауаттылықты игеруі жалпы білім беру кеңістігіндегі білім сапасының көрсеткіштерінің бірі болып отыр. Еліміздегі интернет желісінің жағдайына талдау жасасақ, білім беру жүйесінің статистикалық ақпараттары бойынша, барлық дерлік мемлекеттік мектептерде (99,7%) Интернет 512 Кбит/с және одан жоғары жылдамдықпен қол жетімді. Мектептердің 59%-ына тіркелген кең жолақты желі қол жетімді (12 - сурет).



Сурет 12. Интернет қолжетімді мектептер [184]

Қазақстан мектептеріндегі техникалық жабдықталуы туралы статистикалық ақпарат NEDB-де жинақталған, онда мектептер компьютерлерді, соның ішінде ноутбуктер мен планшеттерді сатып алу туралы мәліметтерді толтырады. 19.11.2020 жағдай бойынша мемлекеттік мектептердегі компьютерлердің жалпы саны 714 мыңнан асты. Компьютерлердің басым көпшілігі оқу процесінде пайдаланылады, олардың 58%-ы Интернетке қол жетімді (13 - сурет).



Сурет 13 – Оқыту мен оқу үшін пайдаланылатын Интернетке қосылу мүмкіндігі бар компьютерлер [184]

Компьютерлік жабдықтың деректерінен бастап ISCED 1, 2 және 3 бойынша бөлу ұлттық статистиканы жинақтау ерекшеліктеріне байланысты мүмкін емес, білім деңгейлері бойынша бөлу келесідей жүргізіледі: бастауыш мектептер (1-4 сыныптар), негізгі орта мектептер (1-9 сыныптар) және жалпы орта мектептер (1-11(12) сыныптар) Республика мектептерінің 12%-ында компьютерлік сыныптар бар (бастауыш – 14%, негізгі – 16%, жалпы – 12%). Сыныптағы компьютерлер көрсеткіші мұғалімдер емес, оқу үшін пайдаланылатын компьютерлерді білдіреді. Орташа алғанда бір мектепте осындай 39 компьютер бар (бастауыш мектептерде – 7, негізгі орта мектептерде – 14, жалпы орта мектептерде – 47). Интерактивті жабдыққа интерактивті тақталар, проекторлар және панельдер кіреді. Елімізде интерактивті жабдықтармен жабдықталған мектептердің үлесі 93 пайызды құрайды. Жергілікті желінің болуы туралы статистикалық мәліметтерді жинау жүргізілмейді. Қосымша ақпарат 12 - кестеде берілген.

Кесте 12 – Мемлекеттік мектептердегі АКТ инфрақұрылымы (бірлік)

Көрсеткіштер	Бастауыш мектептер (1-4 сыныптар)	Негізгі орта мектептер (1-9 сыныптар)	Жалпы орта мектептер (1-11(12) сыныптар)
Компьютерлік сыныптар саны	153	1234	14093
Мұндай сыныптардағы компьютерлер саны	881	9315	152798
Сыныптағы компьютерлер (*тек студенттер пайдаланады)			
Оқу кабинеттерінің саны	2155	8995	143612
Мұндай сыныптардағы компьютерлер саны	2584	13229	250111
Интерактивті жабдық (соның ішінде интерактивті тақталар, проекторлар және панельдер)			
Интерактивті жабдықпен жабдықталған мектептер саны	423	865	5212
Интерактивті жабдықтары бар мектептердің үлесі, %	68	89	97
Интерактивті тақталар саны	569	2096	37938

19.11.2020 жағдай бойынша елдегі оқушы/компьютер арақатынасы 6-дан 1-ге тең, бірақ әр түрлі білім деңгейлерінде, әсіресе негізгі орта мектептерде орташа мәндер өзгереді (13 - кесте).

Кесте 13 – Оқушы/компьютер арақатынасы (бірлік)

Білім беру деңгейі	Компьютерлер саны	Оқушылар саны	Оқушы/компьютер арақатынасы
Бастауыш мектептер	4319	20655	5
Негізгі орта мектептер	19860	66622	3
Жалпы орта мектептер	523393	3281425	6

Бұл көрсеткіш әлі де болса білім беру мекемелеріндегі компьютерлер мен интерактивті жабдықтар санын арттыру қажеттігін көрсетеді. Ақпараттық қоғам мен оқытудағы инновациялық, интерактивтік әдістер бұл олқылыққа төзе алмайды. Білім сапасын арттыруда материалдық-техникалық құралдардың жетіспеушілігі кері әсерін тигізеді.

Білім беру жүйесін цифрландыру мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, сондай-ақ жеке компаниялармен келісім-шарт жасау нысанында да жүзеге асырылады. Бастауыш және орта мектептер үшін электрондық оқу материалдары мен цифрлық ресурстарға қолжетімділік оларды әзірлеуді, таратуды және мектептерге қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік ұйымдарымен жазылым негізінде жүзеге асырылады. Мұндай қызметтерді жеткізушілер жаңартылған орта білім мазмұны негізінде оқу жоспарына сәйкес әзірленген мектеп пәндері бойынша цифрлық білім беру ресурстарын жасайды. Мектептер мен студенттердің абоненттік төлемі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Осылайша, үкіметтің мектептерге серверлерге қол жеткізуін қамтамасыз ету талап етілмейді.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) білім деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен үлгілік оқу жоспарларының талаптарын сақтай отырып, оқушылардың жас ерекшеліктерін, түрлі діни, этникалық және мәдени топтардың өкілдеріне төзімділікпен қарау қағидаттарын, ұлтаралық және конфессияаралық диалогқа ашықтық, жынысына, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан студенттер үшін қолжетімділік және түсінікті болу және т.б.

Сандық білім беру ресурстары бар білім беру порталдарына [bilimland.kz](http://bilimland.kz), [itest.kz](http://itest.kz), [imektep.kz](http://imektep.kz), [twig-bilim.kz](http://twig-bilim.kz), [onlinemektep.org](http://onlinemektep.org) және т.б. кіреді. [Bilimland.kz](http://Bilimland.kz) платформасында әртүрлі мультимедиялық материалдар (бейнефильмдер, анимациялық презентациялар, интерактивті жаттығулар және т.б.), демонстрациялық сабақтар, сабақ жоспарлары, ҚР МЖМБ талаптарына сәйкес сабақты дамыту бойынша нұсқаулар (14-сурет). [BilimLand](http://BilimLand) ресурстарын күнделікті тәжірибеде пайдалану мұғалімдер мен студенттердің АКТ-құзыреттіліктерін арттыруға үлкен септігін тигізеді. Мектептердің 100%-ы [Bilimland.kz](http://Bilimland.kz) онлайн платформасының цифрлық білім беру ресурстарына

қолжетімді. Сонымен қатар, міндетті оқулықтардың электронды нұсқалары студенттерге ашық қолжетімділікте беріледі.



Сурет 14 – Bilimland.kz білім беру порталы [185]

Kundelik.kz, bilimal.kz, imektep.kz және mektep.edu.kz сияқты платформалар бастапқыда студенттердің оқу үлгерімін, сабаққа қатысуын және әкімшілік жоспарлауды есепке алу үшін электронды журнал ретінде әзірленді. Бүгінгі күні олар цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етумен қатар оқу жоспарын жоспарлау, тапсырмаларды орындау, оқу нәтижелерін бағалау және кері байланыс үшін де қолданылады.

Барлық мектептер өз бетінше жергілікті жерде АКТ құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және қолдау көрсету үшін келісімшарттар жасауға немесе қызметкерлерді жалдауға құқылы. Техникалық қызмет көрсетуді және қолдауды, сондай-ақ мектеп қызметкерлерін жалпыға қол жетімді жалпымемлекеттік білім беру АКТ технологияларын (жоғарыда сипатталған жүйелер мен ресурстар, NEDB және т.б.) пайдалануға оқытуды қызмет көрсетушілер мен ақпараттық жүйені пайдаланушы ұйымдар жүзеге асырады. Мұндай қызметтерді көрсету мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады.


Мемлекеттік қаржыландыру мәселесіне қатысты жыл сайын Астана Қазақстанның бұрынғы президенті Нұрсұлтан Назарбаев атындағы білім беру жобаларына мемлекеттік бюджеттен миллиардтаған теңге бөлінетіндігі белгілі. Ranking.kz Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) бастауыштан бастап жоғары мектепке дейінгі білім берудің барлық деңгейіндегі білім беру бағдарламаларының заманауи үлгілерін әзірлеу, мониторингтеу, зерттеу, талдау, сынақтан өткізу, енгізу және енгізу бойынша тәжірибелік алаңға айналуы тиіс еді, деп жазған.

Мұндай академиялық тегін мектептер желісі Қазақстан Республикасы үшін күшті технократтар корпусын тәрбиелеуге арналған. Сонымен қатар, еліміздің қалған мектептері дәл осындай жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін жеткілікті құрал-жабдықтар мен лайықты қаржыландыруды қажет етеді. Дегенмен, көп жағдайда жалпы білім беретін мектептер әлі де кеңестік жүйе бойынша жұмыс істейді және оқу үлгерімі төмен.

НЗМ жұмысына қаражат ішінара республикалық бюджеттен түседі: 2022 жылы 12,4 млрд теңге бөлінді. Бұл ретте мемлекеттік мектептерге жұмсалған қаражат 1,2 триллион теңгені құрады. Бұған мектептегі сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, орта білім беруді жаңғыртуға, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға жұмсалатын шығындар кіреді.

Қарапайым мектептерге бөлінетін қаражаттың жалпы сомасы айтарлықтай көрінгенімен, бір мектепке ауыстырылғанда жағдай өзгереді. Қазақстанда 2021-2022 оқу жылына арналған Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 7550 мектеп бар, ал НЗМ – 21.

Мәселен, 2022 жылы бір мемлекеттік мектептің бюджеті 159 миллион теңгені құрайды. Бұл бір НЗМ бюджетінен (592,1 млн. теңге) 3,7 есеге аз (15-сурет). Бұл тақырып төңірегінде депутат Мұрат Бақтиярұлы ағымдағы жылдың маусым айында қаржыландырудағы айтарлықтай айырмашылықты – 6 рет жариялаған болатын.



Сурет 15 – НЗМ мен жалпы орта білім беретін мектептердің (ЖОМ) республикалық бюджеттен қаржылану деңгейі / млрд.тг

Ал Қазақстанда мектептердегі орын тапшылығы өткір сезіліп отыр. 2021 жылдың тамыз айында экс оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов елімізде қазіргі уақытта 260 мыңнан астам орын жетіспейтінін және бұл көрсеткіш 2025 жылға қарай 1 миллионға дейін өсуі мүмкін екенін айтқан. Орын тапшылығына байланысты, түрлі деректерге сүйенсек, балалар үш ауысымда оқитын жүзден астам мектеп бар.

Мектептердің материалдық-техникалық жабдықталу деңгейі оқушылардың іс-әрекетінің тиімділігі мен нәтижелі болуына әсер ететін тағы бір маңызды фактор болып табылады. Халықаралық зерттеулер, соның ішінде

PISA, оқушылардың үлгерімі мен мектеп құралдары арасындағы байланысты көрсетеді.

Ал бұл жерде ауыл мектептері оқу орындарының ерекше түрі ретінде мемлекет тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді. Бүгінде Қазақстанда ауыл мен қала мектептерінің арасында материалдық-техникалық базасы жағынан үлкен алшақтық бар.

Қаржыландырудағы айырмашылық, сондай-ақ әлеуметтік және көші-қон факторлары ауыл мектептерінің санының қысқаруына әкеледі: егер 2015 жылы олардың саны 5 546 болса, 2021 жылдың соңына қарай 5 262 ғана қалған.

Сондай-ақ, 2020-2021 оқу жылында 34 орта мектеп апатты жағдайда болса, олардың барлығы дерлік ауылдық жерлерде жұмыс істеді.

2022 жылы жарияланған «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің статистикасы» соңғы ұлттық жинақ деректеріне сәйкес, мектептердің 25,4 пайызында спорт залдары мүлдем жоқ, ал мектептердің 10,2 пайызында спорт кешендері бейімделген ғимараттарда орналасқан. Мектептердің 13,6 пайызында кітапхана, 15 пайызында асхана жоқ.

Оқу үдерісінің сапасына жаңа модификацияланған кабинеттердің болуы да әсер етеді. Оқу кабинеттерінің жиынтығы мамандандырылған жиһазды, мультимедиялық бағдарламаларды және интерактивті жабдықтарды қамтиды. Мұндай сыныптар мен интерактивті тақталарды Қазақстан Республикасының мектептеріне жеткізу 2005 жылы басталды. Алайда 2020 жылдың соңына қарай мектептердің үштен бірінде дерлік (29,3%) жаңа модификациядағы кабинеттер жоқ.

Ауыл мектептерінде де педагогикалық ұжымның салыстырмалы түрде төмен біліктілік сипаттамалары бар. Мәселен, ауылдық жерде жоғары санатты мұғалімдердің үлесі жалпы санның 18,5%-ын, ал қалада 31,2%-ын ғана құрады. Қалалық (23,7%) және ауылдық (24,1%) мектептерінің педагогикалық ұжымының төрттен бірі мүлде санаттары жоқ мұғалімдер.

Кесте 14 – ҚР орта білім беретін мекеме және оқушы саны (бірлік)

	2018	2019	2020	2021
Барлық орта білім беретін мекеме саны, бірлік	7393	7398	7440	7550
оның ішінде:				
мемлекеттік мекемелер	7255	7209	7190	7173
мемлекеттік емес мекемелер	138	189	250	377
Барлық оқушы саны, бірлік	3 186 234	3 337 783	3 481 347	3 597 159
оның ішінде:				
мемлекеттік мекемелерде	3 158 160	3 295 405	3 422 241	3 490 138
мемлекеттік емес мекемелерде	28 074	42 378	59 106	107 021

Жоғарыдағы кестеде еліміздегі мемлекеттік және мемлекеттік емес орта білім беретін мекеме саны мен сол мекемелерде білім алатын оқушылар саны көрсетілген (14-кесте). Ақпарат бойынша жыл сайын мемлекеттік мекемелердің

саны кеміп, керісінше жеке меншік мекемелердің санының артып келе жатқанын байқай аламыз. Сәйкесінше мемлекеттік емес мекемелерде білім алатын оқушылар саны да артып отыр. Дегенмен де мемлекеттік мекемелер саны кемісе де, онда білім алатын оқушылар саны жыл сайын артуда.

Еліміздегі орта білім беру сапасын арттыру мәселесінің өзектілігі күшеюде. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан бірнеше шаралар да орын алуда. Жыл сайын білім беру жүйесін қаржыландыру, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру мен жаңа мектептерді салу жұмыстарын сатылай жүзеге асыру жоспарлануда. Бірақ бұл мәселе уақыт күттірмейтін шұғыл шешімдер мен жүйелі істерді талап етуде.

Орта білім беру сапасы мемлекет тарапынан бақыланады. Алайда, негізгі жұмыстар мектептің өзінде жүргізілетіндіктен, орта білім беру сапасының құраушыларын зерттеу барысында оның айтарлықтай бөлігіне ішкі резервтер арқылы әсер ете алу мүмкіндігін байқадық. Нақтырақ айтар болсақ орта білім беру сапасының 6 құраушысының: Педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасы; Мониторинг сапасы; Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие сапасы; Зерттеу жұмысының сапасы; Басқару сапасы; Материалдық-техникалық база сапасын арттыру үшін мектеп, аудан, облыстың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды ұйымдастыру арқылы орта білім сапасын арттыруға әсер ету. Орта білім беру сапасын арттыруда мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан жұмыстарға қосымша облыс, аудан, мектептің ішкі резервтерін жүйелі ұйымдастыру мен қолдану идеясы зерттеу жұмысын жүргізуге арқау болды. Зерттеу жұмысында басымдық орта білім беру сапасының 3 құраушысына берілді. Олар: педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасы; рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие сапасы; басқару сапасы.

Ең алдымен экспериментке дайындық жұмыстары барысында экспериментке қатысушы ұйымдар мен педагогтердің экспериментке дайындығын анықтау мақсатында Ордабасы және Төле би аудандарының 50 мұғалімінен сауалнама алынған.

Сауалнамада төмендегі сұрақтар қамтылды:

1. Эксперимент жүргізу үшін оқу кабинеттерінің дайындығы (интерактивті тақтамен, графопроектормен, компьютерлермен жабдықталуы, т.б.);

2. Аудандық білім бөлімінің әдіскерлері және мектеп әкімшілігі тарапынан эксперимент бойынша қандай әдістемелік көмек берілді, берілсе әдістемелік көмектің қай түрі берілді?

3. Эксперименттің нәтижелі болуына сенімдісіз бе, егер күмәндану болса ол қандай себептерге байланысты?

4. Шымкент қаласының алдыңғы қатарлы мектеп мұғалімдері дайындаған ресурстар берілді ме?

5. Экспериментті тиімді жүргізу үшін Сізге қандай қандай көмек қажет және қандай ұсыныстарыңыз бар?

6. Сіздің экспериментке дайындық деңгейіңіз қандай: жоғары, орташа, төмен.



Сауалнама қорытындысы төмендегі нәтижені көрсетті:

1. Эксперимент жүргізу үшін оқу кабинеттерінің дайындығы:
  - интернет жылдамдығы төмен – 13%;
  - интерактивті тақтамен, графопроектормен, компьютерлермен жабдықталмаған – 33%;
  - интернет жылдамдығы орташа – 13%;
  - компьютерлермен жабдықталмаған – 6,6%.
2. Аудандық білім бөлімінің әдіскерлері және мектеп әкімшілігі тарапынан эксперимент бойынша берілген әдістемелік көмектің түрі:
  - Семинарлар – 26,6%;
  - Ашық сабақтар – 26,6%;
  - Шебер сабақтар – 26,6%;
  - ҚМЖ құрастыру – 6,6%;
  - Дөңгелек үстел – 33,3%;
  - Ақылдасу сабақтары – 20%;
  - Тәжірибе алмасу – 6,6%;
  - Кеңес беру – 6,6%.
3. Эксперименттің нәтижелі болуына сенімділігі:
  - Сенімдімін – 85%;
  - Жауап беруге қиналамын – 15%.
4. Шымкент қаласының алдыңғы қатарлы мектеп мұғалімдері дайындаған ресурстармен қамтамасыз етілуі:
  - Ресурстар берілді – 89%;
5. Экспериментті тиімді жүргізу үшін көмектің түрі және мұғалімнің ұсыныстары:
  - Интерактивті тақта берілсе – 20%;
  - Көрнекіліктермен, АКТ-мен қамтамасыз етілсе – 6,6%;
  - Кабинеттер заманауи жабдықталса – 15%;
  - Қоғамдық жұмыстардан босатса – 67%;
  - Сабақ кестесі ыңғайластырылса – 13,3%;
  - Сынып жетекшіліктен босатса – 6,6%;
  - Жаңартылған білім беру бойынша курстан өтсек – 13,3%;
  - Ноутбук берілсе – 7%;
  - Дайын ҚМЖ-мен, КТЖ-мен, қамтамасыз етсе – 13,3%;
6. Экспериментке мұғалімнің өзіндік дайындық деңгейі:
  - Жоғары – 20%;
  - Орташа – 73%;
  - Жауап бермеген – 7%;

Сауалнама нәтижесі экспериментті жүргізу барысында ескерілді. Эксперименттің базасы ретінде тіркелген мектептердегі педагогтердің кәсіби біліктілігі бойынша анықтаушы кесте құрастырылды. Ол кестеде санаты жоғары педагог пен санаты жоқ жас мұғалімдердің де бар екендігі анықталды. Мүмкіндік ретінде кәсіби біліктілігі жоғары мұғалімдердің тәжірибесін ішкі

резерв ретінде тиімді ұйымдастыру шаралары орын алды.

Елімізде орта білім беру сапасын арттыру мақсатында ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыруға назар аударылмайды. Алайда ішкі резервтердің мүмкіндігі жоғары. Бір облыс көлемінде мектептің білім беру сапасын арттыру үшін облыстың, ауданның және сол мектептің ішкі резервтерін жұмылдыру арқылы педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін, тәрбие сапасын және басқару сапасын арттыруға әсер ететін бірнеше іс-шаралар ұйымдастыруға болады. Орталықтандырылған оқу-әдістемелік жүйе мен педагогтер арасындағы тәжірибе алмасу да оң ықпалын тигізеді. Бұл тек бір ғана мысал. Ішкі резервтер арқылы орта білім беру сапасын арттыру туралы зертеудің эксперименталдық бөлімінде баяндалады.

### **2.3 Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі**

Білім беру сапасы тұтастай білім беру процесінің нәтижелі жұмысы мен түлектердің білім деңгейіне әсер етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру сапасын арттыру елдің экономикалық, саяси дамуына әсер ететін маңызды факторы болып саналады.

Біздің түсінігімізде, білім беру сапасы – бұл ғылыми негізде жүйелі ұйымдастырылған білім беру жүйесі, сапалы білім беру стандарты, сапалы оқулық, құзыреттілігі жоғары педагог, сапалы тәрбие процесі, сапалы мониторинг пен сапалы басқару, сапалы ғылыми-зерттеу жұмысы, сапалы материалдық-техникалық база. Сапалы білім бір оқушыға, бір сыныпқа сапалы білім беруден бастау алады. Елдің білім беру жүйесін дамыту үшін, бір сыныпқа сапалы білім беруге қол жеткізу керек. Сапалы білім ғылыми тұжырымнан бастау алып, жүйелі ұйымдастырылуы шарт. Сапа құраушыларының әрбірінің жұмысы, рөлі үлкен маңызға ие.

Орта білім беру сапасын арттырудың ғылыми өзектілігі жоғарыдағы теориялар негізінде барынша анықталды. Ғылыми зерттеудегі басты құндылық ғылыми жаңалықтардың тәжірибеге енуі болып табылады. Тәжірибелік тұрғыда сыналу арқылы, барлық ғылыми зерттеу өзектілігін арттыра түсері анық. Тәжірибеде сынау барысында модельдеудің маңызы зор. Модельдеу арқылы атқарылатын істің сұлбасы нақты бейнеленеді.

«Модель» термині қазіргі таңға дейін әр түрлі мағынада қолданылып келген. «Модель» сөзі латын тілінен аударғанда «modulus» - өлшем, шама, такт, ритм дегенді және «modus»- көшірме, бейне деген мағынаны білдіреді [186].

- сериялық өндірістегі қандай да бір өнімнің үлгісі;
- бір заттың құрылымының үлгісі, маркасы, түрі;
- заттың үлкейтілген және кішірейтілген түріндегі көшірмесі;
- өнердегі бейнелеуші нәрсе, суретшіге өзінің суретін салдырушы;
- басқа материалда құйма немесе көшірме формасын дайындау үшін үлгі затының қызметін атқарушы;

– қоғамдағы және табиғаттағы қандай да бір процестер мен құбылыстарды сипаттау немесе бейнелеу сызбас ретінде қолданылады.

Модельдердің түрлері әрі оны қолдану тәсілі түрлі ғылымда және олардың даму кезеңдерінде әр түрлі болып келеді.

Модель түсінігі ғылыми зерттеулерде қандай да бір құбылысты зерттеу мүмкін емес немесе тиімділігі аз болған жағдайда қолданылды. Ондай жағдайда зерттелетін объектіні алмастырушы, яғни нобайы (моделі) деп алатын болды.

К.Е. Морозовтың пікірінше, модель анықтамасының ерекшелігі – оның объектілердің орнын басуы және жаңа ақпарат алу қабілеттілігінде [187].

В.А. Веников модельдеу мен мектептердегі оқу процесінің байланысын негізгі алты бағыт бойынша құруды ұсынады [188].

Бірінші бағыт – гносеологиялық. Мұнда модель материалды тану процесіндегі аралық объект рөлін атқарады. Бұл құбылыстың сапалық және сандық жақтарының арасындағы байланысты көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы модельдердің барлығы сол салалардың ішкі біртекті құбылыстарын біріктіреді.

Екінші бағыт – түп нұсқаның орнына модельді қолдану. Бұл бағыт меңгерілетін объектінің табиғатын ала алмаған жағдайда, ол туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Үшінші бағыт – ақпараттық. Бұл процестің статистикалық мәліметтерін пайдаланып, меңгерілетін объектінің анықталған заңдылықтарын көрсетеді.

Төртінші бағыт – аналитикалық. Бұл модель арқылы процестер сандық және сапалық сипаттамаларының сәйкестігі кезінде процестің белгілі бір бөлігін аналитикалық және графикалық тұрғыда бейнелеп көрсетеді. Бұл бағытқа құрылымдық схемалар, ақпаратты бейнелеу, оның тұжырымын қалыптастыру және оны меңгеруді бақылау жатады.

Бесінші бағыт – жалпы әдістемелік. Арнайы пәндер мен жеке пәндерді оқытудағы олардың арасындағы байланыстарды бағалау, оқушылардың дүниетанымдық көзқарасы қалыптастырылады.

Алтыншы бағыт – психологиялық. Бұл тәсілде жеке оқушының іс-әрекеті мен мінез-құлқын модельдеу, оқушылар тобының биологиялық, психологиялық, әлеуметтік қасиеттері мен ерекшеліктерін зерттеудің бағыттары айқындалады. Мұндай модельдеу адамдардың әр түрлі сыртқы жағдайларға бейімделуін және жаңа мәліметтерді қабылдау процесіндегі әсер ететін факторларды есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие үдерісін зерттеуде модель – сол зерттеліп отырған мәселенің жалпы құрылымы мен жеке бөліктері арасындағы байланысты көрнекі түрде елестету құралы болып табылады.

Педагогикалық әдебиетте білім беру моделі және оқыту моделі терминдері жиі кездеседі.

Оқыту моделі термині оқу процесін ұйымдастыруға қатысты қолданылады. Білім беру моделі дегеніміз, әдетте, білім беру процесін тұтастай ұйымдастыру туралы белгілі бір идеяларды, соның ішінде оқытуды ғана емес, сонымен бірге тәрбиені, тұлғаны дамытуды бейнелейтін модель деп түсініледі.

Білім беру моделін сипаттай отырып, кейбір авторлар оны белгілі бір ғылыми тәсілді жүзеге асыру, білім беру кеңістігін ұйымдастырудың, әртүрлі білім беру ұйымдарының өзара әрекеттесуінің және білім беру жүйесін құрудың ерекше тәсілі ретінде қарастырады.

Білім беру моделі – бұл білімге белгілі бір көзқарасты, оның адам мен қоғам өміріндегі рөліне көзқарасты көрсететін ақыл-ой жүйесі.

Білім беру модельдерін бөлудің бірнеше тәсілдері бар. М.В. Кларин барлық білім беру модельдерін дәстүрлі ("білімдік", оның мақсаты оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыру болып табылады) және инновациялық (дамытушы, оқушының жеке басын дамытуға бағытталған) деп бөлуге болады деп санайды [81]. Дәстүрлі педагогтің білім алушылармен субъект-объектілік өзара іс-қимылына және білім, қызмет, ережелер мен алгоритмдердің үлгілерін жаңғыртуға негізделеді. Инновациялық модельдердің негізі субъект-субъектілік, яғни, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық. Инновациялық модельдерде білім беру процесі проблемаларды шешу ретінде құрылады және оқушылардың жоғары тәуелсіздігін білдіреді.

Бірқатар ғылыми жарияланымдарда білім беру модельдері технократтық және гуманистік болып бөлінеді. Технократиялық модельдердегі негізгі педагогикалық құндылықтар – бұл білім, білік және дағды. Гуманистік білім беру модельдерінің негізгі педагогикалық құндылықтары – баланың жеке басы, оның үйлесімді дамуы [40].

Н.В. Бордовская [85] және А.А. Реан білім берудің келесі модельдерін ажыратады. Мемлекеттік-ведомстволық ұйым ретінде білім беру моделі. Бұл модельде білім беру ұлттық экономиканың бір саласы болып табылады және білім берудің мақсаттары мен мазмұнын, білім беру ұйымдарының түрлері мен әр типтегі оқу пәндерінің құрамын қатаң орталықтандырылған анықтамамен ведомстволық принцип бойынша құрылады. Басты артықшылығы: қаражатты орталықтандырып бөлу мүмкіндігі (білім беру ұйымдарын қаржыландыру, белгілі бір саланың даму үрдістеріне сүйене отырып мамандардың қажеттілігін болжау және т.б.). Негізгі кемшілігі: білім беруді дараландыру, әр оқушының жеке басының қажеттіліктерін ескеру үшін мүмкіндіктер аз.

Дамытушылық білім беру моделі (В.В. Давыдов, В.В. Рубцов және т.б.) әртүрлі типтегі және деңгейдегі білім беру ұйымдарының ынтымақтастығымен ерекшеленеді. Бұл білім беру қызметтерінің спектрін кеңейтеді және халықтың әртүрлі топтарының білім алу қажеттіліктерін барынша қанағаттандырады. Сонымен қатар, қоғамда үнемі болып жатқан белгілі бір кәсіптер мен мамандықтарға сұраныстың өзгеруіне тез жауап беру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Алайда, бұл модельдің кемшіліктері бар. Сонымен, оны тиісті инфрақұрылымсыз, әртүрлі типтегі және профильдегі білім беру ұйымдарының дамыған желісіз жүзеге асыру мүмкін емес.

Жүйелі академиялық білім беру моделі (Ж. Мажо, Л. Кроу, Д. Равич және т.б.) өткеннің мәдени тәжірибесін жаңа ұрпаққа берудің дәстүрлі тәсілі болып саналады. Бұл модель негізгі білім мен дағдылар жүйесін қалыптастыруға

бағытталған, бұл адамға болашақта білімді, құндылықтарды, тәжірибені тәуелсіз игеруге көшуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі модель әр түрлі сiңiрiлетiн материалмен сипатталады; бұл дәстүрлі білім беру болашақта әр адамға не қажет екенін алдын-ала бiлмейтiндiгiне байланысты, кеңейтiлген бағдарлама оқушының жеке басын одан әрi өзiн-өзi анықтауға кең мүмкiндiктер бередi. Осылайша, дәстүрлі модельдiң басты артықшылығы-қалыптасқан бiлiм мен тәжірибенiң ғылыми негiзi және жеке тұлға алған бiлiмнiң жүйелi сипаты. Кемшiлiгi: бағдарлану нақты өмiрлiк қажеттiлiктерге емес, белгiлi бiр идеалды бiлiм деңгейiне көбiрек бағытталған.

Рационалистік модель (П. Блум, Р. Ганье және т.б.), ең алдымен, жас ұрпақтың қоғамға, қазiргi әлеуметтiк жағдайларға практикалық бейiмделуiн қамтамасыз ететiн бiлiм беру ұйымын болжайды. Бiлiм берудiң осы моделiмен алынған бiлiм мен тәжірибе адамға әлеуметтiк қатынастар жүйесiне ауыртпалықсыз кiруге, ондағы әлеуметтiк мәртебенi алуға мүмкiндiк бередi. Бұл оның басты артықшылығы. Негiзгi кемшiлiк ретiнде сiз алған бiлiмнiң шамадан тыс мамандандырылуын, кең ғылыми бiлiмге немқұрайлылықты атауға болады, бұл болашақта түлектi мамандық таңдауда айтарлықтай шектейдi, қажет болған жағдайда табыс саласын өзгерту кәсiби қайта даярлауда қиындықтар туғызады.

Феноменологиялық модель (А. Маслоу, А. Комбс, К. Роджерс және т.б.) оқушының жеке психологиялық ерекшелiктерiн ескеретiн жеке оқытуға, оның мүдделерi мен қажеттiлiктерiне құрметпен қарауға негiзделген. Феноменологиялық модельдiң жақтаушылары мектепке деген көзқарасты «бiлiм беру құбыры» ретiнде қабылдамайды (модельдiң атауы – «феномен» сөзiнен шыққан – әр оқушының ерекше екенiн көрсетедi). Бiлiм берудiң жеке бағыты – феноменологиялық модельдiң сөзсiз артықшылығы. Оның кемшiлiктерiне жеке бiлiм берудiң салыстырмалы түрде жоғары шығындары, мұғалiмдердiң кәсiби бiлiктiлiгiне қойылатын талаптардың артуы жатады. Сондықтан, бүгiнде әлемде бұқаралық мектепте осы модельдi абсолюттi iске асыру тәжірибесi жоқ.

Институционалды емес модель (П. Гудман, И. Иллич, Ф. Клейн және т.б.) – бұл мектептерден, университеттерден және басқа да әлеуметтiк институттардан тыс бiлiм беру: қашықтықтан оқыту, кiтаптар, бұқаралық ақпарат құралдары, мультимедиялық оқулықтар, интернет желiсi және т.б. арқылы оқыту. Қашықтан оқу, тұрғылықты жерiне қарамастан оқу мүмкiндiгi. Алайда, егер адам өзiнiң оқу iс-әрекетiн өз бетiнше ұйымдастыруға дайын болмаса, бұл оның оқу тәжірибесi мен өзiн-өзi тәрбиелеудiң күштi мотивациясы болған кезде ғана мүмкiн болады. Сонымен қатар, кез-келген әлеуметтiк институтқа оқытудың болмауы институционалды емес бiлiм берудi ресми мәртебеден айырады және бiлiм алушыға бiлiм туралы мемлекеттiк құжат алуға мүмкiндiк бермейдi. Сондықтан бұл модель қосымша бiлiм беру және өзiн-өзi дамыту әдiсi ретiнде қарастырылады [189].

Осылайша, қазiргi бiлiм беру модельдерiнiң кез-келгенiнiң артықшылықтары да, кемшiлiктерi де бар. Сондықтан дамыған бiлiм беру

жүйелерінде әртүрлі модельдерді, соның ішінде жоғарыда айтылғандар негізінде пайда болатын жаңа модельдерді табуға болады. Мысалы, қазіргі таңда елімізде жаңартылған білім беру моделі тәжірибеге ендірілу үстінде.

Жаңартылған білім беру моделі 12 жылдық білім беру моделіне көшуді меңзейді. Білім сапасы дамыған озық тәжірибелі елдерде мектептегі орта білім беру 12 сыныпты қамтиды.

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі таңда білім саласында ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу болып отыр. Білім берудің бұл үлгісі әлемнің 80% астам елдерінде қолданылады. Бұл — соңғы жиырма-отыз жылда ғылым мен техниканың орасан жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өмірінің әр түрлі саласында кеңінен енгізілуіне байланысты туындаған жағдай. Сондықтан жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа, мазмұны жоғары деңгейде білім беру қажет.

Білім беру сапасы дамыған әлем елдерінің, атап айтар болсақ білім сапасы халықаралық зерттеулер бойынша үздік болып табылатын Жапония, Оңтүстік Корея, Финляндия, Сингапур, Канада, Гонконг (Қытай), Макао (Қытай), Тайвань, Эстония, Шанхай (Қытай), Қытай (4 провинция), Польша елдерінің білім беру моделдері 12 жылдық білім беруді қамтиды. Төменде кестеде көрсетілген (15 – кесте).

Кесте 15 – Білім сапасы озық елдер және олардың білім беру модельдері

№	Мемлекет	Орта білім беру моделі
1	Жапония	6+3+3
2	Оңтүстік Корея	6+3+3
3	Финляндия	6+3+3
4	Сингапур	6+3+3
5	Канада	6+3+3
6	Гонконг (Қытай)	6+3+3
7	Макао (Қытай)	6+3+3
8	Тайвань	6+3+3
9	Эстония	3+3+3+3
10	Шанхай (Қытай)	6+3+3
11	Қытай (4 провинциясы)	6+3+3
12	Польша	6+3+3
	Қазақстан	4+5+2

Бұл тұста, Қазақстан Республикасы да әлемдік тұтастықтың бірі ретінде, бұл мәселеден шет қала алмайды. Керісінше, елімізде Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне үйлестіру үрдісі барынша қарқынды ұйымдастырылуда.

12 жылдық білім берудің негізі адамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру болып табылады. Адам тұлға болып тумайды, ол өмір сүру барысында тәрбие арқылы қалыптасады. Білімді, шығармашыл, бәсекелік

кабілеті мол тұлға тәрбиелеу негізінде Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы жасалып отыр.

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасы – жалпы орта білім беру жүйесінің мақсаты, міндеттері, ұйымдастыру ұстанымдары мен бағыттары бейнелетін негізгі құжат болып табылады [190]. Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына; «Қазақстан Республикасын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына»; Қазақстан Республикасында білім беруді 2010 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына; Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңғырудың қарқынды жолында» атты жолдауына, Болоньдегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстарына сәйкес әзірленген.

Білім беру моделінің балалардың психологиялық-физиологиялық жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылуының өлшемдеріне тоқтала кетсек:

6-11 жас аралығы – 6 жылдық бастауыш мектеп

Бала бойында назар, ойлау, қиял, есте сақтау, сөйлеу сияқты танымдық және психикалық процестер дамиды, бала көрнекі-әсерлі және көрнекі-бейнелі ойлаудан ауызша-логикалық ойлауға өтеді, оның бойында когнитивтік стиль негіздері, ойлау және мінез-құлық еркіндігі және әртүрлі ғылымдардың негіздерін меңгеру үшін қажетті қабілет қалыптаса бастайды.

12-14 жас аралығы – 3 жыл орта мектеп

Баланың белсенді, интенсивті қалыптасуы мен даму кезеңі болады. Оның ойлау қабілеті жетіліп, жаңа деңгейге көтеріледі, психологиялық өзгерістер болады. Тұжырымдамалық ойлаудың дамуы – балалардың бойында рефлексияның пайда болуына ықпал етеді. Олардың дербес, өз бетімен жұмыс жасау қабілетінің қалыптасуына байланысты, оқу іс-әрекеті жаңа деңгейге көтеріледі. Олар биология, химия, физика және т.б. теориялық білімдерді меңгере алады.

15-17 жас аралығы – 3 жыл жоғары мектеп

Жасөспірімдердің жеке тұлға болып қалыптасу үшін маңызды кезең болып табылады. Олардың бойында рефлексия дамиды, олар өзін-өзі таниды, өмірлік жоспарлар құрады, өздерін жеке дара тұлға ретінде қабылдайды, қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына біртіндеп ене бастайды, оқуға деген қызығушылықтары артады. Бұл кезең – ізденіс пен жаңалық ашу кезеңі болады. Олар әр түрлі білімді, соның ішінде қалаған білімдерін, терең меңгеруге, зерттеу және тәжірибелік жұмыстар жүргізуге, жаңалық ашуға талпыныс жасайды. Мамандық таңдайды, өмірлік жоспар құрады, оның соңғы нәтижесін ғана емес, сонымен бірге оған жету жолдарын да ойластырады және соған жетуге ниеттенеді, сол мақсатта әрекет етеді.

Аталған жас ерекшелік сипаттарына сүйене келе еліміздегі 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу мәселесінде 6+3+3 моделін қарастыруды ұсынар едік.

Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін құрастырмас алдын білім сапасы мен оны өлшеу ұйымдарына тоқталсақ.

Білім сапасы – нақты қол жеткізілген білім беру нәтижелерінің, білім беру процесі жағдайларының нормативтік талаптарға, әлеуметтік және жеке кұтулерге сәйкестік дәрежесі. Білім беру сапасын бағалау – өлшеніп отырған білім беру нәтижелерінің нормативтік құжаттарда белгіленген білім беру сапасына қойылатын талаптар жүйесіне сәйкестігі анықталатын процесс.

Мектепшілік білім беру сапасын бағалау жүйесі – әртүрлі субъектілер жүзеге асыратын диагностикалық және бағалау рәсімдерінің тұтас жүйесі.

Білім беру сапасын бағалау бойынша жекелеген өкілеттіктер берілген мектепті мемлекеттік-қоғамдық басқару, сондай-ақ білім беру сапасын басқаруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылымдар мен нормативтік құқықтық материалдардың жиынтығы.

Сараптама – білім беру процестерінің жай-күйін, білім беру қызметінің шарттары мен нәтижелерін жан-жақты зерттеу.

Өлшеу – стандартталған нысаны бар және мазмұны іске асырылатын білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін бақылау-өлшеу материалдарының (дәстүрлі бақылау жұмыстары, тесттер, сауалнамалар және т.б.) көмегімен білім беру жетістіктерінің деңгейін бағалау.

Зерттеу барысында құрастырылып отырған құрылымдық-үдерістік модель орта білім беру сапасын арттыруда мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан жұмыстарға қосымша облыс, аудан, мектептің ішкі резервтерін жүйелі ұйымдастыру мен қолдану идеясын алға тартады.

Біз зерттеу барысында жетекші теорияларға және әдіснамаларға сүйене отырып орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін құрастырдық.


Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін құрастыруда құрылымдық-ұйымдастырушылық, мазмұндық-үдерістік, әдістемелік-рефлексивті блоктарды негізге алдық.

Құрылымдық-ұйымдастырушылық блокта білім беру сапасының құраушылары, білім беру сапасын арттыру объектілері мен субъектілері, білім беру нәтижелері жүйеленді.

Мазмұндық-үдерістік блокта ішкі резервтер арқылы әсер етуге болатын 3 сапа құраушыларының сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар, оқушылардың білім сапасын арттыру іс-әрекеті, тәжірибелік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырушылық іс-әрекеті анықталды.

Әдістемелік-рефлексивті блокта білім беру сапасын арттыру тәжірибесін талдау, эксперименттік жұмыс бағдарламасын құрастыру істері ұйымдастырылып, өлшемдері мен көрсеткіштері көрсетілді (16 – сурет).





Сурет 16 – Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі

Өлшемдер білім беру сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік бағдарламасы негізінде анықталды (16 – кесте).

Кесте 16 – Орта білім беру сапасын педагогикалық негізде арттырудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Когнитивтік	Білім беру сапасын арттыруда педагогикалық негіздің болуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>– білім беру саласындағы кез келген реформа мен нормативтік құжатты жасауда ғылыми теорияларды басшылыққа алу;</li> <li>– білім сапасын арттырудың ғылыми тұжырымдамасының жасалуы;</li> <li>– білім сапасын арттыруда салыстырмалы педагогиканың теориялары мен әдістерін пайдалану;</li> </ul>
Эмоционалдық құндылықтық	Білім беру сапасын құраушы компоненттердің сапалы болуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>– білім беру стандартының сапасы;</li> <li>– оқулық сапасы;</li> <li>– педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі;</li> <li>– білім мониторинг сапасы;</li> <li>– рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;</li> <li>– ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;</li> <li>– басқару жүйесінің сапасы;</li> <li>– материалдық-техникалық база сапасы;</li> </ul>
Іс-әрекеттік	Білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді пайдалану жүйелі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Облыстың ішкі резервтерін тиімді пайдалану;</li> <li>- Ауданның ішкі резервтерін тиімді пайдалану;</li> <li>- Мектептің ішкі резервтерін тиімді пайдалану</li> </ul>

Білім беру сапасын арттырудың *төмен деңгейі*: білім беру саласындағы реформалар мен нормативтік құжаттар ғылыми теорияларды ескермейді; білім сапасын арттыру ғылыми тұжырымдамасыз іске асады; шетелдік озық тәжірибелер зерттелмейді; білім беру сапасын құраушылардың түгелдей сапасыз болуы; білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді мүлдем қолданбау.

Білім беру сапасын арттырудың *орта деңгейі*: білім беру саласындағы заңнамалық құжаттарда ғылыми теориялардың әлсін басшылыққа алынуы;

ғылыми тұжырымдаманың тәжірибеде тексерістен өтпей ендірілуі; шетелдік тәжірибелер зерттеліп, бірақ нақты қорытынды шығарылмауы; білім сапасы құраушыларының тек кейбірінің сапалы болуы; білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді толық пайдаланбау.

Білім беру сапасын арттырудың *жоғары деңгейі*: білім беру саласындағы барлық нормативтік құжаттар мен реформалар ғылыми теориялардың басшылыққа ала отырып құрастырылуы; білім сапасын арттырудың тәжірибеде сыналған, нақты тұжырымдамасының болуы; шетелдік білім беру тәжірибелерінің үнемі зерттеліп, интеграциялануы; білім сапасы құраушыларының түгелдей сапалы болуы; білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді барынша тиімді әрі жүйелі қолдану.

Сонымен, орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі негізінде ғылыми-тәжірибелік бағдарламаны тәжірибеге енгізу арқылы білім беру сапасын арттыруға мүмкіндігіміз болады. Ал аталмыш модель бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың мазмұны мен барысы зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімдерінде толықтай баяндалады.

### **Екінші бөлім бойынша тұжырымдар**

Екінші бөлімде орта білім беру сапасын арттыруда білім беру сапасы құраушылары анықталып, олардың әрқайсысының сапалы болу шарты негізделді. Орта білім беру сапасын арттыру үшін академик А.Құсайыновтың формуласы бойынша білім сапасы құраушыларының маңызы ашылды.

$$C_{\text{біл}} = C_{\text{ст}} + C_{\text{o}} + C_{\text{ккб}} + C_{\text{мс}} + C_{\text{т}} + C_{\text{ғзж}} + C_{\text{бас}} + C_{\text{мтб}}$$

$C_{\text{біл}}$  – білім сапасы;

$C_{\text{ст}}$  – білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының сапасы;

$C_{\text{o}}$  – оқу әдебиетінің сапасы;

$C_{\text{ккб}}$  – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі;

$C_{\text{мс}}$  – білім мониторинг сапасы;

$C_{\text{т}}$  – рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

$C_{\text{ғзж}}$  – ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;

$C_{\text{бас}}$  – басқару жүйесінің сапасы;

$C_{\text{мтб}}$  – материалды-техникалық база сапасы.

Білім сапасын арттыру үшін аталған сапа құраушыларының жеке-жеке сапалы болуы, одан кейін барлық құраушылардың бірдей бір балаға, бір сыныпқа жұмылдырылуы маңызды. Олардың әрқайсысының әлемдегі орны мен маңызы осы тарауда баяндалды. Сонымен қатар, республикалық көлемде жасалатын іс-шараларға қосымша ішкі резервтердің көмегімен де сапа құраушыларының сапасын арттыру мүмкіндігі дәйектелді. Еліміздің білім беру жүйесіндегі ішкі резервтеріне не жататыны және қандай қордың бары статистикалық ақпараттар бойынша нақтыланды. Әр сапа құраушысы бойынша ішкі резервтерді қалай тиімді қолдануға болатындығы ғылыми тұрғыда негізделіп, ұсынылды. Әрі қарай орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі құрастырылды.

Модель құрылымдық-ұйымдастырушылық, мазмұндық-үдерістік, әдістемелік-рефлексивті блоктардан тұрады.

*Құрылымдық-ұйымдастырушылық* блокта білім беру сапасының құраушылары, білім беру сапасын арттыру объектілері мен субъектілері, білім беру нәтижелері жүйеленді.

*Мазмұндық-үдерістік* блокта ішкі резервтер арқылы әсер етуге болатын педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие және басқару сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар, оқушылардың білім сапасын арттыру іс-әрекеті, тәжірибелік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырушылық іс-әрекеті анықталды.

*Әдістемелік-рефлексивті* блокта білім беру сапасын арттыру тәжірибесін талдау, эксперименттік жұмыс бағдарламасын құрастыру істері ұйымдастырылып, өлшемдері мен көрсеткіштері көрсетілді.

Құрастырылған модель ішкі резервтерді қолдану арқылы орта білім сапасын арттыруды жүзеге асыратын нәтижені бейнелейді.

### **3 ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ**

#### **3.1 Орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасы**


Мектеп – тұлғаның қалыптасатын орны мен уақыты. Адамның келешек тағдыры және құндылық бағдарлары осы процестің қандай шарттарда өтіп жатқандығына тәуелді. Ақысыз орта білім және оған тең қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңдарымен кепілдендірілген. Алайда, орта мектептегі саралау қаржыландыруда да, материалды-техникалық базада да, білім сапасында да бақыланады. Мұндай аса анық айырмашылық ауылдық және қалалық мектептер арасында байқалады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында да бұл мәселелерге ерекше тоқталып, «Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы» деп атап көрсеткен болатын [191]. Сондай-ақ, мемлекет басшысы қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын жою, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының аясын кеңейту, оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру, дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау, оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету бағытында да нақты тапсырмалар берген.

Зерттеліп отырған тақырып аясында білім сапасын арттыруға қатысты бағдарламаны ауыл мектептерінде сынап көру елдің саяси мәселелерін шешуге де өзіндік ықпалын тигізбек. Білім сапасын арттыру үшін сапа құраушыларының әрқайсысының сапасын арттырып, оларды кешенді түрде бір сыныпқа бағыттау негізгі болжам болатын. Яғни, білім сапасын арттыруда сапалы білім беру құраушыларының бір уақытта бір балаға немесе сыныпқа жұмыс жасауы маңызды [192]. Жақсы мұғалім мен сапалы тәрбие бола тұра, сапалы басқару, сапалы білімді бағалау мен мониторинг болмаса, білім алуға жағдай жасалмаса онда білім сапасы артпайды [193]. Басқа білім беру құраушыларымен де солай. Сол себепті экспериментке қатысатын эксперименталды сыныптарға ішкі резервтер арқылы мемлекет тарапынан атқарылып отырған жұмыстардан бөлек 3 сапа құраушысын сапалы жұмылдыру үшін қосымша жұмыстар ұйымдастыру арқылы білім сапасын арттыру эксперименттік жұмыстың негізгі идеясы болып отыр. Эксперименттік жұмысты ұйымдастыру үшін эксперимент бағдарламасы, экспериментке қатысушыларға арналған (облыс, аудан, мектеп) жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

Эксперименттің кешенді бағдарламасында сапа құраушыларының сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары жасалып, әрқайсысының орындалуына жауапты тұлғалар бекітіліп, эксперимент жетекшісі мен үйлестірушілерінің қадағалауында болды.

Эксперимент жүргізуді бейнелі ұсыну мақсатында эксперимент моделі ұсынылды (17 – сурет).



Сурет 17 – Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде арттыру мақсатында жүргізілген эксперименттің моделі

Эксперимент моделінде Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде арттыру мақсатында жүргізілген эксперименттің мақсаты көрсетілген. Эксперимент мақсатына сәйкес эксперимент идеясын Түркістан облысының

әкімшілігінің қолдауы арқылы ең бірінші кезеңде төрт жақты меморандум жасалған. Меморандумға Түркістан облысының білім басқармасы, Педагогикалық Ғылымдар академиясы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті және Назарбаев Зияткерлік мектептері қол қойған. Меморандумда қол қойған тараптардың жауапкершіліктері мен атқаратын қызметтері ашық жазылған. Эксперимент ұйымдастыруға қатысты бұйрықтың бекітілуімен эксперимент бағдарламасы, бағдарлама негізінде экспериментке қатысушылардың жұмыс жоспары дайындалып, ұсынылды. Мұндағы мақсат Түркістан облысында экспериментке қатысатын мектептердің эксперименттік сыныптарында оқитын оқушылардың білім сапасын көтеру. Эксперимент жұмыс жоспары үш түрлі үлгіде бекітілді: Облыстық әдістемелік орталық, Аудандық әдістемелік кабинет және Эксперименттік мектеп жұмыс жоспары. Модельдің соңында жалпы эксперименттің нәтижесі ретінде Түркістан облысында орта білім беру сапасын ғылыми негізде көтеру көзделген.

Эксперименттің бекітілген бағдарламасында белгіленген 3 бағыт бойынша ішкі резервтерді тиімді пайдалану үшін атқарылуы қажетті жұмыстар жан-жақты сипатталған.

Бағдарламаның мақсаты – Түркістан облысының экспериментке қатысатын мектептердің эксперименталдық сыныптарында оқитын оқушылардың білім сапасын көтеру.

Бағдарлама міндеттері:

- мектеп ұстаздарының кәсіби біліктілігін көтеру;
- білім беруді бағалау сапасын жетілдіру;
- жеке тұлғаға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын арттыру;
- экспериментке қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- басқару жүйесінің сапасын көтеру;
- мектептердің, эксперименттік сыныптардың материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Бағдарламада мектептегі білім беру сапасын жақсарту бойынша әлемдік тәжірибе басшылыққа алынған. Қазіргі уақытта көптеген халықаралық салыстырмалы зерттеулер жүргізіледі, алайда анағұрлым маңыздылары PISA, TIMSS, PIRLS болып табылады. Бұл зерттеулер нәтижелері бойынша соңғы 10 жыл ішінде оқушылары тұрақты түрде жоғары көрсеткіш көрсететін жүлдегер елдер: Сингапур, Гонконг (Қытай), Жапония, Тайвань, Финляндия, Оңтүстік Корея, Канада, Эстония, Макао және Жаңа Зеландия болып табылады. Бұл елдердің білім беру жүйелері табыстылығы мен тиімділігіне, бірінші кезекте, ұлттық басымдылықтарды, дәстүрлі мәдениетті, құндылықтарды сақтауға және мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі жоғары сапаға қол жеткізуге бағытталған білім беру саясатын жүзеге асыру негізінде қол жеткізген.

Әлемнің жетекші елдерінің білім беру жүйелері көшбасшылары технологиялар әлеуетін оқыту үдерісі үшін пайдалану туралы мәселені талқылай келіп:

1) білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану оқыту сапасын арттыру үшін жаңа перспективаларды ашады;

2) АКТ білім беру жүйесіне енгізу үшін жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алумен, байланыс арналарды ұйымдастырумен және техникалық қызмет көрсетумен байланысты дәстүрлі техникалық мәселелерді шешу жеткіліксіз, мектептердің біліктілігі жоғары ұстаздары мен басшыларын дайындамайынша бұл міндет орындалмайды;

3) оқушылар табыстылығын анықтаушы маңызды фактор оқыту сапасы болып табылады;

4) мұғалімдердің бірлескен жұмысы, тәжірибе алмасу, бірлесіп зерттеу жүргізу, оқу жоспарларын әзірлеу және жақсы оқыту дегеннің не екені туралы жалпы ұғымды түсінулері үшін көбірек мүмкіндіктер беріп, кеңістік құру қажет деген қорытындыға келді.

Талқылау негізінде:

1) білім беру сапасы онда жұмыс істейтін мұғалімдер сапасынан жоғары болуы мүмкін еместігі;

2) оқыту нәтижелерін жақсартудың бірден-бір әдісі оқытуды жақсарту болып табылатындығы;

3) барлық оқушылар білімінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету әр балаға сапалы оқытуды жеткізбейінше мүмкін еместігі;

4) мұғалім мамандығы жоғары мәртебе алған кезде, анағұрлым дарынды адамдар мұғалім болатыны, бұл осы мамандық мәртебесінің одан әрі артуына алып келетіні дәлелденді.

Эксперименттің идеясы педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі; рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы; басқару жүйесінің сапасын көтеру жұмыстарына республика көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға қоса ішкі резервтерді кеңінен пайдалану.

Білім сапасын көтеруде ішкі резервтерді кеңінен пайдалану озық әлемдік тәжірибе болып табылады. Бағдарламада білім беру жүйесінің сапасына әсер ететін әрбір құраушының сапасын арттыруға қатысты атқарылу қажет жұмыстар ұсынылған:

1. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасын көтеру ( $C_{\text{ккб}}$ )

1) облыстық және аудандық әдістемелік кабинеттер өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге және мектеп басшыларына нақтылы әдістемелік көмек көрсету;

2) мектеп басшылары эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби күзінеттерін көтеру жолдарын қарастыру және іске асыру;

3) белгілі бір пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің бір-бірімен тығыз жұмыс жасауларын қамтамасыз ету және ол үшін әр-түрлі іс-әрекет формаларын қолдануларына қолдау көрсету;

4) дәріс сапасын көтеру мақсатында кең көлемде «Ақылдасу сабақтарын» өткізу, оған басқа мектептерде сабақ беретін пән мұғалімдерінің қатысуына және ол сабақтардың нәтижелерінің тиянақты талқылануына қолдау көрсету;



- 5) мұғалімнің педагогикалық қызметі сапасын бағалау жүйесін құру;
- 6) мұғалім еңбегін қолдау және ынталандыру жүйесін ойластыру;
- 7) оқыту сапасын көтеру үшін мектептерде жұмыс жасап жүрген біліктілігі жоғары мұғалімдер мен әдіскерлер тәжірибесін пайдалану;
- 8) жас мұғалімдердің өткізетін сабақтарының сапасын көтеру үшін оларға тәлімгерлік көмек көрсету;
- 9) жұмыс нәтижелері төмен мұғалімдерді ынталандыруға арналған әдіс-тәсілдер ұйымдастыру;
- 10) әрбір мұғалімге көңіл бөліп, өткізетін сабақтарының сапасын жақсарту үшін оларды сынамастан, кемсітпестен, оларға үлкен қамқорлықпен барынша қолдау және көмек көрсету;
- 11) барлық эксперименттік сыныптарда эксперименттік пәндерден бірдей сабақ берілуін қамтамасыз ету;
- 12) мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауларына мүмкіндік туғызу және оны қолдау;
- 13) Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы, Химия-биология және Физика-математика бағыттарындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірлесе жұмыс жасай отырып, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың тиімді және сан алуан жүйелерін іске асыру қажет.

## 2. Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру (C<sub>T</sub>)

- 1) оқушыларға «Мәңгілік ел» және басқа да ұлттық идеялардың мән-мағынасын түсіндіріп, оларды осы идеялар аясында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу;
- 2) ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірге жұмыс жасау жолдарын жоспарлау;
- 3) ата-аналарды бала тәрбиесі мен олардың сапалы білім алуларына жұмылдыру және бала тәрбиесін басты назарда ұстауларына педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету;
- 4) мұғалімдер оқушыларға ата-аналарын сыйлауды, Отанын сүюді, ұлттық мәдениет пен тарихты біліп, дамытуды өздері беретін пән мазмұнымен байланыстыра отырып үнемі түсіндіріп отыру;
- 5) оқушыларға ел бірлігін, толеранттықты және халықтар достығын сақтау идеяларының маңыздылығын түсіндіру;
- 6) оқушылардың рухани бай тұлға болып өсулеріне қамқорлық жасап, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытып, денсаулықтары мен қоршаған ортаны сақтау мәдениетін қалыптастыру.

## 3. Басқару жүйесінің сапасын көтеру (C<sub>бас</sub>)

- 1) облыстық білім беру басқармасы эксперимент өткізуге қатысты арнайы бұйрық шығару;
- 2) экспериментке қатысатын барлық мекемелер басшылары және мектеп директорларымен арнайы мәжіліс өткізіп, олардың міндеттерін кеңінен түсіндіру;
- 3) экспериментке қатысатын барлық мұғалімдерге эксперименттің мақсат-міндеттерін және оларға қойылатын талаптарды жан-жақты түсіндіру;

4) эксперименттік сыныптарда оқытудың тұрақты түрде жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру;

5) экспериментке қатысатын мектептер мен әр мұғалімнің мұң-мұқтаждықтарын білу және одан қажетті қорытындылар шығару;

6) тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, экспериментке қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар, осы бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер де ұсынылды.

Бағдарламаны жүзеге асыру:

1) педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеруге;

2) жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиесін жетілдіруге;

3) білім беру сапасын арттыру үшін басқарудың тиімді жүйесін құруға;

4) облыс көлемінде ішкі резервтерді кеңінен пайдалана отырып эксперименттік сыныптарда эксперимент өткізілетін пәндер бойынша білім беру сапасы көтеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны жүзеге асыруда қолданылатын нормативтік құқықтық актілер тізбесі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (13.01.2015ж. күні бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен);

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 март күнгі №205 «Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы;

3. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы;

Экспериментке қажетті іс-шаралар облыстың білім беру басқармасына жергілікті бюджеттен жалпы білім беру жүйесін дамытуға бөлінетін қаржы шегінде жүзеге асырылатын болады. Оны жүргізуге қосымша қаржы қажет етілмейді.

### **3.2 Орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу кезеңдері**

Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында Түркістан облысындағы эксперимент екі кезеңнен өтті. 2018-2019 оқу жылында экспериментке Түркістан облысының екі ауданы: Төлеби және Ордабасы аудандары қатысты. 2019-2020 оқу жылында экспериментке Түркістан облысынан тағы екі аудан қосылып, жалпы төрт аудан: Төлеби, Ордабасы, Сайрам, Отырар аудандары қатысты.

Педагогикалық ғылымдар академиясымен бірлесе отырып, зерттеу

тақырыбы аясында білім беру сапасын көтерудің үздік әлемдік және отандық тәжірибелерін зерттей келе, облыс көлемінде ғылыми негізде орта білім беру сапасын арттыру мақсатындағы экспериментті Түркістан облысында жүргізу шешілді. Ұсыныс Облыстық білім басқармасы тарапынан оң қолдау тапты.

Эксперимент идеясын Түркістан облыстық білім басқармасы қолдап, 2018-2019 оқу жылында «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында эксперимент өткізу туралы арнайы бұйрық шығарып, оның жетекшісі мен үйлестірушілерін тағайындады. Нақтырақ айтар болсақ, ПҒА Басқарма төрағасы, академик А.Қ. Құсайыновтың бастамасы негізінде Түркістан облысының Ордабасы, Төлеби аудандарында «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында эксперимент жұмыстарын жүргізу жөнінде Түркістан облысының білім басқармасының 14.03.2018 ж. №89 бұйрығы шықты (Қосымша А). Аталған бұйрықпен эксперименттің іс-шаралар жоспары және экспериментке жауапты мамандар бекітілді (Қосымша Ә).

Эксперимент жетекшісі болып А. Құсайынов, ал үйлестірушілері – облыстық білім басқармасының, облыстық әдістемелік кабинетінің, Педагогикалық шеберлік орталығының қызметкерлері (ПШО), Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары белгіленді.

Экспериментті қолдау мақсатында Түркістан облысы Білім басқармасы, ПҒА, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті және «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ арасында төрт жақты Меморандум жасалды (Қосымша Б).

Меморандумға қол қойған әр тараптың ауыл мектептерінде білім сапасын арттыру ісіне қатысты өз жауапкершіліктері мен атқарылатын қызметтері бекітілді.

1. Түркістан облысының Білім басқармасы:
  - барлық басшылық және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;
  - әдістемелік көмек көрсету;
  - эксперимент барысын қадағалау;
  - қажетті қолдау көрсету;
  - нәтижесін қадағалау.
2. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы:
  - жалпы ғылыми жетекшілік жүргізу;
  - атқарылатын іс-шаралардың жоспарын жасау;
  - экспериментке қатысатын әдіскерлер және мұғалімдерге қажетті мәжіліс-семинарлар өткізу;
    - жасалған жұмыстарды сараптау;
    - қажетті қорытындыларды шығару.
3. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті:
  - эксперименттің ғылыми жетекшісінің басшылығымен эксперимент жұмысын ғылыми қолдау;
    - қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізу;
    - ғылыми сараптамалар жүргізу;

- тұжырымдамалар жасау.
- 4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ:
  - экспериментке қатысатын мұғалімдерге жүйелік-әдістемелік кешендерді қолдану бойынша көмек көрсету;
  - мектеп тренерлерін дайындауға көмек көрсету;
  - білім сапасын анықтау мақсатында мониторинг жүргізуге кеңес беру.

Эксперимент екі оқу жылына созылды. 2018-2019 оқу жылында экспериментке 18 мектептің 2-ші және 6-шы сынып оқушылары, жалпы 138 мұғалім, 1554 оқушы қатысты. «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» мақсатында Түркістан облысы Ордабасы және Төле би аудандарында 2018–2019 оқу жылында жүргізілген эксперименттің қорытындысы» деген жинақ шығарылды.

Экспериментті нәтижелі жүргізуге Шымкент қаласы Педагогикалық шеберлік орталығы, Химия-биология және физика-математика бағыттарындағы Назарбаев зияткерлік мектептері қолдау көрсетті.

2018 жылдың наурыз-тамыз айларында экспериментке дайындық мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылған:

1. Түркістан облысы Ордабасы және Төлеби аудандарында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттің бағдарламасы дайындалып, бекітілді.

2. Түркістан облысының білім басқармасының басшысы И. Сағындықов, ПҒА Басқарма төрағасы А. Құсайынов, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің (М. Әуезов атындағы ОҚМУ) ректоры Д. Қожамжарова және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрайымы К. Шәмшидинова «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында Түркістан облысының Ордабасы және Төлеби аудандарында өткізілетін экспериментті қолдау мақсатында» төрт жақты меморандум жасалып, қол қойылды.

3. Эксперимент жұмысына қатысатын жауапты қызметкерлер белгіленді.

4. Экспериментке қатысатын жалпы орта білім беру ұйымдары бекітілді.

5. Экспериментке қатысатын жалпы білім беру ұйымдарының басшыларымен, педагогтерімен эксперимент жөнінде мәжілістер өткізілді.

6. Экспериментке қатысушы мектептер, мектеп басшылары, мамандар, мұғалімдер, оқушылар туралы мәліметтер жинақталды.

7. Эксперимент мектептерді әдістемелік қолдау мақсатында білім сапасы жоғары білім беру ұйымдарының шығармашыл мұғалімдері дайындаған электронды түрде ресурстар жинағы ұсынылды.

8. Экспериментке қатысушы пән мұғалімдері пәндер бойынша оқу бағдарламасы, оқулықтарымен танысып, өз ұсыныстарын берді.

9. Экспериментке дайындық мақсатында Ордабасы, Төлеби аудандарының білім бөлімінің эксперимент үйлестірушілері, экспериментке қатысатын мектеп басшылары, пән мұғалімдеріне арналған дөңгелек үстелдер өткізілді.

10. Экспериментке қатысатын мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында М. Әуезов атындағы ОҚМУ, ОӘК, НЗМ, ПШО қызметкерлері тарапынан дөңгелек үстелдер, оқыту семинарлары, шебер-сыныптар, командалық сабақтар өткізілді.

11. НЗМ мұғалімдері, ОӘК әдіскерлері эксперимент мектеп мұғалімдерінің сабақтарына еніп, әдістемелік көмек көрсетті.

Осы дайындық негізінде және «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» мақсатында өткізілетін эксперименттің бағдарламасы бойынша эксперимент бастау алып, жүргізілді.

**Эксперименттің бірінші кезеңі (2018-2019 оқу жылы)**

Ең алдымен экспериментке қатысушылар туралы ақпарат беріп өтсек (17-кесте):

Кесте 17 – 2018-2019 оқу жылында экспериментке қатысушылар туралы мәлімет

№	Ауданы	Сынып	Балалар саны	Мұғалім	Пән
1	Ордабасы	2	364	16	Қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, жаратылыстану
		6	379	57	Қазақ тілі, математика, жаратылыстану, тарих
	Жалпы		743	73	
2	Төле би	2	377	17	Қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, жаратылыстану
		6	434	48	Қазақ тілі, математика, жаратылыстану, тарих
	Жалпы		811	65	
3	Барлығы	2, 6	1554	138	

Эксперименттің бірінші кезеңінде Түркістан облысының екі ауданы бойынша қатсқан мектептер. Ордабасы ауданы:

1. Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі
2. М. Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебі
3. Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі
4. С. Ысмайылов атындағы жалпы орта мектебі
5. Аманкелді атындағы жалпы орта мектебі
6. «Ынтымақ» жалпы орта мектебі
7. «Атамекен» жалпы орта мектебі
8. «Кәусар» мектеп гимназиясы

Төлеби ауданы:

1. №1 мектеп-гимназиясы
2. №3 П.Тәжібаев атындағы жалпы орта мектебі
3. №4 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебі

4. №7 жалпы орта мектебі
5. Екпінді жалпы орта мектебі
6. Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі
7. Төлеби атындағы жалпы орта мектебі
8. Балдыберек жалпы орта мектебі
9. Қазығұрт жалпы орта мектебі
10. Момынай жалпы орта мектебі

Эксперимент бағдарламасында жүйе құраушыларының сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар, орындаушылар, мерзімі және қосымша ақпаратқа арналған кесте ұсынылған (18-кесте).

Кесте 18 – Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасын көтеру (С<sub>ккб</sub>)

№	Іс-шара	Орындаушы	Мерзімі
1	2	3	4
1	Облыстық әдістемелік орталық және аудандық әдістемелік кабинеттер өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге және мектеп басшыларына нақтылы әдістемелік көмек көрсету	ОӨО; АӘК	ОЖБ
2	Мектеп басшылары эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби күзіреттерін көтеру жолдарын қарастыру және іске асыру	ЭМД	ОЖБ
3	Белгілі бір пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің бір-бірімен тығыз жұмыс жасауларын қамтамасыз ету және ол үшін әр-түрлі іс-әрекет формаларын қолдануларына қолдау көрсету	ЭМДО; АӘК	ОЖБ
4	Дәріс сапасын көтеру мақсатында кең көлемде «Ақылдасу сабақтарын» өткізу, оған басқа мектептерде сабақ беретін пән мұғалімдерінің қатысуына және ол сабақтардың нәтижелерінің тиянақты талқылануына қолдау көрсету	ЭМДО; АӘК	ОЖБ
5	Мұғалімнің педагогикалық қызметі сапасын бағалау жүйесін құру	АӘК; ОӨО	Қараша
6	Мұғалім еңбегін қолдау және ынталандыру жүйесін ойластыру	ЭМД; АББ; ОББ	Қараша
7	Оқыту сапасын көтеру үшін мектептерде жұмыс жасап жүрген біліктілігі жоғары мұғалімдер мен әдіскерлер тәжірибесін пайдалану	ЭМД; АӘК	ОЖБ
8	Жас мұғалімдердің өткізетін сабақтарының сапасын көтеру үшін оларға тәлімгерлік көмек көрсету	ЭМДО	ОЖБ
9	Жұмыс нәтижелері төмен мұғалімдерді ынталандыруға арналған әдіс-тәсілдер ұйымдастыру	ЭМДО; АӘК	ОЖБ
10	Әрбір мұғалімге көңіл бөліп, өткізетін сабақтарының сапасын жақсарту үшін оларды сынамастан, кемсітпестен, оларға үлкен қамқорлықпен барынша қолдау және көмек көрсету	ЭМД; АӘКҚ	ОЖБ

## 18-кестенің жалғасы

1	2	3	4
11	Барлық эксперименттік сыныптарда эксперименттік пәндерден бірдей сабақ берілуін қамтамасыз ету	ЭМД; АӘК; ОӘО	ОЖБ
12	Мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауларына мүмкіндік туғызу және оны қолдау	ЭМД	ОЖБ
13	Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы, Химия-биология және Физика-математика бағыттарындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірлесе жұмыс жасай отырып, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың тиімді және сан алуан жүйелерін іске асыру	ПШО; НЗМ; ЭМД; АӘК; ОӘО	ОЖБ

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында Облыстық әдістемелік орталықтың атқарған жұмыстары:

1. Эксперименттік мектептерді әдістемелік қолдау мақсатында білім сапасы жоғары білім беру ұйымдарының шығармашыл мұғалімдері дайындаған электронды түрде ресурстар жинағы ұсынылды.

2. Экспериментке дайындық мақсатында Ордабасы, Төле би аудандарының білім бөлімінің эксперимент үйлестірушілері, экспериментке қатысатын мектеп басшылары, пән мұғалімдеріне арналған дөңгелек үстелдер өткізілді.

3. Экспериментке қатысатын мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОӘК, НЗМ, ПШО қызметкерлері тарапынан дөңгелек үстелдер, оқыту семинарлары, шебер-сыныптар, командалық сабақтар өткізілді.

4. НЗМ мұғалімдері, ОӘК әдіскерлері эксперимент мектеп мұғалімдерінің сабақтарына еніп, әдістемелік көмек көрсетті.

5. Экспериментке қатысатын білім беру ұйымдары мен педагогтердің экспериментке дайындығын анықтау мақсатында экспериментатор мұғалімдерден сауалнама алып, нәтижесін шығарды.

6. ОӘО пен АӘК үйлестіруімен мұғалімдердің біліктілігін арттырудың төмендегідей формалары қолданылды:

- Ақылдасу сабақтары;
- «Десанттық жоба»;
- Дөңгелек үстелдер;
- Командалық сабақтар;
- Тренингтер;
- Шеберлік сағаттар;
- Семинарлар;
- Пікір алмасу.

7. Экспериментке қатысқан мұғалімдердің біліктілікті көтеру тестіне қатысуларына жағдай жасады. Эксперименттік сынып мұғалімдерінің көрсеткіші төмендегідей:

Ордабасы ауданы:

Педагог-модератор – 3  
Педагог-сарапшы – 14  
Педагог-зерттеуші – 19  
Төле би ауданы:  
Педагог-модератор – 10  
Педагог-сарапшы – 37  
Педагог-зерттеуші – 5

**Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында Аудандық әдістемелік кабинеттің атқарған жұмыстары:**

1. Экспериментке дайындық барысында барлық мұғалімдерге эксперименттің мақсаттары мен міндеттері толық таныстырылды.

2. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында облыстық әдістемелік кабинетімен, ПШО, НЗМ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғалымдарымен тығыз байланыс орнатылып, аудандық білім бөлімімен бірлескен жұмыстар атқарылды.

3. Жоспар бойынша ЭМ басшыларымен, педагог кадрларымен ай сайын бірлескен отырыстар өткізілді.

4. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша Аудан көлемінде ұйымдастырылған жұмыстар:

Дайындық кезеңінде:

– Экспериментке дайындық кезеңінде 2018 жылы 4 сәуір күні «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында экспериментке қатысатын мектеп басшылары, оқу орынбасарлары және пән мұғалімдерімен дөңгелек үстел өткізілді.

– 2018 жылдың 18 сәуір күні Ордабасы ауданы «Амангелді» ЖОМ-де Орынбай Жайна (тарих), Имаш Әлия (2-ші сынып) және «Темірлан» ЖОМ-де Байменова Айнұр (қазақ тілі) сабақтарына қатысып, әдіс алмасу жұмысы жүргізілді.

– 2018 жылдың 18 сәуір күні Төлеби ауданы №7 ЖОМ, №1 мектеп-гимназиясының мұғалімдері Р. Қарауылбаева, Ж. Оңғарбаева, Н. Бекен, Н. Қоштаева, Н. Божбанова, Д. Мелдебекова сабақ өткізіп, әдістемелік көмек көрсетілді.

– 2018 жылдың 18 сәуір күні ХББ НЗМ-де «Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу бағдарламалары мен бағалау жүйесінің ерекшеліктері» тақырыбында семинар және қазақ тілі, тарих, жаратылыстану, математика пәндері бойынша Ақылдасу сабақтары өткізілді.

– 2018 жылдың 3 мамыр күні ФМБ НЗМ-да «Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу бағдарламалары мен бағалау жүйесінің ерекшеліктері» тақырыбында семинар және ақылдасу сабақтары өткізілді.

– 2018 жылдың 15-16 мамыр күндері №1 «Білім – инновация» ер балалар лицей-интернаты базасында академик А. Құсайновтың басқаруымен облыстық білім басқармасы, педагогикалық шеберлік орталығы, НЗМ мұғалімдермен оқыту семинары өткізілді.

2018-2019 оқу жылында:



– Қыркүйек айында №3 П. Тәжібаева атындағы ЖОМ базасында «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздерін оқып үйренудің ерекшеліктері» тақырыбында семинар өткізілді.

– Қыркүйек айының 26 күні Қазығұрт ЖОМ-де «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздерін үйрену» тақырыбында семинар өткізілді.

– Қазан айында ЭМ пән мұғалімдері ақылдасу сабақтарын өткізді.

– №4 Қ. Сәтбаев атындағы ЖОМ базасында «Lesson Study» педагогикалық тәсілін жүргізу» тақырыбында ПШО тренері Х.І.Касимова мектеп басшыларымен, эксперимент үйлестірушілерімен оқыту семинарын өткізді.

– Қараша айында 2 – 6 сыныптардағы пәндер бойынша І тоқсандағы білім сапасының салыстырмалы талдауы жинақталды.

– Қараша айында «Оқытудағы кедергілерді анықтау және оны шешу жолдарын қарастыру» тақырыбында Екпінді ЖОМ оқыту семинары өткізілді.

– Қараша айында «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында №1 мектеп-гимназиясы базасында семинар өткізілді.

– Желтоқсан айында пән мұғалімдері ақылдасу сабақтарын өткізді.

– Желтоқсан айында «Оқу сапасын арттыру мақсатында сыныпта АКТ-ны пайдалану» тақырыбында №7 мектеп базасында практикалық семинар ұйымдастырылды.

– Желтоқсан айында «Білім беруді жетілдірудің сегіз құраушысы» озық әлемдік тәжірибеде қолданылып жүрген білім сапасы құраушыларын басты назарда ұстау мақсатында семинар өткізілді.

– «Атамекен» ЖОМ базасында «Жаңартылған білім беру аясында сабақты жоспарлау, өткізу және талдау әдістемесі» тақырыбында аудандық тәжірибелік семинар өтті.

– М. Исламқұлов ЖОМ базасында «Білім беру мазмұнын жаңартудағы үдерістер» тақырыбында аудандық семинар өтті.

– «Атамекен» ЖОМ базасында «Бастауыш сынып балаларында болатын дағдарыстардың бағалауға ықпалды факторлары» аудандық оқыту семинарында «Кел, балалар оқылық» Ұлттық сауаттылық қауымдастық директоры, оқытушы тренер М. Рахымбаева шақырылып, семинар-тренингтер ұйымдастырылды.

– «Кәусар» гимназиясында «Бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңартылған білім беру жүйесіне көшуде кәсіби шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында шебер сынып сабақтары өткізілді.

– Б. Кенжебаев атындағы ЖОМ «Бастауыш сынып сабақтарында диалогтік оқытуды ұйымдастыру әдістері» тақырыбында тәжірибелік семинар өтті.

– М. Әуезов атындағы ЖОМ «Бастауыш сынып оқушыларының шығарымашылық қабілеттеріне қарай сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» тақырыбында тәжірибелік семинар өтті.

– Ө. Молдағұлова атындағы ЖОМ «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру әдістері» тақырыбында тәжірибелік семинар өтті.

– Қажымұқан атындағы ЖОМ «Жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігі және шығармашылық ізденістерін қалыптастыру әдістері» тақырыбында тәжірибелік семинар өтті.

– Қ. Бектаев атындағы ЖОМ «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқытуды саралаудың тиімді жолдары» тақырыбында аудандық тәжірибелік семинар өтті.

5. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу ісі жолға қойылды:

– Пән мұғалімдері 2019 жылдың 29 наурызында ХББ НЗМ мектеп базасында жалпы орта білім беру ұйымдарының экспериментке қатысатын мұғалімдеріне арналған «Қызықты сабақ өтудегі әдістер мен стратегиялар» тақырыбындағы облыстық семинарға, 2 сәуірде ФМБ НЗМ жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған облыстық семинарға барып, іс-тәжірибелерімен танысып келді.

– Шымкент қаласындағы ОӘК, ПШО, НЗМ мектептері және білім бөлімінің әдіскерлері, аудандық эксперимент үйлестірушілері М. Жеткерова, А. Әуелбековамен бірлесе жұмыс жасай отырып, эксперименттік сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдердің біліктілігін жүйелі түрде арттырып отырды.

– №1 мектеп гимназиясында эксперимент жетекшісі А. Құсайыновтың және Ордабасы ауданының әдіскерлерінің қатысуымен тәжірибелік семинар өткізілді. №1 мектеп гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Алменова, «Қазығұрт» ЖОМ директоры Г. Құрбанова, №7 мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Айдарбекова өз тәжірибелерімен бөлісті.

– №4 Қ. Сәтбаев атындағы ЖОМ және ОӘО әдіскері А. Джуватаевтың, ардагер ұстаз, п.ғ.к., доцент Ж. Бейсековтың, аудан мектептерінің қатысуымен «Математика пәнін оқытудың жүйелі жолдары» тақырыбындағы аудандық семинары өткізілді. Семинарда бастауыш сынып мұғалімі Г. Бұлғанбаева «Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады.

6. Эксперимент сыныптарында сабақ беретін мұғалімдердің педагогикалық қызметі сапасын мектеп әкімшілігі тарапынан бағалау парағы жасалды.

7. Мұғалім еңбектеріне қолдау көрсету мақсатында төмендегідей қызметтер көрсетілді:

– Оқу-әдістемелік материалдары мен құралдары қолжетімді болды. (НЗМ және ПШО әзірледі)

– Түрлі ақпарат көздерін пайдалану үшін ғаламтор желісі орнатылды.

– Эксперименттік пәндер бойынша сабақ кестелері мұғалімге де, оқушыға да ыңғайлы түзілді.

– ЭС мұғалімдері әртүрлі қосымша қоғамдық жұмыстардан уақытша босатылды.

– Мектеп психологтері, сынып жетекшілер, кітапханашылар тарапынан үнемі көмек пен қолдау көрсетіп отырды.

– Эксперимент сыныптарындағы пән мұғалімдерінің сабақтары қалыпты сыныптардағы пән мұғалімдеріне тәжірибе ретінде көрсетіліп, әдіс алмасу жұмыстары жүргізілді.

8. Мектеп педагогикалық ұжымдарының экспериментке қатысатын мұғалімдердің өткізетін сабақтарының сапасы үшін жауапкершілігін күшейтуге қатысты бірнеше жұмыстар атқарылды:

– НЗМ-нің мұғалімдерімен бірлесе жұмыс жасай отырып, сабақ өтудің тиімді әдістері қолданылды.

– ЭС мұғалімдерінің ақылдасу сабақтарының жоспарлары қаралып, бекітілді.

– Күнделікті сабақтың жоспарлануы мен қолданылып жүрген әдіс-тәсілдері бақыланды.

– АКТ тиімді және жүйелі түрде қолданулары қадағаланды.

– Әр тоқсанда білім сапасына талдау жүргізілді.

– Оқушылардың ЖБ және ТЖБ жұмыстарының орындалу сапасы қадағаланды.

9. ЭС мұғалімдері ай сайын 2-3 ақылдасу сабағын, шебер-сынып, семинар немесе дөңгелек үстел өткізу керектігі жоспарланып, мектеп әкімшілігі тарапынан үнемі бақылауда болды.

10. Оқыту сапасын арттыру үшін эксперименттік сыныптарда жұмыс жасап жүрген біліктілігі жоғары мұғалімдер мен әдіскерлер тәжірибесін пайдалану ісі іске асты:

– Аудан көлемінде «Шамшырақ» желілік қауымдастығы құрылып, озық іс-тәжірибе жұмыстары жанданды.

– Экспериментке байланысты уақытша қызмет атқарушы шығармашылық топ, яғни дамытушы топ құрылды.

– Әр мектепте «Ізденіс» шығармашылық тобы жұмысын жүйелі жүргізді.

11. ЭС мұғалімдерін ынталандыру үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды:

– Әр тоқсандағы жұмыс нәтижесіне салыстырмалы талдау жүргізіліп, ұсыныстар айтылды.

– Өз пәніне оқушы қызығушылығын арттыру мақсатында сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушыларды ғылыми шығармашылыққа баулыды.

– Нәтижелі жетістігі болса ескеріліп, ұжымда жарияланды.

– Олардың әлсіз тұстары анықталып, қалай да бір көмек қажеттігі сұралып, ұсыныс білдіруіне мүмкіндік берілді.

12. Әрбір мұғалімге көңіл бөліп, өткізетін сабақтарының сапасын жақсарту үшін, оларды сынамастан, кемсітпестен, үлкен қамқорлықпен барынша қолдау және көмек көрсетілді.

13. Өткізілетін сабақтар сапасын арттыру үшін мұғалім жұмысын бағыттау және үлгілік сабақ жоспарлары мен оқу-әдістемелік материалдар әзірлеп беру ұйымдастырылды.

14. Барлық эксперименттік сыныптарда эксперименттік пәндерден бірдей сабақ берілуін қамтамасыз ету үшін біршама жұмыстар атқарылды:

– ЭС сабақ беретін мұғалімдер қысқа мерзімді жоспарды пәндер бойынша бірлесіп жасап отырды.

– Пән мұғалімдері бірдей үлгіде сабақ беріп, нәтижесін саралап отырды.

– «Тәжірибе – ғылым негізі» атты әдістемелік көрме ұйымдастырылып, тиімді ақпараттар таратылды.

– Барлық ЭС жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыды.

– Барлық сыныптарға оқушылардың білімін критериалды бағалау жүйесі енгізілді.

– Мұғалімдерге қысқа мерзімді жоспардың бірыңғай формасы берілді.

**Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында Эксперименттік мектептерде атқарылған жұмыстар:**

1. Мектеп басшылары эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби күзиреттерін көтеру жолдарын қарастыру және іске асыру бойынша:

– Шымкент қаласындағы ОӘК, ПШО, ХББ және ФМБ НЗМ, АББ әдіскерлерімен бірлесе жұмыс жасай отырып, эксперименттік сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдердің біліктілігін жүйелі түрде арттырылып отырды.

– ОББ мен ОӘК жұмыс жоспарына сәйкес аталған ұйымдардың мамандарымен көптеген кездесулер, десант сабақтар өтті.

– АББ ұйымдастыруымен экспериментке енген 10 мектеп аудандық семинарлар өткізді.

– №3 ЖОМ өткен «Білім сапасын арттырудың ғылыми әдістемелік негіздерін үйренудің ерекшеліктері» атты аудандық семинар өтті.

– «Қазығұрт» ЖОМ өткен семинар.

– №4 мектепте 10 ЭМ басшыларының қатысуымен облыстық оқыту семинары өтті.

– Экспериментке қатысушы мұғалімдер №1 мектеп гимназиясында, №4 мектепте, ХББ НЗМ-де өткен семинарға қатысты.

– 7 ақпан күні «Білім сапасын арттырудың ғылыми әдістемелік негіздері» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинарға эксперимент жетекшісі А. Құсайынов, А. Кенжебаев, А. Панова, әдістемелік кабинет меңгерушілері, әдіскерлері, мектеп директорлары, ЭС мұғалімдері, мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшелері қатысты. (№4 мектеп)

– Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша курстан өтпеген мұғалімдерге аудандық білім бөліміне сұраныс жіберіліп, Г. Құлбатырова, А. Ордабаева, А. Ерназарова, Қ. Аманбаева курстан өтті. (М. Исламқұлов ЖОМ)

2. Белгілі бір пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің бір-бірімен тығыз жұмыс жасауларын қамтамасыз ету және ол үшін әр-түрлі іс-әрекет формаларын қолдануларына қолдау көрсету мақсатында:

– ЭС мұғалімдері айына 2-3 ақылдасу сабағын, шебер сынып, семинар, дөңгелек үстелдер өткізді.

– Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ж. Шәдіқожа «Қазақ балуандары» тақырыбында ақылдасу сабағында «Галереяны шарлау» және «Шыбын қағу» әдістерімен бөлісті. (Амангелді ЖОМ)

3. Дәріс сапасын көтеру мақсатында кең көлемде «Ақылдасу сабақтарын» өткізу, оған басқа мектептерде сабақ беретін пән мұғалімдерінің қатысуына және ол сабақтардың нәтижелерінің тиянақты талқылануына қолдау көрсету бойынша:

– 2018-2019 оқу жылында 46 ақылдасу сабағы өткізілді. (№7 ЖОМ)

– Р. Қарауылбаева өз сабағында БЖС технологиясы бойынша матрица арқылы бағалауды қолданды. (№7 ЖОМ)

– А. Ералиева желтоқсан айында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығында «Lesson Study» бойынша тренерлік курстан өтіп, ЭС мұғалімдеріне дәріс оқыды. (№7 ЖОМ)

– ЭС сабақ беретін мұғалімдер өздерінің тәжірибесімен бөлісу үшін айына 3 рет ақылдасу сабақтыран өткізіп тұрды. Ақылдасу сабақтарына ену бойынша әр пән мұғалімі орта есеппен айына 10-15 ақылдасу сабақтарына қатысты. (Төлеби ЖОМ)

– ЭС сабақ өтетін мұғалімдер ай сайын 4 рет ақылдасу сабағын өтіп отырды. Мұғалімдер айына орта есеппен 15-20 ақылдасу сабағына еніп отырады. (Екпінді ЖОМ)

– Апта сайын ақылдасу сабақтары жүргізіліп отырды. (Момынай ЖОМ)

– Мұғалімдер жалпы ай сайын 12-16 ақылдасу сабақтарын өткізіп тұрды. (Қасқасу ШЖМ)

4. Мұғалім еңбегін қолдау және ынталандыру жүйесін ойластыру бойынша:

– ЭС жұмыс жасайтын қазақ тілі пәні мұғалімі М. Жүнісбекова мен бастауыш сынып мұғалімі К. Бекасылова ОӘЖ ұйымдастыруымен өткізілген облыстық мұғалімдер олимпиадасына қатысып, жүлделі ІІ орынмен марапатталды. (№1 мектеп)

– ЭС жұмыс жасайтын 7 мұғалімнің 3-і Ұлттық біліктілік тестіне қатысып, жалақыларын 35-45% көтерді, мамыр айындағы тестке 4 мұғалім өтініш білдірген.

– Қазақ тілі пәні мұғалімі Н. Қоштаев мектепшілік, эксперимент барысында жоғары нәтижеге қолжеткен математика пәні мұғалімі Ж. Оңғарбаева ОББ мақтау қағаздарымен марапатталды.

– Арнайы құрылған комиссия қорытындысымен және 2019 жылы 23 мамыр күні өткен №5 педагогикалық кеңес шешімімен «Ең үздік бірлестік» номинациясында қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі, «Үздік пән мұғалімі» номинациясымен А. Түймебекова, «Ең үздік бірлестік жетекшісі» номинациясымен Л. Бөлекбаева, ал оқушылар арасында «Үздік оқушы» номинациясымен А. Кісетай марапатталды. (№7 ЖОМ)

– Мұғалімнің педагогикалық қызметіне қолайлы психологиялық ахуал жасалды.

– Оқу жылының қорытындысы бойынша Е. Әбдімәліков пен Ж.Аңламасова эксперимент нәтижесі бойынша марапатталды. (Қазығұрт ЖОМ)

– Қазан айында мұғалімдер күні қарсаңында ЭС мұғалімдерін ынталандыру мақсатында алғыс жарияланды. Мамыр айында ұйымдастырылған «Нұрлы елдің дарынды ұрпақтары» атты форумда экспериментке қатысқан мұғалімдер марапатталды. (Балдыберек мектебі)

– Оқу-әдістемелік материалдары мен құралдары қолжетімді болды (НЗМ және ПШО эзәрледі)

– Түрлі ақпарат көздерін пайдалану үшін ғаламтор желісі орнатылды.

– Эксперименттік сыныптар бойынша сабақ кестесі мұғалімге де, оқушыға да тиімді түзілді.

– ЭС мұғалімдері әр түрлі қосымша қоғамдық жұмыстардан уақытша босатылды.

– Мектеп психологтері, сынып жетекшілер, кітапханашылар тарапынан үнемі көмек пен қолдау көрсетілді.

– ЭС мұғалім сабақтары қалыпты сыныптағы мұғалімдерге тәжірибе ретінде көрсетіліп, тәжірибе алмасу орын алды. (Балдыберек мектебі)

5. Оқыту сапасын көтеру үшін мектептерде жұмыс жасап жүрген біліктілігі жоғары мұғалімдер мен әдіскерлер тәжірибесін пайдалану бойынша:

– Мектебімізде мектеп тренерлерінің, шығармашылық топ мүшелерінің тәжірибесі ЭС мұғалімдерінің біліктілігін арттыруда көп көмегін тиюде. (№1 мектеп)

– Көп жылдық тәжірибесі бар, білікті ұстаз тарих пәнінің мұғалімі Б. Әлімбаева «Lesson Study» тәсілін үйрету мақсатында коучинг сессия өткізді. (№3 П. Тәжібаева ЖОМ)

– Эксперимент үйлестірушісі, директордың оқу ісі жқніндегі орынбасары А. Ашет пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетті. (№3 П. Тәжібаева ЖОМ)

– Педагог-зерттеуші, бастауыш сынып мұғалімі Г. Бұлғанбаева «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігі» тақырыбында мектепішілік тренинг өткізді. Г. Рапилбекова «Сабақты жоспарлау» тақырыбында шебер сыныбын өткізді. (№4 мектеп)

– Экспериментке байланысты уақытша қызмет атқарушы шығармашылық, дамытушы топ құрылды. (№7 ЖОМ)

– «Ізденіс» шығармашылық топ жүйелі жұмыс атқарды. (№7 ЖОМ)

– Эксперимент үйлеструшісі МД ОІЖО М.Сәрсенова пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетті. (Төлеби ЖОМ)

– Тәжірибесі жоғары ұстаздар Ұ. Әбішева, Қ. Байсейтова, М. Сапарбекова, Г. Әділова ақылдасу сабақтарында, түрлі басқосуларда өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті. (Екпінді ЖОМ)

– «Білім нұры» шығармашылық тобындағы мұғалімдер мен ЭС мұғалімдері өзара ынтымақтастықта жұмыс жасады. (Момынай ЖОМ)

– «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы жана әдіс-тәсілдердің тиімділігі», «Критериалды бағалау» тақырыбында мектепшілік тренингтер өтті. (Қасқасу ШЖМ)

– ЭС сабақ беретін тәжірибесі жоғары мұғалімдер: А. Абдраимова, Ж. Нұрахов, Н. Мамырова, М. Орынбеков ақылдасу сабақтарында үнемі өз тәжірибелерімен бөлісіп отырады. (Балдыберек мектебі)

– Біліктілігі жоғары мұғалімдер Г. Жонаева, А. Жасанова, Ұ. Бекенова, Н. Қайыпова ақылдасу сабақтарында үнемі өз тәжірибелерімен бөлісіп отырды. (Ынтымақ ЖОМ)

6. Жас мұғалімдердің өткізетін сабақтарының сапасын көтеру үшін оларға тәлімгерлік көмек көрсету бойынша:

– Мектепшілік, аудандық «Үздік сабақ жоспары, «Үлгілі басылым» байқаулары дәстүрлі түрде өткізілді.

– Аудандық «Үздік сабақ жоспары» байқауында тарих және жаратылыстану пәнінің мұғалімі Ш. Отарбаева I орынмен, жаратылыстану пәні мұғалімі П. Садық жаңартылған білім беру аясында үздік сабақ өткені үшін марапатталды. (№1 мектеп)

– ЭС сабақ беретін жас маман М. Қалболатоваға Б. Әлімбекова тәлімгер болып бекітілді. (№3 П. Тәжібаева ЖОМ)

– Пән мұғалімдеріне жылдық жоспар құруға және орта мерзімдік жоспар жасауға әдістемелік көмек көрсетілді.

– БЖБ және ТЖБ кестесі құрылып, тапсырмалары әдістемелік бірлестіктерде қарастырылып түзілді.

– Пән мұғалімдерінің ҚМЖ-сы күнделікті сабаққа кірер алдында тексеріліп, сабақ құрылымын тиімді жоспарлау бойынша дер кезінде әдістемелік көмек беріліп отырды.

– Жас маман А. Өмірбайға Л. Жамалбекова тәлімгер болып бекітілген. «Жаңа мектепте жаңашыл ұстаз» атты мектепшілік байқауда II орын иеленді. (№4 мектеп)

– Жас мамандар Н. Божбанова, Н. Бекенге тәлімгерлер тағайындалды. (№7 ЖОМ)

– Жас маман тарих пәнінің мұғалімі И. Әблахановаға Ұ. Әбішева тәлімгер болып бекітілді. (Екпінді ЖОМ)

– Бастауыш сынып мұғалімі, жас маман Б. Айтмұрзаеваға тәлімгер етіп Ж. Сейтбекова бекітілді. (Қасқасу ШЖМ)

– Биология пәні мұғалімі А. Төлєноваға тәлімгер болып А.Әлімқұлова бекітілді. (Балдыберек мектебі)

7. Жұмыс нәтижелері төмен мұғалімдерді ынталандыруға арналған әдіс-тәсілдер ұйымдастыру бойынша: ЭС жұмыс жасайтын мұғалімдердің ішінде еңбек өтілі аз бастауыш сынып мұғалімі Г. Шатабаеваның 2 «б» сыныбының сапасы салыстырмалы түрде төмен болған. Мұғалім сабағына мектеп әкімшілігі және тәжірибелі ұстаздар тұрақты түрде қатысып, әр сабақтың ҚМЖ жоспарлауына бағыт-бағдар беріп отырды. Озат тәжірибелі мұғалім З. Көкеева мен мектеп тренерлері әдістемелік көмек көрсету арқылы сыныптың білім сапасы 74%-дан 84%-ға көтерілді. (№1 мектеп)

– ЭС сабақ беретін жас маман М. Қалболатова жаңартылған білім мазмұны бойынша курсқа жіберілді. (№3 П. Тәжібаева ЖОМ)

– II тоқсан бойынша тарих және жаратылыстану пәндерінен оқушылардың білім сапасы төмен болғандықтан пән мұғалімдерінің сабағына әкімшілік және тәжірибелі мұғалімдер ену арқылы әдістемелік көмек көрсетілді. (№4 мектеп)

– ЭС мұғалімдері бірлесіп жұмыс жасап, тәжірибе алмасып, ақылдасу сабақтарында әдіс-тәсілдерді, мұғалімнің тактикасын, оқушылардан алынатын кері байланыстарды, рефлексияны қалай алу керектігін талқылап, бір-біріне педагогикалық көмек көрсетіп отырды.

– ЭС сабақ беретін тәжірибесі аз мұғалім «Сыныптағы мұғалім көшбасшылығы» деңгейлік курсы бойынша ПШО - да білімін жетілдірді. (Екпінді ЖОМ)

– Сенбілік күндердің іс-шара жоспары бойынша «Мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында шебер сынып, «Қалыптастырушы бағалаудың маңызы», «Сапалы кері байланыс – білім сапасын арттыру жолы» тақырыптарында коучингтер қткізілді. (Қазығұрт ЖОМ)

– «Өзара әріптестік көмек» ретінде мектепшілік коучинг, тренинг сабақтары өткізіліп тұрды. (Ынтымақ ЖОМ)

8. Әрбір мұғалімге көңіл бөліп, өткізетін сабақтарының сапасын жақсарту үшін оларды сынамастан, кемсітпестен, оларға үлкен қамқорлықпен барынша қолдау және көмек көрсету бойынша:

– Пән мұғалімдері әріптестерімен үздіксіз әдіс алмасып, ақылдасу сабақтарына қатысты.

– Жыл қорытындысы бойынша бастауыш сынып мұғалімі Г. Бұлғанбаева ОББ Құрмет грамотасымен, география пәні мұғалімі Г. Рапилбекова АББ алғыс хатымен марапатталды. Жас маман, математика пәнінің мұғалімі А. Өмірбай және қазақ тілі мұғалімі А. Көпбаева МД алғыс хатымен марапатталды. Директордың орынбасары А. Пернебаева ОББ Құрмет грамотасымен марапатталды. (№4 мектеп)

– Математика пәнінен А. Өмірбайдың «Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген теңдеулерді шешу» тақырыбында өткен ақылдасу сабағында кері байланыс қажеттігі ескертілді. (№4 мектеп)



– Тарих пәнінен Л. Шораеваның «Қазақ халқының қалыптасу үдерісінің аяқталуы» тақырыбындағы ақылдасу сабағында үй тапсырмасын сұрауда интерактивті әдістер қолдану ескерілді. (№4 мектеп)

– Әр сенбіде экспериментке қатысатын мұғалімдер жиналып, өз тәжірибесінде кездескен кедергілерді талқылап, шешу жолын іздестіреді. (№4 мектеп)

– Мұғалімдер авторлық бағдарламалар, оқу құралдарын жасауға, шығармашылық ізденіспен айналысуға ынталандырылды және қолдау көрсетілді.

– Облыстық, республикалық ғылыми жобаларға, пәндік олимпиадаларға қатысуға жоспар құрылып, іске асты.

– Оқу кабинеттері, лабораториялар «мұғалім мен оқушының шығармашылық жұмыс лабораториясына» айналды.

– Психологиялық қызмет көрсетіліп, оқытудың сапалылығы үшін мұғалімдерге жағдай жасалды. (Қасқасу ШЖМ)

– Мұғалімдердің отбасылық, әлеуметтік жағдайлары ескерілді.

– Мектеп психологі мұғалімдерге сауалнамал жүргізіп, арнайы психологиялық тренингтер жүргізді.

– Мұғалімдердің теориялық дайындығы, пәнге деген қызығушылық деңгейі, жеке басының психологиялық ерекшеліктері ескеріліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

– ОӘК қолжетімді болу үшін жағдай жасалды.

– Ақылдасу сабақтарында ұсыныстар айтылып, бағыт-бағдар берілді. (Балдыберек мектебі)

9. Барлық эксперименттік сыныптарда эксперименттік пәндерден бірдей сабақ берілуін қамтамасыз ету бойынша:

– ЭС заманауи жабдықталған кабинеттерге барлық пәндер бойынша орналастырылды.

– Барлық ЭС жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқиды.

– Барлық сыныпта оқушылар білімін критериалды бағалау жүйесі енгізілген.

– Мұғалімдерге бірыңғай ҚМЖ үлгісі берілген.

10. Мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауларына мүмкіндік туғызу және оны қолдау бойынша:

– ЭС сабақ беретін жас маман А. Саурықбаева 6-шы сынып оқушысы А. Жайлаумен қосымша дайындық жұмыстарын жүргізіп жүріп, аудандық пән олимпиадасында ІІ орын алды. (Төлеби ЖОМ)

– Қазақ тілі пәні мұғалімі Э. Бердалының оқушысы республикалық «Ақберен» байқауында дәтүрлі ән бойынша жүлделі орын алды. (Төлеби ЖОМ)

– Эксперимент жүргізілген оқу жылында 6 сыныпты бітірген оқушылар арасынан Шымкент қаласындағы НЗМ 8 оқушы, облыстық өнер мектебіне 1 оқушы және №2 облыстық дарынды балалар мектебіне 1 оқушы, аудандық мамандандырылған дарынды балалар мектеп-интернатына 6 оқушы тест тапсырып, оқуға түсті. (№7 ЖОМ)

– Математика пәнінің мұғалімі Р. Қарауылбаева аудандық пән олимпиадасынан 2-орын, оның 5 сыныптағы оқушысы аудандық пән олимпиадасында 1-орын алды. Жаратылыстану пәнінің мұғалімі Л. Тәженованың оқушысы КҒА жұмысынан ауданнан 1-орын алып, облыстан номинацияға ие болды. Жаратылыстану пәнінің мұғалімі Қ. Бегімбетованың оқушысы облыстық КҒА номинанты атанды. (№7 ЖОМ)

– Мұғалімдер арасында мектепшілік «Үздік сабақ жоспары» байқауы өткізілді. (Қасқасу ШЖМ)

11. Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы, Химия-биология және Физика-математика бағыттарындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірлесе жұмыс жасай отырып, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың тиімді және сан алуан жүйелерін іске асыру бойынша:

– Экспериментке дейін эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдер НЗМ, ПШО-да жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілік арттыру курсынан өтті.

– Пән мұғалімдері Б. Елубаева, Ж. Қарабаева, Н. Қарақұлов, Г. Ибадуллаева, А. Нұрахова, Б. Әлімбекова, Э. Полатбекова, М. Қалболатова пәндік біліктілік арттыру курстарынан өтті. (№3 ЖОМ)

– Б. Әлімбекова I деңгейлі, Г. Ибадуллаева II деңгейлі, Б. Елубаева, А. Нұрахова III деңгейлі мұғалім көшбасшылығы курсынан өтті. (№3 ЖОМ)

– Пән мұғалімдері 2019 ж. 26 наурызында ХББ НЗМ базасында «Қызықты сабақ өтудегі әдістер мен стратегиялар» тақырыбындағы облыстық семинарға, 2 сәуірде ФМБ НЗМ базасында облыстық семинарға барып, іс-тәжірибелерімен танысты.

– ПШО қызметкері А. Қалшабек мектепте бір күндік оқыту семинарын өткізді. Нәтижесінде мұғалім құзыреттілігінің дамуының негізгі жолдары нақтыланды.

– Пән мұғалімдері Г. Жарынбетова, Г. Алтыбаева, Ж. Тәжібекова, А. Саурықбаева, М. Миятбеков, Э. Бердалы «Өрлеу», ПШО-да жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілігін арттыру курсынан өтті.

– Пән мұғалімдері Г. Әділова, Ұ. Айнақұлова, Ұ. Әбішева, Қ. Байсейтова, М. Сапарбеков пәндік біліктілік арыру курстарынан, Ұ. Әбішева I деңгейлі, Қ. Байсейтова II деңгейлі, Ұ. Айнақұлова III деңгейлі мұғалім көшбасшылығы курстарынан өтті. (Екпінді ЖОМ)

– НЗМ мұғалімдер жұмысын бағыттау мақсатында «Саралау тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың айтылым дағдысын қалай дамытуға болады?», «Сабақты тиімді басқаруға арналған тайм-менеджмент», «Сабақты жоспарлауда басшылыққа алатын қағидаттар» тақырыбында шебер сыныптар мен практикалық семинарлар өткізді.

– ПШО оқу жылының басында үлгілік сабақ жоспары мен оқу әдістемелік материалдарын әзірлеп, таратты.

**Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында Шымкент қаласындағы физика-математика және химия-биология бағыттарындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің атқарған жұмыстары:**

1. Мұғалімдердің сабақта озық тәжірибелерді ендіруі, мұғалім еңбегін қолдау және ынталандыру жұмыстары;

2. Оқыту сапасын арттыру үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану;

3. Ресурстарды іздеу және тиімді пайдалану жолдары;

4. Әрбір мұғалімге сабақтарының сапасын жақсарту үшін жеке қолдау көрсету;

5. Оқушылардың сабаққа ынтасын, белсенділігін арттыратын ойындарды ұйымдастыру;

6. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бағалау жүйесін дұрыс ұйымдастыру т.б.

7. Мұғалім еңбегін қолдау, ынталандыру және оларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Түркістан облысы Ордабасы және Төле би аудандарында «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» тақырыбында өткізілген экспериментке әдістемелік жинақ» дайындап шығарды.

Әр тоқсан сайын семинар-тренингтер ұйымдастырылып, эксперименттің мақсаты мен күтілетін нәтижелер, оның маңызы талқыланып, экспериментке қатысушы мектептердің мұғалімдері мен басшылары тарапынан қойылған сұрақтар мен жұмыс барысында кездескен қиындықтар шешімін тауып отырды. Білім беру ісінде инновациялық өзгерістер сапаның артуына жетелейді [194].

Эксперименттік сыныпқа сабақ беретін мұғалімнің біліктілігін арттыру үшін НЗМ, ПШО тренерлері қосымша дәрістер мен семинарлар жүргізіп отырды. Ғылыми қолдау көрсету үшін, оқушылардың ғылыми жобаға қатысуын дамыту үшін ОҚМУ оқытушылары ғылыми-әдістемелік көмек көрсетті. Эксперимент барысында тәлімгерлік ісі жолға қойылды. Тәжірибесі мол мұғалімдер жаңадан келген әріптестеріне кәсіби қолұшын созып, еңбек тәжірибесімен бөлісіп отырды. Мұғалімдердің Ақылдасу сабақтарына деген қызығушылығы өте жоғары болды. Бір-бірінен тәжірибе алмасу мақсатында және педагогтардың кәсіби біліктілік сапасын арттыру мақсатында ұйымдастырылған бұл сабақ формасы өте нәтижелі болды.

Эксперимент барысында 2018-2019 оқу жылында Ордабасы ауданында 975, Төлеби ауданында 604, жалпы 1579 ақылдасу сабақтары өткізілді. Әрбір ақылдасу сабағына кем дегенде 3-5 мұғалім қатысты, бұл шамамен 6000 аса мұғалімдер өткізілген сабақтарды бірге отырып талқылады деген сөз. 2019-2020 оқу жылында 3000-нан аса Ақылдасу сабағы өтіп, ол сабақтарға 12000-нан аса мұғалім қатысты (18 - сурет).



Сурет 18 – Эксперимент барысында өткізілген Ақылдасу сабақтары

Сонымен бірге, экспериментке қатысқан мұғалімдердің өтініштері бойынша Назарбаев Зияткерлік мектебі және Педагогикалық шеберлік орталығы тренерлері көптеген арнайы семинарлар, теренигтер, дөңгелек үстелдер өткізді. Бұл жұмыстар нәтижелі болды.

2019 ж. 2-5 маусым күндері республикалық деңгейде мұғалімдердің Біліктілігін көтеру тесті өткізілді. Оған Түркістан облысы да қатысты. Облыс мектептерінде жұмыс жасайтын 60500 мұғалімнің 19318 (31,9%) қатысып, оның 13004 (67,3%) өз деңгейлерінің жоғары екенін дәлелдеді. Бұл барлық мұғалімдердің 21,5% құрайды. Осы тестке эксперименттік сыныптарды сабақ беретін 138 мұғалімнің 88 қатысып (68,3%), олар түгел сынақтан сүрінбей өтті. Бұл экспериментке қатысқан мұғалімдердің кәсіби құзыретінің өсуі облыстық орташа көрсеткіштен 3,2 есе жоғары болғанын көрсетеді.

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасын көтеру мақсатында экспериментке қатысушы әр тарап тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, эксперимент бағдарламасы бойынша құрастырылған эксперимент жұмыс жоспарымен жүйелі жұмыс атқара білді.

Эксперимент бағдарламасында рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеруге қатысты іс-шаралар төмендегідей сипат алды (19 - кесте).

Кесте 19 – Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру (С<sub>Т</sub>)

№	Іс-шара	Орындаушы	Мерзімі
1	2	3	4
1	Оқушыларға «Мәңгілік ел» және басқа да ұлттық идеялардың мән-мағынасын түсіндіріп, оларды осы идеялар аясында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу	ЭМДО; АӘК	ОЖБ
2	Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірге жұмыс жасау жолдарын жоспарлау	ЭМДО	ОЖБ

## 19-кестенің жалғасы

1	2	3	4
3	Ата-аналарды бала тәрбиесі мен олардың сапалы білім алуларына жұмылдыру және бала тәрбиесін басты назарда ұстауларына педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету	ЭМДО	ОЖБ
4	Мұғалімдер оқушыларға ата-аналарын сыйлауды, Отанын сүюді, ұлттық мәдениет пен тарихты біліп, дамытуды өздері беретін пән мазмұнымен байланыстыра отырып үнемі түсіндіріп отыру	ЭМДО	ОЖБ
5	Оқушыларға ел бірлігін, толеранттықты және халықтар достығын сақтау идеяларының маңыздылығын түсіндіру	ЭМДО	ОЖБ
6	Оқушылардың рухани бай тұлға болып өсулеріне қамқорлық жасап, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытып, денсаулықтары мен қоршаған ортаны сақтау мәдениетін қалыптастыру	ЭМДО	ОЖБ

Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру ісі маңызды. Аудандық әдістемелік кабинет тарапынан «Мәңгілік ел» және өзге де ұлттық идеялар бойынша мектептерде тәрбиелік іс-шаралардың ұйымдастырылуын қадағалау, басқару тапсырылған. Негізгі тәрбие сапсын арттыру бойынша жұмыстар мектеп директоры мен орынбасарына жүктелді. Тәрбие үрдісі оқытумен қатар жүретін үрдіс. Әрі ол өте нәзік жүйе.

**Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру бойынша эксперименттік мектептердің атқарған жұмыстары:**

1. Оқушыларға «Мәңгілік ел» және басқа да ұлттық идеялардың мән-мағынасы түсіндіріліп, оларды осы идея аясында тәрбиелеуге көп көңіл бөлінді.

2. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірге жұмыс жасау жолдары жоспарланды.

3. Ата-аналарды бала тәрбиесі мен олардың сапалы білім алуларына жұмылдыру және бала тәрбиесін басты назарда ұстауларына педагогикалық тұрғыдан көмек көрсетіліп, ата-аналар мектебі ұйымдастырылды.

4. Мұғалімдер оқушыларға ата-аналарын сыйлауды, Отанын сүюді, ұлттық мәдениет пен тарихты біліп, дамытуды өздері беретін пән мазмұнымен байланыстыра отырып үнемі түсіндіріп отырды.

5. Оқушыларға ел бірлігін, толеранттықты және халықтар достығын сақтау идеяларының маңыздылығын түсіндірді.

6. Оқушылардың рухани бай тұлға болып өсулеріне қамқорлық жасап, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытып, денсаулықтары мен қоршаған ортаны сақтау мәдениетін қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізілді.

7. Тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, пікірталас, экскурсия, сынып сағаттары өткізілді (Қосымша В).

Сонымен қатар орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтер арқылы әсер етуге болады деп болжанған басқару сапасы болатын. Эксперимент бағдарламасында басқару жүйесінің сапасын арттыруға қатыста бірқатар шаралар ұсынылды (20-кесте).

Кесте 20 – Басқару жүйесінің сапасын көтеру (С<sub>бас</sub>)

№	Іс-шара	Орындаушы	Мерзімі
1	2	3	4
1	Облыстық білім беру басқармасы эксперимент өткізуге қатысты арнайы бұйрық шығару	ОББ	Қыркүйек
2	Экспериментке қатысатын барлық мекемелер басшылары және мектеп директорларымен арнайы мәжіліс өткізіп, олардың міндеттерін кеңінен түсіндіру	ПҒА; ОББ	Қазан; Қараша
3	Экспериментке қатысатын барлық мұғалімдерге эксперименттің мақсат-міндеттерін және оларға қойылатын талаптарды жан-жақты түсіндіру	ПҒА; ОББ; ОӘО; АӘК; ЭМД	Қазан; Қараша
4	Эксперименттік сыныптарда оқытудың тұрақты түрде жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру	ПҒА; ОББ; ОӘО; АББ, АӘК; ЭМД	ОЖБ
5	Эксперименттік сыныптарда оқытудың тұрақты түрде жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру	ПҒА; ОББ; ОӘО; АББ, АӘК; ЭМД	ОЖБ
6	Экспериментке қатысатын мектептер мен әр мұғалімнің мұң-мұқтаждықтарын білу және одан қажетті қорытындылар шығару	ЭМД; АББ	ОЖБ
7	Экспериментке қатысатын мектептер мен әр мұғалімнің мұң-мұқтаждықтарын білу және одан қажетті қорытындылар шығару	ЭМД; АББ	ОЖБ
8	Тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, экспериментке қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету қажет	ЭМД; АӘК; АББ; ОӘО; ОББ; ПҒА	ОЖБ

**Басқару жүйесінің сапасын арттыру үшін ОББ, ОӘО атқарған жұмыстары:**

1. Облыстық білім беру басқармасы эксперимент өткізуге қатысты арнайы бұйрық шығарды. Педагогикалық Ғылымдар академиясының Басқарма төрағасы, академик А.Қ. Құсайыновтың бастамасы негізінде Түркістан облысының Ордабасы, Төлеби аудандарында «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында эксперимент жұмыстарын жүргізу жөнінде Түркістан облысының ( бұрынғы ОҚО) білім басқармасының 14.03.2018 ж. №89 бұйрығы шықты.

2. Экспериментке қатысатын барлық мекемелер басшылары және мектеп директорларымен арнайы мәжіліс ұйымдастырылып, олардың міндеттері кеңінен түсіндірілді.

3. Бекітілген бұйрықпен эксперименттің іс-шаралар жоспары және экспериментке жауапты мамандар бекітілді.

4. Экспериментке қатысатын барлық мұғалімдерге эксперименттің мақсат-міндеттері және оларға қойылатын талаптар жан-жақты түсіндірілді.

5. 2018 жылдың наурыз-тамыз айларында экспериментке дайындық жұмыстары жүргізілді. 2018-2019 оқу жылы басталғанша эксперимент жетекшісі мен үйлестірушілері, мектеп басшылары ЭМ мұғалімдері және ата-аналармен кездесулер өткізілді, эксперименттің мән-мағынасы түсіндірілді, ЭС сабақ беретін мұғалімдермен дөңгелек үстел өтті. Ақылдаса отырып, мұғалімдердің және мектептің жартыжылдық атақаратын жұмыс жоспары жасалды.

6. Эксперименттік сыныптарда оқытудың тұрақты түрде жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру үшін эксперимент тұжырымын қатал басшылыққа ала отырып, білім сапасының құраушыларының әрбірінің сапалы болуын қадағалау, ішкі резервтерді тиімді пайдалану жолға қойылды.

7. Тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, экспериментке қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін ОББ және ОӘК тарапынан барлық жағдай жасалды:

– Мектептің басқару ұжымы мұғалімдерге үнемі қолдау көрсетіп, ынталандырып отыруы тапсырылып, қадағаланды.

– Мұғалімдердің сабақты сапалы өту жауапкершіліктері бақылауда болды.

– Біліктілігі жоғары мұғалімдердің өз тәжірибелерін таратып отыруына мүмкіндік жасау жолдары қарастырылды.

– Білім сапасына мониторинг жасалып отырды.

– Ата-ана – мұғалім – мектеп қарым-қатынасы күшейтілді.

8. Тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, экспериментке қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету қарастырылды:

– Эксперименттің ғылыми жетекшісі мен эксперимент үйлестірушілері экспериментке енген мектеп директорлары және олардың орынбасарларымен тұрақты түрде кеңес, семинарлар өткізіп тұрды.

– АӘК және АББ басшыларының есебі тыңдалып, қорытындылар шығарылып тұрды.

**Басқару жүйесінің сапасын арттыру үшін АББ, АӘК атқарған жұмыстары:**

1. Экспериментке қатысатын барлық мұғалімдерге эксперименттің мақсат-міндеттері және оларға қойылатын талаптар жан-жақты түсіндіріліп жиналыстар өткізілді:

– Оқу жылы басталғанша ЭМ мұғалімдері және ата-аналармен кездесулер өткізіліп, эксперименттің мән-мағынасы түсіндірілді, ЭС мұғалімдерімен дөңгелек үстел өтті.

2. Эксперименттік сыныптарда оқытудың тұрақты түрде жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру міндеті орындалды:

– «Сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану», «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы ата-аналардың рөлі», «Сабақтан кейінгі мұғалім рефлексиясы» және т.б. тақырыптар бойынша оқыту-семинарлар, коучингтер, шебер сыныптар, кеңестер өткізілді.

– Тәжірибелі мұғалімдер, мектеп тренерлері және шығармашылық топ мұғалімдерімен бірге «Оқушылардың біліктілігін арттыруда ойын, психологиялық жаттығуларды пайдалану», «Мектептегі мұғалім көшбасшыларын дамытудың маңызы», «Оқыту мен оқу тәжірибесіндегі өзгеріс», «Іс-әрекеттегі зерттеу», «Оқушыларды сыни тұрғыдан жетелеу» және т.б. бірлескен семинарлар өткізілді.

3. Экспериментке қатысатын мектептер мен әр мұғалімнің мұң-мұқтаждықтарын біліп және одан қажетті қорытындылар шығарылып отырды.

4. Тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, экспериментке қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар жасалды.

**Басқару жүйесінің сапасын арттыру үшін ЭМД, ЭМДО атқарған жұмыстары:**

1. Экспериментке қатысатын барлық мұғалімдерге эксперименттің мақсат-міндеттерін және оларға қойылатын талаптарды жан-жақты түсіндіру

– Эксперимент басталмас бұрын экспериментке дайындық ретінде эксперимент жетекшісі және ОББ, ОӨО, АӘК. АББ басшылары және эксперименттік мектеп директорлары және мұғалімдермен экспериментке қатысты жиналыс өтті.

– Эксперименттік мектептерде әр айдың екінші сенбісінде эксперименттік сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдермен кездесу өтіп, эксперимент барысы талқыланып отырды. Мұғалімдерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2. Эксперименттік сыныптарда оқытудың тұрақты түрде жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру орындалды:

– Тәжірибелі мұғалімдер, мектеп тренерлері және шығармашылық топ мұғалімдерімен бірлескен семинарлар өткізілді.



– Мектеп басшылығы эксперименттік сыныптардың сабақтарына жүйелі түрде қатысып отырды.

– Ай сайын мектеп басшылығының қатысуымен ЭС оқушыларынан бақылау жұымстары алынып, білім сапасы сараланып отырды.

3. Экспериментке қатысатын мектептер мен әр мұғалімнің мұң-мұқтаждықтарын біліп, одан қажетті қорытындылар шығарылып отырды.

4. Тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, экспериментке қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін мектеп басшылығы тарапынан барлық жағдай жасалды.

Эксперименттік сыныптарға сабақ беретін мұғалімдер қажеттіліктеріне қарай керекті оқу-әдістемелік және қосымша құралдармен, компьютерлік техникамен қамтамасыз етілгендігі, ЭС оқитын оқушыларға бірдей жағдай жасалғандығы туралы «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» мақсатында Түркістан облысы Ордабасы және Төле би аудандарында 2018–2019 оқу жылында жүргізілген эксперименттің қортындысы» деген жинақта жарық көрген экспериментке қатысушылардың есептерінде жазылған.

***Эксперименттің екінші кезеңі (2019-2020 оқу жылы)***

2018-2019 оқу жылындағы эксперимент өте сапалы әрі жүйелі жүргізіліп, оқу сапасында ілгері даму байқалғандықтан экспериментті жалғастыру туралы шешім қабылданып, 2019-2020 оқу жылында тағы 2 ауданды біріктіріп, Ордабасы, Төлеби, Сайрам, Отырар аудандарында эксперимент жалғасын тапты (21 – кесте).

Кесте 21 – 2019-2020 оқу жылында экспериментке қатысушылар туралы мәлімет

№	Ауданы	Мектеп	Сынып	Оқушы	Мұғалім
1	Ордабасы	5	2	235	10
			3	220	10
			6	233	30
			7	223	50
2	Жалпы	5		911	100
3	Төлеби	30	2	597	30
			3	218	10
			6	613	110
			7	214	61
4	Жалпы	30		1642	211
5	Сайрам	3	2	128	6
			6	131	26
6	Жалпы	3		259	32
7	Отырар	5	2	185	9
			6	174	33
8	Жалпы	5		359	42
9	Барлығы	43	2;3;6;7	3171	385

Эксперименттің алғашқы кезеңінде эксперимент бағдарламасы жасалып, бекітілді. Ішкі резервтерді пайдалана отырып, білім беру сапасын көтеру мақсатында облыстық және аудандық әдістемелік кабинеттер мен мектептердің атқаратын жұмыстары көрсетілді.

Оқу жылының басында облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде эксперимент басталды. Эксперимент барысында орта білім беру жүйесінің әрбір құраушысының сапасын арттыру үшін қандай жұмыстар атқарылғандығы туралы ақпаратты 2019-2020 оқу жылындағы экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағына талдау жасау арқылы дәлелді түрде талдаймыз [195]:

**Педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасын арттыру** мәселесі бойынша эксперимент барысында тәлімгерлік істі жандандырдық. Эксперименттің бастапқыдағы мақсаты ішкі резервтердің көмегі арқылы білім сапасын арттыру болғандықтан, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруда біліктілігі жоғары мамандардың еңбек тәжірибесін пайдалану, үлгі ету, жастарға үйрету тиімді нәтиже беретінін аңғардық.

Осы мәселе аясында *А.Ж. Тұрғанованың «Білім сапасын көтеруде ішкі резервтерді ұтымды пайдалану тиімділігі»* мақаласында «Жас мамандарға тәлімгерлік көмек беріледі» деп жазылған. Яғни, эксперимент барысында эксперименттік сыныптарға сабақ беретін мұғалімдердің арнайы сараптамадан өткізіліп, таңдалынып алынбағандықтан, олардың ішінде тәжірибесі мол ұстаздарда да, жаңадан жұмысқа орналасқан мұғалімдер де болды (22 – кесте).

Кесте 22 – Экспериментке қатысатын мұғалімдердің сапалық құрамы

№	Ауданы	Мұғалімдер саны	Еңбек өтілі, жыл				Санаты							Білімі					
			2-ге-лейін	3 – 5	5 – 10	10-нан жоғары	жоғары	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	I	II	Санаты жоқ	Жоғары	Апналы опта	Мемлекеттік		Жеке-меншік	
																Күндізгі	Сырттай	Күндізгі	Сырттай
1	Ордабасы	100	0	15	27	58	8	25	22	4	19	22	7	100	0	32	18	22	28
2	Төлеби	211	0	41	85	85	69	25	25	42	50	0	0	211	0	23	87	17	84
3	Сайрам	32	0	4	8	20	5	10	7	5	5	4	3	32	0	13	8	0	11
4	Отырар	42	0	4	6	32	9	5	4	2	17	12	4	42	0	19	20	1	2
	<b>Барлығы</b>	<b>385</b>	<b>0</b>	<b>64</b>	<b>126</b>	<b>195</b>	<b>91</b>	<b>65</b>	<b>58</b>	<b>53</b>	<b>91</b>	<b>38</b>	<b>14</b>	<b>385</b>	<b>0</b>	<b>87</b>	<b>133</b>	<b>40</b>	<b>125</b>

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің сапасын жоғарылату мақсатында тәжірибесі мол мұғалімдерді тәлімгер ету арқылы, тәжірибе алмасу жолға қойылды. Осының нәтижесінде, тәжірибелі мұғалімдер өз білімдерімен бөлісіп, жас әріптестеріне кәсіби көмек көрсетті. Бұл мұғалімдердің арасындағы бәсекелестік пен қатар ынтымақтастықты да арттырды. Әдістемелік шеберханасы бар ұстаздар өздерінің шығармашылық жұмыстарымен бөлісті. Тіпті эксперименттік мектептерде білікті ұстаздардың бірігуі нәтижесінде кәсіби тәлімгерлік топтар жасақталып, жұмыс атқарды.

*А.Ж. Тұрғанованың «Білім сапасын көтеруде ішкі резервті ұтымды пайдалану тиімділігі» атты мақаласында «Әдістемелік қолдаудың бірі – жедел жәрдем тобы – master mind. Дамытушы master mind жедел жәрдем тобы нәтижелі жұмыс атқарды» деген ақпарат берілген.*

*Н. Уябаева «Білім алушылардың оқу-танымын ғылыми ізденістер арқылы дамыту ерекшеліктері» атты мақаласында «ішкі резервтерді кеңінен пайдалану негізінде мұғалімдердің, мектеп басшыларының, әдістемелік мекеме қызметкерлерінің арасында өзара көмек көрсететін, қолдайтын, сенімді қарым-қатынаста шығармашылықпен жұмыс жасайтын «Болашақ», «Өрлеу» шығармашылық топтары құрылды» делінген.*

*М.А. Алменова «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін көтеру жолдары» мақаласында: «...мектебімізде «Білікті ұстаз» педагогикалық қоғамдастығы жұмыс жасайды, ЭС-та сабақ беретін мұғалімдер, шығармашылық топ мүшелері және мектеп тренерлері міндетті түрде осы қоғамдастық мүшелеріне енген» деп жазған.*

Эксперименттік мектептерде сенбі күні эксперимент сыныптарға сабақ беретін мұғалімдер үшін шығармашылық күн болып бекітілген. Эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдер арасында «Мұғалімдер зертханасы» ұтымды ұйымдастырылды. Оқу мен оқытуда кездескен қиындықтар мен кедергілерді әріптестермен талқылап, іс-әрекетті жетілдірудің тәсілдерін қарастырып отыруға болады. «Ақылдасу сабақтарын» өткізу арқылы мұғалімдердің бір-бірімен тығыз жұмыс жасауы қамтамасыз етілді, тәлімгерлік ісі қолға алынды. «Мұғалімдер зертханасы» мұғалімдерге, әсіресе жас мамандарға кәсіби тұрғыдан көмегін тигізіп, мектепте озат тәжірибе алаңы қалыптасуына жол ашты. Мұғалімдер зертханасында ұстаздар жаңартылған білім беру мазмұнындағы қиындықтар мен кедергілерді анықтап, оқу үдерісінде қолданудың тиімді құралдарын тауып, тәжірибелеріне енгізді. Қолдану мен жоғарғы ойлау дағдыларына (жинақтау, талдау, бағалау) бағытталған тапсырмаларды сапалы дайындаудың жолдарын сараптап, оқу үдерісінде қолдану жолға қойылды. Жиынтық бағалау тапсырмалары мен балл қою кестесін дайындау, оны ашық өткізу, жұмыс нәтижесіне бағалау жүргізуді бірін-бірі үйрету арқылы кәсіби тұрғыдан дамып, ұжымда тәлімгерлік үдеріс қалыптасты. Эксперимент тиімділігі туралы жергілікті бұқаралық ақпараттық құралдарына мақала жарияланды.

Эксперимент барысында педагогтардың кәсіби біліктілігін көтеруге арналған шараларды ұйыдастыруда түрлі инновациялық әдістер де талданып, сараланды. Мұғалімдер бір-бірімен ақылдаса отырып, тиімді оқыту әдістерін өз тәжірибелеріне енгізді. Солардың бірі туралы *Қ.А. Қылышбаева «Білім сапасын көтерудегі инновациялық үрдіс»* тақырыбында мақала жазып баяндайды. ЭС мұғалімдерінің сабақтарында білім сапасын бағалау үшін және де түзету жұмыстарын атқару үшін «Кемшілік+Жетістік» кестесін құрастырып, тәжірибеге енгізген. Осы кесте арқылы білім сапасы сараланып отырды деп баяндаған.

Д.П. Ембайдың «Білім беру сапасын арттырудың жолдары» атты мақаласында Отырар аудандық әдістемелік кабинеті өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып эксперименттік сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге және мектеп басшыларына нақтылы әдістемелік көмек көрсетуінің нәтижесінде біршама жұмыстар дұрыс жолға қойылғандығын жазған. Мақала мазмұнына сүйенгенде, мұғалім еңбектеріне қолдау көрсету мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізілгендігіне көз жеткізе аласыз:

- Оқу-әдістемелік материалдары мен құралдары қолжетімді болды;
- Түрлі ақпарат көздерін пайдалану үшін ғаламтор желісі орнатылды;
- Эксперименттік пәндер бойынша сабақ кестелері мұғалімге де, оқушыға да ыңғайлы түзілді;
- ЭС мұғалімдері әртүрлі қосымша қоғамдық жұмыстардан уақытша босатылды.

Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби біліктілігін көтерудегі қиындықтарды анықтау үшін жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша «мұғалімдер сабақ барысында кездескен қиындықтар мен кедргілер туралы жасыруға бейім» деген тұжырыммен бөліскен. Эксперимент барысында бұл анықталған қорытынды бойынша эксперимент жетекшісімен бірге үйлестірушілер бірігіп, осы мәселенің шешімін табуға тырыстық. Ең алдымен себебін анықтадық. Эксперимент барысында ұйымдастырылған семинар барысында басты себеп, мәселені айтқаннан кейінгі оған деген басшылықтың теріс көзқарасы екенін анықтадық. Себебі, кемшілік пен үлгермеушілікті көрсек неге олай, демек дұрыс жұмыс жасамайсыз деген сынды сын пікірлердің орын алуы жасырын емес еді. Осы себепті, «ауруын жасырған өледі» демекші, экспериментке қатысушы мұғалімдер мен басшылық арасында сенімге бағытталған атмосфера орнату үшін «Ақылдасу сабақтары» енгізілді. Ақылдасу сабақтары – мұғалімдердің тәжірибе саласындағы білімін жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсілі. Ол форматы бойынша бәрімізге бұрыннан белгілі «Ашық сабақтарға» ұқсайды. Алайда, айырмашылығы мұнда сабақ өтетін мұғалім өзін басқа әріптестер алдында есеп беріп, не сынақ тапсырып отырғандай сезінбеу үшін жағдай жасалған. Басынан бастап, Ақылдасу сабағының мақсаты түсіндіріліп, бұл жерде біз сабаққа сынау үшін емес, әдістемелік көмек көрсету үшін, тәжірибе алмасу үшін қатысамыз деген негізгі ережесі нақтыланып, барынша мұғалімдерге түсіндірілді. Ақылдасу сабақтарынан соң мұғалімдер бір-біріне баға қойып, қателіктерін тізудің орнына, жанашыр әріптес ретінде ұтымды әдісін айтып, оны өз тәжірибесіне енгізіп, сәтсіз оқыту әдістерін қолданыстан шығаруды не жетілдіруді талқылайтын болды. Бұл өз кезегінде, барлық сыныпқа бірдей білім беруге жол ашатын әдіс еді. *Б. Тастанбекова, О. Нурбековалардың «Тиімді басқару – табысты нәтиже»* атты мақаласында «өзара әріптестік көмек» жұмысының арқасында мұғалімдер сабақ жоспарларын біріге ойласып жоспарлады, ақылдасу сабақтарын өтуді жоғары деңгейге көтере алды, өз жұмыстарына рефлексия жасауға дағдыланды делінген.

Педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасын арттыру мақсатында тәлімгерлік пен ақылдасу сабағынан бөлек, эксперименттің сапалы өтуіне қолдау көрсету үшін қосылған НЗМ, ПШО, ОҚМУ оқытушылары мен тренерлері де үлкен үлесін тигізді. Педагогтерге қолдау көрсету мақсатында түрлі тренингтер мен дөңгелек үстелдер, семинар сабақтар өткізді. Олардың көпшілігі мұғалімдердің сұранысына икемделіп ұйымдастырылды. Бұл туралы *Ж.З. Нураховтың «Білім сапасын көтеру – ұстаз еңбегінің маңызы» мақаласында* жазылған. Ол эксперимент сыныпқа сабақ беретін мұғалім ретінде Шымкент қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі ұйымдастыруымен өткен семинарға төрт рет, осы мектептің математика кафедрасы мұғалімдерінің сабағына алты рет қатысқандығын айтады. Бұл тек бір ғана мұғалімнің мысалы. Жалпы бұл біліктілікті жоғарылатуға арналған семинар, тренингтерге барша эксперименттік сынып мұғалімдерінің қатысуына жағдай жасалды.

Эксперименттік сыныпқа сабақ берген мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің артуына эксперимент барысында барынша жағдай жасауға тырыстық. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру мәселесі бойынша 2018-2020 жылдарда экспериментті жүргізу кезінде пән мұғалімдерінің 70% біліктілігін көтеру мақсатында тест тапсырып, 290 педагог біліктілігін арттырды. Оның ішінде педагог-модератор – 52, педагог-сарапшы – 105, педагог-зерттеуші – 112, педагог-шебер – 21. Экспериментке қатысып жүрген мұғалімдердің біліктілігі артқан сайын өздеріне деген сенімділігінің де, кәсіптеріне деген қызығушылығы мен мотивацияларының артқанын байқадық. Ақылдасу сабақтарының арқасында психологиялық қысымнан арылып, еркін сабақ беруге, өзгелердің сабағына тәжірибе алмасу мақсатында қатысуға дағдыланды. Тәжірибелі әріптестерінен қолдау көрді, НЗМ, ПШО, ОҚМУ оқытушыларынан кеңес алу мүмкіндігіне ие болды. Басшылық тарапынан барлық жағдай жасалып, аудан, облыс көлемінде қолдау тауып отырғандықтан эксперимент нәтижесін оң бағалап, жалғастыруға құлықты екендерін жеткізген мақалалар өте көп. Солардың бірі *А.Д. Джасанова «Кәсіби біліктілікті көтеру – білім сапасының кепілі»* атты мақаласында: Эксперимент жұмыстарын атқару жалпы мұғалімдер үшін үлкен жетістіктерге жетелеуші алып күш болды деп баяндайды. Біліктілікті арттыру мақсатында жинақтаған тәжірибенің арқасында «Педагог қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігін дамыту, кәсіби біліктілігін арттыру» мақсатында өткізілген «Ең білімді педагог-III» облыстық пән олимпиадасында бас жүлде иеленіп, «Ең білімді педагог» төсбелгісімен марапатталдым деп мақтанышпен жазуда.

ЭМ мұғалімдерінің ынталандыру жүйесін құру мақсатында тоқсан қорытындысы бойынша үздік, екпіндіге оқыған оқушылар және жоғары нәтиже көрсеткен ұстаздар облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының, әдістемелік орталықтың және білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды. Бұл туралы да мұғалімдер өз мақалаарында жазған.

*Х.М. Омарова «Білім сапасы – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің кепілі»* мақаласында эксперимент жобасына әріптестерімен бірлесе қатыса отырып,

еліміздің оқу үдерісіне тиімді жаңалықтар енгіземін деп сеніммен айта алатынын жазған.

Қосымшада көрсетіген кестеде мұғалімдерге арналып ұйымдастырылған іс-шаралар тізімі берілген (Қосымша Г).

Ұйымдастырылған іс-шаралардың әр қайсысы эксперимент бағдарламасында негізделіп, эксперименттік мектептің жұмыс жоспарларына ендірілген. Әр іс-шараның ұйымдастырылуы эксперимент жетекшісі және үйлестірушілерінің қатысуы мен бекітуі нәтижесінде орын алды. Эксперименттік мектептерде өткізілген конференциялар мен шебер сыныптар барысында эксперимент ұйымдастырушысы ретінде мен де оқытудың тиімді әдістері, педагогикалық шеберлік және оқыту технологиялары туралы шебер сыныптар, семинар-тренингтер жүргіздім.

**Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы бойынша атқарылған жұмыстар.** Білім беру жүйесіндегі Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру бойынша жоспарлы жұмыстар жүзеге асты. Эксперимент бағдарламасында бұл бөлім бойынша төмендегідей шаралар жоспарланған болатын:

1. Оқушыларға «Мәңгілік ел» және басқа да ұлттық идеялардың мән-мағынасын түсіндіріп, оларды осы идеялар аясында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу;

2. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірге жұмыс жасау жолдарын жоспарлау;

3. Ата-аналарды бала тәрбиесі мен олардың сапалы білім алуларына жұмылдыру және бала тәрбиесін басты назарда ұстауларына педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету;

4. Мұғалімдер оқушыларға ата-аналарын сыйлауды, Отанын сүйуді, ұлттық мәдениет пен тарихты біліп, дамытуды өздері беретін пән мазмұнымен байланыстыра отырып үнемі түсіндіріп отыру;

5. Оқушыларға ел бірлігін, толеранттылықты және халықтар достығын сақтау идеяларының маңыздылығын түсіндіру;

6. Оқушылардың рухани бай тұлға болып өсулеріне қамқорлық жасап, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытып, денсаулықтары мен қоршаған ортаны сақтау мәдениетін қалыптастыру.

Тәрбие беру ісі өте күрделі әрі жанкешті іс. Тәрбиенің мақсаты тұлға қалыптастыру болса, тұлғаның қалыптасуына әсер етуші факторлар өте көп. Сол себепті тәрбие үздіксіз әрі өте нәзік жүйе деуге болады. Тәрбиелей отырып оқыту, оқыта отырып тәрбиелеу педагогиканың басты қағидасы. Себебі, тәрбие мен білім егіз ұғым. Тіпті екеуінің бірінің басым, бірінің кем болуы бір-біріне көлеңкесін түсіруі мүмкін. Бұл дегеніміз, қанша білімді болса да, адамгершіліктен жұрдай, отанын сүймейтін, жанындағыларға қамқорлық танытпайтын баланы озат деуге батпаймыз, жүрегі кең, мейірімді, елім деп жанын қиюға даяр тұратын патриот, өмірдің құндылықтарын терең ұғынған жеткіншекті білім сапасы бойынша артта қалушылар қатарына жатқызуға

қимаймыз. Білім мен тәрбие адамның қос қанаты сынды. Баланы оқыту ісінде бұл екі үрдісті бір-бірінен әсте алшақтатуға болмайды.

Эксперимент барысында тәрбие сапасын арттыру мақсатында тек оқушылармен емес, ата-аналармен де жұмыс жасалды. Экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағында *Л.Т. Сандыбаеваның «Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру»* атты мақаласында «№4 Қ. Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебі оқушылардың білім сапасын көтеру үшін рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру тиімділігін арттырудағы бір мақсаты – ата-ананың болашақ ұрпаққа адамгершілік пен рухани тұрғыда тәрбие берудегі жауапкершілігін, сауаттылығын арттыру деп есептейді» деп жазылған. Тәрбие үздіксіз жүретін үрдіс. Оны мектепке келгенде қосып, үйде тоқтатуға, не керісінше жасауға келмейді. Сол себепті ата-аналармен бір мақсат аясында жоспар құру аса маңызды. Эксперимент барысында осы мәселе аясында ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналармен коучингтер, жеке кеңес берулер, жиналыстар өткізілді және арнайы дайындалған үлестірме материалдарын тарату арқылы оларға эксперименттің мақсат-міндеттері мен жүргізу тәсілдері түсіндірілді, оқушылардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктері туралы ақпараттар берілді.

Сауалнамалар өткізу арқылы ата-аналардан кері байланыс алынып, эксперименттің өту барысы туралы құнды мәліметтер жинақталды. Эксперимент сыныптарда ата-аналары үшін мектепте «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, ақылдасу сабақтарына шақырылды. Ақылдасу сабақтарында ата-ана өз балаларының жауаптарын тыңдап, бағалау мүмкіндігіне ие болды. Ол сабақтарға ата-аналар кесте бойынша кезектестіре шақырылды. Әр баланың жеткен жетістігі сараланды. Бұл әрекетіміз ата-аналарға «мұғалім– оқушы–ата-ана» бірлігі мықты болған кезде ғана жақсы нәтижеге қол жеткізетінімізді дәлелдей түсті.

Эксперимент аясында ұйымдастырылып, кеңінен қолданылған «Ашық есік» күндері өте нәтижелі болды. Ордабасы ауданы, М. Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебінің 7 «Б», 7 «В» сынып жетекшілері М. Садирова мен А. Сыздықова «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын өткізді. «Ата-ананың бала өміріндегі ықпалы» тақырыбында баяндама оқыды, «Балаңыздың білімін көтеру үшін не істеп жатырсыз?» тақырыбында сауалнама жүргізді. Көптеген білім сапасын көтеруге бағытталған видеороликтер көрсетті, ата-аналардың баласының білімін көтеруге деген ынтасын оята білді. Мұғалім–оқушы–ата-ана үштігі қалыптасты. Оқушылар мен ата-аналарда белсенділік, алға жылжу пайда болды. Бұл тәжірибе эксперименттік мектептердің барлығына таралып, мұғалімдер ата-аналар жиналысына жаңашылдық енгізу ісін жандандырды. Жиналысқа психологты шақырып, түрлі тренингтер, тесттер ұйымдастыру арқылы ата-аналардың өз баласын дұрыс тануына және оның өмірі үшін жауапкершілігі барын терең сездіруге септігін тигізді.

Тәрбие сапасын көтеру барысында ұйымдастырылған барлық іс-шаралар еліміздің саяси идеологиясы негізінде жүргізілді. «Тәуелсіздік – ел тұғыры» атты іс-шара, «Қазақстан – менің елім» атты туристік-өлкетану аудандық байқауы болды.

«Бозторғай–2019» атты эн-би байқауы, «Ауғанның от-жалыны» атты ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші, «Спорт – біздің досымыз» атты эстафеталық жарыстары білім сапасын арттыруға үлес қосатын, рухани-адамгершілік бағытындағы іс-шаралар екенін атап өту керек.

Сондай-ақ, оқушыларға «Ақылды бейсенбі» жобасы аясында өз саласында табысқа жеткен тұлғалармен кездесулер топтамасы ұйымдастырылды. Ол кездесулерге ата-аналар да бірге шақырылды. «Біз біргеміз» қайырымдылық акциясы аясында жәрмеңке ұйымдастырылды.

Ә.Б. Байырбектің «Білім сапасын көтеруде әлеуметтік педагогтың рөлі» мақаласында эксперимент жүргізілген 2 «ә», 2 «б», 6 «а», 6 «ә» сыныптарына мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс жүргізілді деген мәлімдеме жазылған. Бұл да болса эксперимент барысында үш жақты процесстің жүргендігінен хабар береді.

Қ.Қ. Расиллаеваның «Білім сапасын арттыруда рухани тәрбиенің маңыздылығы» атты мақаласында қазақ тілі пәні мұғалімі ретінде Қазақ тілі сабағының «Тарихи тұлғалар», «Ұлттық және отбасылық құндылықтар», «Наурыз», «Астана – мәдениет пен өнер ордасы» бөлімдерінде рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұны ашылғандығы туралы баяндаған. Тәрбие жұмысы сынып жетекшіге, немесе ата-анаға ғана жүктелер жұмыс емес, эксперимент барысында экспериментке қатысып отырған әрбір мұғалім осы эксперименттің әрбір бөлімі бойынша белсенділік танытуы, әр бөлім бойынша жоспар бойынша жұмыс жасау керектігі үнемі бақылауда болды. Пән мұғалімдері тек білім сапасына емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие беру мақсатында әр сабақтың мазмұнын мақсатты түрде икемдеп отыруға тырысты.

Ж.З. Нураховтың «Білім сапасын көтеру – ұстаз еңбегінің маңызы» мақаласында «...мектеп пен ата-ана арасында диалог орнағаны байқалады» деген мәлімдеме жасалған.

Б. Тастанбекова, О. Нурбекованың «Тиімді басқару – табысты нәтиже» мақаласында «Қазіргі кезде оқушыларымыз қарт адамдарға қамқор болуға, қоршаған ортаны сақтауға, қоқыс тастамауға дағдыланып келеді» деген ақпаратты оқуға болады.

Бүгінгі балаға қарап ел ертеңін көреміз. Ұлтымыз қашан да тәрбиеге аса назар аударған. Балаға жастайынан адамгершілік қасиеттерді, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсетуді, қамқорлық пен достықты, ел мен жерге деген сүйіспеншілік пен адалдықты дарытқан. Сол себепті де тәрбие ісі әрдайым жауапкершілік пен мұқияттылықты талап ететінін ұмытпау қажет.

Эксперимент барысында тәрбиеге қатысты ОҚМУ оқытушылары және Педагогикалық Ғылымдар академиясы бірлесе зерттеу жұмысын жүргізіп, мақалалар жинағында мақала жариялаған болатын. Мақала тақырыбы «Мектеп



*оқушыларының адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың өзекті мәселелері»* деп аталады. Зерттеу барысында «Оқушылардың бүгінгі бет-бейнесі» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнама 2 сынып оқушыларына, 6 сынып оқушыларына, олардың ата-аналары мен мұғалімдерге арналған 25 сұрақтан тұрады. Бұл сауалнамаға 1333 оқушы, 1275 ата-ана, 198 мұғалім қатысты.

Жүргізілген сауалнама бойынша оқушылар тарапынан берілген жауаптарды зерделей отырып, мынадай қорытындыға келдік. Жасөспірім тұлғасын әлеуметтендірудің педагогикалық негіздері бала жасының психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланыста болуға тиіс. Табысқа жетудің педагогикалық технологиясын, оқушылардың дербестігі мен белсенділігін, олардың еңбекке, өздеріне, қоршаған ортаға деген құндылық қатынастарын дамытуға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жүйелі пайдалану қажет.

Оқушылар санасына, тәрбиесіне ықпал етіп отырған әлеуметтік факторлардың барлығы – отбасында ұлттық-рухани тәрбиені нығайту және ата-ана мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықты жетілдіруді қажет етеді. Осы мақсатта педагогтер мен ата-аналар бірлесе отырып жүйелі түрде жұмыс жасаулары керек, бұл жұмысқа оқушылардың да араласқаны абзал. *Бұл қорытындылар экспериментті ұйымдастыру мен жүргізу барысында ескерілді.*

**Басқару сапасын арттыру бойынша атқарылған жұмыстар.** Орта білім беру сапасын арттыруда басқару жүйесінің сапасы маңызды. Эксперимент жұмысы үлкен көлемде, 4 аудан мектептерін қамтығандықтан, басқару ісіне тізбек бойынша эксперименттік мектеп директорлары, аудандық әдістемелік кабинет жетекшісі, аудандық білім бөлімі басқармасы, облыстық білім бөлімі басқармасы, Педагогикалық ғылымдар академиясы жауапты болды. Эксперименттің сапалы өтуі басқару ісінің сапалы бұйрығы мен жұмыс жоспарына тікелей тәуелді. Осы тұста, эксперимент бағдарламасында сапалы басқару жүйесін ұйымдастыруға қатысты жоспарланған шараларды атап өтсек:

1. Облыстық білім беру басқармасы эксперимент өткізуге қатысты арнайы бұйрық шығару;
2. Экспериментке қатысатын барлық мекемелер басшылары және мектеп директорларымен арнайы мәжіліс өткізіп, олардың міндеттерін кеңінен түсіндіру;
3. Экспериментке қатысатын барлық мұғалімдерге эксперименттің мақсат-міндеттерін және оларға қойылатын талаптарды жан-жақты түсіндіру;
4. Эксперименттік сыныптарда оқытудың тұрақты түрде жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және барлық пәндер бойынша білім беру сапасын көтеруге бағытталған қажетті шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру;
5. Экспериментке қатысатын мектептер мен әр мұғалімнің мұң-мұқтаждықтарын білу және одан қажетті қорытындылар шығару;

6. Тұжырымдаманы іске асырудың қиындығы мен маңыздылығын ескере отырып, экспериментке қатысатын барлық субъектілердің үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету қажет.

Эксперимент барысында жоғарыда аталған шаралар түгелімен орындалды. Эксперимент жүргізуге қатысты бұйрық шығарылып, оны жүгізу туралы түсіндірмелік жұмыстар ай сайын жүргізіліп тұрды. Экспериментті басқару мен қадағалау мақсатында эксперимент жетекшісі А. Құсайыновпен бірге мен ай сайын 2-3 күндік іс-сапарға барып, әр аудан бойынша жиналыстар, конференциялар мен шебер сабақтарын ұйымдастырып отырдық.

Басқару жүйесінің сапасын арттыру мақсатында әдістемелік кабинет эксперимент мектептерге төмендегі бағыттарда жұмыстар атқарды:

- Мектептің басқару ұжымы мұғалімдерге үнемі қолдау көрсетіп, ынталандырып отырды;

- Мектеп директоры ЭС жауапты оқу ісінің меңгерушілерімен кеңес жүргізіп, зертеу тобымен сабақтардың сапалы жоспарлануына көмек берді;

- ЭС пән мұғалімдерімен жеке сұхбаттар өткізіп, оқушыны оқуға жетелеуде бағалауды әділ жүргізу, академиялық адалдыққа тәрбиелеу жолдарын ақылдасты, талқыланды;

- Мұғалімдердің сабақты сапалы өту жауапкершіліктерін бақылауда үнемі сабақтарға қатысып, ұсыныс пікір білдірді;

- Біліктілігі жоғары мұғалімдердің өз тәжірибелерін таратуына қолдау көрсетті;

- Білім сапасын тоқсандық жиынтық бағалауда ғана емес, үнемі назарда ұстап, қалыптастырушы бағалауды оқушының қызығушылығын оятуға бағыттап, кері байланысты тиімді алуды зерделеді, бағыт- бағдар берді;

- Мұғалім еңбегін бағалап, қолдау көрсетілді;

- «Мектеп – оқушы – ата ана» үштік одағының жұмысы күшейтілді;

- Мектеп басшылары арасында өте тығыз байланыс қалыптасты, үнемі бір-бірінің мектебіне барып басшылықта қажетті құжаттармен танысып, үйреніп, өзара тәжірибе алмасты, бәсекелестік дамыды.

Эксперимент бағдарламасына қосымша педагогтердің кәсіби біліктілік сапасын, рухани – адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын, басқару сапасын арттыру үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу мақсатында менің ұйымдастыруыммен психологиялық тренингтер, шебер сынып, семинар, тимбилдинг, кейс стади, дөңгелек үстел, кеңес беру жұмыстары орын алды. Сүйемелдеу жұмысының бағдарламасы құрастырылды (23 – кесте).

Кесте 23 – Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында педагогтердің кәсіби біліктілік сапасын, рухани – адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын, басқару сапасын арттыру үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу

№	Іс-шара	Мақсаты	Нәтижесі
1	2	3	4
<b>Педагог кадрлердің кәсіби біліктілік сапасын арттыру</b>			
1	Мен шебер ұстазбын! (тренинг)	сыни ойлау мен шығармашылықты дамыту; әдістемелік көмек көрсету.	оқытудың инновациялық әдістерін меңгерген ұстаз
2	Мен көшбасшымын! (тренинг)	көшбасшылық және бәсекеге қабілеттілікті дамыту; жан-жақты дамуға ынталану; өзіне деген сенімділікті арттыру.	жасампаздық пен жаңашыл идеяға бай көшбасшы ұстаз
3	Ғылым және білім (семинар-тренинг)	ғылыми жобалар мен мақалалар жазуға әдістемелік көмек; ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға ынталандыру.	жаңалықтар ашуға құштар, ғылыми жұмыспен белсенді айналысатын ұстаз
4	Жас келсе іске! (тренинг)	жас оқытушыларға сенім білдіру, көмек көрсету, ұжымға енуге жағдай жасау.	өзіне сенімді жас маман
5	Ұлы ұстаз шабыттандырады! (шебер сынып)	тәжірибе алмасу ісін дамыту, ұжымда жағымды жағдай орнату, өзара көмекке ынталандыру.	жағымды қарым-қатынас орнаған, педагогикалық ұжым
6	Педагог кадрлерді педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу (кеңес беру)	кәсіби іс-әрекет барысында кездесетін жағдаяттарды шешу, әдістемелік көмек көрсету, қолдау.	ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал.
<b>Рухани – адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын арттыру</b>			
1	Тәрбие тал бесіктен басталады (тренинг)	тәрбиедегі отбасының жетекші рөлін негізге ала отырып, мұғалім – оқушы – ата-ана үштігін нығайту маңызын ұғындыру.	бала тәрбиелеу ісінде отбасын тыс қалдырмай, белсенді әрекетке жетелейтін маман.
2	Ата-аналар жиналысын қалай ұйымдастырамыз? (шебер сынып)	ата-аналардың жиналысқа қатыспауының алдын алу, жаңартылған әдістер арқылы ата-аналар жиналысын нәтижелі әрі қызықты өткізуге ынталандыру.	тиімді әрі нәтижелі ата-аналар жиналысын ұйымдастыра алатын маман.

23 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
3	Жарқын болашаққа нық қадаммен! (дөңгелек үстел)	ұстаздар қауымының балаға деген жауапкершілігі мен сүйіспеншілігін арттыру, ой бөлісу, өзекті мәселелерді талқылау.	кәсіби жауапкершілікті сезінетін және бала психологиясынан хабардар маман.
4	Жүрек жылуы (ата-аналарға арналған тренинг)	ата-аналардың тәрбиедегі маңызды ролін ұғындыру, мектеппен ынтымақтастықта жұмыс жасауға ынталандыру және бала психологиясы туралы ақпараттандыру.	тәрбиелеу ісінде белсенділік танытатын, жауапкершілігі жоғары, мектеп ұжымымен ынтымақтастықта әрекет ететін ата-ана.
5	Тәрбиелік іс-шаралар кестесі (кеңес беру)	білім беру мен тәрбиені ұтымды үйлестіруге бағытталған әдіс-тәсілдермен қаруландыру.	оқыту мен тәрбиені қатар ұстайтын маман.
Басқару сапасын арттыру			
1	Басқарудың жаңа әдіс-тәсілдері (ЭМД, ЭМДО арналған тренинг)	мектеп директорлары мен олардың орынбасарларына басқарудағы жаңа техникаларды таныстыру және үйрету.	жаңаша әдіс-тәсілдерді меңгерген замануи басшы.
2	Басқару психологиясы (семинар тренинг)	басқарушылық психологияның негізгі қағидалары мен басқарудағы психологиялық тәсілдер туралы ақпарат беру, үйрету.	ұжыммен жағымды қарым-қатынас орната алатын басқару психологиясын меңгерген басшы.
3	Жарқын болашақ (тимбилдинг)	басшыларға командалық жұмыстың қыр-сырын үйретіп, командалық жұмысқа жаттықтыру.	командамен тиімді жұмыс ұйымдастыра алатын, ұйымдастырушылық қасиеті жоғары басшы.
4	Көшбасшылық өнер (психологиялық тренинг)	түрлі жағдаяттарды шешу арқылы көшбасшылық қасиеттерді дамыту.	кез-келген жағдаяттан шығудың жолын білетін көшбасшы.
5	Ұстаз ұстанымы (кейс стади)	басшылық жасауда негізгі мақсатты таңдау мен оған жетуде кәсіби шеберлікті қолдануға баулу.	мақсат қою, жоспарлау, жобалау, сыни ойлау мен негізгі міндеттерін дұрыс үйлестіре білетін басшы.

Эксперименттің екінші жылында 2019-2020 оқу жылында ішкі резервтер көмегімен 3 білім сапасын құраушыларының сапасын арттыру мақсатында жасалған жұмыстар мен педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының нәтижесін кесте түрінде ұсынсақ (24 – кесте):

Кесте 24 – 2019-2020 оқу жылында ішкі резервтер көмегімен білім сапасын құраушыларының сапасын арттыру мақсатында жасалған жұмыстар мен педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының нәтижесі

Білім беру сапасын құраушылардың сапасын арттыру бойынша атқарылған жұмыстар 2019-2020 о.ж.	Ішкі резервтер (облыс, аудан, мектеп)	Педагог кадрлердің кәсіби біліктілік сапасы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. тәлімгерлік;</li> <li>2. әдістемелік шеберхана;</li> <li>3. тәлімгерлік топ (MasterMind);</li> <li>4. шығармашылық топтар (Болашақ, Өрлеу);</li> <li>5. Педагогикалық қоғамдастық (Білікті ұстаз);</li> <li>6. Шығармашылық күн;</li> <li>7. Мұғалімдер зертханасы;</li> <li>8. Инновациялық әдістер;</li> <li>9. Ақылдасу сабақтары;</li> <li>10. Оқу-әдістемелік қолдау;</li> <li>11. Өзара әріптестік көмек;</li> <li>12. Жағымды психологиялық ахуал;</li> <li>13. Ынталандырушы шаралар;</li> <li>14. НЗМ, ПШО, ОҚМУ тарапынан қолдау;</li> </ol>
		Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. мұғалім-оқушы-ата-ана бірлігі;</li> <li>2. Ашық есік күндері;</li> <li>3. Ата-аналарға арналған сауалнама;</li> <li>4. Ата-аналар жиналысы;</li> <li>5. Пәнаралық байланыс;</li> <li>6. Тәрбиелік іс-шаралар;</li> </ol>
		Басқару сапасы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. жүйелі, мерзімді басқарушылық шешім;</li> <li>2. қолдау;</li> <li>3. ынталандыру;</li> <li>4. әдістемелік көмек;</li> <li>5. кері байланыс;</li> <li>6. білім сапасын қадағалау;</li> </ol>

### 3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері және зерттеу мәселесінің болашағы


Түркістан облысында өткен эксперимент екі оқу жылын қамтыды. Әр оқу жылы бойынша оқушылардың білім сапасы тоқсандық бағалар арқылы өлшенді.

2018–2019 оқу жылында Түркістан облысы Ордабасы және Төлеби аудандарында жүргізілген экспериментте күтілген нәтижелер толығымен орын алды. Ауыл мектептеріндегі білім сапасы да біршама артты: экспериментке қатысқан 2-ші сынып оқушыларының 4-ші тоқсандағы білім сапасы 1-ші тоқсанмен салыстырғанда 8,6%-дан 20%-ға дейін, ал 6-шы сынып оқушыларының білім сапасы 8,9%-дан 23,8%-ға дейін өскенін байқадық.


Экспериментке тартылған 18 мектептің ішінде 3 мектепке білім сапасын көтеру жұмыстары арнайы жазылған бағдарлама негізінде тиянақты атқарылды. Соның нәтижесінде білім сапасы М.Исламқұлов атындағы ЖОМ 2-ші сынып бойынша 16,0%-дан 31,0%-ға, 6-шы сынып бойынша 29,0%-дан 52,0%-ға;

Қасқасу ЖОББМ сәйкесінше 18,0%-дан 30,0%-ға және 7,0%-дан 25,0%-ға; Қазығұрт ЖОББМ сәйкесінше 5,4%-дан 23,0%-ға және 5,6%-дан 55,0%-ға дейін көтерілді (19, 20 - суреттер).

Экспериментке қатысқан 2-ші сынып оқушыларының білім сапасы экспериментке қатыспаған оқушылардың білім сапасына қарағанда әр пәндер бойынша 0%-дан 7%-ға дейін, ал 6-шы сынып бойынша 0%-дан 14%-ға дейін көтерілгенін кестеден көре аламыз (25, 26 – кесте).



Сурет 19 – Ордабасы, Төле би аудандарының эксперименттік мектептері мен эксперименттік емес мектептері бойынша жылдық білім сапасын салыстыру, 2018-2019 о.ж. 2 - сыныптар, пайыздық көрсеткіште (%)



Сурет 20 – Ордабасы, Төле би аудандарының эксперименттік мектептері мен эксперименттік емес мектептері бойынша жылдық білім сапасын салыстыру, 2018-2019 о.ж. 6 - сыныптар, пайыздық көрсеткіште (%)

Эксперимент арқылы неге қол жеткіздік?

**Оқыту үдерісі:** нақты әрі қолжетімді мақсатта жоспарланды. Күтілетін нәтижелері айқын көрсетілетін болды, нәтижеге жету критерийлері анықталды, тиімді әдіс-тәсілдер қолдану жолы қарастырылды, білім сапасын объективті бағалау іске асырылды. Кері байланыс пен рефлексия бойынша үнемі түзету жұмыстары жүргізілу қамтамасыз етілді.

**Ұстаздар:**

- сабақта оқушыларға бағыт-бағдар беруді, аз сөйлеуді, көп зерттеуді, АКТ-ны тиімді пайдалануды, рефлексия жасаудың маңыздылығын түсінді;
- өзінің дербес шығармашылық қызметі мен адамгершілік құндылықтар туралы танымын толық іске асыруды қолға алды;
- өздерінің тұлғалық қасиеттерін (бейімділік, белсенділік, тұрақтылық) дамытты;
- еңбек қызметінің сан алуан түрлеріне адалдықпен, шығармашылықпен және жауапкершілікпен қарап, ұжымда, топта жұмыс істей білу икемдігін қалыптастырды;
- әлеуметтік ортада (ауылда) абырой мен құрметті иелендіретін құзыреттілік деңгейінің өсуіне мүмкіндік алды.

**Оқушы:**

- қосымша ақпарат көзінен мәлімет ізденуді үйренді;
- жаңа сабақты ашуға ат салысты, топта жұмыс жасауды үйренді;
- бірін-бірі сыйлаудың, өз пікірін айтудың, дәлелдеудің, өзгенің пікірін тыңдаудың маңыздылығын түсінді;
- өзін-өзі және бірін-бірі бағалауды, кері байланыс беруге дағдыланды.

**Ата-ана:** мектеп және мұғалімдермен тығыз байланыс жасау қажеттігін және баласының сапалы білім алуына ата-ана қамқорлығының маңызын түсінді. Баласына қажетті қосымша ақпарат ізденуіне жағдай жасайтын болды. Өз перзентінің бойындағы мүмкіндіктерін дамытуға болатынына сенімдері артты.

Эксперимент нәтижесі Түркістан қаласында өткен ұстаздардың Тамыз конференциясында баяндалды. Конференцияда алдағы жылдары эксперимент аясын кеңейтіп, оны жан-жақты қолдау жөнінде шешім қабылданды.

Аудан көлемінде жүргізілген эксперименттің қорытындысын талдай отырып, біз ішкі резервті кеңінен пайдалану арқылы білім сапасын жаңа бір деңгейге көтеруге болатынына толық көз жеткіздік. Осы негізде экспериментті алдағы оқу жылында да жалғастыру жөнінде шешім қабылданды. Экспериментке енген 10 мектепке магниттік 20 мектеп бекіту жөнінде шешім қабылдадық.

Кесте 25 – Ордабасы, Төле би аудандарының эксперименттік мектептері мен эксперименттік емес мектептері бойынша білім сапасын салыстыру, 2018-2019 о.ж. 2-сыныптар, пайыздық көрсеткіште (%)

Ауданы	Пәні	Білім сапасы, %								Жылдық	
		I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан			
		ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ
Ордабасы	Математика	58	62	59	61	66	58	74	68	64,2	64
Төле би		67	62	67	63	77	66	75,6	69	72	65
Ордабасы	Қазақ тілі	58	63	64	66	68	58	76	69	67	66
Төле би		63	57	66	61	73,4	65	77,7	72	70	64
Ордабасы	Әдебиеттік оқу	57	65	63	66	69	61	77	71	67	67
Төле би		66,5	63	69	68	75,4	71	75,5	73	72	69
Ордабасы	Жаратылыстану	63	66	65	67	74	63	79	74	70	70
Төле би		63,5	59	70	68	72,5	70	78,8	74	71	68

Кесте 26 – Ордабасы, Төле би аудандарының эксперименттік мектептері мен эксперименттік емес мектептері бойынша білім сапасын салыстыру, 2018-2019 о.ж. 6-сыныптар, пайыздық көрсеткіште (%)

Ауданы	Пәні	Тоқсандар								Жылдық	
		I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан			
		ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ	ЭМ	ЭЕМ
Ордабасы	Математика	45	53	56	54	62	57	67	59	58	56
Төле би		58	45	60	51	64,5	55	66,5	73,7	62	56
Ордабасы	Жаратылыстану	61	52	67	53	75	62	80	60	71	57
Төле би		64	48	61	63	69,5	66	70,5	74,8	66	63
Ордабасы	Қазақ тілі	55	63	61	57	71	60	76	61	66	60
Төле би		63	52	61	62	67,9	65	65,4	66,9	64	61
Ордабасы	Тарих	57	68	61	61	71	62	78	63	68	64
Төле би		64	49	61	74	70,5	74	71,6	73,9	67	67



Эксперимент қорытындысының нәтижелілігі және экспериментке қатысушылардың жалғастыруға және өзге аудандардың да қатысуға сұранысы негізінде эксперимент үлкен көлемде 2019-2020 оқу жылында жалғасын тапты.

Бұл оқу жылында экспериментке Ордабасы және Төле би аудандарынан бөлек, Отырар және Сайрам аудандары қосылды. Төле би және Ордабасы аудандарында 2018-2019 оқу жылында экспериментке қатысқан 2-ші және 6-шы сыныптар, 2019-2020 оқу жылында оны әрі қарай жалғастырып, яғни 3-ші және 7-ші сыныптарда да жүргізу жөнінде шешім қабылданды.

Экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы салыстырмалы түрде 3 бағытта: бірінші, Төлеби ауданында экспериментке 2018–2019 оқу жылынан бері қатысып келе жатқан 10 мектеп пен 2019–2020 оқу жылында қатысқан 20 мектептің арасында; екіншіден, Отырар ауданында экспериментке қатысқан 5 мектеп пен қатыспаған 5 мектептің арасында; үшіншіден, Ордабасы ауданында экспериментке 2018–2019 оқу жылынан бері қатысып келе жатқан 4 мектептің ішінде экспериментке қатысқан сыныптар мен қатыспаған сыныптар арасында анықталды.

Төлеби ауданы оқушыларының салыстырмалы білім қорытындысы 27–28 – кестелерде көрсетілген. Барлық пәндер бойынша І тоқсанға қарағанда ІІІ тоқсанда білім сапасының өскенін көруге болады.

2-ші сынып бойынша экспериментке 4 пән: Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Математика, Жаратылыстану алынды. Осы пәндер негізінде 3 тоқсанның қорытындысы бойынша 10 мектептің экспериментке тартылған сынып оқушыларының білім сапасы 20 мектептің оқушыларының білім сапасы, пәндер бойынша салыстыра қарағанда, 6,5%-дан 10,2%-ға дейін, орташа алғанда 8,2% жоғары болды.

6-шы сынып бойынша 4 пән: Қазақ тілі, Қазақстан тарихы, Математика, Жаратылыстану алынды. 10 мектептің оқушыларының білім сапасы, салыстыра қарағанда, 7,4%-дан 8,6%-ге дейін, орташа алғанда 8,1% жоғары болды.

3-ші сынып бойынша 4 пән: Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Математика, Жаратылыстану алынды. 10 мектептің оқушыларының білім сапасы, салыстыра қарағанда, 3,9%-дан 5,0%-ге дейін, орташа алғанда 4,5% жоғары болды.

7-ші сынып бойынша 7 пән: Қазақстан тарихы, Математика, Физика, Химия, Биология, Қазақ тілі, География алынды. 10 мектептің оқушыларының білім сапасы, пәндер бойынша салыстыра қарағанда 4,5%-дан 5,5%-ке дейін, орташа алғанда 5,1% жоғары болды.

Отырар ауданы оқушыларының салыстырмалы білім қорытындысы 29-кестеде көрсетілген. 2-ші сынып бойынша 4 пәннен 3 тоқсанның қорытындысы бойынша экспериментке қатысқан 5 мектеп оқушыларының білім сапасы қатыспаған 5 мектеп оқушыларының білім сапасына қарағанда 2,8%-дан 10,3%-ға дейін, орташа алғанда 7,3%, ал 6-шы сынып бойынша 4 пәннен сәйкесінше 2,9%-дан 6,4%-ке дейін, орташа алғанда 4,8% жоғары болды.

Ордабасы ауданы бойынша экспериментке сыныптар саны да, бала саны да көп 4 мектеп қатысты. Экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы қатыспаған сынып оқушыларына қарағанда жоғары болды.

М.Исламқұлов атындағы ЖОМ 2-ші сынып бойынша экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы қатыспаған сынып оқушыларына қарағанда, пәндер бойынша салыстыра қарағанда 1,7%-ден 7,6%-ға дейін, орташа алғанда 5,5%; 3-ші сынып бойынша 2,2%-ден 11,4%-ға дейін, орташа алғанда 6,7%; 6-шы сынып бойынша 5,7%-дан 12,5%-ға дейін, орташа алғанда 9,8%; 7-ші сынып бойынша 2,3%-дан 15,4%-ға дейін, орташа алғанда 9,8% жоғары болды (30-31 – кесте).


Ал «Атамекен» мектебінде 2-ші сынып бойынша – 2,8%- ден 12,8%-ға дейін, орташа алғанда 7,9%; 3-ші сынып бойынша 5,5%-дан 14,8%-ға дейін, орташа алғанда 9,7%;, 6-шы сынып бойынша 1,7%-дан 20,0%-ға дейін, орташа алғанда 8,6%;, 7-ші сынып бойынша 1,6%-дан 21,1%-ға дейін, орташа алғанда 10,4% жоғары болды (32–33 – кесте).

«Ынтымақ» ЖОМ 2-ші сынып бойынша экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы қатыспаған сынып оқушыларына қарағанда, барлық пәндерден 9,0%; 3-ші сынып бойынша 0,7%-дан 2,0%-ға дейін, орташа алғанда 1,6%; 6-шы сынып бойынша 4,6%-дан 14,4%-ға дейін, орташа алғанда 8,4%; 7-ші сынып бойынша 3,0%-дан 26,0%-ға дейін, орташа алғанда 9,1% жоғары болды (34-35 – кесте).

Б.Нұрлыбеков атындағы ЖОМ 2-ші сынып бойынша экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы қатыспаған сынып оқушыларына қарағанда, пәндер бойынша салыстыра қарағанда -2,5%-тен 4,0%-ға дейін, орташа алғанда 1,6%; 3-шы сынып бойынша 2,0%-ден 11,0%-ға дейін, орташа алғанда 6,7%; 6-шы сынып бойынша 0,0%-дан 12,0%-ға дейін, орташа алғанда 5,5%; 7-ші сынып бойынша 3,0%-дан 15,0%-ға дейін, орташа алғанда 8,8% жоғары болды (36–37 – кесте).

Осы 4 мектеп бойынша экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы қатыспаған сынып оқушыларына қарағанда, орташа алғанда: 2-ші сынып бойынша – 6,0%; 3-ші сынып бойынша – 6,2%; 6-шы сынып бойынша – 8,1%; 7-ші сынып бойынша – 9,5% жоғары болған.

Экспериментке қатысқан Төлеби, Ордабасы, Отырар аудандарындағы мектептер бойынша экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы қатыспаған сынып оқушыларына қарағанда, орташа алғанда қанша пайызға жоғары болғаны диаграмма түрінде ұсынылған (21-сурет).



Сурет 21 – Білім сапасының орташа айырмашылығы

Эксперимент аясында көптеген ауқымды жобалар іске асып, білім беру ісі жүйеленді. Ең бастысы ауыл мектептері бірлесе отырып, жүйелі жұмыс жасауға үйренді. Әрі әрдайым өз әріптестері, аудан, облыс көлеміндегі білім бөлімдерімен ынтамақтастықта, ОҚМУ, НЗМ, ПШО тренерлерімен әріптестік одақта, Педагогикалық Ғылымдар академиясымен тікелей байланыста жұмыс жасау арқылы көп тәжірибе жинақтай алды. Эксперименттің сапалық нәтижесін көрсететін іс-шаралар кестеде көрсетілген (Қосымша Д).

Кесте 27 – Төлеби ауданы, Экспериментке 2018-2019 о.ж. қатысқан 10 мектеп және 2019-2020 о.ж. қосылған 20 мектептің оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сынып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					I тоқсан			II тоқсан			III тоқсан			Жылдық		
					ӘМ	ӘҚМ	С-ы қор.	ӘМ	ӘМ	С-ы қор.	ӘМ	ӘМ	С-ы қор.	ӘМ	ӘМ	С-ы қор.
10	20		10	20		10	20		10	20		10	20			
1	2	Қазақ тілі	219	369	61,9	52,9	9,0	62,8	52,0	10,8	69,5	61,0	8,5	64,7	56,8	7,9
2	2	Әдебиеттік оқу	219	369	64,0	54,0	10,0	66,6	55,6	10,0	74,2	64,0	10,2	68,2	58,0	10,2
3	2	Математика	219	369	60,6	54,1	6,5	60,9	52,0	8,9	67,5	61,0	6,5	63,0	56,5	6,5
4	2	Жаратылыстану	219	369	60,4	55,0	5,4	68,2	59,8	8,4	74,4	67,4	7,0	70,0	62,0	8,0
Орташа көрсеткіш			219	369	61,7	54,0	7,7	64,6	54,8	9,8	71,4	63,3	8,1	66,5	58,3	8,2
1	6	Қазақ тілі	221	393	57,8	50,0	7,8	66,3	60,2	6,1	67,8	60	7,8	64,0	56,0	8,0
2	6	Әдебиеттік оқу	221	393	59,2	52,0	7,2	63,4	57,0	6,4	68,2	60,2	8,0	63,6	56,2	7,4
3	6	Математика	221	393	54,3	48,0	6,3	57,3	50,0	7,3	62,7	55,0	7,7	58,0	49,5	8,5
4	6	Жаратылыстану	221	393	58,8	51,0	7,8	64,1	58,0	6,1	68,6	61,0	7,6	63,8	55,2	8,6
Орташа көрсеткіш			221	393	57,5	50,2	7,3	62,8	56,3	6,5	66,8	59,0	7,8	62,3	54,2	8,1

Кесте 28 - Төлеби ауданы, Экспериментке 2018-2019 о.ж. қатысқан 10 мектеп және 2019-2020 о.ж. қосылған 20 мектептің оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сынып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭМ	ЭҚМ	ЭМ 10	ЭМ 20	С-ы қор.	ЭМ 10	ЭМ 20	С-ы қор.	ЭМ 10	ЭМ 20	С-ы қор.	ЭМ 10	ЭМ 20	С-ы қор.
1	3	Қазақ тілі	215	377	61,1	55,8	5,3	64,6	61,0	3,6	68,5	63,0	5,5	64,9	59,9	5,0
2	3	Әдебиеттік оқу	215	377	64,8	60,0	4,8	66,9	62,4	4,5	71,1	66,5	4,6	67,6	62,7	4,9
3	3	Математика	215	377	64,3	61,2	3,1	64,6	59,9	4,7	69,0	64,2	4,8	65,9	61,7	4,2
4	3	Жаратылыстану	215	377	67,8	63,4	4,4	69,6	65,7	3,9	72,5	69,0	3,5	69,9	66,0	3,9
Орташа көрсеткіш			215	377	64,5	60,1	4,4	66,4	62,3	4,1	70,3	65,7	4,6	67,1	62,6	4,5
1	7	Қазақстан тарихы	217	399	59,6	55,0	4,6	63,8	59,1	4,7	71,1	66,2	4,9	64,8	60,0	4,8
2	7	Математика	217	399	56,5	51,2	5,3	60,6	56,1	4,5	64,1	59,1	5,0	60,4	55,3	5,1
3	7	Физика	217	399	49,9	45,2	4,7	55,2	51,3	3,9	61,4	56,9	4,5	55,5	50,0	5,5
4	7	Химия	217	399	56,1	52,2	3,9	61,4	57,2	4,2	60,4	55,6	4,8	59,3	54,1	5,2
5	7	Биология	217	399	58,6	54,0	4,6	63,1	59,0	4,1	69,9	64,8	5,1	63,9	59,1	4,8
6	7	Қазақ тілі	217	399	63,1	58,9	4,2	68,3	63,1	5,2	70,0	65,3	4,7	67,1	62,6	4,5
7	7	География	217	399	59,7	54,5	5,2	63,5	58,1	5,4	67,1	61,8	5,3	63,4	58,0	5,4
Орташа көрсеткіш			217	399	57,6	53,0	4,6	62,3	57,7	4,6	66,3	61,4	4,9	62,1	57,0	5,1

Кесте 29 – Отырар ауданы, Эксперимент мектептер (ЭМ) мен экспериментке қатыспаған мектептердің (ЭҚМ) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сын ып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭМ	ЭҚМ	ЭМ	ЭҚМ	С-ы қор.	ЭМ	ЭҚМ	С-ы қор.	ЭМ	ЭҚМ	С-ы қор.	ЭМ	ЭҚМ	С-ы қор.
1		Қазақ тілі	187	228	59,9	53,2	6,7	64,0	55,3	8,7	67,4	56,1	11,3	63,7	54,9	8,8
2		Әдебиетті оқу	187	228	59,9	51,5	8,4	64,0	53,5	10,5	67,4	55,3	12,1	63,7	53,4	10,3
3		Математика	187	228	58,6	51,0	7,6	61,8	56,0	5,8	66,2	58,4	7,8	62,2	55,1	7,1
4		Жаратылыстану	187	228	59,9	57,0	2,9	64,0	61,2	2,8	0,0	0,0	0,0	61,9	59,1	2,8
Орташа көрсеткіш			187	228	59,6	53,2	6,4	63,4	56,5	6,9	67,0	56,6	10,4	62,9	55,6	7,3
1		Қазақ тілі	176	171	50,5	50,1	0,4	57,2	55,0	2,2	64,4	58,3	6,1	57,4	54,5	2,9
2		Қазақстан тарихы	176	171	52,3	49,0	3,3	57,5	53,3	4,2	63,2	55,6	7,6	57,7	52,6	5,1
3		Математика	176	171	48,8	45,5	3,3	52,8	48,0	4,8	57,7	51,5	6,2	53,1	48,3	4,8
4		Жаратылыстану	176	171	50,4	48,3	2,1	58,2	52,5	5,7	65,8	54,3	11,5	58,1	51,7	6,4
Орташа көрсеткіш			176	171	50,5	48,2	2,3	56,4	52,2	4,2	62,8	54,9	7,9	56,6	51,8	4,8

Кесте 30 – Ордабасы ауданы, М. Исламқұлов ат. ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сын ып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭС	ЭҚС	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.
1	2	Қазақ тілі	53	61	62,0	55,5	6,5	65,5	58,8	6,7	69,5	60,0	9,5	65,7	58,1	7,6
2	2	Әдебиеттік оқу	53	61	61,5	61,5	0,0	67,5	62,0	5,5	71,5	65,5	6,0	66,8	63,0	3,8
3	2	Математика	53	61	58,0	54,5	3,5	61,5	57,5	4,0	70,0	60,0	10,0	63,2	56,0	7,2
4	2	Жаратылыстану	53	61	62,5	61,0	1,5	66,0	67,0	-1,0	0,0	0,0	0,0	64,2	62,5	1,7
Орташа көрсеткіш			53	61	61,0	58,1	2,9	65,1	61,3	3,8	70,3	61,8	8,5	65,0	59,9	5,5
1	6	Қазақ тілі	51	51	51,0	46,0	5,0	58,7	53,5	5,2	66,5	59,5	7,0	58,7	53,0	5,7
2	6	Қазақстан тарихы	51	51	56,5	52,0	4,5	64,5	55,7	8,8	70,5	58,6	11,9	64,0	55,4	8,6
3	6	Математика	51	55	50,5	39,6	10,9	56,5	47,0	9,5	62,5	50,0	12,5	58,0	45,5	12,5
4	6	Жаратылыстану	51	53	60,5	47,3	13,2	66,0	54,0	12,0	73,0	60,6	12,4	66,5	54,0	12,5
Орташа көрсеткіш			51	52	54,6	46,2	8,4	61,4	52,6	8,8	68,1	57,2	10,9	61,8	52,0	9,8

Кесте 31 – Ордабасы ауданы, М. Исламқұлов ат. ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сынып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭС	ЭҚС	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.
1	3	Қазақ тілі	50	53	59,2	58,5	0,7	65,5	60,0	5,5	72,0	62,0	10,0	65,5	60,0	5,5
2	3	Әдебиеттік оқу	50	53	61,0	57,0	4,0	69,0	58,5	10,5	76,0	60,5	15,5	65,5	58,6	6,9
3	3	Математика	50	53	61,2	56,5	4,7	69,0	56,5	12,5	76,0	59,0	17,0	68,7	57,3	11,4
4	3	Жаратылыстану	50	53	59,0	58,0	1,0	65,5	60,0	5,5	74,0	60,0	14,0	66,0	58,5	7,5
5	3	Дүниетану	50	53	59,0	56,5	2,5	65,5	63,5	2,0	0,0	0,0	0,0	62,2	60,0	2,2
Орташа көрсеткіш			50	53	59,9	57,3	2,6	66,9	59,7	7,2	74,5	60,4	14,1	65,6	58,9	6,7
1	7	Қазақ тілі	49	56	55,0	53,5	1,5	65,0	57,0	8,0	72,5	59,5	13,0	64,0	57,0	7,0
2	7	Қазақстан тарихы	49	59	59,0	49,0	10,0	63,0	52,0	11,0	72,0	58,5	13,5	64,5	53,3	11,2
3	7	Математика	49	57	53,0	38,0	15,0	57,0	42,5	14,5	60,0	44,5	15,5	56,5	41,7	14,8
4	7	География	49	53	57,0	55,9	1,1	65,0	62,6	2,4	72,0	68,1	3,9	64,5	62,2	2,3
5	7	Биология	49	60	57,0	46,5	10,5	69,0	51,5	17,5	74,0	57,0	17,0	67,0	51,6	15,4
6	7	Физика	49	59	47,0	33,5	13,5	50,0	38,0	12,0	53,0	41,5	11,5	50,0	37,6	12,4
7	7	Химия	49	59	36,5	33,0	3,5	45,0	37,5	7,5	0,0	0,0	0,0	40,7	35,2	5,5
Орташа көрсеткіш			49	57	52,1	44,2	7,9	59,1	48,7	10,4	67,2	54,9	12,3	58,2	48,4	9,8



Кесте 32 – Ордабасы ауданы, «Атамекен» ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сынып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭС	ЭҚС	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.
1	2	Қазақ тілі	43	46	55,0	50,5	5,5	69,5	50,0	9,5	67,5	54,5	13,0	64,0	51,7	12,3
2	2	Әдебиеттік оқу	43	46	57,0	58,5	-1,5	69,5	47,5	22,0	68,0	50,0	18,0	64,8	52,0	12,8
3	2	Математика	43	46	53,0	49,0	4,0	53,0	50,5	2,5	56,0	50,0	6,0	53,8	49,9	3,9
4	2	Жаратылыстану	43	46	63,0	69,0	-6,0	71,5	62,5	9,0	70,5	65,0	5,5	68,3	65,5	2,8
Орташа көрсеткіш			43	46	57,0	56,8	0,2	65,9	52,6	13,3	65,5	54,9	10,6	62,7	54,8	7,9
1	6	Қазақ тілі	46	24	66,0	54,0	12,0	65,0	55,0	10,0	69,0	60,0	9,0	67,0	56,3	10,7
2	6	Тарих	46	24	52,0	54,0	-2,0	57,0	59,0	-2,0	61,0	60,0	1,0	56,0	57,7	-1,7
3	6	Математика	46	24	64,0	42,0	22,0	64,0	42,0	22,0	64,0	48,0	16,0	64,0	44,0	20,0
4	6	Жаратылыстану	46	24	48,0	41,0	7,0	51,0	45,0	6,0	65,0	60,0	5,0	54,0	48,7	5,3
Орташа көрсеткіш			46	24	57,5	47,8	9,7	59,3	50,3	9,0	64,8	57,0	7,8	60,3	51,7	8,6

Кесте 33 – Ордабасы ауданы, «Атамекен» ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сынып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
					ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.
1	3	Қазақ тілі	41	40	55,0	47,5	7,5	58,5	50,0	8,5	56,0	49,0	7,0	56,5	48,8	7,7
2	3	Әдебиеттік оқу	41	40	58,0	52,5	5,5	63,5	50,0	13,5	59,0	51,0	8,0	60,0	51,2	8,8
3	3	Математика	41	40	55,0	52,0	3,0	63,0	40,0	23,0	61,0	41,5	19,5	59,5	44,7	14,8
4	3	Жаратылыстану	41	40	58,0	52,5	5,5	61,0	55,0	6,0	61,0	56,0	5,0	60,0	54,5	5,5
5	3	Дүниетану	41	40	60,0	60,0	0,0	64,0	50,0	14,0	64,0	41,0	23,0	62,0	50,3	11,7
Орташа көрсеткіш			41	40	57,2	52,9	4,3	62,0	49,0	13,0	60,2	47,7	12,5	59,6	49,9	9,7
1	7	Қазақ тілі	40	39	57,0	48,0	9,0	64,0	49,0	15,0	68,0	50,0	18,0	63,0	57,0	6,0
2	7	Қазақстан тарихы	40	39	54,0	54,0	0,0	57,0	56,0	1,0	60,0	56,1	3,9	57,0	55,4	1,6
3	7	Математика	40	39	49,0	27,0	22,0	51,0	31,0	20,0	57,0	34,5	22,5	52,0	30,9	21,1
4	7	Биология	40	39	56,0	46,5	9,5	58,0	48,0	10,0	67,0	49,0	18,0	60,2	47,8	12,4
5	7	Химия	40	39	53,0	47,4	5,6	56,0	48,7	7,3	56,0	48,7	7,3	55,0	48,1	6,9
6	7	Физика	40	39	55,0	49,0	6,0	61,5	49,0	12,5	63,0	50,5	12,5	59,8	49,5	10,3
7	7	География	40	39	53,0	37,5	15,5	61,0	45,0	16,0	56,0	45,0	11,0	57,0	42,5	14,5
Орташа көрсеткіш			40	39	53,9	44,2	9,7	58,4	46,7	11,7	61,0	47,7	13,3	57,7	47,3	10,4

Кесте 34 – Ордабасы ауданы, «БІнтымақ» ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сын ып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭС	ЭҚС	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.
1	2	Қазақ тілі	42	49	51,0	42,0	9,0	54,0	46,0	8,0	57,0	48,0	9,0	54,0	45,0	9,0
2	2	Әдебиеттік оқу	42	49	51,0	42,0	9,0	54,0	46,0	8,0	57,0	51,0	6,0	54,0	45,0	9,0
3	2	Математика	42	49	51,0	36,0	15,0	54,0	48,0	6,0	57,0	51,0	6,0	54,0	45,0	9,0
4	2	Жаратылыстану	42	49	51,0	42,0	9,0	54,0	44,0	10,0	0,0	0,0	0,0	52,0	43,0	9,0
Орташа көрсеткіш			42	49	51,0	40,5	10,5	54,0	46,0	8,0	57,0	50,0	7,0	53,5	44,5	9,0
1	6	Қазақ тілі	44	48	56,0	52,0	4,0	58,0	54,0	4,0	62,0	56,0	6,0	58,6	54,0	4,6
2	6	Әдебиеттік оқу	44	48	61,0	48,0	13,0	63,0	50,0	13,0	65,0	50,0	15,0	63,0	48,6	14,4
3	6	Математика	44	48	53,0	49,0	4,0	54,5	49,0	5,5	60,0	50,0	10,0	55,9	48,0	7,9
4	6	Жаратылыстану	44	48	56,5	47,0	9,5	61,0	54,0	7,0	63,5	60,4	3,1	60,3	53,8	6,5
Орташа көрсеткіш			44	48	56,6	49,0	7,6	59,1	51,8	7,3	62,6	54,1	8,5	59,5	51,1	8,4

Кесте 35 – Ордабасы ауданы, «Ынтымақ» ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сынып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭС	ЭҚС	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.
1	3	Қазақ тілі	43	42	54,0	53,0	1,0	68,0	63,0	5,0	71,0	70,0	1,0	64,0	62,0	2,0
2	3	Әдебиеттік оқу	43	42	54,0	52,0	2,0	68,0	63,0	5,0	71,0	70,0	1,0	60,0	58,0	2,0
3	3	Математика	43	42	54,0	52,0	2,0	57,0	55,0	2,0	68,3	67,0	1,3	60,0	58,0	2,0
4	3	Жаратылыстану	43	42	54,0	53,0	1,0	66,0	65,0	1,0	72,0	71,0	1,0	64,0	63,0	1,0
5	3	Дүниетану	43	42	54,0	53,0	1,0	62,0	62,0	0,0	71,0	70,0	1,0	62,3	61,6	0,7
Орташа көрсеткіш			43	42	54,0	52,6	1,4	64,2	61,6	2,6	70,7	69,6	1,1	62,1	60,5	1,6
1	7	Қазақтілі	48	46	60,0	54,0	6,0	64,0	56,0	8,0	67,0	60,0	7,0	63,3	56,6	6,7
2	7	Қазақстан тарихы	48	46	70,5	45,0	25,5	72,0	46,0	26,0	73,5	47,0	26,5	72,0	46,0	26,0
3	7	Алгебра	48	46	56,0	48,0	8,0	60,0	52,0	8,0	62,0	56,0	6,0	59,3	52,0	7,3
4	7	География	48	46	62,0	55,0	7,0	65,0	57,0	8,0	68,0	61,0	7,0	65,0	57,6	7,4
5	7	Биология	48	46	62,0	57,0	5,0	66,0	60,0	6,0	70,0	63,5	6,5	66,0	60,1	5,9
6	7	Химия	48	46	62,5	56,0	6,5	64,5	56,0	8,5	0,0	0,0	0,0	63,5	56,0	7,5
7	7	Физика	48	46	52,0	52,0	0,0	56,0	51,0	5,0	60,0	56,0	4,0	56,0	53,0	3,0
Орташа көрсеткіш			48	46	60,7	52,4	8,3	63,9	54,0	9,9	66,8	57,3	9,5	63,6	54,5	9,1

Кесте 36 – Ордабасы ауданы, Б.Нұрлыбеков ат. ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	Сын ып	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭС	ЭҚС	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.
1	2	Қазақ тілі	43	50	52,0	46,0	6,0	54,0	53,0	1,0	61,0	58,0	3,0	56,0	52,0	4,0
2	2	Әдебиеттік оқу	43	50	52,0	48,0	4,0	55,5	56,0	-0,5	61,0	58,0	3,0	56,0	54,0	2,0
3	2	Математика	43	50	51,5	46,0	5,5	54,0	50,0	4,0	60,5	60,0	0,5	55,0	52,0	3,0
4	2	Жаратылыстану	43	50	51,0	52,0	-1,0	54,0	58,0	-4,0	0,0	0,0	0,0	52,5	55,0	-2,5
Орташа көрсеткіш			43	50	51,5	48,0	3,5	54,4	54,3	0,1	60,8	58,7	2,1	54,9	53,3	1,6
1	6	Қазақ тілі	45	42	57,0	57,0	0,0	67,5	62,0	5,5	67,5	64,0	3,5	64,0	58,0	6,0
2	6	Әдебиеттік оқу	45	42	64,0	64,0	0,0	67,0	70,0	-3,0	70,0	70,0	0,0	67,0	67,0	0,0
3	6	Математика	45	42	47,0	48,0	-1,0	51,5	47,0	4,5	56,5	50,0	6,5	52,0	48,0	4,0
4	6	Жаратылыстану	45	42	61,0	56,0	5,0	76,5	60,0	16,5	77,0	62,0	15,0	71,0	59,0	12,0
Орташа көрсеткіш			45	42	57,3	56,3	1,0	65,6	59,8	5,8	67,8	61,5	6,3	63,5	62,0	5,5

Кесте 37 – Ордабасы ауданы, Б.Нұрлыбеков ат. ЖОМ / Эксперимент сыныптар (ЭС) мен экспериментке қатыспаған сыныптардың (ЭҚС) оқушыларының білім сапасының салыстырмалы қорытындысы (С-ы қор.)

№	С ЫН ЫП	Пәні	Оқушы саны		Білім сапасы, %											
					І тоқсан			ІІ тоқсан			ІІІ тоқсан			Жылдық		
			ЭС	ЭҚС	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚС	С-ы қор.	ЭС	ЭҚ С	С-ы қор.
1	3	Қазақ тілі	43	45	59,5	46,0	13,5	62,0	47,0	15,0	67,0	60,0	7,0	60,0	51,0	9,0
2	3	Әдебиеттік оқу	43	45	52,0	52,0	0,0	55,5	47,0	8,5	61,0	64,0	-3,0	56,0	54,0	2,0
3	3	Математика	43	45	50,5	42,0	8,5	53,5	49,0	4,5	62,5	60,0	2,5	55,5	50,0	5,5
4	3	Жаратылыстану	43	45	55,0	50,0	5,0	58,0	49,0	9,0	65,0	60,0	5,0	59,0	53,0	6,0
5	3	Дүниетану	43	45	57,0	46,0	11,0	61,0	49,0	12,0	0,0	0,0	0,0	59,0	48,0	11,0
Орташа көрсеткіш			43	45	54,8	47,2	7,6	58,0	48,2	9,8	63,9	61,0	2,9	57,9	51,2	6,7
1	7	Қазақ тілі	47	48	59,0	55,0	4,0	66,0	62,0	4,0	70,0	66,0	4,0	65,0	61,0	4,0
2	7	Қазақстан тарихы	47	48	62,0	61,0	1,0	68,0	58,0	10,0	70,0	60,0	10,0	66,0	59,0	7,0
3	7	Математика	47	48	54,0	40,0	14,0	59,0	46,0	13,0	69,0	46,0	23,0	60,0	46,0	14,0
4	7	Физика	47	48	57,5	42,0	15,0	60,0	47,0	13,0	69,5	52,0	17,5	62,0	47,0	15,0
5	7	Химия	47	48	45,0	42,0	3,0	46,5	42,0	4,5	0,0	0,0	0,0	45,0	42,0	3,0
6	7	Биология	47	48	70,0	59,0	11,0	73,0	60,0	13,0	76,0	64,0	12,0	74,0	62,0	12,0
7	7	География	47	48	62,0	62,0	0,0	65,0	58,0	7,0	75,0	60,0	15,0	67,0	60,0	7,0
Орташа көрсеткіш			47	48	58,5	51,6	6,9	62,5	53,3	9,2	71,6	58,0	13,6	62,7	53,9	8,8

Орта білім беру сапасын арттыру мақсатындағы тәжірибелік жұмыстың бағдарламасын жүзеге асыру төмендегідей нәтижелерге жетуді болжаған:

- педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеруге;
- жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиесін жетілдіруге;
- білім беру сапасын арттыру үшін басқарудың тиімді жүйесін құруға;
- облыс көлемінде ішкі резервтерді кеңінен пайдалана отырып эксперименттік сыныптарда эксперимент өткізілетін пәндер бойынша білім беру сапасы көтеруге мүмкіндік береді.

Эксперимент жүргізілген екі оқу жылының соңында жасалған қорытындылардан эксперимент бағдарламасында жоспарланған нәтижелерге толығымен қол жеткіздік деп есептейміз.

Зерттеу жұмысының оң нәтижелігі зерттеудің болашақта да жалғасын табу мүмкіндігі барын негіздейді [196]. Орта білім беру жүйесіне зерттеудің бағдарламасын ендіру орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді тиімді пайдалу үрдісін кең көлемде таратуға мүмкіндік береді.

### **Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар**

Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері тақырыбындағы зерттеу жұмысымыздың үшінші бөлімі зерттеу аясында жүргізілген тәжірибелік жұмысқа арналған. Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында ең алдымен педагогикалық шарттарды басшылыққа ала отырып, эксперимент бағдарламасы құрастырылды.

Бағдарламаның мақсаты – Түркістан облысының экспериментке қатысатын мектеп сыныптарында оқитын оқушылардың білім сапасын көтеру.

Бағдарлама міндеттері:

- мектеп ұстаздарының кәсіби біліктілігін көтеру;
- жеке тұлғаға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын арттыру;
- басқару жүйесінің сапасын көтеру;

Эксперимент жұмысының сапалы жүруін қамтамасыз ету үшін жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін жүзеге асыру мақсатында Түркістан облысында кең көлемде эксперимент жұмысы ұйымдастырылып, екі оқу жылы барысында жүргізілді.

Эксперимент жұмысының нәтижелері бойынша орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді қолдану тиімді нәтиже беретіні дәлелденді.

Тәжірибе барысында білім сапасының әрбір құрауышының сапасын арттыру мақсатында атқарылған іс-шаралар егжей-тегжейлі сипатталып, нәтижелері кестелер арқылы ұсынылды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі – орта білім беру сапасын арттыру. Бұл аса күрделі мәселе. Әлем елдерінде білім беру сапасын арттыру үшін түрлі реформалар мен іс-шаралар жүзеге асуда. Біздің елде де мемлекеттік деңгейде орта білім беру сапасын арттыруға қатысты мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар дайындалып, ендірілуде. Себебі білім беру сапасын көтеру аса маңызды проблемалардың бірі болып есептеледі.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесін маңызды мәселе және ұлт сапасына әсер етуші маңызды фактор ретінде атап өтті [197].

Қоғам талаптарына сәйкес орта білім беру сапасын арттыруға қатысты зерттеулердің өзектілігі артып отыр. Біздің диссертациялық жұмысымыз осы орта білім беру сапасын арттыру мәселесіне арналған.

Диссертациялық жұмыста қойылған зерттеу міндеттеріне сәйкес келесі зерттеулер жүргізіліп, нәтижелері алынды:

1. Орта білім беру сапасын арттырудың ғылыми негіздерін теориялық зерттеуде орта білім беру жүйесінің күрделі жүйе екендігі анықталды. Жалпы білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін оның жүйе құраушыларының әрқайсысының сапасын арттыру қажет. Мемлекеттік деңгейде білім беру сапасын арттыруға қатысты көптеген жұмыстар атқарылуда. Біздің зерттеу жұмысымыз мемлекеттік деңгейде атқарылатын іс-шараларға қосымша ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыру арқылы сапаны арттыруды көздейді. Ішкі резервтер арқылы орта білім беру жүйесінің құраушыларының ішінде орта білім беру сапасын арттыруда басымдық танытатын үш жүйе құраушы: педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің сапасы, мектептегі басқару жүйесінің сапасы және тәрбие сапасын арттыру бағдарламасы ғылыми негізде құрастырылып, эксперименталдық тұрғыда тәжірибеден өтті. Теориялық зерттеу нәтижесінде «*Орта білім беру сапасы – мектепті басқару сапасының, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыру жүйесінің, педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттырудың білім беру субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкестік деңгейін көрсететін білім беру жүйесінің кешендік сипаттамасы*» деген анықтама ұсынылды.

2. Орта білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырлары мен механизмдері негізделді. Зерттеу барысында салыстырмалы зерттеу әдістері негізінде отандық және шетелдік орта білім беру жүйесі зерделенді. Орта білім беру сапасын сандық тұрғыда анықтайтын халықаралық зерттеулерге салыстырмалы талдау жасалынды. Халықаралық Ceoworld журналының зерттеулері мен PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің нәтижелері негізінде, білім сапасы бойынша көшбасшы елдердің білім беру жүйесіне шолу жасалды. Шетелдің орта білім беру жүйесіндегі үздік нәтижеге ие тәжірибелерін отандық білім беру жүйесіне интеграциялау ұсынылды.



Сонымен қатар зерттеудің әдіснамалық негіздерін талдауда мектептегі білім беру сапасын білім беру жүйесі мен ондағы болып жатқан оқу-тәрбие процесінің көрсеткіштерінің жиынтығы ретінде қарастыратын жүйелік тұғыр, білім беруді педагогикалық интеграцияның нәтижесі ретінде қарастыратын кешендік және интегративтік тұғыр, білім беру үдерісінің сапасын бағалауды қарастыратын квалиметриялық тұғырлардың әлеуеті мен мүмкіндіктері, олардың өзара байланысы көрсетілді.

3. Орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтердің мүмкіндіктері анықталды. Зерттеу жұмысында қарастырылған ішкі резерв дегеніміз бұл белгілі бір білім беру мекемесінің қолында бар жинақталған қоры, мүмкіндіктері. Ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыру мектеп әкімшілігінің өздігімен педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруға, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын арттыруға және сапалы басқару жүйесін құруға мүмкіндік беретіні тәжірибелік жұмыс барысында дәлелденді. Ішкі резерв білім беру жүйесіндегі барлық мекемелердің тығыз жұмыс жасауына септігін тигізеді. Жалпы орта мектептердің орналасқан аймағына сәйкес жақын орналасқан мектептермен, педагогикалық шеберлік орталықтары және жоғарғы оқу орнындағы педагог әріптестерімен кәсіби серіктестікте бірлесе жұмыс жасауға жол ашады. Ішкі резерв арқылы педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруда енгізілген Ақылдасу сабақтары зерттеу барысында ең тиімді әдістердің бірі болды. Ақылдасу сабақтары арқылы мұғалімдер тәжірибе алмасып, бәсекелестікте және оқшауланған жұмыс жасауды емес, бірлесе жұмыс жасап, тәлімгерлік етудің әлдеқайда тиімді екендігін дәлелдеді.

4. Орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі құрастырылды. Модель құрылымдық-ұйымдастырушылық, мазмұндық-үдерістік, әдістемелік-рефлексивтік компоненттерден тұрады. Ұсынылған модель бойынша орта білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырларын, құраушыларын, білім беру сапасын арттыру объектілері мен субъектілері және білім беру нәтижелерін, ішкі резервтер арқылы әсер етуге болатын сапа құраушыларының сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар, оқушылардың білім сапасын арттыру іс-әрекетін және тәжірибелік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырушылық іс-әрекетін, білім беру сапасын арттыру тәжірибесін талдау, эксперименттік жұмысты жүргізу және білім беру сапасының өлшемдері мен көрсеткіштерін көруге болады. Құрастырылған модель орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді қолдану мүмкіндіктері мен ғылыми тұжырымдама негізінде сапалы орта білім беру үдерісін жүзеге асырудағы нәтижені көрсетеді.

5. Орта білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету бойынша эксперимент жүргізілді. Зерттеу нәтижелері Түркістан облысы Білім басқармасының және Төлеби, Ордабасы, Отырар, Сайрам аудандарының білім басқармаларының бастамасымен орта білім беру сапасын ғылыми негізде арттыру бағдарламасын Педагогикалық ғылымдар академиясы мен автордың тікелей қатысуымен әзірлеу және енгізу нәтижесінде алынды.

2018-2019 оқу жылында 18 мектептен бастап 2019-2020 оқу жылында 43 мектепте орта білім беру сапасын арттыру бойынша жұмысты дамыту сапаны бағалаудың аймақтық жүйесінде қолданылатын ұстанымдарды, әдістемелік негіздерін, тұжырымдамалық аппаратын нақтылауды және ғылыми негіздеуді талап етті. Эксперименталдық зерттеу 2018-2020 жылдары Түркістан облысының 4 ауданында (Төлеби, Ордабасы, Отырар, Сайрам) 43 мектептен 3171 оқушы, 385 мұғалімді қамтыды.

Зерттеу барысында экспериментке қатысатын ауыл мектептерінде орта білім беру сапасын арттыруға әсер ететін сапа құраушыларының сапасын арттыруда ішкі резервтерді қолданудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары түзіліп, орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасы және жұмыс жоспарлары жасалып, оның оң нәтиже беретіндігі тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында дәлелденді.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында орта білім беру сапасын ғылыми негізде арттыру үшін төмендегілер әзірленді және енгізілді:

- орта білім беру сапасын арттыру мәселесі ғылыми теориялық тұрғыда талданып, негізделді;

- орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі құрастырылды;

- орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасы мен моделін тәжірибеде сынауға арналған эксперимент жүргізілді;

- экспериментке қатысушы мұғалімдердің экспериментке дайындығын анықтайтын сауалнама алынды;

- зерттеліп отырған тақырыптың теориялық білімдер нәтижесі ретінде «Theories and concepts of comparative education: domestic and foreign experience» [198] атты оқу құралы әзірленді;

- «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» тақырыбында Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы жарық көрді;

- эксперимент барысында оң нәтиже берген зерттеудің негізгі идеясы мен қолданылған әдістер Түркістан облысындағы мектептерге таратылып, қолданысқа енді (Қосымша Е);

- педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің сапасын, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын және басқару жүйесінің сапасын арттыру жолдарын баяндайтын «Орта білім беру сапасын арттырудағы үштік» оқу-әдістемелік құралы әзірленіп, оған авторлық куәлік алынды (Қосымша Ж).

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, орта білім беру сапасын арттыру мақсатында төмендегі әдіснамалық ұсыныстар берілді:

- орта білім беру сапасын арттыруда ғылыми негізде дәлелденген ішкі резервтердің маңызы мен өзектілігін орта білім беру үдерісіне кең көлемде тарату;

- педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру барысында диссертация мазмұнында қарастырылған ішкі резервтер арқылы қол жеткізуге болатын педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттырушы әдістерді және «Ақылдасу сабақтарын» орта білім беру жүйесінің тәжірибесіне енгізу;

– рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын арттыруда ішкі резервтер арқылы ұйымдастыруға болатын және оң ықпал ететін жаңа тәрбие технологияларын қамтитын іс-шаралар кешенін жасау;

– орта білім беру сапасын арттыру мақсатында орта білім беру жүйесін басқарудың маңызды бөлігі ретінде ішкі резервтерді жүйелі әрі тиімді ұйымдастыруды жетілдіру.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен нәтижелері орта білім беру сапасын арттыру теориясы мен тәжірибесін одан әрі дамытудың келесі мәселелері мен перспективаларын атап өтуге мүмкіндік береді:

– зерттеу жұмысының жалғасы ретінде орта білім беру сапасының өзге құраушылары бойынша көлемді қолданбалы зерттеулер жүргізу;

– орта білім беру жүйесінде әр балаға сапалы білім беру әдістерін пысықтау және әзірлеу;

– білім беру бағдарламасын жетілдіру мақсатындағы жұмыстарды жүргізуде оқыту мен тәрбиенің бірізділігі мен сапалығын қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлу.

Докторлық диссертация төңірегіндегі зерттеу осы салада бар білімдерді біріктіруге және орта білім беру сапасын теориялық тұрғыда түсінудің жоғары деңгейіне жетуге, оны арттырудың жалпы ұстанымдары мен шарттарын анықтауға, орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері орта білім беру сапасын арттыру мәселесін түгел қамтымайды, негізінен, орта білім беру сапасын арттыруды педагогикалық негіздеудің қажет екендігіне көз жеткізуге ықпал етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> 12.09.2020
- 2 Бордовский Г.А., Нестеров А.А., Трапицын С.Ю. Управление качеством образовательного процесса. СПб.: Изд - во РГПУ им. А.И. Герцена, 2001, - 359 с.
- 3 Краевский В.В. Общие основы педагогики: Учеб. пособие для студентов и аспирантов пед. вузов / Рос. акад. образования, Волгогр. гос. пед. ун-т. – М.; Волгоград: перемена, 2002. – 162 с.
- 4 Лернер И.Я. Качества знаний учащихся. Какими они должны быть? – Москва: Знание, 1978. - 48 с.
- 5 Лернер И.Я. Качества знаний и их источники // Новые исследования в педагогических науках: 1977. - №2. с. 16-31.
- 6 Коган Т.Л. Планирование результатов обучения математике младших школьников как фактор повышения качества знаний: дис. ... канд. пед. наук / акад. пед. наук СССР. Научно-исслед. ин-т содержания и методов обучения; науч. Рук. А.М. Пышкало. – М. 1982. – 154 с.
- 7 Никокошева Н.Г. Некоторые подходы к определению понятия «качество образования»: Педагогическое образование. — 2008. — №2
- 8 Якушев А.И. Основы функциональной взаимозаменяемости и опыт ее применения для повышения качества машин: материалы конференции / ЕОКК: методы количественной оценки качества продукции (квалиметрия). – Москва, 1972. - 106 с.
- 9 Шишов С.Е., Кальней В.А., Гирба Е.Ю. Мониторинг качества образовательного процесса в школе. – Москва: Инфра-М, 2013. - 206 с.
- 10 Поташник М.М. Качество образования: проблемы и технология управления: в вопросах и ответах.: Рос. Акад. образования. – Москва: Пед. общество России, 2002. – 351 с.
- 11 Поташник М.М. Управление качеством образования: практикоориентированная монография и методическое пособие. – Москва: Пед. общество России, 2000. - 448 с.
- 12 Аавиксоо Я. Обеспечение качества: неортодоксальный взгляд на проблему // Alma mater. Вестник высшей школы. – 2002. - № 6. – С. 3-8.
- 13 Vlasceanu L., Grunberg L., Parlea D. Quality Assurance and Accreditation: A Glossary of Basic Terms and Definitions. – Bucharest, 2007. – 152 p.
- 14 Крулехт М.В., Тельнюк И.В. Экспертные оценки в образовании: учеб. Пособие. – Москва: Академия, 2002. – 112 с.
- 15 Кац А.М. Качество образования: подлинный смысл и бессмысленные процедуры. - Директор школы. – 2001. - № 3. – С. 39-50.
- 16 Третьяков П.И., Шамова Т.И., Капустин Н.П. Управление образовательными системами. Управление образовательными системами. – Москва, 2002. – 320 с.

- 17 Фишман Б.Е. Открытость и качество профессионального образования: грани проблемы / Материалы II научно-практической конференции Открытые эволюционирующие системы. – Киев, 2004. – С. 216-224.
- 18 Шамова Т.И., Белова С.Н., Ильина И.В. Современные средства оценивания результатов обучения в школе. М.: Педагогическое общество России, 2007. – 193 с.
- 19 Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление. М.: Центр «Педагогический поиск», 2000. – 224 с.
- 20 Westerheijden D.F. Peers, performance and power: quality assessment in the Netherlands. Peer review and performance indicators: quality assessment in British and Dutch higher education / eds.: Leo C., J. Geodegebuure, Peter A., M. Maassen, Don F. Westerheijden. Utrecht: Lemma. – P. 183-207.
- 21 Бордовский Г.А. Управление качеством образовательного процесса. – Санкт-Петербург: РГПУ им. А.И. Герцена, 2001. – 34 с.
- 22 Барбакова К.Г. Достоинства и недостатки реализации двухуровневой системы в российском высшем образовании.: материалы III Всероссийского социологического конгресса. – Москва: Институт социологии РАН, 2008 г.
- 23 Майер В.В. Проблемы и перспективы современного образования: монография. – Тюмень: ТюмГНГУ, 2012. – 242 с.
- 24 Мехришвили Л.Л. Скрауч О.Н. Специфика научной мотивации молодых преподавателей региональных вузов: по материалам социологического исследования // Современные проблемы науки и образования. – 2013. - № 2. URL: [www.science-education.ru/108-9125](http://www.science-education.ru/108-9125) (дата обращения 16.10.2020).
- 25 Құсайнов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. – 196 б.
- 26 Жадрина М.Ж., Нурахметов Н.Н. Содержание образования в школе: проблемы, поиск, перспективы. – Алматы, 1998. – 88 с.
- 27 Жадрина М.Ж., Кусаинов А.К., Муканова С.Д. Развитие системы образования: инновации и технологии. – Алматы, 2010.
- 28 Аванесов В.С. Теория и методика педагогических измерений. - ЦТ и МКО УГТУ-УПИ, 2005.
- 29 Бабанский Ю.К. Интенсификация процесса обучения. – М., 1995.
- 30 Виноградова Н.Ф. Концепция содержания непрерывного образования (дошкольное и начальное звено). – М.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2003. – 33с.
- 31 Гершунский Б.С. Управление качеством образования / Под. Ред. М.М. Поташника, 2000.
- 32 Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования: учеб. Пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., стер. – Москва: Академия. – 208 с.
- 33 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М., 1990.

- 34 Медведев В.Е. Методические рекомендации по проведению педагогического эксперимента. Елец: ЕГУ, 2002. – 26 с.
- 35 Шадриков В.Д. Качество педагогического образования. – М.: Логос, 2012. 200 с.
- 36 Давыденко Т.М. Теоретические основы рефлексивного управления школой.: дис. д-ра пед. наук. – М., 1996. – 468 с.
- 37 Максимова В.Н. Интеграция в системе образования. – СПб, 1991.
- 38 Моисеев А.М., Моисеева О.М. Основы стратегического управления школой. – М.: Издательство «Центр педагогического образования», 2008. – 256 с.
- 39 Пидкасистый П.И. Педагогика. – М.: 1999. – 602 с.
- 40 Подласый И.П – М.: Юрайт-изд. 2012.
- 41 Субетто А.И. Качество непрерывного образования в Российской Федерации: состояние, тенденции, проблемы и перспективы. – СПб. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. 2000.
- 42 Субетто А.И. Исследование проблемы качества сложной продукции: Дисс.на соиск.ученой степени д.э.н. - Л., 1987. - 722 с.
- 43 Субетто А.И. Качество человека как объект квалиметрии образования и квалиметрического мониторинга// Восьмой симпозиум: Квалиметрия человека и образования: методология и практика. Часть I. Тезисы докладов, - М., 1999, - с. 165-174.
- 44 Новиков А.М., Новиков Д.А. Качество образования: система внутренних и внешних оценок // Народное образование. 2007. № 4. - С. 147-156.
- 45 Белокур Н.Ф. Повышение качества знаний школьников. Челябинск, 1976. – 106 с.
- 46 Бекишев К.Б. Работа с одаренными школьниками в Республике Казахстан // Педагогика. - 2008. - №2. - С. 83-89.
- 47 Исаева К.Р. Приоритетные направления развития образования в Казахстане // Педагогика. – 2008. - №4. - С. 108-110.
- 48 Курманалина Ш.Х. Информатизация системы образования Республики Казахстан // Педагогика. - 2002. - №9. - С. 98-101.
